

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі



**«ҮЗДІК ПЕДАГОГ» КОНКУРСЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана – 2023

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 8 желтоқсан № 9 хаттама).

«Үздік педагог» конкурсы жеңімпаздарының педагогикалық тәжірибесін тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023ж.

Бұл әдістемелік ұсынымдама «Үздік педагог» конкурсына қатысқан педагогтердің іс-тәжірибелерін барша педагогтер аудиториясына тарату мақсатында әзірленді. Әдістемелік ұсынымдамада әдіскерлерге «Үздік педагог» конкурсына жеңімпаздарымен жұмыс жүргізу нұсқалары ұсыныс ретінде берілді.

Әдістемелік ұсынымдама мектепке дейінгі, орта және кәсіптіктехникалық білім беру ұйымдарының әкімшілігіне, педагогтерге, сондай-ақ, Білім басқармаларының және Әдістемелік кабинет қызметкерлеріне арналған.

Мазмұны

Кіріспе	4
I-бөлім. «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздарының педагогикалық тәжірибесін тарату: қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы табысты кейстер.....	5
II-бөлім. «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздарының педагогикалық тәжірибесін тарату: жаратылыстану-математикалық бағыттағы табысты кейстер.....	158
III-бөлім. «Үздік педагог» конкурсы жеңімпаздарының озық тәжірибесін тарату бойынша ұсыныстар.....	263
Қорытынды	268
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	269
Қосымша	274

Кіріспе

Қазақстанда мемлекет тарапынан педагог мамандығының мәртебесін көтеру және талантты ұстаздарды қолдау мақсатында көптеген шаралар қабылданып жатыр. Солардың бірі 2012 жылдан бастап өткізілетін «Үздік педагог» республикалық байқауы. Елімізде «Үздік педагог» республикалық байқауын өткізген 10 жылдың ішінде 600-ден астам педагогке үздік педагог атағы берілді.

«Үздік педагог» атағын беру шарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 16 қаңтарындағы № 12 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Бұл бұйрықта «Үздік педагог» конкурсын өткізу кезеңдері мен тәртібі, үміткерлерге қойылатын талаптар, педагогтердің жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері т.б. айқын көрсетілген.

Осы байқаудың жеңімпаздарының, яғни үздік педагогтердің табысты тәжірибесі тарату білім сапасын одан әрі арттыру және педагогтерді өзін өзі дамыту мақсатында ынталандыру үшін маңызды. Бұл әдістемелік ұсынымдар «Үздік педагог» конкурсы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін, әсіресе мектептегі екі негізгі бағыт: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарда таратуға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдардың бірінші бөлімінде қоғамдық және гуманитарлық бағыттағы педагогтердің табысты кейстерін зерттеуге арналған. Бұл тәжірибелерді талдау білім алушылардың сыни ойлауын, әлеуметтік құзыреттілігін және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін негізгі стратегиялар мен әдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші бөлімде жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша педагогтердің табысты тәжірибесі сипатталған. Педагогтердің тәжірибелерінің басым бөлігі зерттеу тәсілі, ғылыми жобаларға белсенді қатысу және пәндерде оқытудың инновациялық әдістерін қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, ғылыми жетістіктердің жоғары деңгейін қалыптастыруды көздейді.

Үшінші бөлімде «Үздік педагог» конкурсы жеңімпаздарының озық тәжірибесін тарату бойынша ұсынымдар білім беру практикасына табысты педагогикалық әдістемелерді енгізудің жалпы қағидаттары сипатталған. Озық тәжірибені талдау және жүйелеу оқытуды даралау, білім алушыларды белсенді тарту, заманауи білім беру технологияларын тиімді пайдалану сияқты негізгі стратегияларды анықтайды. Озық педагогикалық тәжірибені ғылыми талдауға негізделген бұл ұсыныстар білім беру процесінің тиімділігін арттыруға және педагогикалық қоғамдастықты дамытуға бағытталған.

Бұл ұсыныстар қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы озық педагогикалық тәжірибені бейімдеу үшін білім беру ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленген. Озық педагогикалық тәжірибені трансляциялау арқылы біз білім беру сапасын арттырып және жаңа ұрпақты тәрбиелеу үшін қолайлы жағдайлар жасаймыз.

Бұл ұсынымдар мектеп әкімшілігі мен барлық педагогтерге, әдіскерлерге озық іс-тәжірибелерді енгізу және тарату мақсатында пайдалы.

I-бөлім. «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздарының педагогикалық тәжірибесін тарату: қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы табысты кейстер

Білім беру әлемінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық көзқарасын және әлеуметтік хабардарлығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл бөлімде біз гуманитарлық пәндерді инновациялық әдістер арқылы терең түсінуге шабыттандырып қана қоймай, білім беру қауымдастығына айтарлықтай әсер ететін жетекші педагогтардың тәжірибесі ұсынылады. Бұл кейстер еліміздің үздік педагогтарының тәжірибесіне негізделген, олар әр жылдары Қазақстанның «Үздік педагог» байқауында жеңіске жетіп, осы салада өзінің керемет тиімділігін дәлелдеді.

I бөлімде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы кейстер ұсынылады.

Үздік педагогтер кейстері – қазақ тілі пәні бойынша

«Action Research» педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеу тәсілдерін тиімді қолдану арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Жылдам өзгеретін қазіргі қоғамда педагог өз мамандығына тән ерекше қасиеттерге ие болуымен қатар, мобильді болғаны да абзал. Олай дейтін себебім, білім беру жүйесінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер кезек күттірмейді.

Соңғы жылдары білім беру жүйесіндегі әдістемеді сабақтағы оқушының іс-әрекетін зерттеу кеңінен талданып, талқыланып жатыр. Осы бағытта білім беру ұйымдарында, соның ішінде жалпы орта білім беретін мектептерде «Lesson Study» зерттеу сабақтары ұйымдастырылып өтуде. Бұл мақсатта әдістемеді бірізділік байқалады. Сонымен қатар, зерттеу мәселесін тілге тиек еткенде «Action Research» педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеуі де қолға алына бастаған тың тәсіл болып саналады. Екеуі де зерттеуге бағытталса, ерекшелігі неде деген сауал туындауы заңды.

«Lesson Study» зерттеу сабақтары топтық, яғни кем дегенде 3-4 мұғалімнің бірігуі арқылы ортақ бір тақырыпты зерттеуге негізделсе, «Action Research» мұғалімнің өзінің жеке зерттеуі болып табылады. Әр педагог оқыту үдерісінде өзіндік білім көтеру мәселесін жүзеге асыратыны белгілі. Сол бағытта ізденеді, тәжірибе жинақтайды, жетіледі, соңында қандай да бір нәтижеге жетеді. Сол себепті, «Action Research» - іс-әрекетті зерттеу бағытында педагогтің барлық мүмкіндіктерін саралайтын тәсіл ретінде маңызды болып табылады.



Ауганбаева Зухра Нурмолдовна
Солтүстік Қазақстан облысы
Петропавл қаласы
«Мағжан Жұмабаев атындағы
ІТ-мектеп-лицей» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
«Үздік педагог – 2015»

«Action Research» педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеу тәсілдерін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында көркем шығарманы талдау үшін тиімді қолданудың жолдары мен тәсілдері

Білім беру үрдісінде білім, білікпен қатар дағды әрекеттерін дамыту - ұстаздар қауымының алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Оқушы жалпы орта білім беретін мектепті бітірген сәтте қолына аттестат алумен қатар қоғамдық өмірге ерте жастан бейімделген жеке тұлға ретінде толыққанды қалыптасып шығуы тиіс. Сондықтан біздің, ұстаздар қауымының, алдында тұрған басты міндеттердің бірі – білім алушылардың сұранысын қанағаттандыру. Мен бұл жауаптың шешімін зерттеу бағыты арқылы жүзеге асырып келемін. Зерттеу – ізденіске, зерделеуге, зейінді шоғырландыруға негіз болады, меңгерген теориялық білімді өмірде қолдана білуге үйретеді.

Әріптестер, мен сіздердің алдарыңызда жоғарыда баяндаған бағдар негізінде өзімнің іс-әрекетті зерттеудегі тәжірибеммен бөліскім келеді. Ендеше, танысайық!

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыруды жүзеге асыру үшін «Action Research» зерттеу тәсілдерін жоғарғы сынып оқушыларына қолдану.

Туындаған мәселе. Өзектілігі.

Оқушылар білім алудың әртүрлі сатысында түрлі деңгейдегі PISA, TALIS, ICILS секілді сынақтардан өтеді. Кейін 9-сыныпты және 11-сыныпты аяқтаған кезде қорытынды аттестаттау кезінде қазақ тілі мен әдебиетінен емтихан тапсырады, яғни эссе жазады. Эссе – ұсынылған тақырып бойынша көтерілген мәселе төңірегінде ой-толғау, мәселені жан-жақты талқылау, зерделеу. Сонымен қатар, эссе – оқушының сезімін білдіретін, толғанысын, ішкі жан дүниесінде болып жатқан эмоцияларды сыртқа шығарып талқылайтын ерекше жанр. Эссені сауатты жазып шығу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Келесі кезекте оқушылар жоғарғы оқу орнына түсу үшін ҰБТ тапсыруда оқу сауаттылығы бойынша сынақтан өтеді. Көркем мәтін мазмұны желісінде берілген тапсырмаларды орындау барысында көптеген түлектер қиналып қалады. Осының бәрі оқушының мектеп қабырғасында алып жатқан біліміне аса бір жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Ол үшін мен "Action Research" зерттеу тәсілдерін таңдадым және жоғарыда аталған мәселелерді шешуде ең оңтайлы тәсіл екеніне көзім жетіп келеді.

Мақсаты.

Оқушылардың нәтижеге бағытталған бірізді білім алуына жағдай жасау барысында оқу сауаттылықтарын шыңдау арқылы функционалдық сауаттылықтарын дамытуға ықпал ету.

Жоспарланған мақсатқа жету жолындағы міндеттер.

Сабақ үстіндегі іс-әрекетті зерттеу ұжымнан тыс жеке жүрген жағдайда бір жақты дамиды. Бұл үдеріс толыққанды жүзеге асу үшін педагогикалық ұжым бір толқында болуы тиіс. Осы талапты жүзеге асыру үшін, мен ең алдымен:

- мектепшілік зерттеу тақырыбы және қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі зерттеу тақырыбынан туындайтын жеке іс-әрекетті зерттеу тақырыбымды анықтап алдым.

Мектепшілік зерттеу тақырыбы:

«Білім беру мазмұнын жаңарту міндеттерін тиімді пайдалану арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін шыңдау барысында зерттеу әдіс-тәсілдері негізінде оқушылардың зерттеу жұмысын тиімді ұйымдастыру».

Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің зерттеу тақырыбы:
«Зерттеу бағыттарына негізделген тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту».

Менің пәнді оқытудағы зерттеу тақырыбым:

«Action Research» педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеу тәсілдерін тиімді қолдану арқылы білім алушылардың оқу сауаттылықтарын және функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

- орта буын мұғалімдерін қазақ тілі мен әдебиетінен зерттеу сабақтарыма шақыру арқылы олармен тығыз байланыста болу;

- осы жүйе арқылы «жеңілден қиынға» принципін бірізділеу;

- қолдаушы топ - «сыншыл достармен» тығыз байланыста болу;

- мектепшілік психологиялық қызмет мамандарымен тиісті жұмыс түрлерін жүргізу;

- 9,10,11-сыныптар бойынша әр тоқсан жігінде білім сапасының көрсеткіштерін ішкі талаптар жігінде саралап отыру;

- «Рефлексиялық күнделік» жүргізу.

Жаңашылдығы.

Кезінде педагогтің іс-әрекеті басымдылыққа ие болды. Қазір керісінше оқушының іс-әрекеті бірінші кезекте. Ұстаз – тек бағыт-бағдар беруші, ал сабақ үстіндегі барлық жұмыс түрін жүзеге асырушы – алдымызда отырған шәкірттер. Ол үшін біз берген материал сараланған болуы тиіс. Деңгейлік тапсырмалар арқылы тақырып төңірегінде ой қозғау, болжау арқылы талдау, соңында ортақ дұрыс шешімге келу, міне, осы сауалдардың барлығына «Action Research» тәсілдері жауап бере алады. Бұл бағыттағы зерттеу сабақтарында оқушы сөз бостандығын сезінеді, ой еркіндігін шыңдайды. Бір тақырыптың бірнеше шешімін табады. STEAM ойлау жүйесі арқылы белгілі бір тақырып көлемінде жүргізілген ойталқы негізінде мәселенің жаһандық деңгейіне баға беріп, сыни пікір қалыптастырады. Сандық форматтағы технологияларды еркін қолдану арқылы өзін тұлға бағытында жетілдіреді.

ҒЫЛЫМИЛЫҒЫ.

«Action Research» зерттеу тәсілдері Курт Левин, Элейн Уилсон есімдерімен байланысты. Ағылшын психологы К. Левин «Зерттеусіз әрекет жоқ, әрекетсіз зерттеу жоқ» деген екен. Ал Элейн Уилсон болса «Іс-әрекетті зерттеу мұғалімдердің тарапынан оқыту процесін сабақ барысында зерттеуге мүмкіндік беретін зерттеу түрі» деп көрсетеді. Аталмыш зерттеу тәсілдері қазіргі практик-мұғалімнің оқыту мен оқудағы өзекті мәселелерді ғылыми жолмен шешуде өзінің іс-әрекетін жоспарлы түрде талдап, бағалауы арқылы алдындағы шәкірттеріне нені, қалай, қашан, не арқылы, не үшін үйрету, дағдыландыру қажеттілігін шешіп беретін тәсіл.

Тиімділігі.

«Action Research» зерттеу тәсілінің бір тиімділігі – аз қамтылған мектептер болсын, жалпы білім беретін мектептер болсын, дарынды балаларға мамандандырылған білім беру мекемесі болсын – барлық жағдайда да педагог сыныптың деңгейіне, өз әрекетіне қарай тапсырмаларды саралап беретін ең оңтайлы әрі тиімді тәсіл. Сабақ үстінде дарынды оқушыдан бастап ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға дейін өз деңгейін көтеруге бағытталған білім алу үдерісіне қатысады. Ең бастысы, білім алу өздігінен жүретін бұл тәсіл педагог алдында туындаған көптеген мәселердің шешімін тауып береді.

Түйінді ой. Рефлексия.

«Action Research» зерттеу тәсілі педагогтің кәсіби өсуіне тікелей ықпал етеді және білім алушының тұлға ретінде жетілуіне, қоғамдық өмірге ерте жастан әлеуметтенуіне жағдай жасайды. Нәтижесінде, оқушы білім алудың әр сатысында оқу сапасының өсу динамикасын сезінетін болады.

«Action Research» зерттеу сабақтарының бір талабы - әріптестерінің қолдауына байланысты. Мұғалім өзінің кез-келген сабағына әріптестерін, басқа білім ордасынан мұғалімдерді, білім бөлімінің әдіскерлерін шақыра алады. Осы бағытта жұмысымның өнімі ретінде өз тәжірибемде қолданып жүрген авторлық бақылау парағымды ұсынамын.

№1 үлгі

«Action Research» педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеуі бойынша бақылау парағы			
Пәні: _____			
Сабақтың тақырыбы _____			
Зерттеу _____			сұрағы:
Сыныбы: _____			
Бақылаушы _____			
(аты-жөні, лауазымы)			
Мектепшілік тақырыбы: _____			зерттеу
Әдістемелік тақырыбы: _____			бірлестік
Педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеу тақырыбы: _____			
Педагогтің "Action Research" жеке іс-әрекетін зерттеу тақырыбы мектептің Әдістемелік Кеңесінің және Әдістемелік Бірлестіктің тақырыбынан туындайды (+ белгісін қою) иә _____ жоқ _____			
Сабақтың мақсаты оқу мақсатына сай	Пікір:	Сабақ барысында жоспарланған тапсырмалар "Action Research" педагогтің жеке	Пікір:

		іс-әрекетін зерттеу тақырыбымен тығыз байланысты	
Зерттеу қадамдарының сабақтың әр дидактикалық кезеңіндегі көрінісі			
I. Ұйымдастыру кезеңінде иә _____ жоқ _____	II. Үй жұмысын тексеруде иә _____ жоқ _____	III. Жаңа тақырыпты меңгертуде иә _____ жоқ _____	IV. Жаңа тақырыпты бекітуде иә _____ жоқ _____
V. Үй тапсырмасын беру иә _____ жоқ _____	VI. Бағалау иә _____ жоқ _____	Рефлексия иә _____ жоқ _____	
"Қамқор достан" қолдау-пікір			

№2 үлгі:

«Action Research» педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеуі бойынша бақылау парағы				
Мұғалімі: _____				
Пәні: _____				
Зерттеу _____				сұрағы: _____
Сыныбы: _____				
Зерттеу тақырыбы	Мерзімі	Іс-әрекет мазмұны	Оқыту мен оқу тәжірибесінде қолданылған әдістер	Күтілетін нәтиже
I. Мұғалімнің алғашқы бақылауы бойынша жазбалары			A,B,C тобы әрекеттің зерттеу	
Сабақ барысын бақылау				
II. Мұғалім бақылауы бойынша жазбалары				
Зерттеу мазмұны	Әдістердің тиімділігі немесе тиімсіздігі неден байқалды?	Нәтиже	Ұсыныстар	
Сабақтан тыс зерттеу				

Күтілетін нәтиже.

«Action Research» педагогтің жеке іс-әрекетін зерттеу тәсілдерін тиімді қолдану нәтижесінде қазақ тілі мен әдебиетінен мәтінді талдау арқылы жүргізілетін жұмыс түрлерін толықтай жетілдіруге болады. Зерттеу тәсілдері нәтижелі жүрген жағдайда оқушылардың логикасы, дүниетанымы, креативтілігі артатын болады. Олар кез-келген ортада өздерін еркін ұстай алатын интеллектуалды тұлға ретінде қалыптасады. Адамдармен тез тіл табысатын қасиетке ие болады. Ерекше ойлау, зерттеу, зерделеу, тұжырым жасау, болжау, жоспарлау қабілеттері артады. Сабаққа деген қызығушылықтары артып, белсенділіктері дамиды. Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, топтық бағалау арқылы сыни көзқарастары артады. Осының бәрі, жинақтай келе нақты бір сыныптың білім сапасының өсуіне әкеледі



Ыкыласова Асел Женисовна
Абай облысы «Мұхтар Әуезов
атындағы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Үздік педагог – 2017»

Қазақ әдебиеті сабағында оқушыларды тіл тазалығын сақтауға үйрету жолдары

Ана тілдің қолданылу аясын кеңейтудің, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатудың бір жолы – тіл тазалығын сақтау. Соған орай тіл тазалығын сақтау бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі қазірде өз ойын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайтын, «жаңағы», «әлгі», «немене», «неғып», «бро» деген басы артық бос сөздерді, жаргон сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жіберетін жеткіншектер көптеп кездеседі. Теледидардан көрсетілетін кей бағдарламалардан «Қаншаусыздар, баладар» деп тіл заңдылығын бұзып айту да жиі естіліп қалады. Ал осы мәселелерді шешу жолдарын ұсыну, тіл тазалығын сақтауды үйрету, ең алдымен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің еншісінде. Сөзді орынды, ойлы, образды жұмсай алуға, орфоэпиялық сауаттылыққа баулу – өзекті мәселені шешудің бір жолы. Оқушы тіл тазалығын сақтау үшін, ең алдымен, көркем сөйлей білуі, көркем ойлай білуі шарт. Жұмыста әр сөздің парқын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беруге баулитын тиімді әдіс-тәсілдер көрсетілген.

Өзектілігі:

Тіл тазалығы - қарым-қатынас сапасы мен халқымыздың мәдени деңгейі көрсеткішінің ажырамас бөлігі. Десек те, бүгінгі таңда қазыналы тіліміздің шұбарлануы, алалануы сияқты мәселелер кездеседі. Қате жарнамалар мен тікелей аударманы айтпағанда, бұрыннан қалыптасқан тілдік норманы бұзып сөйлеу үдерісі белең алуы ойлантады. Осы мәселелерді қазір шешпесек, онда келер ұрпаққа берер өсиетіміз бен мұрамыз да бірге жоғалары анық.

Тіл тазалығын сақтау үшін жүргізілетін күрес – мәңгілік күрес. Әсіресе, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие тілдің тазалығы және оның басқа тілдер алдында беделі ең маңызды мәселе саналады. Бүгінде қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп, қазақ тіліне сұраныстың барлық салада артып жатқаны шындық. Жастар тарапынан осы қазақ тіліне қосатын үлестің бірсыпырасы тіл тазалығын сақтаумен тікелей байланысты. Сол себептен мектеп қабырғасынан бастап, оқушыларды тіл тазалығын сақтауға үйрету, олардың тіл мәдениетін дамыту маңызды.

Мақсаты: Оқушылардың сөйлеу мәдениетін арттыру, тіл тазалығын сақтауға баулу.

Міндеті:

- оқушыларға тіл тазалығын сақтауға үйретуде тиімді әдістерді қолдану;
- көркем шығармаларды, халқымыздың бай әдеби мұраларын пайдалану;
- сөйлесу мәдениетін арттыруға, тіл тазалығын сақтауға саналы түрде қарау үшін ұсынымдар әзірлеу

- көркем әдебиетті оқуға қызығушыларын арттыра отырып, сөз құдіретін таныту.

Күтілетін нәтиже:


- сөздік қоры молаяды;
- көркем әдебиетке қызығушылықтары артады;
- әр сөзді орынды қолданудың мәнін ұғып, орынды жұмсауды үйренеді.
- тіл тазалығын сақтайды.

Мен қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың тілін дамытып, ойын ұштауға әсер ететін, тіл тазалығын сақтауға үйрететін әдіс-тәсілдермен бөліскелі отырмын.

«Ұшқыр ой» әдісі. Бұл әдіс - алдыңыздағы оқушының қиялын шарықтататын, логикасын арттыратын, бейнелі ойлауын дамытатын әдіс. Тығырықтан шығар жол таба білуге үйрететін әдіс. Ол үшін белгілі бір тақырыпты өткеннен кейін оқушы алдына бір-біріне еш қатысы жоқ суреттер, сөздер тастаңыз. Бұл суреттер, сөздер не шығарма кейіпкерлері, не мәтін бойынша негізгі ойды білдіретін тірек сөздер (суреттер) болуы мүмкін. Мәселен, Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінен кейін «Қызтумас әже – дария», Қ. Сариннің «Тәуелсіздік» өлеңінен кейін «Тәуелсіздік - әйнек», М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын өткеннен кейін «Батыр Баян – құдық» т.т. суреттерді, сөздерді ұсыныңыз. Басында тосырқап, Баян мен құдық арасында қандай байланыс бар деп ойлауы мүмкін. Еркіндік беріңіз, қиялдатыңыз. Нәтижесінде оқушылар осы екі сурет (сөз) арасындағы қандай да бір байланысты табады. Тауып қана қоймай, пікірін ұтымды жеткізуге ұмтылады. Бұрынғы алған білімін пайдалана отырып, өзіндік ойын еркін айтуға дағдыланады, дәлелді сөйлеуге тырысады.



Тура осы әдісті одан әрі түрлендіру, күрделендіру арқылы оқушыға өзіндік метафора жасауды да үйретуге болады. Мәселен, мен сабағымда «Қызтумас әжені дариядан басқа неге теңеуге болады? Әже моделін жасайықшы» деген тапсырма бердім. Оқушылар керемет метафора жасады. Дәлел ретінде оқушыларымның жауабын ұсынайын.



Қараңызшы, қандай керемет салыстыру, қандай ғажап сөз орамы! Бұл дегеніміз - көркем ойлаудың, образды сөйлеудің бастауы. «Қызтумас әжені

неге қасиетті қамшыға теңедіңіз?» деген сұрағыма оқушым «Қамшы – тәрбие құралы. Қисық, қиыңыр болсаң, жон арқаңа қамшы тиеді. Қызтумас әже қатені жөндеп, қисықты түзетер қамшы іспеттес» деп жауап берді.

Әрине, оқушылардың бәрі бірдей керемет баламалар жасамауы мүмкін. Мәселен, менің сыныбымда жауап бере алмай қиналғандары, күнделікті қолданып жүрген, бәріне таныс күн, қазынаға теңегендері де болды. Бастысы - оқушыға ой сала білгеніміз, ойланта білгеніміз.

Жоғарыдағы мақсатты жүзеге асыруда әдеби шығармалар бойынша комикстер жасауға болады, себебі шетелдік білім беруде комикстер адамның өз ойын тұжырымды берудің табиғи жолы ретінде жоғары бағаланып жүр. Мысалға сіз баланың алдына бір тақырыптағы шығарма мәтіні мен комиксті қойдыңыз делік, қайсысына көбірек қызығушылық тудырады деп ойлайсыз? «Тар жол тайғақ кешу» не «Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі мен осы тақырыптағы жақсы боялған жұқа жинақты ұсыныңыз. Әрине, қандай оқушы болса да, жасына қарамастан бірден комикстерді қолына алады. Себебі олар тартымды, көз алдында дайын оқиға, бірден шығарма мазмұнына көз жүгіртіп, басты тақырыбын т.б. анықтай алады.

Комикспен танысқаннан кейін толық мәтіннен іздендіре отырып, тапсырмалар беру арқылы көздеген мақсатқа жетуге болады. Мен үшін комикстерді пайдалану оқушылардың сөзді орынды, дұрыс қолдануға үйретудің, тіл тазалығын сақтауға баулудың, көркем мәтінді оқуға деген қызығушылықтарын арттырудың бір жолына айналды. Неге десеңіз, соңғы уақыттарда балалардың көркем әдебиетті оқуға деген ынтасының төмендігі жасырын емес. Сол себептен 21-ғасыр балаларының жанына жақын әдісті пайдалана отырып, көркем әдебиетке құштарлығын ояту нәтижеге жеткізеді. Көркем шығармаларды тұщына оқыған баланың әр сөздің мағынасына зер салып, орынды қолданары сөзсіз.

Басында «Paint» бағдарламасымен салынған суреттерді, мультфильмдерді пайдаландым. Кейіннен суретті журнал шығардым. Бірте-бірте комикс суреттерін, оқиғаларын, кейіпкер образын, сөздерін бірге ойластыратын болдық. Бір комиксті жасау үшін көп ізденіс, үлкен еңбек қажет. Ғалымдардың зерттеу еңбектерін, мақалаларды, баяндамаларды оқып, сол шығарма бойынша түсірілген кинофильмдер, деректі фильмдерді көру қажет. Шығарма тақырыбына байланысты түрлі дереккөздерді ақтару керек. Шығарма желісі бойынша туған аңыздар, түсірілген кинофильмдер, сол тақырыпта жазылған басқа шығармалар қосылып, арқау етіледі. Тек содан кейін ғана комикстер жасалынады.



Шығармашылық жұмысты, ізденісті, зерттеуді қажет ететіндіктен, әдебиетті оқытуда қолдануға болатын нәтижелі әдіс деп есептеймін. Бұндай комикстер айтар ойдан адасып қалмауға көмек береді. Сөз, ой жүйелілігінен адастырмайды, бірді айтып, бірге кетпеуге дағдыландырады. Ал бұл кейін көпшіліктің алдында қағаздан көз алмай оқып шығудан, ұмытып қаламын-ау деген қорқыныштан, тұтас мәтінді жаттап алудан сақтандырады.

Балалық шақтан құмар оқырманға айналу балалардың тілдік және интеллектуалдық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Көркем шығарманы оқытуда ақын-жазушының тіл шеберлігіне баса назар аудару қажет, себебі бала оқыған кітабындағы сөздердің мағынасын түсінбесе, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын жоғалтады. Сол себептен картотека жасау, салыстырмалы кесте арқылы жұмыс жасату өте тиімді. Мәселен, М. Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінен үзінді алып, салыстырып көрейік.

М. Әуезов «Қараш-Қараш оқиғасы»		
	Шығармадан үзінді	
№1	Енді барлық жоқшы <i>оқырана</i> күлісіп, бірін-бірі <i>қылжақпен</i> қағыта отырып, піскен еттің барлығын табаққа өз қолдарымен салды да, қоралай отырып, қол-қолға бір-бір түйірден үлесіп алып, жақсы піскен жас етті <i>күйсен</i> жей бастады.	Енді барлық жоқшы ... күлісіп, бірін-бірі ... қағыта отырып, піскен еттің барлығын табаққа өз қолдарымен салды да, қоралай отырып, қол-қолға бір-бір түйірден үлесіп алып, жақсы піскен жас етті ... жей бастады.

Жоқшылардың жай ғана күлісіп, бірін-бірі қағыта отырып, жас етті жей бастағандары *оқырана күлісіп, бірін-бірі қылжақпен қағыта отырып, жас етті күйсен жей бастағандарына* қарағанда қуат күші бәсең. «*Оқырана, қылжақпен, күйсен*» деген сөздердің әсерінің күштілігі сол оқушы үзіндіні оқи отырып, Бақтығұл боп кектенеді, Қатша болып шарасыздықтан жылайды. Байқағандарыңыздай, салыстырмалы кесте арқылы оқушылар оқығанын жан-тәнімен сезіне, түсіне білуге дағдыланады. Әр сөзді орынды қолданудың мәнін ұғып, орынды жұмсауды үйренеді.

Ал картотекалар жинатудың да пайдасы зор. Картотекалар арқылы сөз өнерінің сұлулығын таниды, сөздің бояулық реңктерін салыстырады әрі шағын ғылыми зерттеу де жүргізеді. Ал бұл өз кезегінде көркем әдебиетті оқуға құштарлықтарын арттырады.

Күлкі түрі		
Шығарма аты, беті	Ә. Кекілбаев	«Абылай хан» (482-б)
Үзінді	Айтқаның келіп, Айтқаның тиіп, <i>Мәз болып тұрсың, хан ием...</i>	

Күлкі түрі		
Шығарма аты, беті	Ә. Кекілбаев	«Абылай хан» (486-б)
Үзінді	Ойрат елшісі шығып кетеді. Топыш ханым <i>жымсия күліп</i> кіріп келе жатады.	

Сағыну (қайғыру, шаршау, сөйлеу т.т.) түрі		
Шығарма аты, беті		
	Үзінді	

Мен салыстырмалы кесте, картотека жасату арқылы табысты нәтижеге қол жеткіздім. Мәселен, оқушыларым тапсырманы орындау үшін көркем шығарманы бастан-аяқ оқыды. Екіншіден, ізденді. Үшіншіден, сырлы сөз әлемінің тереңіне бойлай алды.

Сөз соңында айтарым, осы әдістер арқылы оқушылар көркем әдебиеттің ұлттық қазына екенін ұғына отырып, ұлттық тілдің сөз байлығын орынды қолдануға, тіл тазалығын сақтауға үйренеді. Әр алуан ой мен сезімді білдіретін тілдік мүмкіндіктерді таниды. Сондықтан кез келген мектептегі қазақ әдебиеті сабақтарында, сыныптан тыс жұмыстарда қолданған тиімді.



Альжанова Мөлдір Жаксыбаевна
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы
Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы,
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
«Үздік педагог» 2022 жыл.

Оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындау жұмысын ұйымдастыру

Пән олимпиадасы – ғылымның алғашқы баспалдағы, бала санасына ғылымның алғашқы ізденістерін қалыптастырып, болашақ ғалымдарды баулитын, ғылымға еркін бойлайтын жастарды қалыптастыратын ең тамаша бәсеке.

Пән олимпиадасына дайындық – оқушының ойлау форматын ғана дамытып қоймай, ғылымға деген көзқарасын қалыптастыратын, болашақ бағдарын айқындайтын ғылыми ізденіс. Ол үшін сапалы және жүйелі дайындық қажет.

Сапалы әрі жүйелі дайындық – оқушының ғылымға деген көзқарасын ғана қалыптастырмайды, болашаққа деген сенімі нығайып, өзіне деген сенімі артып, мақсат қоя білетін тұлға тәрбиелеудегі дағды.

Жалпы оқушының әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға, қазақ тілі пәнін жан-жақты игеруге олимпиадаға қатысып, дайындық жасаудың септігі көп тиеді.

Оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындау жұмысын ұйымдастырумен жүйелі жұмыс жасау бүгінгі таңда ең керекті жұмыс. Жаңартылған білім мазмұны бойынша шығармалар да, әдістемелік нұсқаулықтар да толық берілмеген. Сондай-ақ, жаратылыстану бағытындағы оқушы гуманитарлық бағыттағы шығармаларды игермей, гуманитарлық бағыттағы балалар жаратылыстану бағытындағы шығармаларды оқымайды. Олимпиадаға қатысатын оқушы барлық қазақ тілінің салаларын, сондай-ақ екі бағыттағы барлық шығармаларды толық қамтып оқиды. Талдау жұмыстарын жүргізеді, олимпиадаға қатысушы басқа балалармен де қарым-қатынас жасап, олимпиадалық команда жұмысына белсене араласады.

Дарынды оқушылармен жұмыстың жүйелі әрі сапалы ұйымдастырылмауы (оқушыларды олимпиадаға дайындықсыз жіберілуі баланың талабын, жігерін мұқалтады, бетін қайтарады) жетістікке жетуге кедергі тудырады.

Теориялық тұрғыдан дайындықтың жүйелі жүргізілмеуі, шығармашылық жұмыстарға дұрыс дағыдыландырылмауы біздің жұмысымыздың пайдасы мен өзектілігінің дәлелі.

Мақсаты: Олимпиада резервтерімен жұмыс жүргізудің дайындық жолдарына тоқталу, пікірлесу ортасын құру, оқу-әдістемелік тәжірибемен бөлісу, іс-тәжірибеде қолданудың тиімді тәсілдерін айқындау.

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету;
- Жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету;
- Дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау;
- Республикалық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау;

- Қазақстан Республикасында білім берудің беделін көтеру.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы:

- Олимпиадаға қабілетіне қарай ғылымға икемі бар оқушыны дұрыс таңдай алуы;

- Жүйелі, сапалы жоспар құруы; (оқу жылының басынан оқушыны пән олимпиадасына қатысатынын ескеріп, сабақтан тыс жұмыстар жүргізу, ең бастысы оқушы өзі тыңғылықты дайындалып, жауапкершілік алуы)

- Жоспарға мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді кіргізуі;

- Жыл бойы жұмыс жүргізу, шығармашылыққа тәрбиелеу.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша:

- Эссе жазуға дайындық, эссенің құрылымы және тұтастығы;
- Тақырыптың ашылуы және өзіндік пайымын келтіре алу;
- Деректер мен сілтемелер келтіруді назарда ұстау;
- Әдеби тіл нормасы бойынша жұмыс;
- Сөздікпен жұмыс; (әр сыныптарда оқулықтарда берілген сөздік жұмыстарын талдау, сөздердің мағынасын ашып, оған мысалдар келтіру)

Қазақ тілі пәні бойынша:

- Мәтінмен жұмыс; (Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды талдау)

- Лексика, фонетика, морфология, синтаксис салалары, ережелерді толық жаттау;

- Емле және тыныс белгілер;

- Кез келген сұрақтар мен тапсырмалар шығармашылық ойлауға жетелеуді мақсат тұту.

Пән олимпиадасының пайдасы:

- Дарынды балалар анықталады, оқушы еңбекқорлық пен мұқияттылыққа тәрбиеленеді;

- Ғылымыға құштарлықтары ашылып, ғылым жолына бағыт алады;

- Логикасы дамыған, ғылыми көзқарасы сауатты, жаңалық ашуға жаны құмар тұлға тәрбиеленеді;

- Халықаралық деңгейдегі кез келген бәсеке елдің алдында беделді бола алады;

- Ұстаздарының деңгейін арттырып, жаңа ізденіске жетелейді.

Тәжірибе 5 жылдан бері іске асып келеді.

Тиімділігі. Тәжірибені іске асыру барысында 5 жыл бойы Республикалық пән олимпиадасының түрлі кезеңдерінен үнемі нәтижелерге қол жеткіздік. Солардың ішінде нақты атап өтетін болсақ, оқушымыз Ержан Айымның жетістіктерін айтуға болады.

Оқушы: Ержан Айым, 11-сынып

Пән мұғалімі: қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Альжанова Мөлдір Жаксыбаевна

Пән бойынша жетістіктері:

Республикалық пән олимпиадасының /мектепшілік кезеңдері/ 5-8 сыныптарда 1-орын;

Республикалық пән олимпиадасының /қалалық, облыстық, республикалық кезеңдері/

Аты-жөні	жылы	қалалық	облыстық	республикалық
Ержан Айым	(2017-2018 жж)	1-орын		
	(2018-2019 жж)	1-орын		
	(2019-2020 жж)	3-орын		
	(2020-2021 жж)	1-орын	2-орын	1-орын
Шакенова Анеля	(2021-2022 жж)	1-орын	2-орын	
Мейірханова Ажар	(2022-2023 жж)	1-орын	2-орын	

Нәтижеге жету жолдары, жеңіске жетудің алғы шарты:

Оқушыларым олимпиадаға қатысу арқылы өздерін жан-жақты қырынан да көрсете алып, шығармашылық жұмыстар оларға әссе жазу кезінде көп көмегін тигізеді. Оқушыға мектеп психологы, мектеп әкімшілігі тарапынан көмек болды. Мотивация, қолдау, мадақтау, сенім беру – жауапкершілігін арттырды. Ата-анасымен тығыз қарым-қатынас, сыныптастарының онымен мақтануы мен сынып жетекшісінің қолдауы да әсер етті. Жоғары оқу орындарының ұстаздарымен де дайындық жұмыстары жүргізілді.

Элберт Хаббард «Балаға білім берудің мақсаты – оны мұғалімнің көмегінсіз одан әрі дамитындай ету» деген екен. Сондықтан, бүгінгі күннің ұстазы баланың білім көкжиегін кеңейтіп, санасындағы сәулені көре алып, оны шамшырақтай жағуға жағдай жасауы керек. Іс-тәжірибе бөлісу барысында ұстаздар «Әссе жазудың әдістемесін» үйреніп, тәжірибе алмасады, пікір алысады, оқушыларды пәндік олимпиадаға іріктеп, дайындау әдіс-тәсілдерін үйренеді, олимпиада тапсырмаларының жүйесі мен оны дайындау тәсілдерін меңгереді.



Болкенбаева Айгерим Даулетияровна
Қарағанды облысы, Шет ауданы
«Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-
гимназиясы «КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Үздік педагог» 2022 жыл

Тақырыбы: «Әмбебап case» авторлық әдіс-тәсілдер жиынтығының тиімділігі

Абстракт. Білім сапасы білім беруші мен білім алушының – ортақ еңбегінің нәтижесі. Себебі білім игерудің инновациялық тұжырымдамасы оқушының белсенділігімен ұштасады. Білімді болудың басты қағидасы – екі жақты белсенділік. Егер мұғалім білімді бере берсе, ал оқушы қабылдамаса, одан нәтиже шықпайды. Білім сапасы қашан қалыптасып дамиды? Ол үшін оқушы, ең алдымен, зейін қойып, бар ынтасымен тыңдай білу керек. Одан кейін есіне сақтауы, түсінуі, қолдана алуы, талдап, бағалай білгені абзал. Ал «Әмбебап case» авторлық әдіс-тәсілдер жиынтығы – сабақтың қызықты әрі нәтижелі өтуінің кепілі. Авторлық әдістер несімен құнды? Мұғалім әр оқушысының қабілеті мен ерекшелігін танып білгендіктен, әр білім алушының қыр-сыры ескеріледі. Сонысымен бұл әдістер құнды, қиын әрі қызық. Олар: «Жоқ кейіпкер», «Сөз мәйегі -1», «Сөз мәйегі-2», «Сөз мәйегі-3», «Тұлғаны таны», «Дара ой», «Баспагер», «Шынайы мен», «Қашан? Қайда? Қалай?», «Басқаша сөйле», «Бәрі бағалайды».

Өзектілігі, негіздемесі: «Әмбебап case» авторлық әдіс-тәсілдер жиынтығы әр баланың ерекшелігін танып білу маңыздылығымен өзекті. Ол оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қасиеттерін жетілдіріп, дивергентті ойлау дағдыларын арттыруымен ерек. Әр оқушының білімі мен қабілетінің дамуына жағдай жасалып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуына мүмкіндіктер береді. Білім алушы зерттеушілік іс-әрекетті меңгеріп, саралап, нақты дәйектер келтіріп, ойын жинақы, тұжырымды, аргументке негіздеп жеткізе білуді және өзін-өзі бағалауды үйренеді. Мұндай тиімді әдіс-тәсілдер жеке көзқарасы бар тұлға қалыптастыруға көмектеседі. Пәнаралық байланыс жүзеге асады, бейіндік дағдылары дамиды, танымдық қабілеттері жетіледі, білім тереңдейді. Аталған әдістер жиынтығы бала үшін жаттанды ақпараттан гөрі, мәселені талдау, салыстыру, өз көзқарасын білдіру, ой толғау, өзін және өзгені бағалау, кері байланыс беру қажеттілігі негізінде туындап отыр.

Мақсаты: Дұрыс құрылған сабақ – тапсырмалардың логика тұрғысынан бірізді болып, жүйелі түрде терең әрі нақты жауап алу жолында берілуді қалайды. «Әмбебап case» авторлық әдіс-тәсілдер жиынтығының **мақсаты** білім алушыларға тақырып бойынша ақпарат беріп қана қою емес, танымның іргелі мәселелерін меңгерту, ойлаудың жаңа көкжиегін көрсету, қателесуден қорықпай, шешім қабылдағыш дағдысын арттыру, үнсіз баланы болдырмау, тәрбиелік әлеуетті арттыру, құндылық негіздерін дамыту.

Міндеттері:

- Әр түрлі сабақ түрлерін (подкаст, семинар, зертханалық жұмыстар, курстық жұмыстар, сынақ, саяхат сабақтарын) жүргізу;
- Авторлық әдістердің әлді, әлсіз, мүмкіндік, қауіп тұстарын анықтау;
- Дивергентті ойлай алу дағдыларын арттыру;
- Дискурстық талдай білу дағдыларын жетілдіру;
- Функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы.

Іс-тәжірибеде өз нәтижесін беріп, оқушылардың айтылым дағдысын арттырып, бір жүйеге дамыта алатын инновациялық әдістің бірегейі – «Дара ой» әдісі. Тіпті, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын аталған тапсырманы орындай отырып, оқушының шығармашылық деңгейін, яғни дивергентті тұрғыда ойлауын көруге болады. Оның талаптары төмендегі кестеде берілген:

1 мин ут ауыз ша сөйле у	Тақ/ң ашыл уы	Кіріспе, негізгі б., қор /ды	1 пробл сұрақ	Дауы с ырғ, сөзді ұм/у, ауд. бау/у	1 қан. сөз/ 1 шума қ өлең	Ерек ш/к /идея	Функ/қса у/қ	1 мақа л	Стил/ к оралы м
		1					1		

«Жоқ кейіпкер» әдісі көркем шығарманы дискурстық талдау барысында пайдалы. Мәселен, «Шақан Шері» романындағы жоқ кейіпкер – Шақанның өзі. Неге? Проблемалық сұраққа жауап іздеуде оқушылар мәселені шешу жолдарын қарастырып, аргумент пен фактілерге жүгінеді.

«Сөз мәйегі- 1» әдісі оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттырады. Көркем шығармадағы сөз тіркестерімен жұмыс істеу арқылы сөздік қорды молайту. Мәселен, Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» шығармасының негізінде әміршінің атынан жазылған монолог:

Өткір қылыш
Ұлыған жел
Жалмап жұту
Сенімін сетінетіп
Тылсым күдірет
Көп түйткіл
Меңіреу тыныштық
Жанарын пышақтай кескілеп
Жер жастандыру

Мен – қатыгез Әмірші. Қолымдағы өткір қылышыммен бәрін жер жастандыруға дайын тұрған тәкаппармын. Адамдардың барлығын қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығында өмір сүруге мәжбүрлеушімін. Жорыққа барғанда жолымда кездескендердің бәрін жалмап жұтудан тайсалмаймын. Ышқына ұлып тұрған желдің өзі менің қаһарыма шыдай алмайды. Кіші ханым мен мұнарашының жанарын пышақтай кескілеп, олардың жан дүниесінде меңіреу тыныштықтың орын алуына себепшімін. Менің ашуым мына желге найза ілікпейтіндей. Ұлып тұрған желден еш айырмашылығы жоқ. Бәрінің сенімдерін сетінетіп, көңілдеріндегі көп түйткілді қуып шықтым. Өз-өзіме сұрақ қойғым да келеді. Мен неге қатыгезбін? Бұл тылсым күдірет пе? Миыма кіріп шығар емес. Ойлар көкірегімді кернеп барады...

«Бәрі бағалайды» әдісінде оқушы жауабын жауап беріп тұрған оқушының өзі, сыныптастары, содан кейін барып мұғалім бағалайды. Үш баға қосылып, 3-ке бөлінеді. Сөйтіп оқушының жауабы жан-жақты сарапталады.

«Шынайы мен» әдісі оқушының өзіне-өзі баға беріп, А нүктесінен Б нүктесіне жету жолындағы қадамдарын реттейді.

Тәжірибе 2020 жылдан бастап іске асып келеді.

Тиімділігі.

Аталған әдістер өте тиімді. Оған дәлел – оқушылардың әртүрлі байқауларға қатысып, жүлделі орын алулары. Себебі аталған әдістер оқушылардың өзін-өзі ұстауына, сөздік қорларының артуына, әлеуметтенуіне, жинақталуына, сенімділіктеріне кепіл. Өйткені менің оқушыларым тәуекелге бару мәдениетін әуелде түсінген, «қателесуге боладыны» біледі.

Мәселен,

Реті	Оқу жылы	Байқау атауы	Оқушының аты-жөні	Орны
1	2021-2022	Респуб. Қ.Бітібаева олимпиадасы /респ.кезен/	Төлеутаева Аружан	III орын
2	2022-2023	Респуб. Қ.Бітібаева олимпиадасы /респ.кезен/	Балхашбаева Нұрай	Алғыс хат
3	2022-2023	Облыстық Әбіш оқулары	Нәрік Саяжан	III орын
4	2022-2023	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауының облыстық кезеңі	Төлеубаев Елдар	III орын
5	2022-2023	Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауының респ-қ кезеңі	Балхашбаева Нұрай	II орын
6	2023-2024	Респ-қ балалар оқуы	Балхашбаева Нұрай	Алғыс хат

7. Тәжірибені басқа педагогтердің қолдануы бойынша кеңес.

Әлді	Әлсіз
«Әмбебап case» әдістер жиынтығы – авторлық жұмысым. Қажеттіліктен туған, әр баланың қабілеті мен ерекшелігін ескере отырып ойластырылған ізденіс көзі. Білім алушылардың конвергентті де, дивергентті де ойлау көкжиектерін жетілдіретін таптырмас тәсілдер.	Бірден нәтиже бермейді. Күнделікті ізденісті, оқушы тарапынан да, мұғалім тарапынан да дағдының қалыптасуын талап етеді.
Мүмкіндігі	Қаупі
Оқушылардың тұлға болып қалыптасуларына себеп бола алады. Бастысы, мұғалім үнсіз баланы болдырмау керек екенін қаперінен шығармау керек.	Басқа мұғалімдер оқушыларының қабілеті мен ерекшеліктерін зерттеп барып, олардың жан дүниесін түсініп барып, тәжірибеде қолданбаса, салмақты әдістер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын кенжелетіп жіберуі ықтимал.



Тусупханова Бану Амановна
Қарағанды облысы, Шет ауданы
«Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-
гимназиясы «КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Үздік педагог» 2020 жыл

Тақырыбы: Шағын ғылыми жоба жазудың тиімді жолдары

Абстракт. «Шағын ғылыми жоба жазудың жолдары» авторлық бағдарламасын енгізудің қажеттілігі оқушылардың қызығушылығы және бақылау мен зерттеуге деген ықыласынан туып отыр. Зерттеу нысанында ғылыми жобаның жазылу жолдарын, заңдылықтары мен олардың өзіндік ерекшеліктерін сараптап, мағыналық байланысу жолдарын айқындау, олардың құрылымдық түрлерін анықтау, ғылыми жоба жазудың әдістемесін тиімді көрсету бағдарламаның маңыздылығы болып табылады. **«Шағын ғылыми жоба жазудың жолдары» авторлық бағдарламасы** оқушылардың қызығушылығын тудыратын мазмұнға ие. Нәтижесінде оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалды дамуына септігін тигізеді. Белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды талап етеді. Бағдарлама мазмұны алдыңғы немесе базалық курстан алған білімімен келесі тақырыптарды оқып, одан әрі дамуына мүмкіндік туғызатындай жүйеде құрылған.

Өзектілігі, негіздемесі: Ғылыми жоба жазудың ерекшелігін танып білудің маңыздылығы **«Шағын ғылыми жоба жазудың жолдары» авторлық бағдарламасының** өзектілігін дәлелдейді. «Шағын ғылыми жоба жазудың жолдары» авторлық бағдарламасы оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қасиеттерін арттыру, «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыруды көздейді. Заманауи білім беруде туған жердің дара тұлғаларын, олардың ерлігі мен тарихи істерін, шығармашылығын білім алушылар арасында насихаттайды. «Шағын ғылыми жоба жазу» авторлық бағдарламасының жұмыс дәптерінде күнтізбелік сабақ жоспарындағы берілген тақырыптардың барлығы жаңартылған білім мазмұнының белсенді оқыту әдістері негізінде құрылған. Тапсырмаларды орындау барысында сабақтас оқу пәндері арасында тығыз байланыс орнайды. Әр оқушының білімі мен қабілетінің дамуына жағдай жасалып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуына мүмкіндіктер береді. Білім алушы зерттеушілік іс-әрекетті меңгеріп, саралап, нақты дәйектер келтіріп, ойын жинақы, тұжырымды, аргументке негіздеп жеткізе білуді және өзін-өзі бағалауды үйренеді.

Мақсаты: Талапқа сай шағын жоба жазудың заманауи білім беруде аса маңызды болуына сәйкес курсты өткізудің **мақсаты** оқушыларға шағын ғылыми жоба жазудың тиімді әдіс-тәсілдерін үйрету, өзіндік көзқарасы бартұлға ретінде қалыптасуына көмек көрсету, пәнаралық байланысты жүзеге асыру, бейіндік дағдыларды дамыту, танымдық қабілеттерін жетілдіру, білімді тереңдету болып табылады. Аталған курсты енгізудің қажеттілігі мен себебі осында.

«Шағын ғылыми жоба жазудың жолдары» авторлық бағдаламасының міндеттері:

- ✓ психологпен бірлесе арнайы жұмыстар атқарып, зерттеушілікке бейім оқушыларды анықтау;
- ✓ интеллектуалды ерекшелігін ескеріп, танымдық қызығушылығы, ақпараттық эрудициясы, ойлау қабілеті, дүниетанымдық диалектісі жоғары оқушылармен жұмыс атқару;
- ✓ шығармашылық потенциалы ерекше, мәселені шешу жолдарын қарастыра алуға баулу, бастамашылдық қасиетін арттыру, тың идеяларға шақыру;
- ✓ қарапайым бақылаудан бастап, салыстырмалы зерттеулер жүргізіп, өзіндік тұжырым жасауға үйрету
- ✓ бұған дейін де оқушылар ізденіп, өз ойларын ортаға салатын. Дегенмен ғылыми жоба жазуда жүйелі бағыт-бағдар беру үшін қосымша білім беру курсының енуінің қажеттілігі туды.
- ✓ бағдарлама мазмұны базалық курстан алған білімді дамытуға мүмкіндік туғызатындай жүйеде құрылған. Сабақтас оқу пәндерін тереңдетілген түрде оқуға, практикалық зерттеулермен байланыстыруға ерекше мүмкіндік тудырады.


Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы.

«Шағын ғылыми жоба жазу» авторлық бағдарламасы – ғылым жолына бастар пайдалы бастама. Мұнда алуан түрлі ақпараттар мен мысалдар, талдау үлгілері, ғылыми көқарастар, тәжірибелер мен болжамдар ұсынылған. Білім алушы оқып отырып, туған жердің танымал тұлғаларының шығармашылығымен танысып, нәр алады. Зерттеушілікке бастапқы қадамдарды жасап үйренеді. Іс-әрекетіне баға береді. Берілген ақпаратпен танысып, ой қортады. Сондықтан оқығандарын зерделейді. Өз бетінше талдау жасап үйренеді. Ойды жүйелі жаза білу де өнер. Ғылыми жоба жазудың ерекшелігін танып білудің маңыздылығы **«Шағын ғылыми жоба жазудың жолдары» авторлық бағдарламасының** өзектілігін дәлелдейді. Зерттеу нысанында ғылыми жұмыстың жазылу жолдарын, заңдылықтары мен олардың өзіндік ерекшеліктерін сараптап, мағыналық байланысу жолдарын айқындау, олардың құрылымдық түрлерін анықтау, ғылыми жұмыс жазудың әдістемесін тиімді көрсету бағдарламаның маңыздылығы болып табылады. Әдістемелік жұмыс бойынша жұмыс жасау кезіндегі дербестік деңгейіне мұғалім назар аударған. Әрбір бөлім бойынша ғылыми материалдар, деректер жинап, сол бойынша талдаулар жасау көзделген. Жұмыстың оң жақтары: мұғалім бағдарламаға қойылатын талаптарды дұрыс пайдаланған. Теориялық және практикалық жақтарын аңғарған. **Мектеп оқушыларының ғылыми ізденістерін шыңдауда, авторлық бағдарламасы** етіп, мектепте енгізілген. Аталмыш курс оқушылардың қызығушылығын тудыратын мазмұнға ие. Нәтижесінде оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалды дамуына септігін тигізеді. Белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды талап етеді. Қойылған мақсатқа сәйкес бағдарлама мазмұны толық және аяқталған. Бағдарламада қажетті бөлімдер: түсінік хаттан (мақсат, міндетті тұжырымдау), негізгі мазмұндық бөлімінен (тақырыптық), күтілетін нәтижеден, әдебиеттер тізімінен тұрады.

Тәжірибе 2021 жылдан бастап іске асып келеді.

Тиімділігі.

Оған дәлел оқушылардың арасында дәстүрлі өтетін ғылыми жобалар конкурстарында 2020-2021 оқу жылында 5 жүлдегер, 2021-2022 оқу жылында 8 жүлдегер, 2022-2023 оқу жылында 18 аудандық кезең, 10 облыстық деңгейде, 2023-2024 оқу жылында 12 оқушы антиплагиаттан өтіп, қорғауға жіберілді



Тәжірибені басқа педагогтердің қолдануы бойынша кеңес.

Қызық	Құнды	Қиын
Ғылымға бетбұрыс мектептен бастау алады	Авторлық бағдарлама оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастырып, өзіндік ізденісін дамытуға ықпал етеді. Бағдарламаның жұмыс дәптері, хрестоматиясы сапалы түрде жинақталған	Барлық бала игеріп кете алмайды. Бұл бағдарлама танымдық қасиеттердің жоғары деңгейін талап етеді



Ерментаева Асель Саткановна
Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы «Абай атындағы мектеп-гимназиясы» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Үздік педагог-2021»

Тақырыбы: Көркем мәтінді стилистикалық талдау арқылы білім алушылардың оқу сауаттылығы деңгейін арттыру

Оқу сауаттылығы – адамның өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ой елегінен өткізу және оқумен айналысу қабілеті. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі уақытта көптеген технологиялар, әдіс-тәсілдер қолданылады. Ұсынылып отырған іс-тәжірибеде білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыруды қазақ әдебиеті сабағында көркем шығармаларды стилистикалық талдау арқылы жүзеге асыру

қарастырылған. Ұсынылатын жұмыс түрлері үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарымен байланысты қарастырылған.

Өзектілігі, негіздемесі: Қазіргі уақытта білім алушылардың оқу сауаттылығы деңгейін арттыру - өзекті мәселе. Мәтінді, соның ішінде көркем мәтінді оқығанымен, оның мазмұнын, астарлы ойын, идеясын оқушылардың бірден түсіне алмайтын жағдайлары кездеседі, өйткені оқушы тілдік бірліктердің, тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысын, қолданыстағы мағынасын ажырата алмайды. Тілдің экспрессивті қызметі тек қолданыста көрінетінін ескерсек, қазақ әдебиеті сабағында көркем мәтінді стилистикалық талдау арқылы білім алушылардың оқу сауаттылығы деңгейінің артуына ықпал етуге болады. Стилистика - шеберлік туралы ғылым саласы. Көркем әдебиет стилистикасы - жазушының эстетикалық талаптарды өтеу шеберлігі, яғни қалам иесінің қолтаңбасы, сөз өрнегін талдау. Қазақ әдебиетінің 5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламасында мәтіндік талдау жүргізуді қажет ететін оқу мақсаттары бар. «Анализ және интерпретация» бөлімінің «автор бейнесі», «көркем шығарманың тілі» деген бөлімшелеріндегі оқу мақсаттары осы стилистикалық талдау жүргізуді талап етеді.

Мақсаты: білім алушылардың оқу сауаттылығын арттырудың тиімді жолдарын ұсыну

Міндеттері:

- Көркем шығарманы түсініп оқу дағдысын қалыптастыру;
- Әдеби туындының идеялық көркемдік болмысын терең түсінуге, қорытынды жасауға көмектесу;
- Мәтіннен қажетті ақпаратты ала білу, оны оқуда, оқу-тәжірибелік міндеттерді шешуде және күнделікті өмірде қолдану қабілетін арттыру;
- Мәтінге сүйеніп, өз ойын дәлелдеп жазуға, сыни ойлауға жетелеу.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы

Оқу сауаттылығын арттыру көп жағдайда қазақ тілі пәнінің міндеті деп қарастырылады. Алайда мен тәжірибемде оқушылармен қазақ әдебиеті сабағында көркем мәтінді жан-жақты талдау арқылы да оқу сауаттылығы деңгейін көтеруге болатынын айтқым келеді. Тілдік тұлғалардың шығарма мазмұнына қатынасын айқындау арқылы оқушылар сауатты оқу, түсініп оқу дағдыларын жақсартады, қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, 5-сыныпқа М.Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесін өткенде мынадай сұрақтар мен тапсырмалар ұсынуға болады:

- Манаптың інісін көргендегі жай-күйін автор қалай баяндайды? Сөйлемдерді теріп жазыңыз.

- Қалидың жат бауырға айналғанын автор қалай бейнелейді? Сол сөйлемдердің астын сызыңыз.

- Шығарма идеясын ашуда осы сөйлемдердің рөлі қандай?

7-сынып оқушыларымен Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесін талдауда оқушыларға мәтіннен мынадай үзінділер беріледі:

1. *Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оянды.*

2. *Бектемір әулеті тегіс осы араны қыстайтын. Өмір-бақи жан-жаққа пышырап көрген емес, ағайыншыл еді зой бәрі де.*

3. *Бұрқырап самауыр келді. Қызыл жолақ дастарқан жайылып, майы шылқыған күрең бауырсақтар төгілді.*

4. *Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді.*

5. *Түстен кейін жалдап алған мәшинелерінің кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, әке-шешелерімен тура өткен жылғыдай сүйісіп қоштасып, «ренжімеңдер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті.*

Мынадай сұрақтар қойылады: *Берілген үзінділерде автор экспрессивті мәнге ие болып тұрған қандай тіркестерді қолданған? Бұл сөздер арқылы автор қандай астарлы ойды жеткізеді?*

Бұл сауалдарға жауап іздеу арқылы оқушылар үзіндідегі экспрессивті мәнге ие болып тұрған сөздерді анықтайды және автордың оны қолданудағы мақсатын түсіндіреді.

Стилистикалық талдауда көркем шығарманың тілін анықтау аса маңызды. Жазушы шығармасында айтпақ идеясын, бермек образдарын және көрсетпек суреттерін тіл арқылы білдіреді. Көркем шығармада ненің суреттелгені ғана емес, қалай суреттелгенінің мәні зор. Оқу бағдарламасы бойынша қазіргі уақытта 5-6 сыныптарда оқушылар көркемдегіш құралдарды анықтап үйренсе, 7-сыныптан бастап оның қолданысын талдайды, оқу мақсаттары күрделене түсіп, 8-сыныпта автор стилін анықтап, 9-сыныпта автор стиліне баға береді.

9-сыныпта Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы бойынша мынадай сұрау-тапсырмалар дайындаған ұтымды:

- Автор қолданған көркемдегіш құралдарды қолданып, берілген эпизодтарға әдеби иллюстрация (ауызша немесе жазбаша) құрастырыңыз. Иллюстрацияда көркемдегіш құралдардың қай түрін қолдандыңыз? Неліктен?

- Автор осы шығармасы арқылы Ұлпанға ескерткіш орнатқандай. Сөзден ескерткіш орнатуда троптың, фигураның қандай түрлерін қолданған?

- Автор стиліне баға бере отырып, көркем сөзден Ұлпанға өзіңіз «әдеби ескерткіш» орнатыңыз. Қандай құралдарды қолдандыңыз? Неліктен қолдандыңыз?

Осы сыныптағы Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романын алайық. Романның көркем тілін талдауда мынадай тапсырмалар арқылы сыни ойлауға мүмкіндік береміз:

«Генерал-фельдмаршалдың лауазымы естілер-естілместен-ақ тұла бойы дір етіп орнынан атып тұрған барон Игельстром бүкіл өмірі әскерде өтіп келе жатқан адамдарға тән әбжілдікпен сымдай тартылып тұра қалды да, «шақырып жатыр» деген сөздің мағынасы санасына жеткенде, паркет еденді етігінің нәлімен тесіп жіберердей тақ-тақ басып барып, қаусырмалы биік есіктің алтындаған тұтқасынан қалай ұстағанын аңдаған жоқ».

Үзіндіде автор Игельстромға көзқарасын қандай көркемдегіш құралдармен берген? Осылай сипатталған образ нені аңғартады?

«Бір есіктен соң бір есік... Осип Андреевич мұнда бұрын да болған. Қос қабат емен есіктің ар жағында күн нұрына құбыла ойнақ салған қызыл ала гүлді, жұп-жұмсақ жолкілем ұзыннан-ұзақ созылып жататыны да есінде. Сол былқылдаған жұп-жұмсақ жолкілемнің бір қиыр шетінде алыстан

қарасаң, шап-шағын, қасына келсең, айлапат үлкен үстел тұрады. Көз ұшындағы үстелдің басында әуелі үкідей ғана біреу көрінер еді. Сен жақындаған сайын, ол бірте-бірте зорая беретін. Ол зорая түскен сайын, сен өзіңнен өзің бүрісіп, бірте-бірте кішірейе беретінсің...

Үзіндіде автор Потемкиннің қабылханасын сипаттау үшін қолданған құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдаңыз? Қабылхананы көркем баяндаудың астарында қандай авторлық шешім жатыр?

«Ал өлімі несі?! Неге ол тек қана өлуге тиіс?! Қырық жыл қырғын келсе де, ажалды ғана өлмей ме?!»

«Амандықты ойлап, тыныштықты тілеп, «Кейінгі туған жас бала, Кәуірден қорлық көрер» деп, яки «Алтын басым аяққа басылар» деп, кісілігін қор еткісі келмеген, мәрттік пен ерлікке салғанда ешбір елдің ұлынан кем болмаған бағзыдағы батыр бабалардың қайырлы қоныс, қара жұрттарын қарсылықсыз тастап кете бергенінен тапқаны қайсы?!»

«Өзі бұрын әулие тұтқан сол батыр бабалардың артында не қалды бүгінде?! Не қалды, Құдай-ау!!! Тек сай-сүйегіңді сырқыратар сөз ғана қалған жоқ па?!»

«Сонда «кәуір тоқ болса, мұсылман тыныш» дегеннен, солай деп қайырлы қоныс, қара жұрттарын қарсылықсыз тастап кете бергеннен, солар не тапты? Кәуір «тойдым, тоқтадым» деді ме?! Мұсылман тыншыды ма?!»

«Ендеше, ондай обыр құлқын иесінің оппа өңешін қалай бітемек керек?!»

- Сырым батыр толғанысындағы риторикалық сұрақтар қандай мәнге ие? Бұл сұрақтар тек Сырым батырдың көкейіндегі сауалдар ма? Автор риторикалық сұрақтарды неге қолданған?

Осындай талдауларды жүргізген кезде оқушы тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысын жете түсінеді, сол арқылы оқу сауаттылығы дағдысы қалыптасады.

5. Тәжірибе неше жылдан бері іске асып келеді? Тәжірибе 6 жылдан бері іске асып келеді.

6. Тиімділігі: Тәжірибе білім сапасының артуына және оның тұрақтылығына ықпал етті. Сабақ беретін сыныптарымда қазақ әдебиетінен білім сапасы - 100%. Қазақ тілінен білім сапасы - 97%. Оқушылардың мәтінді түсініп оқу деңгейі артқанын жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижелерінен байқадым. Оқушылардың сыни ойлауын түрлі шығармашылық жұмыстар арқылы біле алдым.

7. Тәжірибені басқа педагогтер, мектептер қалай қолдануы керектігі туралы кеңестер? Бұл тәжірибені барлық мектептің педагогтері қолдана алады. Ең бастысы, көркем шығарманы талдауда әдеби шығарманың идеялық және сонымен байланысты эмоционалдық мазмұнын бейнелейтін тілдік құралдарды ашып көрсету. Тілдің мүмкіншілігін тану арқылы оқушы мәтіндегі негізгі ойды анықтауды, ақпараттарды іріктеуді, өз ойын дәлелдеп айтуды, жазуды үйренеді.



Каржауова Жадыра Сабыржановна

Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қаласы

Әбу Досмұхамбетов атындағы

облыстық дарынды балаларға

мамандандырылған гимназия-интернатының

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

«Үздік педагог – 2016»

Жазылым дағдысын тіл білімі арқылы жетілдіру

Ойымызды сауатты жеткізу үшін жазылым дағдысын дамытудың маңызы зор. Жазылым әрекеттері күнделікті өмірімізде жүзеге асып жатады. Сондықтан жаңартылған оқу бағдарламасы оқушыға жазылым түрлерін терең меңгертуді көздейді. Оқушылардың жазылым дағдысын дамыту, оны тіл білімі салалары арқылы жетілдіру мақсатында арнайы курс бағдарламасын әзірледім. Бұл бағдарлама 5-сынып оқушыларымен жұмыс істеуге бағытталған. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының, «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттың негізінде жасалған. Бағдарлама оқушылардың пән бойынша алған білімдерін тереңдетеді. Қазақ тілі курсының мазмұнын кеңейту, тереңдету мақсаты көзделген. Жазылымға арналған оқу мақсаттарына байланысты 5-сыныптың оқулық баспаларында жарияланбаған теориялық және тәжірибелік бөлімдер берілген, сондай-ақ әдеби тіл нормасы бойынша оқу мақсаттары мен жазылым мақсаттарымен кіріктірілген тапсырмалар қамтылған. Жазылым үлгілері мен тапсырмалар оқушының өз жұмысына рефлексия жасауына және мұғалімнің кері байланыс жасауына мүмкіндік береді.

Бағдарлама өзектілігі:

Бағдарламада оқушылардың жазылым дағдыларын тіл білімі салаларымен байланыстыру жолдары көрсетілген. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну; эссе жазу; оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу; мәтіндерді түзету және редакциялау. 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны бойынша «Жазылым» бөлімінде мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру, хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу, эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), таныс адамды, мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу сияқты жұмыстар

қамтылады. Ал «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады: орфографиялық норма; орфоэпиялық норма; лексикалық норма; грамматикалық норма; пунктуациялық норма. «Әдеби тіл нормалары» бөлімінде орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, үндестік заңы, емле заңдылықтары; орфоэпиялық норма: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал; лексикалық норма: сөздердің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним; грамматикалық норма: туынды сөздер, күрделі сөздер, зат есімнің мағыналық түрлері, сын есім, шырай категориясы, сан есім, мағыналық түрлері, төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі; пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану сияқты тақырыптар қамтылған. Әдеби тіл нормалары жазылым тапсырмалары арқылы жүзеге асады. Әдеби тіл нормаларына арналған оқу мақсаттары Блум таксономиясының қолдану деңгейіне сәйкес келеді. Оқушы біліп, түсініп қана қоймай, оны жазылым тапсырмаларында қолдана алады.

5-сынып оқулығының «Атамұра», «Мектеп», «Арман-ПВ» баспаларында төрт тілдік дағдыны дамыту бойынша тапсырмалар қамтылған. Соның ішінде жазылым дағдысы бойынша тапсырмалар берілген, бірақ жазылым дағдысын дамытуға негізделген оқу мақсаттары бойынша материалдар жоқ. Мысалы, мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру, хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу, эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), таныс адамды, мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу бойынша теориялық материалдар жоқ. Бағдарламада осы оқу мақсаттары бойынша теориялық материалдар, жұмыс үлгілері, жазылым дағдысын әдеби тіл нормасымен байланыстыра орындату үшін тапсырмалар, талдау, бағалау түрлері, білім тексеру жолдары берілген.

Сондықтан бұл бағдарламаның ерекшелігі – жазылымға негізделген оқу мақсаттары бойынша теориялық білімнің берілуі және тәжірибеде қолдана алу мүмкіндіктерін ашуы. Сондай-ақ әдеби тіл нормасын жүзеге асыратын оқу мақсаттары бойынша тапсырмаларды жазылым тапсырмаларымен кіріктіру жолдарын көрсету.

Бағдарлама мақсаты:

5-сынып оқушыларының жазылым дағдыларын тіл білімі салаларымен байланыстыра дамыту

Бағдарлама міндеттері:

1. Мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
2. Мәтіндерді оқу және түсіну қабілеттерін дамыту;
3. Жазылым түрлері бойынша теориялық білім беру;
4. Жазылым дағдысын дамытатын тәжірибелік жұмыстарды түрлендіру;
5. Жазылымды тіл білімі салаларымен байланыстыру.

Тәжірибенің ерекшелігі:

Жазылымға арналған оқу мақсаттарына байланысты теориялық материалдардың, оған арналған әдістемелік материалдардың болмауы қиындық тудырады. Мысалы, хат, хабарландыру, жарнама, әңгіме жазу

сияқты жазылым түрлеріне байланысты оқулықтарда жазу үлгілері берілмегендіктен, әр мұғалім өзінше түсіндіреді. Сондықтан қазақ тілі пәні мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде арнайы курс бағдарламасын құрастырдым. Бағдарламада оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуда тіл білімінің салаларымен байланыстырудың маңыздылығы көрсетілген. 5-сыныптың оқу бағдарламасында «Жазылымға» арналған оқу мақсаттары мен «Әдеби тіл нормасын сақтауға» арналған оқу мақсаттары бір-бірімен байланысты. Мысалы, «5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу», «5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану», «5.4.3.1.омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану», «5.4.4.1. жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану», «5.4.2.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану», «5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу», «5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу», «5.4.5.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру» сияқты оқу мақсаттарына қол жеткізу жазылым дағдысы арқылы жүзеге асады. Арнайы курс бағдарламасында жазылымға арналған оқу мақсаттарына арналған тапсырмалар мен әдеби тіл нормасын сақтауға арналған тапсырмалар кіріктіріле берілген. Тапсырманы орындау үшін мұғалім тарапынан қолдау ретінде жазылым үлгісі берілген. Бағалау критерийлері мен дескрипторлары қоса берілген. Оқушы үлгіге сүйене отырып Google формасы арқылы берілген тапсырманы орындап, мұғалімге жібереді. Instagram, WhatsApp желісінде жазған мәтіндерімен де тапсырма үлгілері берілген. Сондықтан жазылым дағдысын дамытуда бұл авторлық бағдарламаның маңызы зор.

Тәжірибе екі жыл бойы іске асып келеді.

Бағдарлама тиімділігі:

Арнайы курс бағдарламасы арқылы оқушы жазылым түрлерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйренеді. Бағдарлама негізгі курс бойынша алған білімдерін тереңдетеді, оқушылардың өзіндік мүмкіндігін ашады, дүниетанымын кеңейтеді, шығармашылығын дамытады, сауаттылығын арттыруға ықпал жасайды.

Бағдарламаны тәжірибеде қолдану оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға септігін тигізді. Мәтіндерден қажетті ақпараттарды таңдап, қолданып, біріктіре алатын болды. Өзіндік жұмыс істеу дағдылары қалыптаса бастады. Сыни ойлау, жазу қабілеттері дамып, өз пікірін еркін жеткізуге төселе бастағанын байқадым. Жазылым түрлері бойынша теориялық білімді тәжірибеде тиімді қолданып, тіл білімі салаларымен ұтымды байланыстыра алатын болды. Тәжірибені жалпы білім беретін мектептерде қолдану тиімділігін көрсетті. Тәжірибені іске асыру барысында оқушылардың жұпта жұмыс істеу дағдысы артты, себебі тапсырмалардың көбі жұппен жұмыс істеуге бағытталған. Сондай-ақ бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері жақсарды.



Байгожина Индира Болатовна
Жетісу облысы Талдықорған қаласы
Қ. Қасымов атындағы №28 ІТ мектеп-лицейі
«Үздік педагог-2020»

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда «Кейс» технологиясының тиімділігі

PISA зерттеулері аясында оқушылардың оқу сауаттылығы мен сыни ойлауын дамыту – бүгінгі мектеп мұғалімдері үшін өзекті мәселе. Жеке тұлғаның одан әрі өз бетінше білім алуы мен дамуына қажетті негізгі құралдардың бірі оқу сауаттылығы болып табылады.

Пән мұғалімі жұмысының маңызды аспектісі оқушыны қойылған сұраққа толық жауап беру барысында мәтін ақпаратын пайдалануға үйретуі екені мәлім. Одан да маңызды аспект - оқушы белсенділігінің басты көрсеткіші ретінде сыни ойлау қабілетінің дамуы. Осы орайда PISA бағдарламасының оқу сауаттылығы компоненттері 3 түрге бөлінеді. **Мәтін, жағдаят және сұрақ** – оқу сауаттылығын бағалаудың 3 негізгі өлшемі. Осы компоненттерді біріктіретін ортақ әдіс – «Кейс» технологиясы. Оқуға арналған материалдар әртүрлі форматта көрсетілген, атап айтқанда, көркем әдебиет және ғылыми танымал мәтіндер, ресми құжаттар, қоғамдық маңызды жағдайлар туралы мәлімет, кестелер, графиктер, диаграммалар мен карталар форматында ұсынылады.

«Кейс» технологиясы - оқытудағы нақты жағдаяттар әдісі. «Кейс» технологиясына оқушылардың ұсынылған шынайы немесе алдын-ала құрастырылған жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі дәлелдемелер келтіре отырып айтуы жатады. Аталған тәжірибеде педагог “Кейс” технологиясы негізінде Абайдың қарасөздерін жаңаша форматта оқытуды ұсынады. Абайдың қарасөздеріне құрастырылған әдеби кейстер оқушылардың оқу сауаттылығы мен сыни ойлауын дамытуға арналған. Оқу бағдарламасына негіздеп, дайын тапсырмалар үлгісінде көрсетеді.

Педагогикалық тәжірибенің өзектілігі

Қазіргі таңда оқушылардың алған білімін өмірде қолдана алуы, оқу жетістіктерін күтілетін нәтижеге сәйкестендіру, жалпы білім беру сапасын жетілдіру - *тәжірибенің өзектілігі*. Демек, кез келген мұғалімнің жұмысының нәтижесі шәкірттерінің жетістіктерінен көрінеді. Бүгінгі мұғалімнің алдына қойылатын талаптарының маңыздысы сабақ беруші ролінен бағыттаушы, зерттеуші рөліне ауысуы. Осы тұрғыда «Кейс технологиясы арқылы оқушылардың оқу сауаттылығы мен сыни ойлауын қалай дамытуға болады?» зерттеу тақырыбы алынды. Кейс-стади оқушылардың өз бетінше сыни ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау болғандықтан, *тәжірибенің мақсаты* - оқушыларды белгілі жағдаяттарды талдау арқылы сыни ойлауын

дамыту, түсініп оқу дағдыларын жақсарту және тілдік құзыреттіліктерін арттыруға ықпал ету арқылы оқу сауаттылығын дамыту. Нәтижесінде нақты оқу мақсаты мен лексикалық тақырыпқа байланысты алынған жағдаяттық мәтіндерді талдау арқылы оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру арқылы сыни ойлау дағдылары дамиды, тілдік құзыреттіліктері артады деген *міндеттер* қойылды.

«Кейс» технологиясы оқушылардың бойында келесі дағдыларды дамытуға септігін тигізді:

1. Шынайы және жалған ақпараттарды ажырату
2. Маңызды және маңызды емес мәліметтерді іріктеу
3. Өзекті мәселені анықтау және аргументтер ұсыну
4. Өз ойын дәлелдеу
5. Ортақ келісімге келу
6. Шешім қабылдау

Кейс мәтін негізінде құралады. Педагог өз тәжірибесінде Абайдың қарасөздері негізінде жағдаяттар құрастырды. Мәтін оқу мақсатына бағытталып, проблемалық сұрақтар туындататын жағдаяттардан құрылуы тиіс. Кейстерді құрастырмас бұрын педагог Абайдың қарасөздерін классификациялайды. Жеті тақырыпқа бөлінген Абайдың қарасөздерінің әрқайсысы кейс құруға өте қолайлы. Ұлы Абайдың әр қарасөзі философиялық мән-мағынаға ие. Оқушыны кейс құруға арналған жетекші сұрақтарға бірден жетелейді.

Абайдың қарасөздері негізінде құрылған жағдаяттық мәтіндер жинағы қарасөздердің мағынасын тереңінен ашуға бағытталған. Қазіргі таңда 30-ға жуық мәтін кейс болатындай тақырып негізінде жазылды. Педагог аталған тәжірибемен 4 жыл қатарынан жұмыс жасайды. Тәжірибенің үлгісі ретінде Абайдың Жетінші қарасөзіне құрылған кейсті ұсынады.

Педагог кейс-мәтіндер жинағын құрастырып, оқушыларға ұсыну арқылы тиімді тәжірибе жинақтады. Мәтіндердің формасы мен ұсынылған жағдаяттар әртүрлі жанрда құрастырылды. Әр кейс-мәтінді оқу, талдау, талқылау барысында оқушылардың сыни ойлауы дамып, оқу сауаттылығы артқанын тәжірибе көрсетті. Себебі кейспен жұмыс барысында оқушылар төмендегідей оқылым стратегияларын терең меңгерді.

Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.

Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу - оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.

Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.

Комментарий жасап оқу стратегиясы: автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну

Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

Тұлға құдіреттілігін дамыту - ұстаздың қазіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнына сай заманауи дағдыларды игерту, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу. Ерекше мән беретін жағдай - оқу мен оқытуда кейс-мәтіндер сабақтың кез келген кезеңінде ұсынылмайды. Ең алдымен, сабақтың оқу мақсатына негізделеді. Ол тілдік пәндерде оқушылардың жазылым, оқылым дағдыларын арттыруға арналған жағдаяттар негізінде беріледі. Әрбір кішігірім топтарда (басқа топтардан тәуелсіз) жауаптарды салыстырулар, оларды өңдеу, тұсаукесер үшін рәсімделетін жеке бір көзқарасты өндіру жұмыстары жүреді. Әрбір топта шешімді жеткізетін «спикер» таңдалады немесе тағайындалады. Спикерлер топтардың шешімін таныстырады және сұрақтарға жауап береді. Мұғалім жалпы дискуссияны ұйымдастырады және бағыттайды. Яғни, берілген мәтін негізінде топта кейс талқыланып, туындаған мәселеден шығу жолдары қарастырылады. Талқылау барысында әрбір топ мүшесінің пікірі құнды болып саналады. Оқушылардың ойы бір жерден шыққан кейс өнімді еңбек болып табылады.



Капарова Динара Онгонисовна

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы

Ұлытау облысы білім басқармасының

«Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Үздік педагог-2022»

Іс-тәжірибе атауы: Жоба негізінде оқыту (PBL) арқылы оқушыларды дербес оқуға ынталандыру

Жоба негізінде оқыту (PBL) оқушыларға шынайы және маңызды жобаларға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Жоба негізінде оқытуда жетістікке жету және сапалы жобаларды жасау үшін жобаның негізгі компоненттері оқу процесі барысында қолданылуы керек. Алайда бұл процесс өздігінен жүрмейді: оқушылардың білім беру процесін өзіндік бақылау, басқару, бағалау, жауапкершілікті қабылдау және модельдеу қабілеті өмір бойы оқуда маңызды болып табылады, қазіргі еңбек нарығының талаптарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, оқушының дербес оқып-үйрену стратегиясын қолдану үшін жобалық оқытуға арналған білім беру ортасын дамыту маңызды. Аталған әдіс білім беруде тақырыпты терең түсінуге, пәнді кең ауқымды қабылдауға, жеке оқушылармен және топпен байланыс құруда коммуникациялық қабілет, көшбасшылық, шығармашылық және сауаттылық қабілеттің артуына үлкен септігін тигізеді. Әдістің негізгі идеясы жобалардың қазіргі өмірмен байланысты болуында болғандықтан, бала сол тақырып төңірегінде тереңірек ойланып, сол тақырыпқа қызыға бастайды. Ұстаздың бұл жердегі рөлі оқушыға бағыт-бағдар беру, жоба жасауы үшін көмектесу, маңызды тапсырмаларды беру, оқушының білімділік және қоғамдық коммуникациялық қабілетін дамыту және жасалған жұмысты әділ бағалау болып табылады.

Өзектілігі: Оқушылар сабақ барысында алған білімдерін өмірде қолдана алмай жатады, сонымен қатар кез келген мәселені сыни ойлау арқылы түпкілікті шешуге қабілеттері де жетпей жатады. Ал қазіргі таңда біздің алдымызда бәсекеге қабілетті, заман талабына сай біліммен қаруланған, білімгердің бойында зерттеушілік дағдысы қалыптасқан, шығармашылық қабілеті бар, терең білімі бар, ізденімпаз, білімін тәжірибеде қолдана алатын тұлға дайындау міндеті тұр. Осы міндеттерді шешуде «Жоба негізінде оқыту» әдісі таптырмас құрал деуге болады. Жоба негізінде оқыту сабақ процесімен бірге үздіксіз жүргізіледі. Жоба тақырыптары күнтізбелік тақырыптық жоспарға сәйкес анықталады. Жоба негізінде оқыту оқушылардың болашақ өмірде табысқа жету үшін қажетті қабілеттерін дамытады.

Мақсаты: Оқушылардың пәннен алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыда өмірмен байланыстыра отырып, жүзеге асыру.

Міндеттері:

- Жоба тақырыбының оқу бағдарламасындағы тақырыппен сәйкес болуы;
- Мұғалімнің дайын білімді бермей, бағыттаушы рөл атқаруы;
- Жоба жұмысының оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік, коммуникативтілік қабілеттерін дамытуға бағытталуы;
- Оқушылардың сыни көзқарастарының қалыптасуы,
- Оқушыларды өз бетінше білім алуына жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу бағдарламасына сай зерттеу тақырыптары анықталады;
- Мұғалімнің ұйымдастыруымен зерттеу топтары құрылады;
- Оқушылар өз зерттеу жұмыстарын топпен ынтамақтаса отырып жасайды;
- Тақырып бойынша сыни көзқарастары қалыптасады;
- Өз жұмыстарымен бөліседі.

Тиімділігі: Жоба негізінде оқытуды мен өз тәжірибеде 3 жыл қолданып келемін. Осы уақыт аралығында бұл жұмыстың тиімділігіне көз жеткіздім. Әдетте, жобалық қызметтің әр нақты тақырыбын тұжырымдауды бастамас бұрын, білім алушыларға маңызды проблемалық сұрақ қоямын, осылайша бұл мәселені шешуге деген оқушылардың қызығушылығын туындатамын. Сонымен қатар, жоба тақырыбын білім алушының бұрыннан бар біліміне әсер ететіндей етіп және жаңа білім алу қажеттілігін туындататындай етіп таңдап аламын. Осылайша, жобаны орындау кезінде білім алушы жаңа білім алу қажеттілігіне тап болады және жобаны өз бетінше жүзеге асыру кезінде білім алушы өзіне қажет ақпараттың көзін іздеуге, нәтижесінде ол жаңа ақпаратты талдауға, оны қызықтыратын тақырыпты қалыптастыруға дағдыланады. Жоба негізінде оқытудың алгоритмі мынадай:

- Жобаға кіріспе;
- Бағыттаушы сұрақ;
- Күнтізбе құрау;
- Бағдарламаға сәйкес тақырыпты анықтау;
- Айдарлар (рубрика);
- Орындалатын жұмыстар тізімі;
- Келісім-шарттар;

- Орындалу мерзімі;
- Түпкі өнім (презентация, макет, эссе т.б.)

Бұл жердегі ең негізгісінің бірі – сұрақты дұрыс қою. Проблемалық сұрақты қою арқылы біз оқушыларды жобаға қызықтыра алуымыз қажет. Мәселен, сұрақты «Адамзат қоршаған ортаны қалай өзгертті?» немесе «Құнарлы топырақтаң қандай түрлері бар?» деп қойсаңыз, оқушы тақырыпқа қызықпауы мүмкін, ал «Соңғы 50 жылда біздің өлке қалай өзгерді?» немесе «Көкөніс өсіру үшін біздің топырақ қаншалықты жарайды?» деп қойсаңыз, сұрақ нақты, әрі оқушының қызығушылығын оятатыны сөзсіз.

Жоба негізінде оқытуды тәжірибемде қолдану барысында оқушылардың топта ынтымақтаса жұмыс жасау қабілеттері артты. Оқушылардың айтылым дағдылары артты, сыни көзқарастары қалыптасты, оқушылардың білім сапалары 75 %-дан 93 %-ға өсті. Шығармашылық сайыстарға қатысып, жүлдегер атанған оқушыларымының саны да, сапасы да өсті. Облыстық, республикалық ғылыми жоба байқауларында, «Ақберен», «Балалар оқуы», «Мамандықтар әлемі», «Жарқын болашақ» т.б. байқауларда, ғылыми-практикалық конференцияларда Н.Жолтай, А.Алматова, М.Сәбитбек, Б.Жұман, А.Асылбекова секілді оқушыларым жеңіске жетті. Сонымен қатар қалалық, облыстық деңгейдегі дебат сайыстарына қатысатын 3 команда құрылды.

Жоба негізінде оқытуды жүзеге асыруда нені ескеру керек?

1. Жоба негізінде оқытуды жүзеге асыру барысында жобаға кіріспе ретінде ұйымдастырылатын іс-шараларды дұрыс таңдап алған жөн. Яғни тақырыпты таңдар кезде, сол тақырыпқа қатысты фильм немесе видео көру, қызықты оқиға айту, саяхатқа шығу, қонақпен сұхбат жүргізу т.б.

2. Оқушыларды топқа бөлу кезінде олардың оқу үлгерімдеріне, көшбасшылық қабілеттеріне назар аудара отырып бөлу қажет және тақырып ауысқанда топтарды да ауыстырып отыруды ескеру керек.

3. Оқушыларды жұмысты күнтізбеге сәйкес уақытылы жоспарлауға және аяқтауға дағдыландыру, осы арқылы оқушылар уақытқа бағынуды үйренеді. Мәселен, оқушыларға алғашқы 2 күн материалдар жинақтау үшін берілетіндігін, 3-күні тақырып бойынша сұхбат жүргізуге берілетіндігін айтып, күнтізбеге енгізесіз.

4. Жобаға қатысты жұмыстың әр күнінде әр топқа кері байланыс беріп отыруды ұмытпау қажет. Осы арқылы оқушылар өздерінің қай деңгейде келе жатқандықтарын анықтайды.

5. Жоба тақырыбын оқу бағдарламасына сай бір бөлімге арнаған дұрыс. Себебі бір бөлімге арнау барысында сізде жұмысты жүргізу үшін қажетті уақыт болады. Мәселен бір бөлімде сегіз тақырып қамтылатын болса, осы тақырыптар аяқталғанша оқушылардың жобалау жұмыстары аяқталып, өнімдерін соңғы сабақта ұсына алады. Оны түрлі форматта өткізуге болады. Мәселен, конференция, аукцион, идеялар жәрмеңкесі т.б.

6. Жоба жұмысының көлемі шағын, тілі түсінікті, өмірмен байланыста болуын ескеру қажет. Яғни бұл жерде оқушының жаңалық ашуы емес, өздігінен білім алуы, топта жұмыс жасай алуы маңызды.

7. Жоба жұмысы аяқталғанда, оқушыны ынталандыру үшін бағалауды да жүргізу маңызды. Бағалауды жүргізу әр мұғалімнің өз құзырында.

Қорытындылай келе айтарым, «Жоба негізінде оқыту» әдісін барлық педагогтерге жүргізуге кеңес беремін. Қазіргі уақытта біздің оқушыларымызға soft дағдылар (икемді) қажет. Soft дағдылар оқушылардың өмірге тез бейімделе алулары үшін керек. Ал бұл дағдыларды дамытуда «Жоба негізінде оқытудың» тиімділігі жоғары деп есептеймін.



Куспанова Гульзифа Дюсембаевна
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласының
«№ 31 қазақ орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог-2022»

«DEAL» әдісін қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда пайдалану

Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, сондықтан қиял, тапқырлық, дамуды қажет етеді. Үйретуші әдіс-тәсілдер арқылы үйретуді баста назарда ұстағанмыз жөн. Мұғалім сабаққа баға қою үшін емес, балаларды шабыттандыру, ынталандыру үшін кіруі керек. Мұғалім креативті болу керек десе, креатив дегеннің өзі ескіні түрлендіріп қолдану. Әдіс-тәсілдерді жаңартып, түрлендіріп жүргізуді мақсат етеміз. Соның ішінде топтық жұмыстарда мақсатқа жетуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолданамын. Сондай мақсатта менің қолданып жүрген әдіс-тәсілдерімнің бірін ұсынамын.

Олай болса, танысыңыздар! Case Study: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту кезінде мәтінде айтылған ойды баяндау, түсіну, талдау үшін «DEAL» әдісін пайдалану.

1. Туындаған мәселе.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда үнемі мәтіндермен жұмыс болатындықтан, мәтінді ойды сипаттау, сынау, талдау, өзінде бар біліммен байланыстыру қажет болады. Мәтінді бірізді жан-жақты талдау қажеттілігі туындағандықтан, «DEAL» әдісін пайдалануды жөн көрдім. Бұл әдіс оқушылардың баяндау қабілеттілігін арттырып, құбылыс, оқиғаны суреттеуін, берілген мәтіндегі ақпаратты талдап, қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру дағдысын қалыптастыруға ықпал етті.

2. Қысқаша сипаттама. Оқушыларға «DEAL» әдісімен таныстырып, бұл әдістің мәтіндерді талдауда тиімді екені түсіндірдім. Бұл не: «DEAL» әдісі баяндау, суреттеу, түсіндіру, талдау және байланыс дегенді білдіреді. 1. D-Describe - баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу). 2. E-Explain – түсіндіру (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау). 3. A-Analyze – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау). 4. L-Links - байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

3. Өзектілігі. «DEAL» әдісі топтық жұмыс арқылы шығарманы, мәтінді толық талдауға негіз болады. Оқушылардың шығармалардағы

оқиғаларды баяндау қабілеттілігі арта отырып, құбылыс, оқиғаны суреттеп, берілген мәтіндегі ақпаратты талдап, қорытынды жасап, өзінде бар біліммен бірізді байланыстырады.

4. Мақсаты - «DEAL» әдісі арқылы топтық жұмыс жасау барысында сыни ойлау мен функционалдық сауаттылыққа бейімдеу.

Міндеттері:

-оқушылардың мәтінді түсіну, талдау, байланыстыру бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін көтеру;

-өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру;

- оқушылардың мәтінді талдауын тексере отырып, мәтінді өз бетінше түсіну, талдау үшін әртүрлі мазмұнда құрастыру;


-оқушыларды интернет ресурстарынан қажетті ақпаратты алуға үйрету;

-оқушылардың мәтінді түсіну, талдау, деңгейін көтеру;

-бақылау жүйесін ұйымдастыру арқылы «DEAL» әдісі оқытуда пайдаланудың тиімділігін зерттеу.

Сабақ беретін сыныптың білім сапасының көреткіштері:

Сынып	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жылдық
5Б қазақ тілі	65	67	72	77	77
5Б қазақ әдебиеті	71	72	81	81	81
7В қазақ тілі	62	65	75	76	76
7В қазақ әдебиеті	72	75	80	80	80



2022 жылдың 15 мамырында оқушылармен және ата-аналармен сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 24 оқушы және 21 ата-ана қатысты.

Оқушыларға арналған сауалнама нәтижесі

Сұрақтары	А)	В)	С)	Д)
1) «DEAL» әдісі маған ұнайды	А)ұнайды 20 -76%	В)ұнамай ды 2-8%	С)маған ол маңызды емес 4-16	Д)жауап бергім келмейді
2) Сабаққа бұл әдісті қолданғыңыз келе ме?	А) ия 22- 84%	В) жоқ 1- 4%	С) маған күнделікті сабақ	Д) маған ол маңызды емес

			ұнайды 3-12%	
3)Сабақта «DEAL» әдісін қолдану тиімді ме? Өз ойыңызды жазыңыз:	18-70%	2-8%	6-22%	
4) Мен сабақта....	Өз бетіммен ізденіп, жұмыс жасағанды ұнатамын 60%	Жұппен (екі адам) жұмыс істегенді ұнатамын 30%	Топпен жұмыс жасағанды ұнатамын. 88%	Д) Маған ол маңызды емес. 8%
5)Сіз өзіңізді қандай оқушының қатарына жатқызасыз?	А) білімді оқушы. 92%	В) ізденімпаз, шығармашыл оқушы. 60%	С) жалқау оқушы.2-8%	Д) дарынды оқушы. 20%

Сауалнама нәтижесін саралай келе оқушылардың 92% күнделікті жүргізілген сабақ маған ұнайтындығы, 88% сабаққа өзгеріс енгенін қалайтындығы, 84% сабақтың өтуіне өзгеріс енгізетін болсаңыз, бірінші нені өзгерткіңіз келеді?.

Ата-аналарға арналған сауалнама нәтижесі

Сұрақтары	иә	жоқ	жауап беруге қиналамын
Балаңыз мектепке ынтамен келе ме?	иә - 70%	жоқ- 10%	жауап беруге қиналамын -20%
Өзінің сабақтағы жетістіктеріне, қолданған әдістеріне риза бола ма?	иә-80%	Не нужно	жауап беруге қиналамын -20%
Балаңыз сізбен мектептегі әсері жайлы өз ойын жиі бөлісе ме?	иә-60%	жоқ-20%	жауап беруге қиналамын -20%
Балаңыз күнделікті сабақ оқуға қанша уақыт жұмсайды(қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне)- 20-30 минут?	иә-70%	жоқ-10%	жауап беруге қиналамын -20%
Балаңыздың оқуына мектепте барынша жағдай жасалған ба ?	жоғары-40%	орташа-50%	төмен-10%

Балаңыз мектепке ынтамен келе ме деген сұраққа 7 «В» сыныбының ата-аналарының 70% иә деген жауап,

Өзінің сабақтағы жетістіктеріне қуанып, сәтсіздіктеріне қинала ма?-80%;

Балаңыз сізбен мектептегі әсері жайлы өз ойын жиі бөлісе ме?-60%;

Балаңыз күнделікті сабақ оқуға қанша уақыт жұмсайды(қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне)- 20-30 минут деген сұраққа- 70%;

Сондай-ақ ата-аналардың 40% - балаңыздың оқуына мектепте мейлінше жағдай жасалған ба деген сұраққа жоғары, 50% орташа, 10% төмен деңгейде деген жауап берген.

Оқу жылы бойына қолданылған «**DEAL**» әдісін қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда пайдалану» туралы іс-тәжірибеммен мектептің әдістемелік кеңесінде әріптестерімен бөлісіп отырдым.

6. Тиімділігі. Әр әдісті дұрыс, жүйелі қолдана білсек, тиімділігі зор дер едім. «DEAL» әдісін енгізудің де практикалық маңыздылығы бар. Біріншіден, бұл оқушыларға мәтінді толық түсінуге, талдауға, салыстыруға, сыни ойлауға мүмкіндік береді, олардың талдау және зерттеу дағдыларын дамытады. Екіншіден, топта ынтымақтастықта жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, «DEAL» әдісін енгізу оқушылардың белсенділігін күшейтеді. Бұл әдісті үнемі қолданған кезде оқушылардың мәтінді талдау дағдысы толық қалыптасқанын, шығарманың мазмұнын терең игеретінін, баяндау қабілеті, оқушылардың өзін-өзі реттеу қабілеті артып, ынтымақтастық күшейгенін байқадым. Жалпы оқушылардың мәтінді, шығарманы игеруде «DEAL» әдісінің тиімділігі көрінді.

Мұғалім - ұйымдастырушы, бағыт беруші, сабаққа қойылған мақсат-міндеттер мен күтілетін нәтиженің орындалуын қадағалаушы болғандықтан, әрбір ұстаз әр баланың талабын, оның ішкі жан дүниесін жүрегінен ұға алу керек. Бұл - пәндік білім жүйесінің, іскерлік пен дағдының, кез-келген ғылыми білім сапасын меңгерген маман ғана емес, оқыту технологиясының жүйесімен, оқушылардың өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерімен қаруланған тұлға. Ал оқушы ізденуші, білімді өз бетімен меңгеріп, тақырыптың мақсатына өзі жетуі керек. Оқудағы жаңа тәсілдер балаларға оқуды өз бетінше жалғастыруға қажет білімді жинау жауапкершілігін түсінуге, оны өз мойнына қалай алуға болатынын көрсетуге көмектеседі. Сондықтан да «DEAL» әдісі - топтық жұмыс барысында оқушының сыни ойлау қабілетінің қалыптастасына және функционалдық сауаттылығының артуына негіз бола алатын тиімді әдіс.



Мухаммедова Гулнар Кадырбаевна
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
№3 жалпы білім беретін мектептің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Үздік педагог – 2023»

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда PISA тапсырмаларын қолдану

Әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай еркін ойлай алатын, шығармашыл тұлға тәрбиелеу – қоғам талабы. Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдай білуі керек. Мектеп жасынан бастап жас ұрпақ бойында осындай

қабілеттерді дамыту үшін жаңа мазмұндағы білім беру жүйесі қолға алынды. Бұл бағыт -білім алушылардың сыни ойлауы, көтерілген мәселеге өзіндік көзқарасын білдіріп, тұжырым жасай алуының маңыздылығымен ерекшеленді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін мәтін талдау жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Сондықтан өз тәжірибемде мәтінмен жұмыс кезінде қолданған тиімді әдіс-тәсілдеріммен бөліспекшімін.

Қазақ тілі сабақтарында айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыта отырып, сыни ойлауын қалыптастыратын PISA тапсырмаларын орындату өте тиімді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған PISA тапсырмалары - халықаралық стандартты білім беру жүйесіндегі оқушы меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар. Сондықтан оқушының күнделікті PISA тапсырмаларын орындауы баланың бәсекелестік қабілетін арттырып, таным көкжиегін кеңейтеді. Оқушылар PISA тапсырмаларын орындау барысында сабақта алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйренеді. Қазақ тілі, қазақ әдебиеті сабақтарында мәтінмен жұмыс үлкен рөл атқарады, сондықтан мен оқушыларға мәтінмен жұмыс жасау барысында орындалатын әртүрлі тапсырмалар беремін. Қазіргі заман білім алушылардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі – оқу сауаттылығы. Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда, бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай алуы және ішінен негізгісін ала білуі. Өз іс-тәжірибемде оқу сауаттылығына байланысты тапсырмаларды тұтас, тұтас емес, аралас, құрамдас мәтін немесе әртүрлі қызықты кесте, сызба, диаграмма т.б. үлгіде орындатамын.

Оқу сауаттылығын бағалау құрылымының үш басты аспектісі бар:

- Оқылған мәтінді түсіну қабілеті;
- Мәтін ақпаратын пайдалану қабілеті;
- Оқығаны туралы ойлана алу қабілеті.

Білім алушы берілген тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқығаны туралы ойлана алатын деңгейге жетуі тиіс. Оқығаны туралы ойланып, оны талдай алатын, сыни көзқарас білдіре алатын тұлға қалыптастыру үшін, әрбір сабағымда оқушының сапалы білім алуына жұмыстанамын. Оқушыға қойылатын сұрақтың өзі «Неліктен?», «Неге?», «Не үшін?» деген сияқты ашық сұрақтар болуына баса назар аударамын.

Қазақ әдебиеті сабағында PISA тапсырмаларын қолданудың мақсаты - ашық қоғамда өздігінен білім алып, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасқан, алған сабақта алған білім, білік дағдыларын іс жүзінде қолдана алатын ұлтжанды жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- Мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;
- Тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- Ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға даярлау.

Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, сабақ үдерісінде оқушылардың мәтін мазмұнын толық түсініп, ой жүгірте білуіне, жан-жақты талдап, өзіндік пайымдауын қалыптастыруына мүмкіндік туғызу қажет. Бұл тәжірибенің артықшылығы - оқушы жаттанды білім емес, көтерілген кез келген мәселеге өз көзқарасын еркін жеткізіп, сыни пікір айта алатын тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыс формасына:

- шығармашылық жұмыстар (эссе, әңгіме, диалог, өлең, т.б.);
- көркем шығармаларды, мәтінді талдау;
- зерттеу, салыстыру, талдау, жинақтау әдістері;
- проблемалық оқыту технологиясы т.б. жатады.

Пәндік білім, білік, дағдыларды меңгертудегі шығармашылық ұстаным сабақты шығармашылық үдеріс ретінде құруды мақсат етеді. Оқу үдерісінде жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлеріне, біріккен шығармашылық тапсырмалар мен жобаларды орындауға басымдық беріледі. Оқу үдерісінде оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына қажетті дағдылары дамытылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуге ден қойылады. Ол үшін қазіргі таңдағы оқыту технологияларының әртүрлі әдіс-тәсілдерін: «Джигсо-ұжымдық оқыту», «Лексикалық журнал», «Уақыт тізбегі», «Тұжырым кестесі», «Пікірлер парағы», «Эйлер шеңберін құру» тәрізді тапсырмалар оқушылардың өзіндік жеке қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Бұл әдіс-тәсілдер мазмұнды толық меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, бір-бірінің пікірін тыңдауға, өз бетінше ойлануға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады.

Тиімділігі:

- Өз ойын, көзқарасын түсіндіруге, дәлелдеуге үйренеді;
- Ойлау қабілеттерін қызықты құрылған кестелер, оқу сауаттылығына бағытталған тапсырмалар арқылы дамытады;
- Уақытты үнемдеуге, шапшаңдыққа жаттығады ;
- Облыстық, республикалық олимпиадаларда, зияткерлік білім сайыстарында жоғары нәтижені көрсетеді;
- Өз ісіне сенімді, білімді, зерделі, болашақ дарын иесі қалыптасады.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін интербелсенді әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдана білу – әр педагогтың міндеті. Ендеше заман ағымынан қалмай, түрлі жаңа технологияларды меңгеріп, оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады. Болашақ ұрпаққа сапалы білім беріп, бүгінгі заман талабына сай азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың міндеті. Қоғамдық ортада өз ойын еркін жеткізе алатын, кез келген мәселеге сыни көзқарасын білдіре алатын шығармашыл тұлғаның қалыптасуына септігін тигізетін басым бағыт – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. PISA тапсырмаларына негізделген білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесі әрқашан маңызды болып

қала береді. Бұл тапсырмаларды жалпы білім беретін мектептердің барлық сынып оқушыларына жас ерекшеліктеріне сай қолдана беруге болады. Жаһандану ғасырындағы білім бәсекесінде Абай айтқан «Толық адам» формуласын қалыптастырамыз десек, жаңа заманға сай жан-жақты білімді, білікті, саналы шәкірт тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.



Маханова Гулаш Умирзаковна

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

Жаңаөзен «Білім-Инновация» лицей-интернаты

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Үздік педагог – 2019»

DEAL әдісі арқылы зерттеушілік дағдыны қалыптастыру

Қазіргі таңда әлемдік ғылым деңгейіне сәйкес білім беру – шығармашыл тұлғаны қалыптастырудағы ең өзекті мәселе. Ол үшін мұғалім әдісті таңдау арқылы емес, оны түрлендіріп, жетілдіру барысында өз шығармашылығын еркін көрсете алады. Әрбір ұстаз өзінің іс-әрекеттегі зерттеуінде оқушының белсенді, шығармашылық, өзіндік іс-әрекеті мен талдау, жинақтау және нәтижені бағалау әрекеттерін үнемі бақылауға алады. Себебі тиімді әдіс арқылы нәтижеге қол жеткізу – білімді тұрақтандырудың көзі.

Әдіс-тәсілі: Жоғары деңгейлі оқу мақсатына арналған тапсырмалардың зерттеуге бағытталуын DEAL әдісі арқылы көрсету және оқушы әрекетінде зерттеушілік дағдыны қалыптастыру.

Мақсаты: Әдіс арқылы оқушының танымдық-шығармашылық белсенділігі мен зерттеу дағдысын жетілдіру

Міндеттері:

- Зерттеу дағдысын сабақта және сабақтан тыс уақытта жүргізу.
- «Оқырмандар клубы» арқылы шығармашыл орта құру
- Мұғалім өз шығармашылығын өзгелер алдында көрсете білуі керек
- Зерттеу жай қарапайымнан басталып, қолжетімді болу керек, жас ерекшеліктері ескерілуі керек.

Өзектілігі: DEAL әдісі сыни бағалау мен ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін дәлелдеуде ресурстар қорын молынан жинақтауға және оны саралай білуге өзекті болып табылады. Оқығанын, көргенін сипаттау арқылы өмірлік тәжірибелермен байланыстыруда да жаңаша көзқарасы қалыптасып, өзіндік баға беруге дағдыланады. Зерттеу тақырыптарының ерекшелігін ұғынады. Шығарма оқиғасын болжай білуге, жобалауға, модель жасауға, жаңа өнім жасауға бағытталады.

Іс-әрекетті жүргізудегі туындаған мәселе: Әдебиет сабағында жоғары деңгейлі оқу мақсатына арналған тапсырмалардың зерттеуге бағытталатынын білім алушылардың кейбірі ескермейді. Оқу мақсатына сай топтық жұмыстарды орындауда DEAL әдісінің тиімділігін ресурстар қорын жинақтау сәтінде түсінеді. Шығармашылық шыңдалуға негіз болатын зерттеу, салыстыру, жинақтау, синтездеу мен қолданудың тиімділігін түсініп, зерттеу тақырыптарының айқындалғанына көздері жетеді. Осы мақсатпен оқығанын

өмірмен байланыстырып, білімдерін тәжірибеде қолдана алатындығына DEAL әдісінің тиімді екендігін көрсетіп, зерттеу жұмыстарына бағыттауды қолға алдым.

Шешім, инновациялық үдеріс арқылы білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға тапсырмалар бердім. Кейіпкерінің сипаттауы жазушының не ақынның тіл шеберлігіне, корреляциялық зерттеулер жүргізудің, сол зерттеудің болжам жасауға мүмкіндік беретінін DEAL әдісі арқылы ұғындырдым. Әдістің әр компонентін және бағалаудың мәнін, кейіпкерге баға беру сырларын үйреттім. Зерттеуге сұранып тұрған тақырыптардың ерекшелігін, зерттеу әдістерін үйреттім. Шығарманы талдау сәтінде пікірталасқа белсене қатысуын ынталандырдым.

Әдіс ерекшелігі: DEAL әдісін қолдану сәтінде оқушының зияткерлік қабілеті мен тәжірибесін дамытуға көмектесетін нұсқау беру, қолдау көрсету арқылы шығармашылық дамуын шындалуға және ізденіс жолына бағыттауға зор мүмкіндік туады. DEAL әдісі. D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанын, көргенін сипаттау, сынау, өлшеу) E – Explain – түсіндіру (күбылыс не оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгенін суреттеу) A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау) L – Links – байланыс (болжам не қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру)

Көркем шығарманы талдауға жаттыққан оқушылар жеке, жұптық тапсырмаға қарағанда топтық жұмыстың маңыздылығын ұғады. Мысалы 7 сыныпта С.Сарғасқаевтың «Тәмшіш қара» әңгімесін өткенде D – Describe тобы – Кейіпкерлер әрекетін сипаттап, баға береді. Семантикалық картамен жұмыс жасайды. E – Explain тобы – Буктрейлер үлгісіндегі цифрлық білім ресурстарын жинақтай отырып, бұрынғы пионерлер мен қазіргі ұландарды салыстырады. A – Analyse тобы – Кейіпкер мінез-құлқындағы сөз қолданыс ерекшеліктерін саралап, жеке образдарға талдау жасайды. L – Links тобы – Өздері оқып жүрген көркем шығармадағы кейіпкерлері мен негізгі шығармадағы образды салыстырып, өмірмен байланыстырады. Сабақ қорытындысында Нағыз үлгілі оқушы қандай болу керек?.. деген сұрақ түйінін Шаншатай бейнесі арқылы дәлелдеп, баршаны үлгілі болуға шақырады. Зерттеуге сұрақты «Өзіңді үлгілі оқушы ретінде қалай көрсете аласың?» проблеманы анықтау сұрағы ретінде де қоюға болады

Шығарманы талдау барысында оқылым әрекеті арқылы шығарманы тек түсініп қоймай, негізгі ойды автор көзқарасымен бірге байланыстыра талдауды, дерек пен фактіні ажырата білуді, себеп пен салдарын анықтауды, өз пікірін білдіріп дәлелдеумен өмірмен байланыстыруды, автор ойын бағалауды, проблемалық сұрақтар арқылы зерттеуге қарай қадам басуды әр сабақ үстінде үйретіп отырамын. Зерттеп оқу дағдысын DEAL әдісі арқылы қалыптастыруда түсіну және білу деңгейін қамтитын мәтіндермен жұмыстар жүргізіледі. Оқушының зерттеу, жобалау қабілетін дамыту үшін мәтінге лайық әдістер қамтылуы қажет. Шығармадағы көтерілген мәселені талдау, себепін анықтау үшін «Мәселені зерттеу ағашы», «FILA», «Мәселе – себеп-салдар айналмасы» әдістерін де қосымша пайдаланған дұрыс.

Жалпы зерттеушілік дағдыны DEAL әдісімен дамытуда:

1 Проблемаларды анықтау қабілетін дамыту.

- 2 Сұрақ қою қабілетін дамыту;
- 3 Бақылау қабілетін дамыту ;
- 4 Өзін құптайтын гипотеза жасау қабілетін дамыту;
- 5 Оқушы бір мәселенің бірнеше шешімін іздеу арқылы шығармашылықтың дивергентті ойлауын дамытуға күш салады.

Оқушылармен зерттеушілік дағдыны дамытуда түрлі тапсырмалар ұсынылды. «Әңгімені өз ойыңмен жалғастыр», «Басқа кейіпкер атынан әңгіме құрастыр» , «Бір тақырып – бірнеше сюжет» сияқты тапсырмалар оқушыны ізденіс жолына қарай жетелейтіндігіне куә болды.Әрине, нәтижеге бағытталған білім – білімді тұрақтандыру көзі болатындығына зерттеу барысында көз жеткіздік.Туындаған проблемалық мәселені өзі тапқан оқушы зерттеу жұмысының тақырыбын да өзі таңдап, сізге ой тастаған сәтте іштей қуанасыз.Бірлестік құрамындағы ұстаздармен және қала, аймақ деңгейіндегі ұстаздар арасындағы тәжірибе алмасу, бірлескен жұмыс арқылы сабаққа рефлексия жасау сәтінде DEAL әдісінің тиімді екенін мақұлдады.Оқушыларды зерттеу жұмысына тартуда өзін-өзі бағалаудың да тиімді болатындығына көздері жетті.Өз тәжірибемдегі оқушыларым жыл сайын ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтижеге жетіп, білім бәйгесіне қол жеткізіп жүр. Сөзімді Б.Момышұының «Мүмкіндігіңнен мақсатың биік болсын» сөзімен аяқтағым келеді.



Толеконыр Жадыра Кунанбаевна
Абай облысы, Семей қаласы
«№15 жалпы орта білім беретін
мектеп» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі
Үздік педагог - 2023 жыл

**«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша
оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту,
ғылыми жоба жазуға дайындау жолдары»**

Білім беру парадигмасының өзгеруімен бірге жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, қабілет, дарын көздерін ашу, өзін-өзі тану проблемалары алдыға шықты. Оқушыларды ғылым әлеміне қалай әкелу керек, қалай жетелеу керек, оның тиімді жолдары қандай деген өзекжарды мәселелер ғалымдарды да, ұстаздарды да ойлы, жүйелі жұмыстарға жетелейді. Мектеп мұғалімінің бұл үдерістегі басты мақсаты оқушыларды дербес ойлауға, еңбектенуге, ізденуге, бір нәрсені өздерінше шеше білуге баулу болып табылады. Бұл оқушылардың таным, ойлау белсенділіктерін дамытып, зерттеу, іздену жұмыстарына ынтасын арттырады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілетін дамыту – маңызды да күрделі мәселе. Балалардың ғылыми ізденіске деген ынтасын, белсенділігін, қажеттіліктерін оятудың тиімді жолдары қандай деген сұрақтар бүгінде аса өзекті болып, күн тәртібінде тұр.

Педагогикалық мақсаты: тұлғаға бағытталған білім беру мен тәрбиелеу нәтижесінде оқушының өздігінен дамуына жағдай жасау.

Мақсаты: қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

- Оқушыларды шығармашылық, ізденіс, ғылыми жұмыстарды жазуға баулу;
- Оқушылардың ғылыми жоба жазуға икемділігін, қабілеттілігін айқындау, дамытудың әдістемелік тәсілдерін ұсыну;
- Тәжірибелік тапсырмалар жүйесі арқылы оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту;
- Ғылыми жобалар байқауына кешенді дайындау;
- Жетістіктерге жеткізу, жұмыстарының нәтижесін көру

Тәжірибенің ерекшелігі:

Әр кезеңнің мақсаты мен нәтижеге жету жолдары көрсетіліп, оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту мен ғылыми жобаларға дайындау жолдарының кешенді бағдарламасы жазылды. Бағдарламаны жүзеге асыру арқылы ғылыми жоба байқауына кешенді дайындық жасауға болады. «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларын дамыту, ғылыми жоба жазуға дайындау жолдары» атты авторлық бағдарлама негізінде 5 жыл үздіксіз жоба жеңімпаздары дайындалды. Облыс, қала көлемінде мектеп ұстаздары пайдаланып, нәтижелі жоба жұмыстарына жетекшілік барысында ортақ тапсырмаларды орындатуға болатынына зерттеу жүргізілді.

Жоба жұмысын жазуда оқушыны теориялық біліммен қаруландырып болғаннан кейін, алған білімін тәжірибеде қолдану үшін оқушыға тапсырмалар беріледі. Ол тапсырмалар жоба бөліктерін құраудың алғышарттары іспеттес болмақ. Әр оқушыға қызығушылығы мен таңдалған тақырыбы бойынша әртүрлі тапсырмалар комбинациясын ұсынуға болады. Сол себепті барлық ғылыми жобаға бірдей қатып қалған тапсырмалар жүйесін бар деп айтуға келмейді. Өйткені әр жобаның зерттеу мақсатына жету үшін әртүрлі зерттеу әдістері (салыстыру, картотека жасау, сауалнама алу т.б.) қолданылады. Алайда 5 жылдық нәтижелі жоба жұмыстарына жетекшілік барысында кейбір ортақ тапсырмаларды орындатуға болатынын байқадым. Ендеше оқушымен жоба жұмысын жазу кезінде оған тек «оқыңыз, зерттеңіз» деп айтып, қызығушылығын арттыратын, ынталандыратын, нәтижесін жоба жұмысына пайдалану болатын тапсырмалар беріп отыру қажет.

Тиімділігі: Жоба жұмысының мақсатын жазғаннан кейін келесі қадамдарды анықтау мақсатында ой қозғауға тиімді.

Specific. Осы мақсатқа жетуге арналған жобаның бір бөлігін іске асыру нәтижесінде нақты не алу керек екендігі туралы нақты ақпараттар бар ма?

Measurable. Біз жобаның нәтижелерін және оның жеке бөліктерін көре және өлшей аламыз ба?

Achievable. Қолда бар ресурстарды ескере отырып, мәлімделген мақсатқа қол жеткізуге бола ма?

Relevant. Жоба командасының мақсатқа жетуі нәтижесінде қандай табыстарға жетеміз?

Time bound. Осы мақсатқа жету үшін қанша уақыт бөлінеді? Мақсатқа жетудің нақты күні белгіленді ме?

Аталған тақырып бойынша авторлық бағдарламада 20-дан аса тапсырма түрлері берілген және қала, облыс бойынша мектептерде тәжірибеден өткен. Авторлық бағдарламамен жұмыс жасауының нәтижесі ретінде оқушылар республикалық ғылыми жобалар байқауында жүлделі ІІ орын, облыстық кезеңде І және ІІ орын, қалалық ғылыми жобалар байқауында жүлделі І, ІІ, ІІІ орындар иеленген. Бұл жоба 5 жыл апробациядан өтті және қолдану барысында нәтижеге жететінін көруге болады. Ж.Қ.Толукоңырдың оқушыларының ғылыми жоба бойынша жетістіктері: Республикалық ғылыми жобалар байқауы 2-орын Жақсыбергенова Жанель диплом, күміс медаль (ҚР Білім және ғылым министрлігі А.Аймағамбетов 2020 ж.), облыстық ғылыми жобалар байқауы 2-орын Жақсыбергенова Жанель диплом (ШҚО Білім басқармасы 2019 ж.), қалалық ғылыми жобалар байқауы 1-орын Жақсыбергенова Ж. (Семей қаласының Білім басқармасы 2019 ж.), «Зерде» ғылыми жобалар байқауы 2-орын Серікқалиқызы Қарақат (2020 ж.), облыстық ғылыми жобалар байқауы 9-11 сыныптар 2 оқушы 2-орын Серікқалиқызы Қ., Жұмағалиев А. (2022 ж.), қалалық ғылыми жобалар байқауы 9-11 сыныптар 2 оқушы 1-орын Жұмағалиев Ақтілек, Серікқалиқызы Қарақат (2022 ж.), «Зерде» ғылыми жобалар байқауы 2-орын 2 оқушы Бахтынова Нұрай, Қалиева Айша (2023 ж.). Әр ғылыми жоба жазу барысында авторлық бағдарламада және мақалада көрсетілген тиімді әдістерді қолдану арқылы осындай нәтижеге жетті. Бұл өз кезегінде дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылатынын дәлелдей түседі. Демек, ғылыми жұмысқа жетекшілік ететін ұстаз баланың зерттеушілік қабілетін танып қана қоймай, оған түрлі тапсырмалар беру арқылы бағыт-бағдар беруі керек деп санаймыз.

Ұсыныстар:

1. «Оңайдан қиынға» тәсілі бойынша жұмыс жасау әдістемесін әзірлеу;
2. Барлық өзі сабақ беретін сыныптарда тақырыпты меңгерту кезінде ғылыми ақпаратты пайдалану;
3. «Жалпыдан жекеге» теориясы бойынша сынып оқушыларының ішінен ғылыми жобаға жазуға бейімі бар, ғылыми ақпараттармен жұмыс істеудің кезеңдерін меңгерген бірнеше оқушымен жұмыс жасау;
4. Әр сыныптан бірнеше оқушыны таңдау;
5. Дарынды оқушымен жұмыс жоспарын құру;
6. Ғылыми жоба жұмысын жазбас бұрын мұғалім оқушыға ғылыми жоба туралы теориялық түсінік беру;
7. Ғылыми жобаның ерекшеліктерін, құрылымын түсіндіру;
8. Ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарды айту, жұмыс жасау алгоритмін таныстыру;
9. Жобаның түрін таңдау.
10. SMART мақсат және критерийлермен жұмыс жасау;
11. Ғылыми жобаны тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасау;

12. Ғылыми жұмыстың теориялық және тәжірибелік бөлімдерін жазу, барлық бөлімдермен жұмысты аяқтау.
13. Плагиат. Плагиаттан сақтану жолдары.
14. Ғылыми жобаны қорғауға дайындық жасау

Қорытынды

Сонымен, оқушыға сапалы білім бере отырып, үнемі жаңашылдыққа ұмтылысын арттыру мол жетістіктерге жетелейді. Бұл оқушылардың ғылыми жоба жазуға икемділігін, қабілеттілігін айқындау, дамытуда әр алуан әдістемелік тәсілдердің тиімділігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қабілетті, дарынды, еркін және жан-жақты ойлайтын, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай алатын тұлға тәрбиелеу бүгінгі ұстаздың міндеті деп есептейміз.



Қаймалақова Нағима Үйсінбайқызы
Жамбыл облысы, Меркі ауданы
«Иван Трубицын атындағы №17 жалпы
білім беретін мектеп-гимназиясы» КММ
«Үздік педагог-2020»

Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында зерттеу дағдыларын дамыту үшін жобалау әдісін қолдану.

Жобалау қызметі оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық дағдыларын дамытады, проблеманы анықтауға, оны шешу үшін қажетті ақпаратты таңдауға, мәселені шешу үшін өз идеяларын ұсынуға үйретеді. Педагогикалық тәжірибе арқылы оқушыларға орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында жобалау әдісін қолдана отырып, қажетті құзыреттіліктер мен құндылықтарды дамытып, оқуға үйретуге болады. Педагогикалық тәжірибенің ерекшелігі - әдебиет сабақтарындағы жобалау әдісі көркем шығарманы саналы түрде зерттеуді ғана емес, сонымен қатар Интернет-технологиялар арқылы жобалардың өнімдерін шығаруды көздейді. Бұл тәжірибе оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға, жоғары дәрежелі дағдыларын дамытуға бағытталған.

Өзектілігі, негіздемесі:

Қазіргі әлем мектеп оқушыларында зерттеу, шығармашылық дағдыларды, ақпарат ағынын бағдарлау, мәселені анықтау және шешу қабілетін дамытуды талап етеді. Қоғамның сұраныстарын шешуге бағытталған оқыту әдістерін іздеу мені жобалау әдісіне әкелді. Жобалық іс-әрекеттің негізінде проблеманы көру, тұжырымдау және шешу, өз білімдерін өз бетінше құру дағдыларын дамыту жатыр. Жобаларды орындау кезінде оқушылар қажетті ақпаратты тауып, өңдейді, сонымен бірге олар шығармашылық және сыни ойлауды дамытады. Жобалау әдісі Джон Дьюидің жазбаларынан бастау алады. Дәл осы американдық ғалым жүз жыл бұрын оқытуды белсенді негізде, яғни «жасау арқылы оқыту тәсілі ретінде» құруды ұсынған. Дьюидің философиясын жалғастыра отырып, мен әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды және қазіргі заманның өзекті

тақырыптарын орыс тілі сабақтарында оқушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы қазіргі мектеп оқушыларында қажетті құзыреттіліктер мен құндылықтарды дамыта отырып, оқуға үйретуге болатындығын түсіндім. Оқушыны шығармаларды оқуға қалай қызықтыруға болады, кітапқа деген қызығушылықты қалай қалыптастыруға болады? Осы сұрақтар туралы ойлана отырып, менде педагогикалық идея пайда болды - кітап оқуды қазіргі балаларға өте жақын ақпараттық технологиялармен үйлестіру. Осы идеяны жүзеге асыру үшін мен жобалық қызметті қолдандым, нәтижесінде оқушылар интернет-технологияларды қолдана отырып түпкілікті өнім жасайды. Менің жұмысымның өзектілігі мынада: біріншіден, балалардың көркем шығармаларды оқуға деген ынтасы артады, екіншіден, оқушылар проблемамен жұмыс істеуді үйренеді, ақпарат іздейді, мәселені шешудің өз нұсқасын ұсынады, өз өнімін жасайды, жаңа оқу және өмірлік тәжірибе алады.

Мақсаты: жобалар әдісі арқылы оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту, Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында жобалық қызметтің нәтижелерін алуды ұйымдастыруға жағдай жасау.

Міндеттер:

1. Жобалау қызметінің дағдыларын қалыптастыру үшін:
 - мәселені табуға және тұжырымдауға, мақсатты анықтауға, міндеттер қоюға, гипотезаны тұжырымдауға үйрету;
 - жоба жоспарын құруға және жүзеге асыруға үйрету;
 - зерттеу әдістерін қолдануға үйрету;
 - әртүрлі ақпарат көздерін, ресурстарды пайдалануды үйрету;
 - ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жобаны түпкілікті өнім түрінде ұсынуға, жобаның жазбаша бөлігін ресімдеуге үйрету;
 - аудитория алдында жобалық жұмысты қорғау;
 - бағалау критерийлері бойынша өз және басқалардың жұмысын бағалауға үйрету;
 - өз қызметінің рефлексиясын жүргізу.
2. Әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын және оқушылардың көркем әдебиетті оқуға деген ынтасын арттыру үшін:
 - кітаппен, интернет көздерімен жұмыс істеудің негізгі әдістерін үйрету;
 - кітапханаға экскурсия жүргізу;
 - әдебиет бойынша жоба өнімін жасау үшін көркем шығармаларды оқуды ұйымдастыру;
 - әдебиет шығармалары бойынша қызықты жобалар әзірлеу.
3. Қарым-қатынас дағдыларын және ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын арттыру үшін:
 - диалог жүргізу, тыңдау және есту қабілеттерін арттыру;
 - алдын ала әзірленген критерийлермен жобалық жұмысты қорғау дағдыларын дамыту;
 - жұпта, топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
 - өзара оқытуды, өзара көмекті ұйымдастыру;

- ынтымақтастық дағдыларын дамыту.
4. Ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын арттыру үшін:
- аудио, бейне бағдарламалармен жұмыс істеуге үйрету;
 - аудиокітаптар, буктрейлерлер, презентациялар, анимациялық фильмдер жасау дағдыларын дамыту.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылықтары

Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында мен топтық жұмыста оқушылардың қызметін жоспарлауға және ұйымдастыруға баса назар аудара отырып, жобалау әдісін қолданамын. Жобалау әдісі - проблеманы егжей-тегжейлі әзірлеу арқылы дидактикалық мақсатқа жету тәсілі, ол қандай да бір жолмен жасалған нақты тәжірибелік нәтижемен аяқталуы керек. Оқушылардың орыс тілі мен әдебиеті сабақтарындағы жобалық іс-әрекеті екі формада ұйымдастырылуы мүмкін: бағдарламалық материалды зерттеудегі проблемалық мәселелер бойынша сабақтар, оқушылар топтық жұмыста бір немесе басқа оқу мәселесін бірлесіп зерттегенде, оның бірлескен шешімін тапқан кезде; екінші форма - оқушылар жоба тақырыбын таңдайды, өз бетінше немесе топта зерттеу жүргізеді және қалғандары өз жобасы өнімін ұсынады. Сонымен қатар, шығармашылық, рөлдік, зерттеу қызметі басым қызметке айналады.

Сабақтарда жоба әдісін қолдану идеясы жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнымен де, пәннің өзіндік ерекшелігімен де, әсіресе әдебиет сабақтарында, әдеби шығарманы оқу кезінде оқырман мен автордың бірлескен жұмысы болған кезде, осы тәсілді қолданудың тағы бір негізгі себебі – қазіргі мектеп оқушыларының оқуға деген қызығушылықты жоғалту мәселесін шешу болып табылады.

Әдебиет сабақтарында нәтижелерді ресімдеуге стандартты емес тәсілді көздейтін шығармашылық жобалар әзірленді. Жобалардың өнімдері болып буктрейлерлер, аудиокітаптар, анимациялық фильмдер, әңгімелер, QR-кодтар бойынша шығармалар, өз шығармаларының көркем туындылары табылды. Білім алушылар келесі жұмыстарға буктрейлерлер дайындады: М.Булгаков «Иттің жүрегі», А.Беляев «Профессор Доуэльдін басы», У.Шекспир «Ромео мен Джульетта», А.С.Пушкин «Капитан қызы», Ф.М.Достоевский «Қылмыс пен жаза». Сондай-ақ, оқушылар астарлы әңгімелер бойынша анимациялық фильмдер, орыс әдебиеті шығармалары бойынша аудиокітаптар жасады.

Жобалау әдісі сабақтың құрылымдық бөлігі бола алады, онда қызығушылық пен түсіністік оянғаннан кейін, тақырыпты терең зерттегеннен кейін білім алушылар алдында проблема туындайды және оны шешу бойынша жұмыс ұйымдастырылады. Сонымен, 10-сыныпта Ф.М.Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романындағы «Қылмыс тақырыбы және Раскольников теориясы» тақырыбын өткен кезде әлеуметтанушылар тобы «Раскольниковты қылмыс жасауға не итермеледі?» тақырыбында жоба бойынша жұмыс жасап, нәтижелерін фишбоун схемасына енгізді; психологтар тобы «Қылмысқа дейінгі және одан кейінгі кейіпкердің психологиялық жағдайы» жобасы бойынша жұмыс істеп, өнімді эмоциялар кестесі түрінде жасады; әдебиеттанушылар «Қылмысқа қатысты көркемдік бөлшектердің түрлері»

жобасы бойынша жұмыс істеп, өнімді символ схемасы түрінде жасады; философтар «Раскольников қылмысының моральдық себептері қандай?» жобасы бойынша жұмыс жасап, өнімді менталды карта түрінде рәсімдеді. 7-сыныптағы орыс тілі сабағында «Панасыз қалғандарды әлеуметтік қорғау» тақырыбында 1 топ «Адам неге панасыз қалады?», 2 топ «Панасыз адамдарға қалай көмектесуге болады?», 3 топ «Волонтерлік қызметті қалай ұйымдастыруға болады?» тақырыптарында жұмыс атқарды. Білім алушылар ақпаратты іздеп, мәселені шешу жолдарын ұсынды және цифрлық технологияларды қолдана отырып, жобалық қызмет өнімдерін (ақыл-ой картасы, презентациялар) жасады.

Оқу мақсаттары мен бағдарламалық материалға байланысты бұл әдісті сабақтарда жиі қолдануға болады, бұл оқу процесіне шығармашылықпен қарауға мүмкіндік береді және мұндай сабақтардағы оқушылар Өзін-өзі оқыту мен өзара оқытудың белсенді қатысушыларына айналады.

5) Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында жобалау әдісін 4 жыл бойы қолданып келемін.

6) Тәжірибенің тиімділігі

Жобалау қызметінің нәтижесінде оқушылар:

1. Өз іс-әрекеттерін қойылған міндетке және оны іске асыру шарттарына сәйкес жоспарлауды үйренді;

2. Көркем әдебиетті оқуға деген ынтасы артты;

3. Әртүрлі ақпаратты өңдеуді, талдауды, жалпылауды, қорытынды жасауды, өз іс-әрекеттерін рефлексиялауды үйренді;

4. Интернет-технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын арттырды, жобаның нәтижелерін бейнеролик, аудиокітап, анимациялық фильмдер, презентациялар түрінде ресімдеуді үйренді;

5. Қарым-қатынас дағдыларын, ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдыларын, өз қызметінің нәтижелерін ұсыну қабілеттерін арттырды.

Оқушылардың орыс тілі мен әдебиеті сабақтарындағы жобалық қызметі оқушыларға оқу процесіне шығармашылықпен қарауға, осы процестің субъектісі болуға мүмкіндік берді, оқушылардың өз мақсаттарына жетуге бағытталған, сондықтан ол ерекше.

Жобалау әдісін қолдану пән бойынша білім сапасын арттыруға әкелді. Мысалы, 2022-2023 оқу жылында 10 «Б» сыныбында жобалау әдісін қолдану нәтижесінде 25 білім алушы жыл басында 77% көрсетті, ал жыл соңына қарай білім сапасы 88%-ға өсті. 9 «А» сыныпта барлығы 25 оқушы, жыл басында білім сапасы 75% болса, жыл соңына қарай 84%-ды құрады.

Жобалау әдісін қолдану жөніндегі ұсынымдар

Жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы білім беру процесінде жобалау әдісін қолдануды көздейді, бұл ретте балаларда жобалық іс-әрекет дағдыларын кезең-кезеңімен дамыту, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын, топта жұмыс істей білу, проблеманы шешу жолдарын таба білу дағдыларын дамыту қажет.



Үсенбаева Зухра Алтынбекқызы
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы
Баймырза Бесбаев атындағы
мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
«Үздік педагог - 2016»

Педагогикалық тәжірибенің атауы: «Оқу. Үдеріс. Сауаттылық» жобасы

Оқу – адам өміріндегі ең маңызды өмірлік дағдылардың бірі. Оқу сауаттылығы жайында сөз еткенде, функционалдық сауаттылықтың қатар жүретінін ескерсек, адамдардың әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласа, яғни бүгінгі жаһандану дәуірінде заман ағымына, жасына, мамандығына қарамай ілесіп, үнемі білімін жетілдіру болып табылады. Тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін ізденуші тақырыптық-идеялық сипаты жағынан талдау арқылы білімі, ептілігі, дағдыларын қалыптастыру жағынан жан-жақты саралаған.

Жаһанданумен, экономикалық дағдарыспен сипатталатын қазіргі әлем, бір жағынан, ұлтты сақтаудың өткір мәселелері: ұлттық мәдениет пен тілді, ұлттық тәрбие құндылықтарын, кітап оқу мәдениетін және оқырмандық сауаттылықты дамытуды, екінші жағынан, жеке сауаттылық: өмірдің әртүрлі салаларында алған білімін қолдану, өз әлеуетін толық ашу, шығармашылықпен жүзеге асыруына мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды талап етеді. Экономикалық және әлеуметтік саладағы өзгерістердің жылдамдығы сонша, заманауи мектептер оқушыларды әлі пайда болмаған жұмысқа, әлі ойлап табылмаған технологияларды меңгеруге және әлі пайда болмаған мәселелерді шешуге дайындауға мәжбүр. Сол себепті де білім саласындағы кез келген бағдарламалар оқушының оқудағы білім жетістіктерін бағалауға, стратегиялар және оларды тәжірибеде қолдануға, оқу сапасы мен мәтінді түсіну деңгейін салыстыруға, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйесіндегі ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Осының негізінде Қазақстанның халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуы (TIMSS, PISA, PIRLS) елдің білім сапасын дамытуда стратегиялық маңызы зор.

Оқу сауаттылығы - оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға ойталқысын жүргізе білу, бағалай отырып пікір айтуға дайын болулары, өз-өзіне сұрақтар қою, жауабын іздей білуге баулуға негізделген. Осы орайда, «Оқу. Үдеріс. Сауаттылық» жобасы аясында оқушылар мәтіндерге өз тұжырымын жасайды және сыни тұрғыда ойлана отырып оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуге дағдыланады. Ұсынылған мәтіндерді талдау арқылы оқушылар қабілеттерін ғана емес, тілдік дағдыларын қалыптастыруға бейімделеді.

Өзектілігі, негіздемесі:

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушының тілдік дағдысын қалыптастыру, оқу үдерісін тереңірек меңгеруге ықпал ететін әдістер арқылы функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бұл жоба білім алушыларға білім мен дағдыны қатар үйретуге (мысалы, сыни ойлау, креативті ойлау), сонымен қатар, қарым-қатынас пен құндылықтар арасында байланыс орнатуға көмектеседі. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ұсынылған «Оқу. Үдеріс. Сауаттылық» жобасы жоғары сынып оқушыларының ҰБТ-да оқу сауаттылығының сапасын күтілетін нәтижеге бағыттау арқылы олқылықтың орнын толтыруға, Қазақстанның халықаралық салыстырмалы TIMSS, PISA, PIRLS сынды зерттеулерге қатысуында білім сапасына оң ықпалын тигізері сөзсіз.

Мақсаты:

- оқушылардың мәтін мазмұнын игеруге қатысты кең ауқымды дағдыны қалыптастыруға, оқыған мәтіндегі тұтас ойды түсінуін, түрлі стильдер мен жанрлардағы мәтіндерді талдауын, мәтіннен ақпарат іздеуін, оны түсіндіруін, мәтін мазмұны мен формасына рефлексия жасауын, проблемалық жағдаяттың шешімін ұсына білу қабілеттерін дамыту.
- мәтіннің мағынасын, мазмұнын ашуға бағыттау, мәтінді интерпретациялау. Функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды жүйелі орындауға үйрету.

Міндеттері:

- ақпараттарды талдай білу, материалды бірнеше бөлікке бөлу және олардың арасындағы байланысты түсіну;
- әртүрлі мәтіннен алған ақпараттарды жинақтай білу (синтез), қорытынды жасау;
- тыңдалған, оқылған ақпаратқа баға беру.
- оқу түрлерін (мақсатына қарай: танымдық, құндылыққа-бағдарланған, реттеуші, танысу үшін оқу, көз жүгіртіп оқу, іздеп оқу), оқу стратегияларын (мәтіналды оқу стратегиялары, мәтінді оқу стратегиялары, мәтінді оқудан кейінгі стратегиялар) білу;
- ақпараттың сенімді көздерін табу және анықтау.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы

Орта мектеп түлектері оқу сауаттылығының деңгейіне тікелей байланысты метапәндік әмбебап білім беру іс-әрекеттерін іске асыра алуы тиіс: мазмұнды оқып, түсіну; әртүрлі дереккөздерден ақпарат алуға қажетті құзыретті қалыптастыру, ақпараттың әртүрлі түрлеріне бағдарлау; әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және түсіндіру қабілеттерін дамыту. Бұл оқу әрекеттерінің нәтижесін бағалау міндетті мемлекеттік емтиханда ғана емес, күнделікті сабақ барысында жүргізіледі, өйткені оқушы қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын түсініп оқу арқылы дұрыс орындайды.

Оқулық материалын толықтыруға болатын тапсырмалар:

- 1) ұсынылған тұжырымдардың факті немесе пікір екенін анықтау;

- 2) ұсынылған ақпараттың қайсысы мәтінде кездесетінін анықтау;
- 3) мәтінде көрсетілген кез келген оқиғалардың немесе құбылыстардың себептері мен салдарын салыстыру (қажетті мәліметтермен кестені толтыру);
- 4) мәселе бойынша басқа да көзқарастармен танысып, олардың қайсысы өзекті, қайсысы маңызды емес екенін шешуге;
- 5) сөйлемдерді оқып, қайсысы мағыналы, қайсысы мағынасыз екенін анықтау.

Білім алушылардың танымдық деңгейіне байланысты тапсырмалардың шарттарын өзгертуге болады. Сондай-ақ, сауаттылықтың жоғары деңгейін қалыптастыру үшін оқу дағдысына тек сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыс кезінде де мән беру керек. Оқу сауаттылығын дамыту тәсілдерін кешенді қолдану нәтижесінде интеллектуалды дамыған қоғамды құруға болады.

«Оқу. Үдеріс. Сауаттылық» жобасының артықшылығы жұмыс кезеңдерін 3 бөлікке бөле отырып, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізіледі.

Оқылым үдерісінің үш кезеңі

Мәтіннің мағынасын, мазмұнын ашу кезеңінде (**ОҚУ**) білім алушылар

Мәтінмен танысып, қарап шығу; сөздердің мағынасын ажырату, сәйкестерді табу; фактілерді анықтау; мазмұндау бойынша білім-білік дағдыларын игереді. Сандық технологияларды пайдалана отырып, мәтіндерді сәйкестендіру, қажетті мәтін бөлігі арқылы мәтінді толықтыру секілді тапсырмаларды білім алушылар тек сабақта арнаулы курста ғана емес, кез келген жерде отырып өз білімін тексеруге бағытталған.

Мәтінді интерпретациялау кезеңі (**ҮДЕРІС**) бойынша реттеу, түсіндіру, салыстыру, арақатынасын табу, талдау, жинақтау жұмыстары жүргізіледі.

Алынған білімді қолдану, өзіндік мағына беру кезеңі (**САУАТТЫЛЫҚ**) бойынша болжам жасайды, пайымдайды, модельдеу және қорытынды жасайды, өмірде қолданады.

Тәжірибе неше жылдан бері іске асып келеді?

«ОҚУ. ҮДЕРІС. САУАТТЫЛЫҚ» жобасы 2022 жылы негізгі теориялық кезеңдері бойынша жоспары құрылып, наурыз айынан бастап мазмұнына қойылатын талаптар, жұмыс кезеңдері бойынша сараптамалық кеңестің зерделеуінен өтті. Биылғы оқу жылынан бастап жоба кезеңдері қадам-қадамы бойынша жүзеге асырылуда.

Тиімділігі

Осы жоба аясында білім алушылардың өз идеяларын жүзеге асыруда белгілі бір проблеманы талдауда, оның себебін анықтау дағдыларын қолдануда әлеуметтік өзгерістерге бейімделуге септігін тигізеді. Кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру барысында қоғамдық өмірге араласу мақсатында білім алушылардың мәтінді түсініп оқу және кері байланыс жасау қабілеттері, оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін мәтін мазмұнын пайдалана білу қабілеттері қалыптасады. Оқушыларда жоғары ойлау (салыстыру, талдау, бағалау т.б.) деңгейлері, сыни ойлау дағдылары арта

түседі. Сондай-ақ, ҰБТ-да оқушылардың оқу сауаттылығы тапсырмаларын орындауда білім сапасын жоғарылайды.

Тәжірибені басқа педагогтер, мектептер қалай қолдануы керектігі туралы кеңестер?

Бүгінгі таңда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс. Оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар білім алушылардың мәтін мен көркем шығарма мазмұнын игеруге қатысты жалпы танымдық білік дағдысын, оқыған мәтіндегі тұтас ойды түсінуін, түрлі стильдер мен жанрлардағы мәтіндерді талдап, мазмұндай білуін, мәтіннен ақпарат іздеумен қатар, оны түсіндіру, бағалау, мәтін мазмұны мен формасына рефлексия жасау, проблемалық жағдаятты түсінуімен қоса, шешім ұсына білу қабілеттерін дамытады. Дегенмен оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар құрастыруда тұлғаның танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық компоненттерінің біртұтас дамуына ықпал ететіндей алгоритмді негізге алған дұрыс. Оқу сауаттылығын қалыптастыруда оқыту ортасының маңыздылығын ескеріп, сабақ үдерісін жоспарлауда оқушының танымдық белсенділігін арттыруға ықпал ететін тапсырмалар мен әдістерді дұрыс қолдану жолдарын да ескеру маңызды.

Нәтижелері: Ы.Алтынсарин атындағы академиясында *«Оқу сауаттылығы»* авторлық бағдарламасы бекітіліп, 2023-2024 оқу жылында Жамбыл ауданы жалпы білім беретін мектептерінде апробациядан өтуде.

«Оқу сауаттылығы. Тапсырма құрастыру ерекшеліктері» нұсқаулығы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы. Астана қаласы 2023 жылы баспадан шығып, республика көлемінде таратылды.



Қалмағанбетова Гүлайым Тастанқызы
Ақмола облысы Білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Щучинск қаласының №9 мектеп –гимназиясы КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер «Үздік педагог-2023»

Білім алушылардың өздігінен білімді игеруге бағыттайтын тиімді әдіс: геймификациялық ойын

Білім беруді жетілдіру Қазақстандағы басты міндеттердің бірі саналады. Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық тәрбиесі мектеп партасынан басталады, бұл заманауи адамның дамуының басты шарттарының бірі. Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған.

Жаһандану заманында әрі ұлттар мен мемлекеттердің өзара бәсекелестігі мен ықпалдастығы артып отырған жағдайда, ең бірінші кезекте, адамның «ақыл ойына», оның біліміне көп күш салынатыны белгілі. Шындығында, ғылыми бәсекеге төтеп берудің жолы көбінесе білім сапасына байланысты болып отырады. Ал бірақ білімнің сапасы қандай білім берілгендігіне байланысты емес, сол білімді сананың қаншалықты қабылдай, сіңіре алғандығына да байланысты. Ендеше қазіргі заманғы білім бәсекелестігінде екі негізгі мәселе айқындалған деп айтуға негіз бар. Бұның бірі - білім алушының өздігінен білім алуына бағытталған сапалы білімді игерту, екіншісі-контекстегі ақпаратпен жұмыс жасай алатын, медиа, функционалды сауаттылығы қалыптасқан, сыни ойлау дағдылары жетілген, алған білімін өмірде қолдана алатын ұрпақ тәрбиелеу. Ендеше, әріптестер, мен сіздермен өзімнің 26 жылдық еңбек тәжірибемде тиімді қолданып келе жатқан озық әдісіммен бөліскім келеді. Олай болса, танысыңыздар!

Білім алушылардың өздігінен білімді игеруге бағыттайтын тиімді әдіс: геймификациялық ойын неліктен құнды болып саналады?

1.Туындаған мәселе

Ойын барысында ұсынылған ақпаратты, грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық рөлі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы төмен оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Кез келген ұстаздың басты мақсат-міндеті – оқушыларға сапалы білім беру, жан-жақты жетілдіру, оқуға деген қызығушылығын арттыру. Геймификациялық ойын технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгі қарыштап дамыған ғылым заманында, Z ұрпақтың қалауы ойын технологиясы арқылы оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Мұғалімдердің негізгі міндеті – оқушыларды оқу процесіне тарту. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде мен білім алушылардың көпшілігі оқулықтағы ақпаратпен ғана шектеліп, қосымша дерек көздеріндегі мәліметтерді танып білуге енжар, әдебиет теориясын ажырата алмайтын,

айшықты сөздердің мәнін ұғынуда қиналатын, медиа, функционалдық сауаттылығы төмен екендігін байқадым. Олар тек материалды игеру үшін интернет-ресурстардан, оқулықтан алынған қысқаша ақпаратпен шектелгендіктен, кейбір жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауда қиындық туындады. Бұл мәселені шешу үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сапалы да нәтижелі білімді қалыптастыру үшін осы «Білгірлер алаңы» геймификациялық ойынды қолдануды шештім.

Мақсаты: әлемдік тренд геймификация арқылы оқушылардың білім-білік, өздігінен білімді игеру дағдыларын қалыптастыру.

Міндеті:

- ✓ Геймификация арқылы оқушының ой-өрісін дамытып, көркем сөйлеу қабілетін жетілдіру;
- ✓ Өзара құрдастар тобында тиімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу;
- ✓ Білім алушылардың өздігінен білімді игеруіне жағдай туғызу;
- ✓ Оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін дамытып, сыни ойлауға бағыттау;
- ✓ Сөздік қорларын молайтып, пәнге деген қызығушылығы арттыру;
- ✓ Ойын арқылы логикалық ойлай білуге ұмтылдыру, есте сақтау қабілеттерін жақсарту.

2. Шешім, инновациялық процесс:

Қалай бастадым?

Білім берудегі геймификация оқушылардың жаңа білім алуға деген мотивациясын арттыруға мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе жаңа материалдарды игеруде аса тиімді. Егер бұрын геймификация мектепке дейінгі тәрбиеде көбірек қолданылса, қазір бұл тәсіл мектептерде өз нәтижесін беруде. Геймификация – бұл заманауи технологиялар, ойын түрінде білім мен дағдыларды тез және тиімді бойға сіңіруге ықпал етеді. Сонымен бірге, бұл жағдайда ойын формасы ойын-сауық емес, білімді өздігінен игеруге бағытталған әдістемелік құрал екенін ескерген жөн.

Бұл не?

«Білімділер алаңы» геймификациялық ойыны әр түрлі деңгейдегі тапсырмалардан құралған 8 ұяшықтан тұрады. Ойынның төрт бұрышына 4 оқушыны бір мезетте шығарып, ойын тасын иіру арқылы ұяшық таңдалады. Әр ұяшықтағы тапсырманың деңгейіне қарай ұпай сандары орналастырылған. Бұл ойынды топпен де, жеке де ойнауға болады.

1. Суретті ой. Тақырыпқа қатысты фото, портрет немесе иллюстрациялы бейнелер ұсынылады. Сол жайлы ақпаратты өмірмен байланыстыра отырып сыни тұрғыдан баға береді. Оқушының сыни ойлау қабілетін дамытуға, болжам жасай білуге бағытталған тапсырма.

2. Сөз иесін тап. Бұл тапсырма білім алушылардың оқыған материалдағы кейіпкер сөздерін немесе контексте берілген нақыл сөздерді есте сақтап қалуларына ықпал етеді. Ізденушілік қабілеттері дамиды, функционалдық сауаттылықтары артады.

3. Тарихи мекен. Шығармаларда немесе контексте аталған жер-су, қала атауларын және ақын-жазушылардың туған жері, мұражайлары, ескерткіштері, көше атаулары жайлы ақпаратты ғаламтордан тауып, картадан көрсетеді. Бұл жерде географиялық танымдары қалыптасады.

4. **Қара жәшік.** Жәшік ішіне өтіліп жатқан тақырыптың мән беріле бермейтін элементі қағазға жазылып немесе суретпен фото түрінде салынады. Қарсылас ойыншыларға ол затты көркем сөзбен, айшықты сөздер қолдана отырып жеткізу керек. Оқушылардың өз ойын көркем жеткізе алуына септігін тигізеді.

5. **Тосын сый.** Бұл тапсырма өтілген материал бойынша үзінді оқуға, сахналық қойылым көрсетуге, диалогқа түсуге, өлең шығаруға бағытталған. Оқушының дарындылық қабілетін арттыруға септігін тигізеді.

6. **Сөз сыры.** Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында берілетін сөз төркінін ұғыну тапсырмалары ұсынылады. Бұл оқушылардың есте сақтау қабілеттерін жақсартуға бағытталған және сөздік қорларын молайтуға септігін тигізеді.

7. **Ойлан! Тап!** Бұл ұяшықтағы тапсырмалар өтілген материал негізінде Блум таксономиясының әр түрлі деңгейлі сұрақтары бойынша жауап береді. Оқушылардың кітаппен жұмыс жасауы қарастырылған. Функционалдық сауаттылықтарын арттыруға септігін тигізеді.

8. **Бейне сұрақ.** Тақырып бойынша бейнесұрақтар QR арқылы ұяшықтарға орналастырылып қойылады. Бұл оқушыларды тосыннан қойылған сұраққа жауап беруге, өзіндік көзқарастарын жеткізе алуға баулиды.

Қандай әдіспен жүзеге асырылады?

Ұяшықтағы бөлім атаулары, онда берілетін тапсырма түрлері түсіндірілгеннен кейін, оларға қажетті қосымша ақпараттар, оқулықтар, сөздіктер, әр түрлі дерек көздері ұсынылды. Сыныпта ол тапсырмаларды тиімді жүзеге асыру үшін талдау, талқылау, іздену, сұхбаттасу тәсілдері жүзеге асырылды. Әр тапсырманы нәтижелі орындау үшін критерийлер қолданды. Құрдастар тобында талқыланып, олардың ұсыныс беруі оң нәтижеге жеткізетіні ғалымдар пікірінде де қолдау тауып отырғандықтан, көбіне топпен ақылдаса отырып тапсырмаларды орындауға бағыттап отырамын.

3. Жаңашылдығы

Оқушыларды оқу процесіне тарту – Қазақстандағы білім беруде геймификацияны енгізудің негізгі мақсаттарының бірі. Оқытуда аталған тәсілді қолданудың бірнеше негізгі қағидаттары бар:

Дербестік. Ойынның соңғы нәтижесі әр оқушыға байланысты, бұл әр оқушыға жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Ойынның дамуы оқушының таңдауына байланысты және оның әр қадамы соңғы нәтижеге әсер етеді.

Қүзіреттілікті арттыру. Әр ұяшықта берілген ұпайға байланысты қарапайымнан күрделіге дейінгі бірнеше деңгейлі тапсырмадан құрылған. Ойын аяқталғаннан кейін оқушы меңгерген тақырып бойынша толық білімге ие болады.

Құндылық. Мұғалімнің басты міндеті – балаларды тәрбие үрдісіне тарту. Ойын түріндегі оқыту нақты өмірде және болашақта кәсіби өмірде қолдануға болатын білім алуға көмектеседі.

Жедел кері байланыс. Оқушылар бірден өз әрекеттеріне жауап алады. Бұл оқу процесін жеделдететін материалды нығайтуға көмектеседі. Бәсекеге

кабілетті функция және прогресс оқуға деген қызығушылықты арттырады. Әр түрлі виртуалды марапаттар оқушылардың қызығушылығын тудырады.

4. Өзектілігі

Геймификация – бұл оқушылардың жаңа білім алуға деген мотивациясын арттыруға көмектесетін құрал. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде әртүрлі жастағы адамдар қолданатын заманауи технологиялар мектеп оқушыларына өздерінің зияткерлік шеберліктерін дамытуға көмектеседі. Бұл оқу материалын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Заманауи технологиялардың арқасында мектеп оқушылары үшін білім беру процесі ыңғайлы болады. Оқушылар ойын түрін классикалық әдістерге қарағанда жақсырақ қабылдайды. Геймификация әрдайым оқушы мен мұғалім арасында болған қарсыласты азайтуға мүмкіндік береді. Балалар өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өздері үйренеді, бір-бірімен өзара әрекеттеседі. Ойын процесі сәтсіздіктерді жеңіл қабылдауға үйренуге мүмкіндік береді. Оқушылар білім алу барысында нашар баға алса, оқуға деген ынтасын жоғалтуы мүмкін. Геймификация бұл психологиялық факторды тегістеуге мүмкіндік береді. Ойын процесі мектеп оқушыларын шығармашылыққа итермелейді және алған пайдалы дағдыларын барынша бекітуге көмектеседі.

5. Ғылымилығы

Мұғалімнен мінсіз сабақ туралы сұрасаңыз, сонда сіз оның мынадай жауабын естисіз: бұл кезде оқушылардың көздері қызығушылықпен жарқырайды, бірақ оған жету өте қиын. Педагог әрі ақпараттық технологиялар саласындағы сарапшы Екатерина Гаврилина «Геймификация – балаларға ешқандай мәжбүрлеусіз білімге ұмтылуға көмектесетін әдіс. Білім берудегі геймификацияның негізгі идеясы, егер ол ойынның принциптері мен механизміне, мысалы, тапсырмалар мен марапаттау жүйесіне, ұпайлар мен жетістіктер сияқты прогресс белгілеріне негізделсе, оқу процесі тиімдірек болуы мүмкін» десе, кеңестік педагог В.А.Сухомлинский «Ойын–ізденімпаздық пен қызығудың отын тұтандыратын ұшқын» деп атап өткен.

Қазіргі заманғы геймификацияның апологі Ю-Кай Чоу өзінің тұжырымдамасын адамдардың мотивациясы мен мінез-құлық ынталандыруын талдауға негіздейді. Ол адамның мотивациясын тудыратын 8 қажеттілікті сипаттайды:

- ✓ Өзін-өзі бағалау сезімінің қажеттілігі;
- ✓ Табысқа жету қажеттілігі;
- ✓ Шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттілігі;
- ✓ Эмоциясын бақылау сезімі;
- ✓ Әсерге және әлеуметтік байланыстарға қажеттілік;
- ✓ Шектеулі ресурстар және одан туындайтын қиындықты қанағаттандыру қажеттілігі;
- ✓ Қызығушылықты ояту;
- ✓ Нәтижеге жетуге ұмтылу.

Қарапайым тілмен айтқанда, геймификация - ойын элементтерін ойыннан тыс әрекеттерге, мысалы, оқуға енгізу. Бұл тәсіл оқу процесіне мотивация мен қатысуды арттыруға мүмкіндік береді.

Ал А. С Макаренко «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады», - деген. Сондықтан келешекке адамды

тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі. Тіпті білім сапасы төмен балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен, жігерімен араласатыны анық, сондықтан да геймификацияға негізделген сабақ түрі білім алушылар үшін өте тиімді болмақ.

6. Практикалық маңыздылығы

Оқытудағы ойындар түрлі нысандарда ұсынылуы мүмкін. Бүгінгі таңда геймификацияның келесі элементтері жиі қолданылады: вебинарлар; интерактивті тапсырмалар; топтық сабақтар үшін онлайн платформалар; виртуалды шындық технологиялары. Мектеп оқушыларымен бірге ойын процесін жүзеге асыру үшін смартфон, компьютер немесе ноутбук сияқты мектеп оқушыларында қажетті гаджеттер болуы керек. Сондай-ақ, мектептер виртуалды шындыққа гарнитураны сатып алу және енгізуді қарастырады, ол ойынды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Заманауи тенденциялар мектеп оқушыларына оң әсер ететін жаңа қағидаларды ұстанады. Мұндай технологияларды қолдану оқушыларды жақсы оқуға және жаңа білім алуға итермелейді.

7. Тиімділігі

Білім алушыларды сабақта аяқтау процесінде белсенділік таныту үшін оларға тиімді марапаттау жүйесін енгізген жөн. Ол ынталандыру сыйлықтары немесе бағалау түрлері болуы мүмкін.

Топпен ойнау. Оның шарты – бүкіл топтың үйлесімді және нәтижелі жұмысы. Мысалы, барлық топ мүшелері үй тапсырмасын орындап, жобаларын уақытында тапсырып, сынақтан өтсе, топпен ойнау ұсынылады. Бұл топтағы ынтымақтастықты арттырады, жауапкершілікті бірлесе атқаруға үйретеді.

Жеке ойнау. Марапаттау ұпайлары әр білім алушыға жеке тағайындалады және сонымен бірге команданың жалпы қорын толықтырады. Білім алушының жеке білімі сараланып, қай тапсырманы әлі де тиянақтап орындау керегі анықталады, сондықтан кейде жеке оқушылармен ойнатып тұрған да өзінің оң нәтижесін береді.

Оқытуда ақпараттық және ойын технологияларын қолдануға негізделген тәсілдер, атап айтқанда геймификация оқушылардың қабылдауының қызығушылықтары мен ерекшеліктерін (варианттылық, интерактивтілік, ақпаратты көрнекі түрде ұсыну) ескеруге мүмкіндік береді.

Геймификация жылдам кері байланыс және топтық қарым-қатынас арқылы сыныптағы қарым-қатынасқа ықпал етеді, сонымен қатар топтық дағдыларды дамытады.

Ойын элементтері мен технологияларын енгізу оқу мотивациясын арттырады, сонымен қатар әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру негізінде қалаған мінез-құлықты модельдейді.

Бұл әдіс арқылы білім алушыларды олимпиадаға дайындауда, бірыңғай ұлттық тестілеуде бейіндік пәнге қазақ әдебиеті пәнін таңдап отырғандарға өзінің оң нәтижесін беруде, себебі ойын арқылы шаршамай, өз сұрақтарына жауапты іздену арқылы табуға жол ашады. Сонымен қатар оқушылардың білім сапасына да оң әсері тиді, өзім сабақ беретін сыныптардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылықтары артып, білім сапасы 90-98%

көрсеткішті құрады. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасы орнап, бір-біріне қолдау көрсету, көмек қолын созу әрекеттері орын алды.

Қорыта келе айтарым, білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі болса, қазіргі кездегі білім беру – оқушының пікірін бағалау, оқушыны тыңдай білу. Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасаған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады. Белгілі педагог В.А. Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!». Ендеше, баланы ойынға қатыстырып үйрету арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп сабақ өткізген ұтымды болмақ.



Жанахметова Толкын Амангельдиновна
Шығыс қазақстан облысы, Өскемен қаласы
«Облыстық математика, физика,
информатика саласындағы дарынды
балаларға арналған мамандандырылған
мектеп-лицей» КММ ШҚО ББ, директордың
ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі
орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі.
«Үздік педагог – 2022»

Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісінде электронды білім беру ресурстарын қолдану

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектептерде электронды білім беру ресурстарын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу және заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау – аса маңызды мәселе. Қазір біз көптеген оқушылардың күйзеліске (стресске) ұшырап жүргенін байқап жүрміз. Әсіресе, дарынды балалармен жұмыс істеу барысында. Бұл, мазасыздық және шамадан тыс жүктеме сезіміне және эмоционалды шаршауға әкеледі. Біздің міндетіміз – әр оқушыға оның мотивациясы мен мақсаттарына қарамастан жетістікке жету үшін құралдар мен сенімділік беру. Оқушыңыз қандай да бір табысқа жетсін десеңіз, дұрыс бағыт, табандылық және қажетті құралдар қажет.

Оқу үдерісі сынып жұмысы және үй жұмысынан тұратыны белгілі. Осы уақытқа дейін қазақ тілі мен әдебиеті сабағының екінші компоненті (үй жұмысы) негізінен ақпаратты есте сақтауға құрылып келді. Үй тапсырмасының практикалық компоненті мәтінді, ережені оқу, жаттау мен жаттығуларды орындаумен шектелді. Ал электронды білім беру ресурстары үйге берілетін тапсырмаларды түрлендіруге мүмкіндік береді. Білім саласында тиімді бағдарламалық кешендерді жасауға көмек болатын жаңа технологиялық шешімдерді іздеу мақсатында көптеген бағдарламаларды, қосымшаларды жүктеп, зерттеп, магистрлік диссертация қорғадым. Соның ішінде Quizlet қосымшасының ерекшелігіне тоқталғым келеді. Quizlet қосымшасы қарапайым оқу құралы болғанымен, бүгінде, оқушыларды жұмысқа тартуға көмектесетін құралдар және материалды қызықты және тартымды түрде есте сақтау үшін бүкіл сыныпқа арналған жаттығуларды жеті

түрлі оқу режимінде ұсынады. Әсіресе, үйде отырып, сөздерді жай жаттанды емес, саналы түрде еске сақтауға байланысты түрлі жолдарды ұсынады. Бұл оқушыларға өз білімін, іскерлігін, дағдысын бағалауға қолайлы жағдай туғызады.

Өзектілігі: Quizlet - бұл ақысыз сервис. Оқыту карточкалары түрінде ұсынылатын кез-келген ақпаратты есте сақтауға мүмкіндік береді. Деректер қорынан дайын материалды іздеуге немесе интерактивті материалды өзіңіз карта түрінде дайындауға болады. Картаға суреттер мен аудио файлдарды қосу және осы материалды есте сақтау үшін интерактиві жаттығулар мен тапсырмаларды ойын түрінде құрастыруға болады. Сервиске кіру үшін сіз Google немесе Facebook арқылы тіркелуіңіз немесе кіруіңіз керек. Quizlet қосымшасында оқушыларға модульге / курсқа сілтеме жібере аласыз немесе оларды мұғалімнің аты-жөні бойынша таба алады.

Мақсаты: Жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы жеке тұлғаны бағыттап оқыту, нәтижелілігі мен сапасын жоғарылату.

Міндеттері:

- білім беруді ақпараттандырудың даму тенденцияларын зерттеу мен оған сәйкес білім мазмұнын анықтау;

- педогог мамандардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз қызметтеріне енгізуіне байланысты ұйымдастыру жұмыстарының жүйесін жасау;

- ақпараттық - коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылардың ақпараттық мәдениетін, даму деңгейін, іскерлік дағдыларын қалыптастыру, таным көкжиегін кеңейту;

Тәжірибенің ерекшелігі:

Қазіргі кезде мен Quizlet қосымшасын қазақ тілін оқытуда белсенді қолданамын. Ерекшелігі:

1) Қосымшаны сабақта мұғалімнің көмегімен де, компьютер сыныбында, телефонда, үйде де қолдануға болады;

2) Қосымшада ұсынылған тапсырмалар жаттығу және бақылау сипатында да беріледі;

3) Оқушы өзіне қиындық туғызған мәселелерді анықтап, қазақ тілінің белгілі бір бөлімі бойынша түсінбеген материалын қайталауға және өз біліміндегі олқылықтарды жоюға мүмкіндігі бар;

4) Оқушы кез-келген уақытта лексикалық тақырыпты еске түсіріп, «анықтамалық» жүйесін қолдана отырып, бейтаныс терминді біле алады;

5) Қосымша тіл құбылыстарын сипаттайтын мысалдармен танысуға мүмкіндік береді;

6) Білім алушыға жеке оқу қарқынын өз қалауынша таңдауға мүмкіндік береді;

7) Электронды оқыту формасында кері байланыс алу мүмкіндігіне орай оқушының өзін-өзі бақылау сипаты да айтарлықтай өзгереді. Әр оқушы тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап береді. Ол өз жауаптарын, жаттығуларды берілген тапсырманың дұрыс шешіммен, жауабымен салыстыра алады. Ал қате болған жағдайда дұрыс жауапты анықтай алады.

8) Білім алушылардан сауатты жазу дағдыларын меңгертуде және бақылау мақсатында қосымшаны пайдалану әсіресе тиімді. Сауатты жазу үшін

орфографиялық және пунктуациялық ережелерді білу аз. Ең бастысы – «автоматтандырылған сауаттылықты» дамыту.

Тәжірибе 2 жылдан бері іске асып келеді.

Нәтижесі: 2022-2023 оқу жылындағы оқу сапасының көрсеткіші – 90%, 2023 жыл – Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 пәнінен облыстық пән олимпиадасының жеңімпазы - I орын.

Тәжірибені басқа педагогтер, мектептер қалай қолдануы керектігі туралы кеңестер?

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, оқу материалын меңгеру сапасы ақпараттарды алудың жолдары мен оқушының белсенділік деңгейіне тікелей байланысты екені айтылады. Оқу үдерісінде оқушы оқыған материалының 10 %-ын, естігенінің 20%-ын, көргенінің 30%-ын, ал өзінің белсенді әрекетімен жасағынының 90%-ын меңгереді екен. Демек, қазіргі мұдьятимедиялық бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы қабылдаудың осы аталған барлық формаларын бірден іске қосуға болады.

Мұғалімдерге ең бірінші сайтқа бірнеше процедураларды орындап тіркелу керек. Тіркелгеннен кейін сізді - сіздің жеке аккаунтыңызға жібереді. Мысалы, менің өз аккаунтым: Өз акаунт парақшаңызда оқушыларыңызға қандай тапсырма құрастырасыз соны таңдау керек болады. Оқу материалын жасау жаңа оқу модулін құрастырудан басталады. Сіз модульдің атын, содан кейін терминдер мен анықтамаларды енгізуіңіз керек. Word, Excel, Google құжаттарынан және т.б. жай ғана көшіріп, қою арқылы деректерді импорттайсыз. Сондай-ақ, әр тапсырмаға анықтама және сәйкес сурет автоматты түрде ұсынылады. *Карточка режимі.* Оқушылар барлық карталарды көреді, терминдер мен анықтамаларды қайталау үшін оларды аударады. *Есте сақтау режимі.* Модуль материалын игеру негізінде жеке оқу жоспары құрылады. Кезеңді аяқтау үшін әр сұраққа екі рет дұрыс жауап беру керек. Әр кезеңнің соңында барлық терминдер оларды меңгеру деңгейіне қарай топтастырылады: «танысу» дегеніміз оқушының бір рет дұрыс жауап бергенін және екі рет «білдім» дегенді білдіреді. Бұл режимде барлық карталарды есте сақтаудың мерзімін белгілей аласыз, прогресті бақылап, қосымшадан ескертулер беріледі. *Жазу тәртібі.* Терминнің анықтамасы немесе суреті беріледі және оқушының материалды қаншалықты жақсы білетіндігі және жазбаша қателіктер жібергендігі бағаланады. Студент бірінші кезеңді аяқтағаннан кейін екінші кезең басталады, онда бірінші кезеңде қате жауап берілген сұрақтар пайдаланылады. Жазу тәртібін аяқтау және нәтижелеріңізді көру үшін әр сұраққа екі рет дұрыс жауап беруіңіз керек. *Емле режимі.* Естіген терминдерді жазу керек.

Қорыта келе, бүгінде әлемдік озық технологиялар мен жаңашыл ізденістер отандық білім жүйесінде кең қолданысқа ие болып отыр. Әрбір сабақтың әсерлігін және мазмұнын арттырып, оқушыға қызықты, жалықтырмай игеруге және сабақтың қарқыны мен барысын жақсартуға көмектеседі. Оқушылардың қазіргі замаңғы ақпараттық технологияларды меңгеруі өмірге жаңа көзқарасын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіреді, шығармашылық белсенділігін, ізденімпаздығын, сабаққа араласу белсенділігін арттырады. Оқушының жігерлілігін, өзіне деген сенімділігін және пәнге деген қызығушылық әрекеттерін қалыптастырады.



Рахимова Эльмира Ерсалимовна
Қостанай облысының білім басқармасының
«Қостанай қаласының білім бөлімінің
№1 мектеп-лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Үздік педагог – 2023

«Дана үкілер» әдісі оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тәсілі ретінде

Өзге тілді мектебінде мемлекеттік тілді оқыту үрдісінде мәртебесін көтеру үшін оқылым дағдысын ең басты активті дағдылардың бірі болып табылады. Бүгінгі оқушы үшін қандай дағдылар өзекті? Өзім орыс тілді мектепте қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болғандықтан, менің ең басты мақсатым- оқушының қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту, сабақ барысындағы іс-әрекет формаларының қажеттілігін түсіндіру. Оқушының сабақты оқымауының себебі- оның қажеттілігін түсінбеу деп ойлаймын. Мен оқыту үрдісінде теориялық білім берумен ғана шектелмей, оқушы бойында еңбек ете білу дағдысын қалыптастыруға, кретивті ойлауын, сыни тұрғыдан баға беруін жетілдіру қажет деп есептеймі. Оқылым – жазба тілдегі мәтінді түсіну, мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіну. Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтудан гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Бейтарап оқылым – оқушылар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу. Бұл оқушыларға мәтін түрлерінің ауқымы кең екенін, лексикасы мен мазмұны бай екенін көрсету үшін пайдалы болуы мүмкін, әрі оның балалардың сыныптағы оқуына жанама ықпалы бар екені сөзсіз. Мұғалім оқушыларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет. Белсенді оқылым – тілді оқытудың негізгі элементтерінің бірі, мұндай оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде бірқатар әдістәсілдерді қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Оқылым әдіс-тәсілдері 3 кезеңді қамтиды:

- оқылым алдындағы кезеңде – оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғу үшін, сонымен қатар, оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын және басқа да элементтерді қалай пайдалану керектігін үйренеді;

- оқылым барысында – оқушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, соның ішінде оқу жылдамдығын қалай арттырып, бейтаныс сөздердің мәнін қалай ажырату керектігін үйренеді;

- оқылымнан кейінгі кезеңде – оқушылардан қайталап оқуды, белгілі бір ақпаратты табуды және қорытындылауды сұрауға болады.

Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Қазақ тілді мектептердің мұғалімдері үшін негізгі мақсат олардың оқылымның тиісті әдіс-тәсілдерін өз бетінше анықтап пайдалана білуі болып табылады.

Тақырыптың өзектілігі: «Дана үкілер» әдісі арқылы мәтінмен жұмыс - оқушылардың логикалық бірізділік ойлау жүйесін, функционалды сауаттылығын қалыптастыру кепілі

Маңыздылығы: Функционалдық дағдысы дамыған оқушы «мәтіннен ақпаратты алу – оны түсіну, қысқарту, өңдеу, өзгерту үшін т.т. оқылым және жазылым дағдысын еркін қолдана алады». (А.А. Леонтьев).

Күтілетін нәтиже- мәтінмен жұмыс арқылы оқушы танысу, көріп оқу, зерделеу дағдылары қалыптасады.

Тәжірибенің міндеті:

- Мәтін – тілді оқытудағы негізгі құрал.
- Ол оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу арқылы жүзеге асады.
- сөздік қорын байыту мен еркін сөйлеуге үйрету
- өз ойын ашық, анық жеткізе білу дағдысын қалыптастыру

Тәжірибе ретінде оқушыларды оқу сауаттылығына жетелейтін, бүгінде қолданып жүрген, оқыту үрдісінде тиімділігін көрсеткен педагогикалық идеяны ұсынамын.

«Дана үкілер» әдісі белсенді оқылым түрлерін жүзеге асыру құралы. Білім алушыларға жеке не жұпта жұмыс жасауға, ақпаратты өз бетінше жинақтауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, шығармашылық жұмыс жасауда өте тиімді әдістердің бірі. Өйткені оқу сауаттылығы оқыған мәтінді түсіну, бағалау, қолданудан көрінеді. Оқу сауаттылығын анықтайтын компоненттер әрқайсысы жеке талдауды керек етеді.

«Дана үкілер» әдісі төмендегідей жолмен жүзеге асырылады:

Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз. Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз.

Таныс және таныс емес.

Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

Иллюстрациялық бейнелеу.

Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.

Үлгі боларлық қорытынды.

Оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма?

Талқылауға арналған маңызды тақырыптар.

Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табындар.

«Дана үкілер» әдісін жүзеге асыру барысында білім алушыларға ұсынылатын толыққанды мәтін келесі параметрлерді ескеруі қажет.

1. Орынды тілдік құралдар қолданылады;
2. Мәтіннің ақпараттық-мазмұнды, логика-композициялық, тілдік және эстетикалық (стилистикалық) элементтері автордың мақсатына сай, автордың айтатын ойымен оқырманның түсінігі, ойымен сәйкес келеді;
3. Мәтіннің мақсатына сәйкес айқын сөйлеу формулалары қолданылады;
4. Коммуникативті артық фрагменттер болмайды;
5. Классикалық үшбөлікті құрылым сақталады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды;
6. Композициялық бөліктердің үйлесімділігі ескеріледі;
7. Материал логикалық бірізділікте ұсынылады

«Дана үкілер» әдісінің әр кезеңінің маңыздылығына назар аударайық:

1. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері – мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларға анықтама беру- оқушылардың мәтін бойынша түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мәтіннен жаңа ақпаратты анықтап, өз сөздерімен бұл ұғымды қалай түсінетіндігін бағалайды.

2. Маңызды өмірлік, даналық (мәтіннің негізгі ойын) тұжырымын бір сөйлеммен білдіру арқылы білім алушы мәтіннің негізгі ойын анықтап, өз сөзімен қазақ тілінде тұжырымдайды. Өйткені мәтіндегі негізгі ой-автор айтқысы келген басты пікір. Оны дұрыс түсіну білім алушының оқу сауаттылығын дамытып, дұрыс оқып, мәтін мазмұнын түсінуге бағытталады.

3. Таныс және таныс емес (мәтіннен сізге алдын ала таныс болған және сізге мүлдем таныс емес) ақпаратты табу арқылы білім алушылар мәтін бойынша ақпараттың өзектілігін анықтайды. Мәтін мағынасын толық түсіну дегеніміз- мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оның ішіндегі жеке сөздерді түсінуі керек. Мәтіннен ақпаратты алуға тікелей бағытталады.

4. Иллюстрациялық бейнелеу арқылы мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба арқылы бейнелеп көрсетеді, мәтіннің басты идеясын көрсететін ақпаратты іріктеп алады, мәтіннен сұрақтың жауабы болып табылатын сандық, сипаттамалық, пайыздық көрсеткіштерді бөліп шығара алады, білім алушы негізгі/ қажетті ақпаратты анықтауға тырысады.

5. Үлгі боларлық қорытындыны шығару, яғни оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығару арқылы қазіргі уақыттағы мәтінде анықталған мәселенің өзектілігін анықтайды. Білім алушылардың оқыған мәтінін қаншалықты түсінгенін немесе түсінбегенін анықтау үшін ашық сұрақтар қойылды.

«Дана үкілер» әдісінде ақпаратпен жұмыс істеу бойынша нұсқаулық берілуі қажет:

- қарапайым критерийлер бойынша (ең төмен деңгей) мәтінде қажетті ақпаратты іздеу;
- көптеген критерийлер бойынша мәтінде қажетті ақпаратты іздеу;
- мәтінде қажетті ақпаратты іздеу, ақпараттың үзінділері арасындағы байланысты табу, таныс, қайшылықты ақпаратпен жұмыс жасау;

- жасырын ақпараты бар үзінділердің бірізділігі немесе комбинациясын іздестіру және бекіту, тапсырманы орындау үшін мәтіндегі қай ақпарат қажет екендігіне шешім қабылдай алу;

«Дана үкілер» әдісі ойлаудың бірнеше түрлерін дамытып, оқыған мәтінін тереңірек түсінуге көмектеседі. Ол үшін білім алушылардың әрқайсысы мәтінді өз бетінше оқып, оны топ ішінде, кейін сынып болып талқылайды. Мәтінге тілдік бірлік ретінде құрылым және мағыналық сипат тән. Сондықтан ол үш түрге бөлінеді (сипаттау, ойталқы, баяндау/әңгімелеу) Мәтін мазмұны бірнеше мағыналық -ақпараттық -пропозициялық, аялық білім, мәнмәтіндік ақпарат, прагматикалық компонентерден құралады.Тәжірибемен енгізген әдістің оқушының ізденіс жұмысының жанданып жатқанын байқатты. Сонымен бірге ойлау деңгейлеріне сай ой-пікірлері қалыптасты. Сабақтың жинақтау бөлігінде қолдануға болады.

«Дана үкілер» әдісі оқушыларды қорытынды аттестаттау дайындық ретінде облыстық, қалалық семинарларында тәжірибені тарату бойынша тиімді үрдіс ретінде таныстырдым. Өйткені 9,11-сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша қорытынды аттестаттауда оқылым және жазылым дағдысы негізге алынған. Меніңше, оқу сауаттылығын дамыту оқумен ғана емес, жазумен бірге қабаттасып жүрген жағдайда жақсы дамиды.Өйткені оқушы өз мәтінін құрау үшін оның идеясын, құрылымын ойластырады.Өзі жазады,қайта қарайды, редакциялайды.Сонда оқу мәтіні бойынша алған білімін жазылым үстінде бекітеді. Оқушыларды мәтінмен жұмыс жасауда «Дана үкілер» әдісі ақпаратпен жұмыс толыққанды жұмыс жасауға жағдай жасайды. Мысалы, қорытынды аттестаттау барысында оқушылардың білім сапасын сараптауда 2021-2022 оқу жылын 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда динамика +8 пайызды құрайды.

Тәжірибенің тиімділігі:

- Мәтінді түсініп оқу арқылы оқушылардың оқуға деген құлшынысын арттырады.
- Оқушылардың сауаттылығын арттырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады.
- Материалды белгілі бір жүйемен беруді ұйымдастырады.
- Оқу процесін орындау қарқынын арттыруға мүмкіндік береді.
- Әрбір оқушыны сабақтың барлық кезеңінде де жұмысқа белсендіреді.
- Оқушының білім, білік, дағдысын қалыптастырады.



Рыскелдиева Гульмира Даулетказиевна
Алматы қаласы
«Шона Смаханұлы атындағы №62
гимназия» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Үздік педгог-2015»

Мәтін арқылы мақала жазуға үйрету

Жалпы «жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жазылым және оның ішкі дағдылары оқу бағдарламасында нақты көрсетілген. Соның бірі – оқушыларды әртүрлі жанрда мәтін құрастыруға үйрету. Бүгінгі мақалада мәтіндер идеясы арқылы мақала жазуға үйрету мәселесі қозғалады. Негізгі объекті – 9-сынып, себебі осы сынып оқушылары қорытынды аттестаттау кезінде берілген екі мәтін аясында не мақала, не әңгіме, не эссе құрастыра білуі тиіс. Осы тақырып аясындағы тәжірибем 2020 жылдан басталған болатын. 2020-2021 оқу жылында Алматы қаласы Білім басқармасы ұйымдастырған «XXI ғасырдағы ұлттық сана және білім беру: заманауи педагогтің көзқарасы» тақырыбындағы педагогикалық оқуда II орын иеленді.

1. Туындаған мәселе

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде оқушыларға әртүрлі жанрда мәтін құрастыруды үйрете білуім керек. Ол бағдарлама бойынша әр сыныпта әртүрлі. Жалпы оқушылар мақала жазуға үйренуді 7-сыныптан бастайды. Десек те бұл жанрдың ерекшелігін оқушы бойына сіңіру оңай емес. Оқушылар мақала жазуда ойды қарапайым сөздермен жеткізу, жеке көзқарасты жазып кету, оқырманды сендірудегі ой мен сөздің әлсіздігі, оқушылардың сыни ойлау, яғни мәселені барлық қырынан талдауға қарым-қабілеттерінің жетіспеуі, дәлелдемелерді тиімді қолдана алмау сияқты қиындықтарға тап болады. Мен осы мәселені күнделікті сабақта оқулықта берілген мәтін идеясы арқылы және тілдік құралдарын меңгертуде сол сыныптың грамматикалық тақырыбын пайдалану арқылы іске асырамын деп шештім.

2. Шешім, инновациялық процесс: Қалай:

Ең алдымен, сол сыныптың тақырыбы мен оқу мақсатына сәйкес мәтінді оқу және талдату, мәтін идеясынан идеялар туындату мақсатында топтық жұмыстар беру. Онда олар ақылдаса отырып, осы мәселеден туындайтын идеяларды және өздері жазатын мақаланың тақырыбын анықтайды. Оқушылар мәтінді талдау барысында оның негізгі элементтерін анықтай отырып, мағыналық бірлігін, автордың ойын, жасырын жатқан ойларды тауып, өз пайымдауына сүйеніп, өз ойын қорғайтын дәлелдерді меңгерді. Мақаланың тілдік құралдарын сол сыныптың грамматикалық тақырыбына сүйене отырып жүргізіп отырдым. Салалас құрмалас сөйлем түрі болса, алдымен сол тақырыпқа сөйлем құратып, одан кейін сол сөйлемді перифразалап, ойды әсерлі жеткізу үшін тұрақты тіркестерді қолдануға басымдық бердім. Бұл мәселемен оқушыларды жеке бағалап отырдым. Енді

сол тілдік құралдарын мақалада қолдануын ұсындым. Сонымен оқушылар мақалаға идея жинады, тақырыбын анықтады, тілдік құралдарын дайындап алды, содан соң дескриптор бердім. Оған: мақала тақырыбын табады; мәселе көтереді; мәселенің шығу себептерін айқындайды; мәселеден шығу жолдарын көрсетеді; оқырманды қызықтырады; құрылымды сақтайды; сөз санын сақтайды. 10 балдық жүйемен бағалап отырдым, қалған 3 балл сауатына грамматикалық объектіні қолдануына берілді.

3. Жаңашылдығы

Мақаланы жанрдың ерекшелігіне сай үйрету және оқушылардың қабылдау деңгейін ескеру. Құрылымға үйретуде графикалық органайзердің көмегіне жүгіндім. Мысалы, эссе жазуда тезис маңызды болып және қорытынды бөлімде оған қайта оралу міндетті болса, мақалада көтерілген мәселе маңызды, автор сендіріп, иландырып, өзінің бастаған ісіне жұмылдырып аяқтайды. Тек қана құрылым емес мақаланың басты қаруы – сөз. Сөзді жұмсай білуге, жай сөз емес әсерлі сөзді қолданудың жолдарына жетеледім. Публицистикалық мақаланың басты талаптарына сай дескриптор арқылы оқушыны дұрыс жолға түсіру, нақты қадамдар жасау да жұмыстың жаңашылдығын айқындайды.

4. Өзектілігі

Мәтін несімен ерекшеленеді? Ол мағыналық және құрылымдық аяқталуымен, автордың ақпаратқа көзқарасымен ерекшеленеді. Ал шығармашылық ше? Ол – оқушының стандарттан тыс ойлау мен шешімдер қабылдаудағы терең қасиетін көрсететін қабілеті. Сонда шығармашылыққа мәтін арқылы алып келу жолымен өзекті. Оқушы осы арқылы мақала жазуға ғана үйреніп қоймай, мәтіннің жасырын мағынасын, мәтіннің тілдік құралдарын анықтайды, қолдануға үйренеді, мәтінге ақпараттық ізденіс жүргізеді, қажетті ақпараттан идея туындатады. Сонымен қатар 9-сынып оқушылары қорытынды атесттауда берілген екі мәтіннің идеясын қолданып не мақала, не әңгіме, не эссе жазуы тиіс. Оған дайындық, әрине, күнделікті сабақтан басталады.

5. Ғылымилығы

Әдебиеттанушы ғалым М.С.Черепановтың айтуы бойынша «Мақала дегеніміз – публицистикалық жанрдың ерекше түрі. Ол мәселені оқырманға тарту ету, теориялық және жалпылама деректер мен құбылыстардың сараптамаларын беруімен сипатталады». Мұнда оқушыларға мәселе көтеру және оны оқырманға әдемі, әсерлі жеткізу, жеткізіп қана қоймай, мәселенің себептерін, салдарын айтып өтуді басшылыққа алынды. Оқушыларға үйретіліп жатқан публицистикалық мақала болғандықтан, сол жанрдың ғылыми негізіне сай жүзеге асты. Публицистикалық мақала қоғамдық-әлеуметтік және саяси маңызы зор оқиғалар мен құбылыстарды, дәуір тынысын көтеріңкі үнмен, көркем тілмен баяндайды. Оқушылар мәтінде көтерілген мәселелерді өмірмен байланыстырды, әр жағынан қарады, салыстырды, көркем тілмен баяндауға тырысты.


6. Практикалық маңыздылығы

Көбінесе күнделікті оқулық мәтінінің мүмкіндіктері пайдаланылды. Мақала жазу аясында оқушылар құрмалас сөйлемді өз жұмыстарында қолдануға машықтанды. Мәтін талдау барысында сыни ойлау дағдылары


	Ерасыл Ш.											
	Алихан											
	Динара											
	Айым											
0	Димаш											

Рефлексияны сауалнама түрінде алдым. Жалпы мақала жазу үшін оның талаптарын білу маңызды. Оған: мақала тақырыбын табу; мәселе көтеру; мәселенің шығу себептері; мәселеден шығу жолдары; оқырманды қызықтыру; құрылымды сақтау; сөз санын сақтау. Осы қадамдарды сауалнама сұрағы түрінде алдым. Нәтижесі төмендегідей болды:

9 «А» сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысы



9 «Б» сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысы



Барлық сынып үшін де ең қиыны оқырманды қызықтыру болып отыр. Оқырманды қызықтыра білу үшін оқушы эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолдана білу керек. Оны оқушыларға үйрету үшін лексикалық тақырып бойынша түсіндірмелі, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді ойы терең, әсерлі сөйлемдерге айналдыру жұмыстарын жүргіздім, себебі бағдарлама бойынша грамматикадан салалас құрмалас сөйлем түрлерін меңгертіп жатқан болатынмын. Мысалы:

Сөйлем түрі	Сөйлем	Перифразалау (ойды әсерлі жеткізу)
Түсіндірмелі салалас	Дүниеде әркімнің бір қалағаны бар: біреу үй алуды мақсат етсе, екіншісі бақытты отбасы болғысы келеді.	Дүниеде әркімнің бір қалағаны бар: біреу құтты қонысына қонуды мақсат етсе, екіншісі отау тігіп, түгін түтетіп , бақытты болғысы келеді.
Талғаулы салалас	Қазір әлемде бала басты орында емес. Олар үшін жұбайлардың бір-біріне адалдығы маңызды немесе жақсы тұрғын үй, материалдық құндылықтың болуын алдыңғы орынға қояды.	Әлем жастары үшін өзегін жарып шыққан перзент маңызды емес. Олар үшін ерлі-зайыптылардың бір-біріне адалдығы маңызды немесе опасыз дүние мен баспананы алдыңғы орынға қояды.
Кезектес салалас	Радиодан АҚШ халқының біресе бүгінгі саны айтылды, біресе оның демографиялық өсім жағынан келешегі қозғалды.	Әуе толқынында кәрі құрлық халқының бүгінгі өсімі біресе дәріптелді, біресе оның келешектегі болжамына шақырылған қонақтар таңқалысты.

Эмоционалды-экспрессивті сөздерді көбінесе тұрақты тіркестер мен ауыспалы мағыналы сөздер және риторикалық сұрақтар, мақал-мәтелдер, қаратпа сөздер беретінін ескертіп отырдым. Осы мәселені шешуде күнделікті сабақта Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігін» пайдаландым. Келесі сабақтарда оқушылардың мақала жазуға төселіп қалғанын байқадым. Қазақ тілі «Мектеп» баспасы оқулығының 59-60-беттердегі мәтіндерде әлем халықтарының саны және олардың көбею деңгейі туралы айтылған. Мәтін идеясын қолдана отырып, оқушылардың жазған мақалалары:

<p>Сан жағынан неге азбыз?</p> <p>Кез келген ұлт өзінің көптігімен әлемді мойындата алады. Қазақ елі осы сан жағынан «жалғыздың үні шықпастың» кейпін танытады. Әлемде жер көлемі жағынан 9-орын алсақ та, халық саны жағынан 62-орындамыз. Бұл жетістік пе? Жетімдік пе? Осы тығырықтан қалай шығамыз? Статистикаға сүйенсек, кәрі құрлықта әр 11 секундта халық саны 31 адамға көбейіп отырады екен. Эмиграция мен табиғи өсімі жоғары мемлекеттер дамыған болып саналады. Егер де мемлекетімізді экономика жағынан алға қарай дамытып, халықтың тұрмыс-тіршілігіне нәр беретін болсақ, адам саны да артар ма еді?</p> <p>Даму жағынан кенже қалды деп мемлекетімізді тастап та кетуге болмайды. Жағдайды түсініп, өз еліңе,</p>	<p>Эмиграция керек пе?</p> <p>Бұл заманда даму сатысы жағынан әр мемлекет әртүрлі. Адамдар бір мемлекеттен екінші мемлекетке қоныс аударады. Эмиграция түрлі мақсатпен жүзеге асады. Біреулер көшуге мәжбүр, ал бәзбіреулер өз елін ұнатпай кетеді. Сонда эмиграция қазаққа керек пе?</p> <p>Мәселе – кәрі құрлықтың эмиграция есебінен өз халықының санын көбейтіп отыруында. Ол жерде әрбір 11 секунд сайын адам саны молайып отырады екен. Біздің еліміз осы мәселеге көңіл аударуы керек. Сыртқа кетуге тыйым болса екен деймін. Нақты 2 ұсыныс айта аламын. Бірі – шектеу қою. Екіншісі – халықтың тұрмысын жақсарту. Егер депутаттар даму жолына кіріссе, эмигранттар тіпті болмас еді. Ал сіздің ойыңыз қалай, оқырман?</p>
---	---

кіндік қаның тамған жерге сен де үлесіңді қос! Біз берлескен кезде гана халықаралық аренада өзімізді көрсете аламыз. Тек бірге! Асантегі Айзере

Арман Марат

Бұл жерде оқушылар тақырыпты да өздері қояды. «Жақсы қойылған тақырып – мақаланың тең жартысы» деген қағиданы ұстанып, оқушыларды мақалаға қызықты тақырып қоюға жетеледім. Оқулықтың 79-80-беттегі «Сіздің ұғымыңызда Бас редактор деген кім?» тақырыбындағы публицистикалық стильде жазылған мәтін бойынша жазылған төмендегі жұмыста оқушы мәтін идеясын, тілдік құралдарын пайдалана отырып, бүгінгі заман адамдарын газет-журнал оқуға шақырады.

Оқушы жұмысы

Редактор еңбегі бағаланып жатыр ма?

Бұрын газет-журналдардың жаңа нөмірлерін ел асыға күтетін. Ал қазір ше? Оны оқитын оқырман саны кемде-кем. Бұл ащы болса да шындық. Газет қазір оқитын емес, терезе, айна сұртетін сүлгі. Сол газет-журналды кім қалай, қандай еңбекпен жазып, шығарып жатқанын білесіз бе? Бірі білсе, бірі білмес, бірақ осындай галамат еңбектің артында редактордың үлесі зор. Бүгінгі күні осыны білу маңызды. Неге? Себебі газет-журнал оқитын адам саны азайды. «Бекер ақша құртып не қыламыз? Жаңалықтың бәрі телефонда тұр емес пе?» деушілердің саны көбейіп барады. Осы жерде біз адасушылықты байқаймыз. Газет-журнал тек жаңалық оқу үшін гана керек пе? Олардың басқа да пайдасы бар. Мысалы, балаларға арналған журналдарды алайықшы, оларды қызықтыратын дүниелер толып тұр. Осының бәрін іріктеп, дайындап тексеретін «погонсыз генерал» редактор. Оқырманға барыниша қызықты етуге тырысытаны да «атақ дәрежесі жоқ галым» редактор. Осының бәрінің шешімі не екенін білесіз бе? Ол жай гана лоторея не басқасына жұмсайтын ақшаңызды осы бір газет не журналға жұмсау болып табылады. Сіздің бір бет болса да оқығаныңыз редакторды қуантып оған мотивация береді. Еңбегінің далаға кетіп жатпағынан көзі жетеді. Газет-журнал оқығаннан ақымақ болып қалмайсыз. Керісінше, білімің артады. Міне, бәрі осылай, қарапайым гана әрекет. Редактор еңбегін бағалайтын болайық!

Шерғали Нұрай

Сонымен қатар 9-сынып «Мектеп» баспасы оқулығының 134-бетіндегі теледидар туралы мәтінді оқыған кезде жазған шағын мақалаларының үлгілеріне қарасақ, әр оқушы мәселенің әр қырынан келгенін байқауға болады.

Теледидар қай жерде орналасқан?

«Сізден теледидар қай бөлмеде орналасқан?» десе не дер едіңіз? Бұл сұраққа 50 пайыздай адам «қонақ не ас бөлмеде» деп жауап беретіні анық. Ғалымдар оның ас бөлмеде орналасуын, адамды семіздіке әкеледі деп сендіреді. Теледидарға кіріп кетіп, не жеп, не ішкенін ұқпай қалады. Бұл адам ағзасына аса қауіпті. Себебі тамақты шайнап, асықпай дәмін сезініп жеу керек. Бар назары

Көгілдір экран шырмауы

Иә, әрбір адам көгілдір экраннан не көрсе де, таңдап өз қалағанын көреді. Әрине, экранда тек пайдалы бағдарлама шығады деп айтуға аузым бармайды. Мысалы, «Қалаулым», «Кел, келінім», «Астарлы ақиқат» айта берсең, аузың талады. Бұларды жайдан жай айтып жатқан жоқпын. Етегі тұрмақ барлық жері ашылып, қырықпышақ болып төбелесіп шашатасып жатқан ару әкпелерімізден не тәрбие мәнін алайық.

<p>теледидарда отырған адам оны елемейді. Оны шешу жолдары: теледидарды ас бөлмеге қоймау, тамақ уақытында ұялы телефонға қарамау. Өз денсаулығыңыз өз қолыңызда, болашағыңыз туралы ойлан. Ұйықтайтын бөлмеден де аулақ ұстаңыз. Зиянды радиациялар бөлінеді әрі адам миынына әсер етеді.</p> <p style="text-align: right;">Ескентегі Абылай</p>	<p>«Оян, қазақ» деген ойлы сөзді әр қазақ білгенмен, есті сөзді ескеріп жатқан ешкім жоқ. Таң азаннан қосып қойып, қатарынан көре беретін көрерменді талғампаздыққа шақырамын. Дәл осындай бағдарламаларды көрсеңіз, оны көрмей, өткізіп жіберуіңізге сіздің әбден мүмкіндігіңіз бар.</p> <p style="text-align: right;">Бостандық Ақбота</p>
---	--

Оқушы жұмысы

Теледидар керек пе?

Иә, теледидарға тәуелділік. Бұл қазіргі заманның паразиті. Осы бір қара жәшік әрбір үйде бар. Қосулы тұрған соң, қаласаң да, қаламасаң да бір қарап өтесің. Ал ол біртіндеп тәуелділікке алып келеді. Көп уақытын керексізге телміріп өткізіп алатынын да ұқпай қалады. Мысалы, 5 миллион француз күніне алтын уақытының 7 сағатын теледидар көруге жұмсайды екен. Ол уақытты жалмағанымен қоймай, денсаулығыңызды да алып қояды. Бас ауруы, семіздік, соқыр болу сияқты ауруларды жасап аласыз. Теледидарға телмірудің де себептері бар: керек пе керек емес пе, әйтеуір ақпарат алу және уақыт өткізудің амалы. Жұмыстан шаршап келген адам ойланбай демалығысы, бас қатырмай уақыт өткізгісі келеді. Қиялын ұштайды, армандауға үйренеді. Осы айтылған үш себептің зияны да, пайдасы да бар. Зиян жағын көріп қалсаңыз, оған теледидарды кінәламай, өзіңізді кәналаганыңыз жөн болады, ағайын!

Уәли Анель

Қорыта айтқанда, мақала жазуға үйрету кезінде берілген мәтіндердің стилі әралуан. Оқушылар соған қарамастан, идеядан идея туындатып аталған жанрды жазуға талпыныстар жасады. Осы жерде мен оқушыларға берілген нақты кері байланыстың өте пайдалы екендігін түсіндім. Қазіргі оқытудағы «Егер мұғалім оқу үдерісінде кері байланысты тиімді ету туралы ойланатын болса, онда оның ұсынған кері байланысы білім алушының оқудағы жетістіктерін мадақтауға емес, жетілдіруге бағытталған болу керек» деген ойлардың дәл екенін байқауға болады. Сонымен бірге мәтінді сын тұрғысан талдауға, мақалаға тақырып қоя білуге, тілдік құралдарын таңдап қолдануға, құрылымға, дескриптор арқылы нақты кері байланыс беруге аса үлкен мән бердім.



Расулов Жасур Бахтиярович
Кентау қаласы, мамандандырылған
«Дарын» мектеп-интернаты,
педагог-зерттеуші
«Үздік педагог-2022»

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ТИІМДІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ

Түйіндеме

Қашықтықтан оқытудың әлемдік және отандық тәжірибесінен бұл бағыттың білім беру саласында өзекті екендігіне көз жеткіземіз. Бірақ, қашықтықтан оқыту кезіндегі оқу нәтижелерін бағалау бағытында әдебиеттерге шолу жасау, қашықтықтан оқыту технологиясының белсенді қолданысымен оқытудың осы формасында оқу нәтижелерін бағалаудың тұрақты әдістемелік жүйесі жоқтығының арасында қарама-қайшылық бар екендігі айқындалады. Осы қарама – қайшылықты шешу зерттеу тақырыбын «Қашықтықтан білім беруде оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау тиімділігін жетілдіру» деп алуға және оның өзектілігіне негіз болды. Бұл ғылыми-зерттеу жұмысында қашықтықтан оқытудың негізгі әлеуметтік факторлары, проблемалары және маңызды мәселелері көтерілді.

Зерттеудің мақсаты жалпы орта мектептерде физика пәнін қашықтықтан оқытуда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін эксперименттік талдаулар арқылы дәлелдеу.

Ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында, қашықтықтан оқыту бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар, білім беру жүйесіне тән ұжымдық әдістер, жобалау әдістері қолданылып, компьютерлік желілер арқылы интернетжелі көмегімен таратылатын дәріс материалдарымен толықтырылды.

Қашықтықтан білім беру дәстүрлі сабақты ауыстыруға қабілетті екендігін дәлелдеу мақсатында көптеген зерттеулер жүргізілді. Алынған нәтижелер талданып, қашықтықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатындығы, әділ бағалануы, оқытудың арнайы құралдары жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген уақытта байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де оқуға мүмкіндігі бар екендігі анықталынды.

Зерттеудің мақсаты: Жалпы орта мектептерде физика курсын қашықтықтан оқытуда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін эксперименттік талдаулар арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің нысаны: Орта мектептерде физика курсын қашықтықтан оқыту үдерісі.

Зерттеудің пәні: Орта мектептерде физиканы қашықтықтан оқытуда оқу нәтижелерін бағалаудың тиімділігін жетілдірудің әдіс-тәсілдері.

Зерттеудің мақсаты, нысаны мен пәні зерттеудің келесі міндеттерін айқындауға мүмкіндік берді:

- қашықтықтан оқытудың ерекшеліктерін, маңызы мен мәнін анықтау, қашықтықтан оқытудың әлемдік және отандық тәжірибесіне талдау жасау;
- мектеп физика курсы қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың әдіс-тәсілдерін айқындау;
- физиканы оқытуда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау талаптары;
- қашықтықтан оқытуда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың мақсаттарын айқындау, мазмұнын анықтау;
- физиканы қашықтықтан оқытуда оқу нәтижелерін бағалаудың критерийлері мен әдіс-тәсілдерін айқындау және тәжірибелік эксперименттің нәтижелерін талдау.

Зерттеудің әдіснамасы: Бұл ғылыми – зерттеу жұмысы жүйелілік-іс-әрекеттік тәсіл, модульдік тәсіл, критериалдық тәсілдерін қолдану арқылы жүргізілді.

Зерттеу барысында келесі **зерттеу әдістері қолданылды:** теориялық, педагогика-психологиялық, әдіснамалық әдебиеттерге талдау жасау; мемлекеттік білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларын талдау; жасалынған модельді салыстыру және қорытындылау; білім алушылардың білім сапасын бақылау, анкеталау, алынған мәліметтерді статистикалық талдау сияқты эмпирикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- физиканы қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері, маңызы мен мәні анықталды;
- мектеп физика курсы қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың әдіс-тәсілдері айқындалды;
- физиканы оқытуда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау тиімділігін жетілдірудің моделі жасалынды;
- физиканы қашықтықтан оқытуда оқу нәтижелерін бағалаудың критерийлері айқындалды.

Зерттеудің теориялық мәнділігі: Бүгінгі таңда білім алушылардың қашықтықтан білім алуын бағалау қаншалықты тиімді екендігін көрсетеді. Біріншіден, асинхронды байланыс онлайн болған жағдайда, мұғалімдер әр баланың орындаған тапсырмаларын көре отырып, жеке кері байланыс пен түзетулерді кеңінен пайдаланды деп айта аламыз. Бұл баланың білімді меңгеру немесе қажетті құндылықтар мен дағдыларды меңгеру дәрежесі диалогта көрініс табатынын білдіреді. Нәтиже – қалыптастырушы бағалаудың бірінші функциясы. Сонымен бірге, оқушыны алға жылжыту үшін үнемі сындарлы және тиімді кері байланыс беріп отыру немесе қолдаушы орта құру қажет.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Егер, Ақпараттық технологиялық коммуникацияны білім жүйесіне енгізуді қолға алатын арнайы ұйым құрастырылса, онда оқытуға және шығармашылық жұмыстарға дайын, инновациялық технологияларды пайдалану біліктері мен икемдері қалыптасқан мамандар дайындалады.

Зерттеудің міндеттері. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу және зерттеудің ғылыми болжамын тексеру үшін келесідей міндеттерді шешу қажет:

- Сабақтың әр бөліктеріндегі оқушының дайындық деңгейін анықтау;

- Оқушылардың қателіктері мен олқылықтарын айқындау, әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізу;

- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралау.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі алынған теориялық-әдіснамалық және практикалық процессте дәлелденуі, сонымен қатар зерттеудің ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, алынған нәтижелерге сәйкес зерттеу нысанына, теориялық тұжырымдаманың нәтижелілігімен, тәжірибеде алынған нәтижелердің дәлдігімен анықталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелері еліміздегі әлемдегі қашықтықтан білім беру үдерісін қолданған білім беру мекемелерінде қолдануға ұсыныс беріледі. Зерттеудің нәтижелері қашықтықтан білім беру жүйесінің кең өрісте қолданылуына, оның тиімділігін жетілдіруге, білім сапасын тұрақты түрде бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Дәл осы жағдайлар жалпы физиканы зерттеудегі Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың эксперименттік әдісінің негізін қалады. Диагностика барысында зерттеуде рейтингтік деңгей шкалалары да қолданылды, онда тәуелсіз танымдық іс-әрекеттің сипаттамалары мен сауалнамалар тізімі берілді. Оқу материалын іріктеу, оқу мақсаттарын ескере отырып жүзеге асырылды. Оқу материалын оңтайлы таңдау кезінде де, егер бұл материал дидактикалық тұрғыдан өңделмеген болса, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу қиын. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқушылардың шығармашылық танымдық дербестігін дамыту мақсатында материалды іріктеу кезінде біз мынадай критерийлерді басшылыққа алу қажет деп таптық:

1. Оқу материалының мазмұны оқушылардың танымдық процесті тұрақты деп тануына, болашақта олар осы процеске белсенді әсер ете алатындай жағдай туғызуы керек.

2. Білім беру ақпараты мазмұнының ғылыми сипаты абстрактілі ұғымдар мен жоғары деңгейдегі ойлау процестерін қажет ететін интеллектуалдық іс-әрекет әдістерінің дамуының алдында болатын жағдайларды жасауды көздейді.

3. Пәнаралық байланысты нығайтуға негізделген білім синтезі шығармашылықтың заңдылықтарын (қажетті көптүрлілік заңы, толықтыру және бәсекелестік заңы, ойын заңы, игерілу заңы т.б.) ескере отырып, нақты практикалық жағдайда оларды жалпылауды және тиімді пайдалануды көздейді.

10 -кесте. Сауалнама нәтижелері



Мамандандырылған «Дарын» мектеп интернат базасында 7-11 сыныптар арасында сауалнама жүргізілді, оның мақсаты оқушылардың оқу үдерісінде инфокоммуникациялық технологияларды қолдануға дайындық деңгейін анықтау болды. Яғни қашықтықтан оқытуда оқушыларды бағалау дәстүрлі бағалаудан тиімді екендігін дәлелдеу.

Оқушылардың басым бөлігі дәстүрлі бағалауды ауыстыруға қабілетті екендігін алға тартты. Дегенмен, білімді, білікті шәкірт өсіру үшін барлық жағдай жасалынуы керек. Ақпараттық технологиялық коммуникацияны білім жүйесіне енгізуді қолға алатын арнайы ұйым құрастыртылып, дұрыс жолға қоюға мұрындық болар еді.



Абрешова Жанар Батыргалиевна
Жетісу облысы Көксу ауданы Балпық
би ауылы
«Медеубай Құрманов атындағы №2
орта мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог-2023»

«Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы» RWCT стратегиялары

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір - түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выгодский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез – келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету. Қазіргі уақытта білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Себебі, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде ұстаз басты роль атқарған болса, қазір білім алушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ ұстаздың емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа дегенде көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Бұл бағдарлама басқа технологиялардан өзінің құрылымы мен ерекшеленеді. Сабақ жоспарының құрылымы үш кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің өзінің қызметі бар. Жалпы стратегияларының саны 80-нен асады.

Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырғанда нәтижесі жақсы болды. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

- 1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- 2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- 4) үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- 5) кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;

б) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

- Ал оқушылардан осыған байланысты:
- сенімділікпен жұмыс жасау;
- бар ынтасымен оқуға берілу;
- пікірлерді тыңдау, құрметтеу;
- өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет.

Тек сонда ғана олар:

- мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы осы мәселе туралы білетініме сәйкес пе?
- осы ақпаратты үйрене отырып мен бірдеңе жасай аламын ба?
- маған бұл жаңа ойлар, идеялар қаншалықты әсер етті? деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау- өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау- әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез – келген мазмұнға сын тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға сабақтарға үйрету. Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа деген де көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды.

«Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау.

Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен (ERR) тұрады:

I. Қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау) – Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың оянуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шындалып, аршылады. Сабаққа белсенділігі, ынта – жігері артады. Бұл

кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға итермелейді. Таңдап алынған стратегияларға байланысты өз бетімен білім алуға көмектеседі.

II. Мағынаны таныту (мағынаны ажырату) — Реализация– оқып жатқан тақырыптардың қажетін түсіну. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді.

III. Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) Рефлексия – тұжырымға келу, қорытындылау, жаңа білімді бекіту. Бұл бағдарламаның қорытынды үшінші кезеңінде үйренгенін саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, білімді бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Өзіне және сыныптастарына сын көзбен қарайды. Өздерін бағалайды. Оқып, білгендерін таразылайды.

Құрылым былай болуы да мүмкін: ER (ERR) R. Бұдан шығатын тұжырым: сабақ кезеңі тізбектей ғана емес, айналмалы циклді құрылым. Білім берудің маңызды шарты оқу үрдісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады. Ендеше, дәстүрлі сабақта оқушы мұғалімнің көмегімен білім алса, оқушы мұғалім білім сыни тұрғыдан ойлау сабағында оқушы білімге өзі жетеді, мұғалім тек бағыт беруші.

Мұғалім- СТО мен дәстүрлі сабақтарды салыстырсақ:

<i>СТО сабақтарда</i>	<i>Дәстүрлі сабақтарда</i>
Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жұмысты жақсы ұйымдастырады.	Оқушы бірден жұмысқа кірісіп кетпейді.
Өз беттерімен жұмыс істеу қабілеттері, белсенділіктері басым.	Белсенділік орташа, мұғалімнің көмегін керек етеді.
Шығармашылық қабілеттері артады, топтағы әр оқушының жауапкершілігі басым.	Шығармашылығы бірқалыпты, ынтымақтастарын білдіре қоймайды.

СТО - дамыту сабақтарының мақсаты біреу нақты сабаққа байланысты. Міндеттері үш түрлі болады. Олар: мазмұнға байланысты, СТО -ды дамытуға байланысты, топпен жұмысқа байланысты. Сабақ құрылымы үш кезеңнен тұрғанымен, ондағы қолданылатын стратегиялар ауыса береді. Ал, кейбір стратегиялар кезеңге нақты арналған. Сол себептен, орынымен пайдаланған ұтымдырақ болады. Сабақ кезеңдері байланысты қолданылатын стратегияларға тоқталып өтейік:

№	Сабақ кезеңдері	Қолданылатын стратегиялар
1	Қызығушылығын ояту	Болжау кестесі, Тірек сөздер, Венн диаграммасы, Т кестесі, Бір айналым күнделік, Блум таксономиясы, Миға шабуыл, Топтастыру

2	Мағынаны тану кезеңі	Т кестесі, Пікір — талас, Аквариум, INSERT, RAFT, ДЖИК СО, Куббизм, Геометриялық фигуралар, Бір айналым сұхбат, Түртіп алу, Жұпта талқылау, Бағытталған оқу, Талдау картасы, Топтастыру
3	Ой толғанys кезеңі	Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Т кестесі, Sinkuein немесе бес жолды өлең, RAFT, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат,

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз — философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткіздім. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жазу мен оқу арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктеріне тоқталайын:

РАФТ Бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге мүмкіндік бар: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Оқушы жұмысқа кіріспес бұрын мәтіннің мазмұнын жетік түсінуге тырысады, ол үшін оны бірнеше қайтара оқып, ой елегінен өткізеді. Рафт оқушылардың тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы эссе жазуға жетелейді, ресми іс қағаздары жөнінде түсініктері қалыптаса түседі.

Жуан-жіңішке сұрақтар: оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтар құрастырады. Бұл дегеніміз, оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені, оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Қосжазба күнделігі: мәтінде берілген оқиғаларға өзінің пікір жазады, ендеше, оның сөздік қоры молаяды, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады.

Осындай жұмыстар арқылы ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады, оқулықпен жұмыс істеуге, бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білуге дағдыланады. Бұл кестедегі көрсеткіштер арқылы СТО технологиясының мүмкіндіктері негізінде оқушының субъект ретінде қаншалықты өскенін аңғаруға болады.

«Қосжазба күнделігі» әдісі

Негізгі ақпарат (Өзгермелі ақпарат)	Қосымша ақпарат (Өзгеретін ақпарат)

Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс –тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы:

- Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды.
- Жұмыс пікірдің сапасына емес санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады).
- Барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы.
- Белгіленген уақыт сақталуы тиіс.

ДЖИК СО стратегиясы — ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Қолданылуы: Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады – бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді эксперт немесе жанұя топтарын құрады, яғни эксперт топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды. Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1 – бөлігін бірлер,

2 — бөлігін екілер, 3 — бөлігін үшіншілер, 4, 5- бөліктерін — бесінші және төртінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады.

INSERT немесе түртіп алу стратегиясы — түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» — білмеймін, «-» — мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды — деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

Куббизм стратегиясы – Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандайда бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады. Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды. 1, 2 – сыныптарда үш жағын ғана пайдалануға болады. Бастауыш сыныптарда түрлі – түсті түрде пайдалануға болады.

- **Sinkuein немесе бес жолды өлең стратегиясы** – оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады.

«Синквейн» әдісі арқылы оқылым мәтінінен алған ақпаратты жинақтай отырып, төрт түлікке баға береді.

1. Зат есім
2. Сын есім
3. Етістік
4. Синоним
5. Қорытынды сөйлем (Синоним, антоним, омонимді қолдану.)

Үлгі көрсетемін.

1. Ешкі (не?)
2. Ақ, сүтті (қандай?)
3. Жамырайды, секендейді, лақтайды (не істейді?)
4. Туша, бөрте, шыбыш, серке. (синоним)
5. Отар қойды көсем болып бастайды.

RAFT стратегиясы – оқушы қандайда бір объектіні алып, сол рольге еніп өз ойын жазады.

Бұл стратегияны қолдануда бала сол зат туралы ойын жазба түрде, бірінші жақта хабарлайды. Мысалы: Мен қазақтың қара қобызымын. Қорқыт пен қобыз – егіз ұғым.

Қазақ халық поэзиясында Қорқыт қазақтың ұлттық музыкалық аспабы – қобызды тұңғыш жасаушы ретінде жырланады. Қобызды жасаушы да, таратушы да – Қорқыт.

Мен адамның көңіл – күйін шектерім арқылы жеткіземін.

Мақсаты: оқушының сөздік қорын, әдеби, мәдени сөйлеу тілін, күрделі ойлау қабілетін дамыту. Себебі бала оқылып отырған мәтіннің кейіпкерлерінің мінез-құлқына, сипаттама бере отырып қорытынды жасайды. Жұмыс жұпта немесе топта орындалады.

Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да, жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданылған оқыту әдістерінде мұғалім басты орын алып оқушы тек тыңдаушы ғана болса, қазіргі сын тұрғысынан шындалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады.

Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары көп әрі

қолдануға ыңғайлы, жеңіл, тиімді. Іс – тәжірибе көрсеткендей СТО – технологиясын қолданып

жүрген сыныптың оқушыларының даму деңгейі жоғары болады, өзін ортада еркін ұстайды, жек

тұлға ретінде сезінеді. Өзіндік «Мені» дамиды. Оқушының ойлау қабілеті дамыған сайын, оқушы бойындағы өзіне деген көрсеткіші өседі.

«Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және «Тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге/үйретуге болады». Сондықтан сын тұрғысынан ойлау — өте күрделі маңызды құбылыс.



Салыбекова Бибигул Есимханкызы
Шымкент қаласы,
Ж.Аймауытов атындағы №64 мектеп-
гимназиясы, қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі:
«Үздік педагог -2023»

ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

«Жазба жұмыстарының сипаттамасы мен оның түрлері» тақырыбындағы әдістемелік құрал педагогтерге жазылым дағдысы бойынша жүргізілетін жұмыстардың үлгілері мен практикалық жұмыс түрлерін көрсетеді, әрі жазба жұмыстары түрлерінің теориялық түсіндірмесімен, өзіндік ерекшеліктерін нақтылап көрсететін құрал болып табылады. Тілдік дағдылардың ішінде, әсіресе, жазылым дағдысы 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын, оқушының нәтиже көрсететін дағдысы болып табылады.

«Жазылым» термині «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазылым біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады: бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады. Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. «Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Өзектілігі: «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі өзектілігі — қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану болып табылады. Әдістемелік құралдың түпкі негіздемесі білім алушының ауызекі тілде қарым-қатынас жасауымен қатар, жазба тілін дамытуды көздейді. Бүгінгі таңда мектеп мұғалімінің алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі — оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту мәселесі. Соның ішінде жазылым дағдысына келетін болсақ, жазылым төрт дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни, продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым

тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады. Ойлау негізінде жүзеге асыру, ойлау үрдісі арқылы жинақтау және талдау, мазмұн мен құрылымды үйлестіруді жүргізу, стильдік ерекшелікті ескеру, әдеби норманың дұрыс қолданылу ерекшеліктері жазылым дағдысына тән ерекшеліктер. Тақырыбы (мазмұны), яғни, ұсынылған тақырыптан ауытқымау, мазмұнын толық жеткізу, стильдік құрылымы, яғни, стильдік және жанрлық ерекшелікті ескеру, яғни, әдеби тілдік норманы ұстану — жазылым дағдысының негізгі компоненттері болып табылады. Бұл педагогикалық тәжірибе білім алушылардың сауаттылығын, жазылым дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдарын нақтылап көрсетеді. Оқушылар жазылым түрлері бойынша тапсырмалар орындауда кедергілер кездеседі. Сол кедергілер бойынша жұмысты жүйелеуде нақты алгоритмдік қадамдарды анықтайды. Әрі проблеманы шешуге бағытталған жолдарды көрсетеді. Осы әрекет менің педагогикалық тәжірибемді әзірлеуге себеп болған факторлар болды.

Мақсаты: Жазба жұмыстарының түрлері туралы теориялық мәлімет беріп, практикалық тапсырмаларды жүйелі орындауды қалыптастыру, жазылым дағдысын дәріптеу.

Міндеттері:

- оқу үрдісінде оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуды сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) **бірлікте қалыптастыру**;
- оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуда жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлерін айқындау;
- жазбаша сөйлеу тілін қатысымдық бағытта дамытудың әдіс-тәсілдерін айқындау.

Жазылым бұл оқушылардан үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруді талап ететін міндет. Дегенмен, оқушылар өздері меңгерген шеберліктерін үнемі көрсете бермейді, өйткені жазу барысында олар өз назарларын басқа дағдыға шоғырландырғандықтан, айталық, бай сөздік қорын көрсету мақсатында әдемі тілдік құралдарды қолданамын деп, тыныс белгісін назарсыз қалдыруы мүмкін. Жазылым үдерісін «жоспар-нобай-түзету-жетілдіру» түрінде модельдей отырып, әрі оқушыларға осы ретпен жұмыс істеуге жағдай жасай отырып, мұғалімдер оқушыларға кідіріс жасап, жазылым жаттығуы үшін талап етілетін барлық дағдыларға тоқталып, ойлануға мүмкіндік беретін жағымды ахуал қалыптастырады. Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды. Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі.

Тәжірибенің басты ерекшелігі мен артықшылығы бар. Жазылым – жүйелілік пен бірізділікті басшылыққа алатын сөйлесім әрекетінің ең күрделі

түрі. Сол себепті жазылым әрекетінде қолданылатын практикалық және теориялық жұмыстар оқушының тілін дамытуға негіз болады. Осыған орай, жазылым әрекеті арқылы оқушылардың тілін дамыту әдістемесі бүгінгі таңда күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы тәжірибелік жұмыс арқылы оқушылардан мәтінді талдау барысында күрделі дағдыларды меңгеруді талап ететінін аңғардым. Оқушының жазылым дағдысы арқылы жазбаша тілін дамыту үшін мұғалім өз бетінше жұмысты орындау алдында өзіндік ойын тұжырымдауға көмектесіп, бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар оқушылардың жазба жұмыстарында орфографиялық норманың сақталуына мән береді. Жазбаша жұмыстарды орындау алдында мұғалім жұмысты бағалаудың критерийлерін ұсынып, жұмыс орындалғаннан кейін оқушының мақсатқа жеткен-жетпегендігін анықтауға мән береді. Сол кезде ғана мұғалім оң нәтижеге жете алады. Мұнан шығатын қорытынды: интербелсенді әдістемені пайдаланып, дұрыс жүргізілген жазбаша жұмыстар оқушының қиялын ұштап, өзіндік тұжырым жасауға дағдыландырады, қағаз бетінде тек құрғақ жазу ғана емес, көркемдеп, әсірелеп жазуға үйретеді. Оқушыны өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарға, оқиғалар мен құбылыстарға байланысты ой қорытындылауға талпындырады. Тәжірибе барысындағы осы әрекеттер әдістемелік тұрғыда педагогтердің шеберханасын арттырады, білім алушылармен практика барысында жұмыс жүргізудің алгоритмдік қадамдарын көрсетеді.

Педагогикалық тәжірибелік жұмыстың өзіне тән мынадай басты ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- оқушының тілдік қарым-қатынас жасау барысында қызығушылығын оятады, яғни белгілі тілдік ортада өзін жайлы және еркін ұстауына әкеледі;
- оқу үдерісінде оның тілдік, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің оянуына түрткі болады;
- оқушының сабақ үдерісіне қатысатын басқа да тілдік тұлғалармен қарым-қатынасқа түсетін негізгі фигура ретінде белсенділігін оятады;
- мұғалім оның интеллектуалдық, шығармашылық мүмкіндіктерін толық ашушы тұлға ретінде интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы өздігінен білім алуына ықпал етеді;
- сабақта түрлі формаларда (жеке, жұптық, топтық, ұжымдық) сабақ өтуге мүмкіндік туады, т.б.

Бұл педагогикалық тәжірибе 2 жылдан бері іске асып келеді. Тәжірибе барысында қолдану арқылы нақты қадамдарды айқындауға септігін тигізді. Осы жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімге үлкен шеберлік қажет. Оқушы үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруі тиіс. Олар шеберліктерін, сөздік қорының молдығын көрсетеміз деп, негізгі мәселеден, немесе тыныс белгілеріне назар аудармай қалуы мүмкін. Сол себепті Жазылым кезінде оқушыларға үнемі қолдау көрсетіліп отырғаны дұрыс екенін байқадым.

- өз бетінше жазудың алдында – идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әртүрлі әдістерін үлгілеп көрсетеді және бастапқы нұсқаны жазу үдерісін ұйымдастырады;
- жазу барысында – оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын (тіркестерді таңдау), грамматикасы ережеге сай

екенін (мысалы, етістіктің шақтарын дұрыс қолдануы), сөздердің үйлесімдігін (байланыстырушы сөздердің қолданылуы) қадағалайды;

- жазып болғаннан кейін – жұмыстың алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды. Оқушыға жазғанын қайта қарап шығуға мүмкіндік беруі керек.

Жазылым барысында оқу үдемелілігін қолдану оң нәтиже береді деп есептеймін. Бұл кезде оқушы өзіне қажетті ақпаратты толық жинаған соң жазуға отырады. Жазылым үдерісі басталғанға дейін идеяны жан-жақты зерттеу қажет. Сондай-ақ оқу үдемелілігінде мұғалімдер жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымды тиімді қолданудың жолдарын қарастырғаны жөн. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым барысында оқушыларға жаңа сөздерді назардан тыс қалдырмай тіркестерді таңдауға, құрмалас сөйлемдерді қолдануға, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс байланыстыруға қолдау көрсетіліп, өз бетінше жазылымға алып келеді. Содан кейін оқушыға тапсырма беріледі. Сыныптағы оқушылардың деңгейін ескеріп, тапсырманы саралап берген дұрыс. Жалпы жазылымда баланы жазуға жетектеп алып келу керек.

Тиімділігі Жазылымға арналған сабақ құрылымын жүргізгенде мынадай нәтижелерге қол жеткіздім:

1. Өз бетінше жазудың алдында- идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әр түрлі әдістерін үлгілеп көрсетеді және бастапқы нұсқаны жазу үдерісін ұйымдастырады;

2. Жазу барысында-оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын (тіркестерді таңдау), грамматикасы ережеге сай екенін, сөздердің үйлесімділігін қадағалайды;

3. Жазып болғаннан кейін-жұмыстың алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексеріп, түзетеді, жетілдіреді.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтай отырып, оқушылардың жазылым дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, пәнге деген қызығушылықтарын арттыра аламыз.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары-продуктивті жазылым және жазылым үдерісі. Продуктивті жазылымда біз оқушыларға жазылатын жұмыстың үлгісін ұсынамыз. Бұл оқушыға қалай жазу керектігі туралы идеяны береді. Көптеген дерек көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы асықпай сөйлеп, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Сондықтан, мен оқушылар бойында осы жазылым дағдысын қалыптастыру мәселесі бойынша ізденіп жүрмін.

Күтілетін нәтижелер:

- оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, тілдесім) бірлікте қалыптасады;
- шағын әңгіме, мәтін, ертегі, әңгімені өз бетімен аяқтай алады;
- оқушылар құттықтау хат, жарнама, шақыру хаттарын жаза алады;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;

- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады.

Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең әуелі, сөздік қорға тікелей байланысты. Ал сөздік қор оқылым арқылы келеді. Оқушыларға жазылым дағдысын үйретуде оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдердің ықпалы мол екенін жоғарыда айтып өттік.

Мәселен, «Суретті сөйлету» әдісі оқушылардың сыни тұрғыдан ойландырып қана қоймай, олардың шығармашылықпен айналысуларына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, өз тәжірибемде «Кейіпкерге хат жазу», «РАФТ» стратегиясы, «Түйін сөз», «Талдау картасы» секілді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың жазылым дағдылары қалыптасқандығына көз жеткіздім. Сонымен қатар, былтыр жыл бойына зерттеу жүргізу барысында жазылым түрлері бойынша мына әдістер тиімді екендігіне көз жеткіздім. Жалпы тәжірибенің білім сапасына, оқу-тәрбие процесіне, білім алушыларға өз ойын емін-еркін жеткізуіне, сауаттылығын арттыруға, жазылым түрлерінің айырмашылығын тануға, әрі жұмыс барысында тиімді жазылым әрекетін жасауға пайда әкелгенін практика барысында аңғардым. Бұл әдістемелік құралдың педагогтер үшін тиімділігі 89% құрайтынын сауалнама алу арқылы анықтадым. Әрі оқыту семинарлары мен әдістемелік сағаттар мен шебер-сыныптарда жұмыстың маңыздылығымен таныстыру арқылы білім сапасының артуына қолдау көрсеткенін педагогтердің рефлексиялық жазбаларының байқадым. Мысалы, осы тәжірибені педагогтер қолдану арқылы әдістемелік тәжірибесі жетіліп, білім алушылармен жазылым тапсырмаларымен жұмыс жүргізудің нақты жолдарын айқындады, нәтижеге қол жеткізудің жолдарын таныды.

Тәжірибені басқа педагогтер, мектептер қалай қолдануы керектігі туралы кеңестер? Мектептерде педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі және шығармашылық мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе - оқыту, білім беру және тәрбие тәжірибесі, дәлірек айтсақ нәтижесі оқушының жеке тұлғалық сапаларынан көрінетін, белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс. Сондықтан тақырып аясында педагог теориялық тұрғыдан сауатты болса, практикалық жұмыстарды оқушыларға орындату, тапсырмалар топтамсын әзірлеу өте жеңіл болады. Ең бастысы - теориялық білімнің маңыздылығы деп ойлаймын.

Қандай мәселелерге мән беруі керек? Жазылымда әр тармақтың қажетті көлемі мен мақсаттарын анықтау үшін тақырыпты түсіну маңызды. Баяндалатын мәселе бірден тыңдаушының назарын аударатындай жазылған дұрыс. Жазба жұмысында жіберілетін басты қателік – көпсөзділік. Белгілі бір уақыт ішінде көлемді, ұтымды сөзбен бір ойды бірнеше рет қайталамай, тыңдаушыны шатастырмай, басты тақырыпты жасырын қалдырмай ашып баяндаған орынды. Екінші, ұзақ болып келетін сөйлемдер. Сөйлем көлемді, ұзақ болса, соншалықты, жақсы болады дейді кейбір ғалымдар. Бір-ақ бұл шындыққа жанаспайды. Ұзыннан шұбатылған сөз автордың дұрыстығын дәлелдей алмайды, ал қысқа сөйлемдер үнемі жақсы әсер қалдырады. Сондықтан көлемді сөйлемдерден кейін, қысқа жинақы сөздермен жалғастырып отырған жөн.

Қандай қиындықтар туындауы ықтимал, оларды қалай шешу керек? Қандай жағдайда қолданбау керек? Жазылым айтылған ойды белгілі бір кезеңге дейін қашықтықта сақтайды, жеткізеді. Жазылым - сөйлесім әрекетінің барлық түрімен байланысты күрделі психофизиологиялық үдеріс. Ол көру, есту, сөйлеу аппараттары мен дыбыс анализаторларын біріктіреді. Қазақ тілін деңгейлік меңгертуде жазылым оқытудың дербес және негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Қарапайым деңгейде графикалық және каллиграфиялық дағдыларды қалыптастыру, дыбыс пен әріпті сәйкестендіре жазу, орфографиялық дағдыларды қалыптастыру мақсат етіп қойылады. Тіл үйретудің негізгі деңгейінде орфография мен жазылым дағдысын дамыту, ал орта және ортадан жоғары деңгейлерде бұған дейін қалыптасқан жазылым дағдылары одан әрі дамытылады. Оқу мақсаттарына оқушының жазылым дағдысы мен біліктіліктерін қалыптастыруға арналған жаңа жаттығу-тапсырмалары қосылады.

Жазбаша сөйлесу дағдысын дамыту үшін тіл үйренушіге алдымен жазу техникасын меңгерту керек.

Жазу техникасы:

- графиканы үйрету;
- каллиграфияны оқыту;
- орфографияны оқытудан басталады.

Графиканы оқыту барысында дыбыс пен әріптің сәйкестігін меңгерту және әр әріптің түрлі функционалдық варианттарының арасындағы байланысты орнату мақсаттары іске асырылып отырады. Бұл аталған мақсаттарға қарапайым деңгейде қол жеткізіледі. Оқушының оқитын тілі мен үйреніп жатқан тілінде кейбір әріптердің графикасының сәйкес келуі де келмеуі де мүмкін.

Жазба жұмысын тексермес бұрын ұйымдастыру жұмыстарына баса назар аудару қажет. Мәселен, жазба жұмысында қарындашты пайдалану өте манызды. Олай дейтініміз, қарындаш оқушының қателігін өзі түзетуіне мүмкіндік береді. Сөйтіп оқушылар өзін-өзі бағалауы қалыптасады. Суммативті түрде де бағаланады. Жаңа әдіс-тәсілдерді ендіріп, дәстүрлі оқытуды ұмытпаған жөн. Әдетте, ойлау механизмдерін оқушыларға үйреткенде жазбаша жұмыстарға уақыт аз қалып жатады, ал тіл сабақтарында мұғалім 4 бағытта жұмыс жасайды. Олар: жазу, тындау, сөйлеу. Тындау мен сөйлеу ойлаумен тығыз байланыста, бұл байланысты табу оңай. Ал енді жазу мен оқуды дамыту мақсатына жүйелі жұмыс жасағанда ғана пайдалы уақыт табуға болатын сияқты. Орфографиялық дағды қалыптастыруда жазбаша жаттығу, диктант, мазмұндама және шығарма жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру жақсы.

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр, талантты да дара тұлғаны қалыптастыру ұстаздар қауымына жүктеліп отырған жауапты міндет. Бұл бағытта педагогтер қауымы әрбір 45 минут сабағын нәтижеге бағыттап өткізу үшін, педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, әртүрлі әдістерді тәжірибеде сынақтан өткізіп, өзіндік зерттеу жүргізуде. Нәтижесінде, оқушылардың сабақта белсенді жұмыс жасауына қолайлы орта қалыптастыратын, оқу мақсатына оңай жетуге көмектесетін және болашақ буын өкілдерінің бойынша өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыратын әдістер басқа әдістерден ерекшеленіп шығады. Әрине, әдістер өте көп. Дегенмен, ПТМС әдісін өз тәжірибесінде жиі қолданып, нәтижеге жеткен мұғалім тәжірибесін төменде ұсынылады.



Жұбанышев Әли Тыныштықұлы
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
Ақтөбе орта мектебі,
тарих және құқық пәндерінің мұғалімі
«Үздік педагог -2022»

Білім алушының өз ұстанымын қалыптастырудағы ПТМС әдісінің тиімділігі

1.Туындаған мәселе

Оқушыларды XXI ғасырда өмір сүруге, еңбек етуге және азамат болуға дайындау - оңай міндет емес. Жаһандану, жаңа технологиялар, ақпараттық толқын, нарықтық өзгерістер, елдер арасындағы бәсекелестік, саяси тұрақсыздық және экологиялық проблемалар - мұның бәрі оқушыларға XXI ғасырда қажет болатын білімді, дағдыларды дамытуды талап етеді. Қазіргі кезде өмір сүру күрделене түсті, біздің елімізде демократиялық құндылықтар дамып, әрбір жеке тұлғаның өз ұстанымдарын дәлелдеу және оны жеткізе білу талабы күн өткен сайын арта түсуде. Сонымен қатар, тиынның екі жағы бар демекші, кез келген тарихи оқиғаны екі түрлі көзқарас тұрғысынан қарай білу болашақ тұлғаға қойылатын негізгі талаптар деп айтуға болады. Бүгінгі мектеп оқушысы ертеңгі қоғамның толыққанды мүшесі. Олай болса, олардың өмірлік тәжірибелерінде кездесетін қиыншылықтарын жеңуге, өз мәселелерін өздері шешуге, саналы шешім қабылдауға дайын болуды үйретуді бүгіннен бастаған дұрыс. Алайда, тәжірибеде көп жағдайда оқушыларым өз пікірін, ұстанымын жеткізуде оқулық мазмұнымен шектеліп, өзіндік пікірін дәлелдеуге келгенде қиналатындығын жиі байқап жүрдім. Сабақ өткізу барысында оқушыларымның өзіндік ой қорыта алмау, сөз мағынасын ашып айта алмау секілді кедергілерді де кездестірдім. Сондықтан, бұл олқылықтың

орнын жою үшін үнемі сабағымда ПТМС әдісін жиі қолдануды дұрыс деп шештім.

2. Шешім, инновациялық процесс:

Қалай:

Оқушыларға алдымен ПТМС әдісін таныстырдым. Позицияны таңдауда неге басымдық беру керек екендігін түсіндірдім. Барынша сіздің дәлеліңіз немесе мысалыңыздың нақты болуы шарт екендігі айтылды. Сіздің мысалыңыз нақты болғанда позицияның басымдыққа ие болатындығына оқушылардың көзін жеткіздім.

Бұл не:

ПТМС әдісі позиция, түсіндіру, мысал (дәлел) және салдарды білдіреді. Алғашында оқушыларыма нақты үлгі ұсындым. Сол үлгінің негізінде бірнеше мәрте өз позицияларына байланысты нұсқаларды түсіндіріп көрді. Кейін оқушыларым өздері оңай позицияны анықтайтын деңгейге жетті.

1. **Позиция** (мен осылай санаймын,...)
2. **Түсіндіру** (Себебі, мен оны былай түсіндіремін...)
3. **Мысал** (...оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...)
4. **Салдар** (айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын...)

ПТМС әдісін терең үйреніп, дағдыланған оқушыларыма, әсіресе, сабақ соңын ПТМС әдісі арқылы қорытындылатуға тырысамын. Бұл әдістің тиімділігі сол, позицияны таңдауды оқушылардың өздеріне мүмкіндік беруге болады немесе қатар бойынша мұғалімнің өзі анықтайды. Сабақ соңында екі бағыттағы позиция бойынша сынып оқушылары өз тұжырымдары бойынша пікірталасқа түседі. Ескеретін нәрсе, позицияның оқу мақсатымен байланыста болғаны дұрыс. Сонда ғана біздің оқу мақсатына жетуге мүмкіндік туады. Мысалы, «Қасым хан тұсында Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайында өзгеріс болды/болмады», «Жылымық кезеңі» қоғамға маңызды өзгеріс әкелді/әкелмеді және «Тың игеру Қазақстан үшін тиімді/тиімсіз жоба болды». Жобада кемшіліктер көп пе әлде артықшылықтар көп пе? Оқушылар өз білімдеріне сүйене отырып, өз позициясын дәлелдеп шығады. Бұл әдістің тиімділігі: біріншіден, жеке, жұппен және топпен ұйымдастыруға болады, екіншіден, оқушы өз позициясын таңдауды үйренеді, үшіншіден, өз позициясына дәлел келтіруді үйренеді, төртіншіден, оқушы стандарты емес шығармашыл ойлаудың нәтижесінде өз ойын қорытындылауды үйренеді. Сонымен қатар, білім алушылардың арасында шағын пікірталас орнатуға мүмкіндік бар.

3. Жаңашылдығы

Бұл әдістің жаңалығы – тарихи оқиғаларға сыни тұрғыдан қарауға, жүйелі түсіндіруге, өз пікіріне дәлел келтіруге және тұжырымға қатысты қорытынды жасай білуге үйретеді. Сынып оқушыларының арасында шағын пікірталас орнатуға мүмкіндік береді. Әріптестеріме өз тәжірибесінде қолдану үшін ПТМС әдісінің мүмкіндіктерін насихаттауды мақсат еттім.

4. Өзектілігі

ПТМС әдісі қазіргі нарықтық қоғамның қатаң тәртібіне өткен кезеңде, еліміздің әрбір тұлғасы мектеп жасынан өз пайымын негіздей алатын, өз құқығын қорғай алатын және оған дәлел келтіре алатын толыққанды тұлға болып қалыптастыруда өзекті болып табылады. Азаматтық қоғамды қалыптастырудың бірден бір жолы деп білемін.

5. Ғылымилығы:

ПТМС әдісі сыни ойлауға, өз пайымын қорғауға және дәлел келтіруге негізделген оқыту әдісі. Бұл әдісті Оңтүстік Африканың заң профессоры Дэвид Маккойд - Мейсон әзірлеген. Бұл әдіс білім беру мекемелерінде тез әрі белсенді қолданылды, өйткені бұл білім алушының рефлексиясына бағытталған интербелсенді оқыту әдісі болды. Кейін, Ресейде бұл жүйені Санкт-Петербург заң институтының бірінші проректоры, «азаматтық білім үшін» қауымдастығының вице-президенті Аркадий Гутников жетілдірді. Қазірде Отандық зерттеушілер, педагогтер қауымы өз тәжірибелерінде жиі қолданатын әдістің біріне айналды.

6. Практикалық маңыздылығы:

ПТМС әдісін өз тәжірибеме 7 жылдан бері қолданып келемін. Бұл әдістің тиімділігі айқын сезілуде. Мысал ретінде бірнеше артықшылықтарды атап өтуге болады. Олар :

1. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды. (соңғы үш жылда білім сапасы 5 пайызға артып отыр)
2. Оқушыларым ұсынылған тұжырымға сәйкес себеп – салдарлы байланыс бар екендігіне маңызды дәлелдер келтіру арқылы қорытынды жасауды үйренді;
3. Ұсынылған тұжырымға сәйкес *ұстанымыңды қорғап қана қоймай, өзгенің балама ұстанымын түсінуді үйренді;*
4. Оқушыны тек мәселемен таныстырып қана қоймай, оған түсініктеме беруге ынталандырады;
5. Болашақта өзіндік ұстанымы бар, тұлға болып қалыптасуға негіз қалыптасады.

Меніңше, оқушыларымыздың бойындағы өмірге қажетті дағдылардың барлығы ПТМС секілді әдістер арқасында қалыптасып дамиды. Қазіргі құбылмалы қоғамдағы адамға қажетті басты дағды – hard skills, яки бір мамандыққа байланбай, жаңа дүниеге жылдам бейімделу екені түсінікті. ПТМС әдісі дәл осы дағдыны қалыптастыруға көп көмектеседі деп есептеймін. Сондай - ақ, оқушыларымызға қазіргі кездегі ақпарат деректерінің негізінде дәйекті қорытынды шығаруды үйренеді. Кез келген салада өзіндік ұстанымы бар көшбасшылыққа лайықты тұлға болып қалыптасуға ықпал етеді. Яғни, сыни тұрғыдан ойлайтын азаматтар ретінде қалыптастырады. Жалпы алғанда, ПТМС әдісі жалпы орта мектептің жоғарғы сынып оқушыларына тарих, құқық, әдебиет және география пәндерінен жоғарғы деңгейдегі оқу мақсаттарына жету үшін қолданса, тиімдірек болады. Сонымен қатар, сабақтың соңында сабақты қорытындылау үшін таптырмайтын әдіс. Төмен деңгейдегі оқу мақсаттары бар сабақтарға қолданбауға кеңес беремін.



Сағынғалиев Дәурен Наурызбайұлы

Алматы қаласы

М. Мақатаев атындағы №140 гимназияның

тарих және құқықтану пәні мұғалімі

«Үздік педгог-2023»

Блум таксономиясымен жұмыстанудағы «Педагогикалық шеңбердің» тиімділігі мен мүмкіндіктері

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында әріптестер жиі жүгінетін, әрі білім сапасын арттыруға бағытталған тәсілдердің бірі – Блум таксономиясы. Аталған таксономия білім алушылардың ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқу мақсаттарын деңгейлер түрінде ұсына отырып, педагог оқушылардың ойлау дағдыларының негізгі (білу, түсіну, қолдану) деңгейлерінен жоғары ойлау дағдыларына (талдау, жинақтау, бағалауға) дейінгі аралықты қамтитын іс-әрекеттерді жоспарлайтындығы белгілі. Оқу мақсаттарын жіктеу тұжырымдамасын меңгерген педагогтер үшін келесі маңызды қадам жасалған жіктеу бойынша тапсырмаларды таңдап, оны сапалы құрастыра білуі қажет. Таксономияның барлық деңгейлері бойынша тапсырмалар құрастырып, оны цифрлық ресурстармен ұштастыруда педагогикалық білімді, мазмұн бойынша білім мен технологиялық білімді өзара байланыстыра білетін тиімді қосымша қажет болды. Осы ретте мен «Педагогикалық шеңбердің» мүмкіндіктерін қолданып көрдім. Бұл табысты тәжірибе өздеріңізге де септігін тигізеді деп сенемін.

Case Study: Тарих пәні сабақтарында «Педагогикалық шеңбердің» мүмкіндіктерін пайдалана отырып тапсырмалар құрастыру мен цифрлық ресурстарды қолданудың ерекшеліктері

Туындаған мәселе:

Блум таксономиясы бойынша жұмыстануда әріптестерімнің басым бөлігінде туындайтын негізгі қиындықтардың бірі – тапсырмалар құрастыруда ойлау дағдыларына сай келетін етістіктерді таңдау мен оларды сандық ресурстармен байланыстыра алмауда екендігін түсіндім. Оқушылармен жұмыстану барысында кең ауқымды дағдыларды: сын тұрғысынан ойлауды, тапсырмамен топта және жеке жұмыс жасауды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуді, шығармашылықпен шешім қабылдауды арттыру үшін де цифрлық ресурстар мен қосымшаларды белсенді түрде қолдана білуіміз қажет.

Шешім, инновациялық процесс:

Әріптестеріме «Педагогикалық шеңбердің» мүмкіндіктері туралы толық түсіндірілгеннен кейін олардан сауалнама алынды. Сауалнама барысында төмендегідей сұрақтар ұсынылды:

1. Технология мен мазмұнның бір-біріне қалай ықпал ететіні туралы көзқарасыңызбен бөлісіп, қайсысына басымдық беретінін анықтаңыз;
2. «Педагогикалық шеңбердің» ішінен өзіңіз жиі қолданатын қосымшаларды ұсыныңыз.

Сауалнама нәтижесінен байқағанымыздай технологияларды пайдалануға байланысты әріптестердің басым көпшілігі технологияларды

колдану дағдыларының төмен немесе орташа деңгейде екендігін атап өткен. Яғни, техникалық дағдыдан бөлек, көптеген цифрлық ресурстардан бейхабар екендігі байқалды.

Технология мен мазмұнның бір-бірімен өзара байланысы мәселесіне қатысты жүйелі көзқарас ұсынылмаған. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі мазмұн мәселесіне көңіл бөліп, технологиялық біліммен әрекеттестік мәселесіне жеткілікті деңгейде көңіл бөлмеген. Өкінішке орай, біз бұл арқылы әріптестеріміздің білім берудегі кейін қолданысқа енген жаңа модельдің мүмкіндіктері туралы кеңірек білмейтіндіктерін байқадық.

«Педагогикалық шеңберге» қатысты қосымшаларды таңдауда респонденттердің басым көпшілігі білу мен түсіну деңгейіндегі қосымшаларды көбірек таңдаған. Яғни, ұсынылған шеңбердегі қосымшалардың ішінен Блум таксономиясының төменгі деңгейіндегі цифрлық ресурстар таңдап алынған.

Бұл не:

Критерии отбора приложений для образования

Запоминание: Приложения, используемые для уровня запоминания способствуют развитию умения определять термины и факты, находить и запоминать информацию. Многие образовательные приложения сфокусированы на уровне запоминания. Если пользователь предлагает выбрать из нескольких предложенных вариантов, подобрать пару, восстановить последовательность или вписать ответ.

Понимание: На уровне понимания используются приложения и сервисы, дающие учащимся возможность лучше понять изучаемые идеи или концепции. Их цель не выбор «правильного» ответа, а предоставление более открытого формата для обсуждения теории и объяснения мысли.

Применение: Приложения, подпадающие под уровень применения, дают учащимся возможность продемонстрировать свои навыки в выполнении учебных методов и процедур. Они также сфокусированы на умениях применять изученное в нестандартных условиях.

Анализ: Приложения, которые могут быть использованы на уровне анализа, должны способствовать развитию умения отличать существенное от несущественного, выдвигать части, определять взаимосвязи и структуру содержания.

Оценку: Приложения, подпадающие под уровень оценки, должны развивать умения пользователя оценивать изучаемую информацию или методы, основываясь на критериях, установленных самостоятельно или взяты из внешних источников. Эти приложения должны помочь учащимся оценить надежность, точность, качество, объективность содержания и принять обоснованное решение.

Создание: Приложения, которые могут быть использованы на уровне создания, должны давать возможность генерировать идеи, разрабатывать планы, создавать продукты.

Педагогическое колесо на языках мира

В 2017 г. планируется перевод колеса на 25 языков. Скачайте колесо на разных языках здесь: <http://bit.ly/2uagapropnet>


Стоя на плечах гигантов
Впервые колесо таксономии Блума без приписки (автор Шарло Артин) появилось на сайте Тома Колонеса www.colonese.com. Это была модификация модели Колонеса и Андерсона (2001), основанная на оригинальной таксономии Блума (1956). Автор настоящего колеса выразил признательность Кэти Шорр за теоретический подход, коммюникем таксономии и сайт www.colonese.com. Поступил также для разработки версий V2.0 и V3.0. Ссылка отсюда: www.colonese.com. Даны Дэрроу www.darroo.com и Джеймс Лейла в основу усовершенствованного колеса до V4.0. V5.0 содержит обширный список платонов и информации. Обсуждайте здесь: www.colonese.com и Гэри Кэмпбелл в блогах www.colonese.com и www.colonese.com.

Разработано Алтаном Каррентини, Designing Outcomes, Аделаида, Южная Австралия. Email: al@altdesigningoutcomes.com

© 2017. Педагогическое Колесо. Все права защищены. Доступно по лицензии Creative Commons Attribution-NonCommercial-NoDerivs 4.0 International License. Основано на материале <http://www.colonese.com>

Model SAMR The Padagogy Wheel RUS V5.0 Android

Подмена: замена без функциональных изменений. Педагогическое колесо <http://bit.ly/PWRUSV5>



Как использовать колесо наиболее эффективно
Колесо можно использовать как сервис или как цельный механизм, сверяясь с ним на разных этапах от планирования до выполнения. Подписчики модели выучивают: Это ядро планирования. Учитель постоянно должен обращаться к таким вопросам, как: транслируется ли позиция, нравственность, ответственность, открытость гражданскому обществу, заботливый ли себе вопрос, какие личностные проявления будут у ученика этого образовательный опыт, по какому принципу будет построено, что он достиг цели, строите себя как человека, что вы делаете, способствует развитию этики, культуры и способностей. Моделирование мотивации: Задайте себе вопрос: «Каким образом мое обучение служит развитию самостоятельности, целостности личности и компетентности ученика?»
Подписчик таксономии Блума: поможет спланировать цели по развитию навыков высшего мышления. Постройте себе вопрос: «Согласованы ли мои бы на одной учебной цели на каждого уровня. И только после этого имеет смысл переходить к выбору технологий. Технологический подписчик: Как выбраные вами инструменты и средства будут способствовать достижению целей? Представленный список не является руководством, вы можете найти другие приложения, наиболее отвечающие вашим задачам.
Подписчик SAMR: Каковы образцы и с какими целями вы будете использовать выбранные технологии?
Алтан Каррентини

Перевод на русский язык: Ольга Евдокимова заместитель директора, ЦРТМОШ, Оренбург, Россия. Вы также можете связаться с: Ольга на Twitter @yulshimolm и узнать больше о колесе на русском языке: www.colonese.com Создаем «сети облака» bit.ly/pwblogRUS

Жаңашылдығы:

Бұл «Педагогикалық шеңберді» колдану арқылы әріптестеріміздің күнделікті сабақты жоспарлауда, оқушыларға мәліметтер ұсынып, тапсырмалар құрастыруда қандай цифрлық ресурстарды колдануға мүмкіндіктерінің бар екендігі бойынша тиімді әдістемелік көмек берілді. Тіптен, ашық немесе жабық тест тапсырмалараны құрастыру барысында да «Педагогикалық шеңбер» өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Өзектілігі:

Әріптестермен пікір алмасу барысында байқағаным «Педагогикалық шеңберде» назарға ұсынылған етістіктердің басым бөлігі өздеріне бейтаныс екендігі де айтылды. Сәйкесінше, алдымен етістіктерді «төменгі» және «жоғарғы» деңгей бойынша топтастыру жүргізілді. «Блум таксономиясы» бойынша цифрлық ресурстарды әр пәннің, соның ішінде тарих пәнінің

ерекшелігін ескере отырып топтастыру ұсынылды. Жұмыстың нәтижелілігін арттыру түсу үшін әрбір деңгей бойынша ең өзекті деген 2-3 ресурсты тандап алу ұсынылды. Нәтижесінде әріптестер шеңбердегі кейбір ресурстардың нақты қай деңгейде қолдануға болатындығы жайлы мағлұмат алды.

Шеңбердегі қосымшалардың басым бөлігінің оқушылардың шығармашылық әлеуетін көтеру мен ақпаратты жедел алудағы, қызығушылығын арттырудағы мүмкіндіктеріне, зерттеу жұмыстарын жасау барысындағы тиімділігі баса назар аударылды.


Ғылымилығы:

«Педагогикалық шеңбер» Блум таксономиясы бойынша «негізгі» және «жоғары» деңгейдегі ойлау дағдыларын ғана дамытуға бағытталмаған. Одан бөлек ТРАСК сынды үш өлшемді (педагогикалық білім, мазмұн бойынша білім, технологиялық білім) моделді де тиімді біріктірген ресурстардың бірі. «Педагогикалық шеңбер» Австралиялық ғалым Аллан Каррингтонның жаңалығы ретінде танылып, үздік тәжірибелердің бірі ретінде бағалануда. Өзім бұл ресурсты соңғы екі жыл көлемінде іс-тәжірибемде қолданып келемін.

Тиімділігі мен практикалық маңыздылығы.

Біріншіден, «Педагогикалық шеңбер» оқушылардың кең ауқымды дағдыларын дамытуға мүмкіндік берсе, екіншіден, пән мұғалімі ретінде мені де, әріптестерімді де жігерлендірді. Бұл шеңбер менің біліктілігімді арттырып қана қоймай, оқушыларымның тапсырмамен жеке, топтық жағынан сапалы жұмыстануына жол ашып, көздеген сабақтың мақсатына жетуге септігін тигізе алатын құрал екендігін дәлелдеді. Ұсынылған «Педагогикалық шеңбердегі» барлық қосымшаларды қолдану шарт емес. Бұл іс-тәжірибені ауыл, аудан, қала көлеміндегі барлық мектептерде қолданып көруге болады. Алайда әр деңгейдегі мектептер мен пән мұғалімдері сабақтың мақсатына қарай қосымшаларды сұрыптап, тіптен, әр ойлау дағдыларының деңгейі бойынша бір ғана цифрлық ресурсты (қосымшаны) қолдануына болады.

Төмендегі кестеде білу, түсіну деңгейіндегі тапсырмамен жұмыстану үшін өзім сабақта жиі қолданатын қосымшалардың қатары берілген.

<p>Блум таксономиясы:</p> <p>Білу, түсіну деңгейі</p>	<p>Терминдермен жұмыс:</p> <p>Депортация - еркінен тыс мемлекеттен қуу, көшіру, жер аудару. Миграция - бір жерден екінші жерге көшу, қоныс аудару. Диверсия – қасақана, белсенді жасырын қастандық.</p> <p>Санадағы кинофильм әдісі арқылы «Жерұйық» кинофильмінің бір фрагментін алып, оқиғаның барысын сипаттаңыз.</p>	
--	--	---

Тұтастай алғанда «Педагогикалық шеңбер» тек тарих пәнінің ғана мұғалімдері үшін ғана емес, өзге пәндерден сабақ беретін әріптестерім үшін де сенімді көмекшінің қызметін атқарып келеді.



Алиев Саид Зохрабович
Батыс Қазақстан облысы
Д.Қонаев ат. №44 мектеп-
гимназиясы, тарих пәнінің мұғалімі.
«Үздік педагог-2022»

Тақырыбы: Тарих сабағында аралас оқыту үдерісін ұйымдастыру

Қазіргі таңда білім жүйесінде үнемі өзгерістер болып жатыр. Жылда жаңа трендтер білім саласында үздіксіз үдерсіне айналуға. Алдымен мұғалім осы жаңа инновациялық үдерістерді қабылдау керек. Ол заман талабы. Тарих пәнінің мұғалімі ретінде, сабақтың практикасын жақсарту үшін, үнемі жаңа технологияларды қарастырып отырамын. Сонымен бірге, тарих сабағы тарихи концептермен негізделі отырып, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қарастыруға және оқу мақсатына сай тапсырмаларды құрастыруды көздейді. Оқу мақсаттары оқушылардың функционалдық сауаттылығын және сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бүгінде ұлттық тарихнамада жаңа деректер, бұрын зерттелмеген тарихи оқиғалар және үдірістер Отан тарихын ұлттық идеясымен қайта жазылып жатқаны бәрімізге мәлім. Осыған орай, тарих пәні мұғалімі өз сабағында жаңа ақпараттармен жұмыстануға, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, әр жерден ақпарат алуға мүмкіндік туғызу қажет. Оқушылар мұғалімнен сабақта жаңашылдықты күтеді және қызықты етіп өткізгенді қалайды. Тарих пәні мұғалімі ретінде мен өз тәжірибемнен аралас оқытудың тиімді моделімен таныстырғым келеді.

Case Study: тарих сабағында аралас оқыту технологиясының «Аялдама ротациясын пайдалану».

1. Туындаған мәселе

Карантин кезінде онлайн сабақ беру мұғалімнің тәжірибесіне үлкен өзгерістер әкелді. Қашықтан оқу мұғалімнің қоржынына көптеген платформалар, қосымшалармен толықтырылды. Ия, ол да бір сынақ болды. Дегенмен, онлайн оқу өзінің жақсы жақтарын да көрсете білді деп есептеймін. Қазіргі таңда оқу үдерісі онлайн мен офлайн бір-бірін толықтырады. Мен өз тәжірибемде аралас оқыту үдерісін пайдаланамын. Себебі, оқу мақсаттарына жету үшін оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, жан-жақтан тақырыпты меңгеруге мүмкіндік жасау керек.

Мақсаты: Тарих сабағында аралас оқу арқылы, білім алушылардың сабақ тақырыбын бірнеше әдістермен және барлық тапсырмаларды орындау. «Аялдама ротациясы» моделі арқылы сабақ мақсаттарына жетіп, оқытылатын тақырыпты жан-жақты меңгеруге көмектесу.

2. Шешім, инновациялық процесс:

Аралас оқу білім кеңестігінде ерекше орын алады. Себебі, дәстүрлі және онлайн оқулар өскелең ұрпақтың оқу үдересіндегі мәселелерді шешеді және керек дағдыларды қалыптастыруға жетелейді. Әлеуметтік желілерде эстониялық педагогтер Юрий және Марина Курвитстердің вебинарларына қатысып, «Аялдама ротациясы» моделімен таныстым. Маған ұнады.

- «Аялдама ротациясының» тиімділігіне келетін болсақ, оқушылардың сабаққа қызығушылықтары артып, белсендіктері жоғарлайды.

Аялдама ротациясының артышылығына тоқталатын болсақ, мұғалімдер үшін саралап оқытуын жүзеге асырады. Шағын топтардың жұмысын ұйымдастырып, интербелсенді әдістерді қолданады.

Оқушылар үшін «Аялдама ротациясы» уақытты үнемдеу, оқуға жауыпкершілігі арттады және жеке тұлға ретінде функционалдық сауатылықтары қалыптасаады.

Оқу үдерісінде әртүрлі жұмыс ұйымдастырылады. Үш аялдамаларда оқушылар бірнеше бағытта жұмыс жасайды. Осы модельді 2022 жылы республикалық «Үздік педагог» байқауына қатысып, Астана қаласындағы №84 мектеп-лицейнің 7-сыныбында ашық сабақ өткіздім.
<https://cloud.mail.ru/public/fTzs/nvEPqWGGR>.

Сонымен қатар, Жаңақала ЖОББМ-де 11 сыныпқа да сабақ өткіздім <https://youtu.be/XO1TjOFK4UA?feature=shared>. Орал қаласындағы Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясында 9 сынып оқушылары осы модельді қуана қабылдады. Оқушылардаң сұхбат алған кезде «Аялдама ротациясы» моделін қызығушылықтары артқанын байқадым.

Облыс көлемінде әріптестерге шеберлік сынып көрсетіп, «Аялдама ротациясының» негізгі қағидаларымен таныстым.

Төмендегі жұмыс жоспарын ұсынамын.

Бұл модель қалай жұмыс жасайды?

- * Жұмыс түрлеріне қарай, оқушылар үш топқа бөлінеді.
- * Әр топ өздерінің аялдамасында жұмыс жасайды: мұғаліммен бірге жұмыс жасау аялдамасы, онлайн-оқу аялдамасы, жоба жасау аялдамасы. Толығырақ модельмен танысу үшін, мен мұғалімдерге өткізген шеберлік сыныптың жоспарын ұсынғым келеді.

Мақсаты: тарих сабағында аралас оқытудың «Аялдама ротация» моделін әріптестерге көрсету, тәжірибемен бөлісу.

Күтілетін нәтиже: «Аялдама ротация» моделін әріптестер өз сабақтарында пайдаланады, тиімділігін анықтайды.

Өту барысы:

1. **Кіріспе сөз.** «Аялдама ротация»: моделін сипатамасымен таныстыру.

2. **Топқа бөлу.** Үш аялдама ұйымдастыру: бірінші аялдама мұғаліммен жұмыстанады. Екінші аялдама шығармашылық жұмыс жасайды. Үшінші аялдама электронды құрылғылармен жұмыстанады және Ғаламторды пайдаланып зерттеу жұмыстарды әзірлейді. Әр топ 7 минуттан әр аялдамада жұмыстанады. Қоңыраудан кейін ауысады. Топтарды кесте бойынша бағалайды.

3. **«Аялдама ротациясын» ұйымдастыру.** Тапсырмалар.

Бірінші аялдама: Неліктен кейбір шетелдік деректерде Жошы ұлысын Қыпшақ хандығы деп атаған?(мұғаліммен бірге деректерді талқылайды).

Екінші аялдама: Жошы хан туралы төрт шумақты өлең шығарады.

Үшінші аялдама: Википедия және басқа сайттар арқылы Жошы хан туралы қызықты мәлеметтер жинау. Содан кейін жұмыстарынмен таныстырады.

4. Қорытындылау. Кері байланыс орнату.

Сабақ барысында топтар әр аялдамаға тоқталады.

Сабақтан сабаққа оқу мақсаттары бойынша топтардың құрамын ауыстыруға болады.

Екі аялдама бола алады: Мұғаліммен бірге аялдмасы және онлайн-оқу аялдмасы. Осындай жағдайда жобалау жұмыстарың немесе интербелсенді формадағы сабақтарды, үш-төрт сабақтан кейін өткізуге ұсынылады.

Аялдмалар жұмысы уақытпен шектеледі (10 минутқа дейін). Себебі әр топ аялдмаларда жұмыс жасап үлгеру керек.

Топтарға келесі принциптермен бөлуге болады, мысалы:

- үй тапсырмасын сабақтың басында шағын сұрақтармен немесе онлайн тексерумен;

- бақылау жұмысын немесе үй тапсырмасын сәтті орындалуымен;

- өткен тақырыптарда олқылықтар пайда болуы;

- сабақтың тақырыбына қызығушылықтарын анықтау.

Осыны бәрін жүзеге асыру үшін қойылатын талаптар:

1. Кабинетте электрондық құрылғылардың болуы (ғаламторға немесе біріктірілген желіге қосылуы) үш балаға есептегенде;

2. Үйдегі компьютермен планшеттерді қолдануға болмайды.

«Аялдама ротациясы» аралас оқу үдірісінің тиімді моделі деп саналады. Себебі, білім жүйсінде бұл трендке айналғаны сөзсіз.



Нугманова Гулдана Максимовна

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым ауданы білім беру бөлімінің «Қ.Мырзалиев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, тарих және құқық пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог – 2020»

Саралап оқытуда сұрақ қою моделі арқылы оқушылардың дағдыларын дамыту

Қоғамның сауаттылық деңгейі қоғам мүшелерінің қабілеттерімен тығыз байланысты. Қоғамның дамуында әрқайсысының бірегей саусақ ізі бар сияқты, әр оқушының жеке оқу стилі бар. Барлық оқушылар өздеріне берілген тақырыпты бірдей түсіне бермейді. Сонымен, сыныптағы әрбір оқушыға сабақ беруді қалай жақсартса аламыз? деген сұрақты өзіне қоясың. Сол сияқты оқушылар барлық оқу мақсаттары мен нәтижелерге бірдей қол жеткізе алмауы да мүмкін, білім мен білік дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім күнделікті сабақта оқушының бойына қандай да бір дағдыны қалыптастыратындай етіп сабақ жоспарлау керек. Оқушының дамуын көздейтін мұғалім күнделікті ізденісте болады, баланың бір деңгейден келесі деңгейге қиындық тудырмай, дамуға итермелейтін тапсырмалар мен сұрақтар дайындаудың шебері болуы қажет.

Білім сапасына қол жеткізу білім беру мазмұнын іріктеуге, білім беру процесін жетілдіруге, мета-пәндік дағдыларды игеруге және білім беру жетістіктері мен сапасын бағалау жүйесін жаңартуға қажет оңтайлы әдістәсілдердің кешенді түрде қолданылуымен жүзеге асырылады. Сапа білім беру нәтижесінің қойылған мақсаттарға сәйкестік дәрежесін көрсететін білім беру үдерісінің интегралды сипаттамасы болып табылады.

Оқуды жақсартуда оқыту мен саралап оқытудың тиімділігін зерттеу; тарих пәні бойынша 7 сыныптың оқушыларының қабілеттерін олардың өзін-өзі бағалауы және оқытудағы қажеттілігін анықтау. Бұл іс-әрекетті алдын-ала және кейінгі тестілеудің нәтижелері бойынша және оқушылармен бұрын және кейінгі әңгімелесулер арқылы зерттеледі және сыныптық бақылау мен мұғалімдердің күнделік жазбалары пайдаланылады.

Саралап оқытудың екі әдісін тек осы сыныпта жүргізе отырып бір тапсырманы түрлендіре отырып бірнеше дағдыны әр оқушының бойында қалыптастыруға және қажетті ақпаратты таңдауға, салыстыру, талдау, байланыс орнату, орын алған үдерістер мен құбылыстардың нәтижесін пайымдау мен тұжырымдауға үйрету. Оқушыларды бірлескен ортада жұмыс жасауға және қарапайымнан күрделіге деген сүйіспеншілікті арттыруға, зерттеушілік қабілеттерін дамыту арқылы өз бетімен жұмыс істеуге, ақпаратты дұрыс сараптауға бағыттау.

Зерттеу үшін міндеттер:

- Сыныптағы оқушыларды саралап алу;
- Саралап оқытудың тиімді әдістерін зерттеу;
- Оқу кезеңіне енгізу;
- Іс-әрекеттің жүзеге асырылуына талдау жасау;
- Басқа әріптестермен мәселені талқылау;
- Бақылау нәтижесінде алған көрсеткіштерді салыстыру;
- Туындаған мәселе бойынша қайта жоспарлау;

Мен сіздермен өзімнің табысты тәжірибеммен бөліскім келеді.

Case Study: Саралап оқытуда сұрақ қою моделі арқылы оқушылардың дағдыларын дамыту

1. Туындаған мәселе

7-сынып оқушыларының оқу нәтижелерін саралай келе жоғары деңгей дағдыларын дамыту қажеттігі айқын көрінді. Оқушылардан алынған сауалнама зерттеу дағдыларын дамытуда саралап оқыту модельдерін қолдану қажеттігін көрсетті. Оқушылардың қажеттіліктерін диагностикалық картасы, сабақты бақылау нәтижелері) ескере келе, келесі зерттеу сұрағы анықталды: «Қазақстан тарихы сабағында 7-сынып оқушыларының зерттеу әрекетін қалай тиімді ұйымдастыра аламын?» Стратегияларды нақтылау мақсатында, оқыту моделін таңдау үшін бірнеше әдебиеттер сараланды.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере келе, ең үздік тәжірибе ретінде дарынды оқушылардың білімін, дағдыларын көтерудің орталық стратегиясы, олардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың тиімді құралдары ретінде саралап оқытудың сұрақ қою моделін негізге алу қажет деп шештік. Сұрақ қою үрдісі барлық оқушылар үшін тиімді, әсіресе сұрақ қою моделін қолдану арқылы сабақта оқушылардың зерттеу әрекетін ұйымдастыру

дарынды оқушылардың оқыту үдерісін жетілдіруде маңызды рөл атқарады деп болжамдайды.

2. Шешім, инновациялық процесс:

Сұрақ қою моделі - оқыту үрдісінің жақсаруын қамтамасыз ететін және барлық оқушыларға тиімді болып табылатын маңызды стратегия. Сұрақтарды құрастыру рөлі зерттеуді дарынды оқушылардың арасында қолдануға жағдай жасайтын маңызды компонент болып табылады. Берілген стратегия мұғалімдерден ойлау үрдісін дамыту үшін кластерлер схемасында сұрақтарды құрастыруды талап етеді

3. Жаңашылдығы

«Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?» тақырыбын қарастыруда саралауды осы алгоритм негізінде жүзеге асырылды.

1) Зерттеушілік дағдыларын бағалауға арналған бастапқы сынақ.

2) Сауалнама. Кіріс және шығыс сауалнамасына таңдап алынған фокус топ (7А,Б сынып)- 50 оқушы қатысты.

3) Сұхбат. Фокус топтағы оқушылардың 3 деңгейдегі 9 оқушысынан алынды. 4) Іс-әрекеттегі сабақтарды жоспарлау, өткізу, бақылау, талдау. Сабақтарды жоспарлауда саралауды тиімді іске асыру үшін оқушылардың психологиялық диагностика ақпараты қолданылып, қабылдау, Гарднердің интеллект типтері ескерілді.

Бұл тәсілдегі жаңалық – оқушылар қабілеттерін ескере отырып, қолайлы стратегияларды қолдану арқылы саралап тапсырмалар ұйымдастыру және әрбір сараланған тапсырмалар арқылы дағдыларды дамыту болып табылады.

4. Өзектілігі

Сұрақ қою моделі жөнінде алдыңғы зерттеулерді талдай келе, мына үлгідегі сұрақтарды саралап оқыту әдісінде тиімді қолданудың жолдары анықталды. J.P.Gilford (1967) жұмысына негізделген модель - әр түрлі ойлауды біріктіретін иерархиялық тәсіл. 7-сыныпта «Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?» тақырыбын қарастыруда осы модельге негізделген сұрақтар құрастырылды. Оқушылардың ойлауын төменнен жоғары деңгейге жетілдіретін Блум жүйесінің жаңаша қайталануы кең таралған тәсіл болып табылады.

5. Ғылымилығы:

Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады.

К.С.Бажинаның пайымдауынша, саралап даралап оқыту дегеніміз оқыту процессінде оқушыларды қабілеттеріне қарай бірнеше топқа бөлу және бұл оқытудың гуманисттік принципіне қарсы келеді. Алайда қазыргі білім беруде саралап даралап оқыту оқушылардың жеке дара қабілеттерін дамытуға, оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып білім беруге бағытталады. Г.К.Селевконың айтуы бойынша, оқытудың саралап оқыту әдісі-контингенттің ерекшеліктерін айқындау мақсатында әртүрлі мектептерде, сыныптарда және топтарда түрлі оқыту жағдайларын құру. М.Н.Скаткинның айтуы бойынша саралап оқыту даралауды қамтиды, яғни, әр оқушының жеке қабілеттерімен мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту. Генри Форд:

«Сұрақтары бар адамда ғана білім болады», - дегендей дұрыс қойылған сұрақтар оқушының білім-білікке ие болуына ғана ықпал етіп қоймайды, сонымен қатар өзінің әрекеттеріне, бақылау мен қадағалауды іске асыуға, зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етері сөзсіз деген.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы: Оқу бағдарламасын оқытуда сұрақ қою моделінің бірнеше әдістері қолданылды: мәселеге бағытталған оқытуда қолданылатын сұрақтар, жүйеге негізделген және дәлелдеуге негізделген сұрақтар әдісі, Блум таксономиясының сұрақтары, 4 деңгейлі: тану, конвергенция және дивергенция, бағалау сұрақтары.

Таңдап алынған әдістердің оқушылардың зерттеушілік дағдыларының дамуына ықпалы сараланып, сандық және сапалық динамикасы бақыланды. Қолданылған әдістердің тиімділігі бағалау парақтары, оқушымен сұхбат, тақырып бойынша оқу жетістігін бағалау карталары арқылы зерделенді. Мұғалімдердің мынадай кедергілерін шешуге көмектеседі: оқушылардың қабілеттерін және оқыту стратегияларын спиральді дамыту және сатылап жүру, оқушылардың дайындықтарын, қызығушылықтарын оқу стиліне икемдеу; сыныптық жұмыс және оқу кезеңінде өздерінің рөлі туралы сенімсіздіктерден арылтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа іс-әрекеттегі зерттеу оқушылардың оқуына, өзін-өзі жетілдіруге және оқыту мен оқудың саралануының үлесін көрсетеді. Мұғалімдердің кәсіби дамуы және басқа әріптестермен ынтымақтастығы оқу үдерісіндегі тұжырымдамалық өзгерістері мен оқу бағдарламаларын оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес қалпына келтіруге күш-жігерін арттырудың маңызды екендігін айқындайды. Ең соңында оқушылардың жеке қасиеттерін құрметтеу олардың білімдері мен дағдыларын жақсартуға алып келеді және оларды оқуға ынталандырады.

6. Практикалық маңыздылығы:

Зерттеу соңында жүргізілген оқушылардың жалпы дағдылар бойынша статистикалық талдау есебі бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда 48,5%-дан 87,7%-ға артқандығын көрсетті. Зерттеушілік дағдылардың даму динамикасы келесі индикаторлар бойынша анық байқалды: мәселені анықтап, зерттеу сұрақтарын ұсыну – 88%, деректерді зерттеу сұрақтары негізінде талдау – 79%, дивергенция және бағалау деңгейіндегі сұрақтар негізінде зерттеуді қорытындылау – 81%. Зерттеу тобы оқушыларынан алынған қорытынды сауалнама нәтижесі оқушылардың берілген тарихи мәселені көп деңгейлі сұрақтар негізінде зерттеу дағдыларының артқандығын көрсетті. С деңгейіндегі оқушы нәтижелерді жеткілікті түрде жинақтайды және қорытынды жасайды. Сонымен қатар күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмаларды орындай алады, бірақ әлі де мұғалімнің қолдауына мұқтаж. А және В оқушылары оқу іс-әрекеті проблемалық сұрақтар негізіндегі тапсырманы өз бетінше зерттей алады, мәселені анықтап, зерттеу әдістерін қолданады. Саралап оқытудың сұрақ қою моделі негізінде әр оқушының жеке қажеттіліктері ескерілді, оқушылардың гипотезалар ұсыну, тәуелсіз шешімдер қабылдау, жоғары деңгейдегі сұрақтар қою арқылы зерттеу дағдылары деңгейінің артқандығы көрініс тапты. Оқушылардың қабілет деңгейлеріне байланысты сұрақтарды біртіндеп күрделендірудің тиімділігі анықталды. Сабак барысында белсенділігі немесе қызығушылығы төмендей бастаған кезде

бағалаушы сұрақтарды қолданған ұтымды. Бөлім бойынша жоғары деңгейлі сұрақтар қоры жинақталды.

Тиімділігі:

Зерттеудің жетілдіруді қажет ететін тұстары да анықталды. Мұғалімді ойландыратын мәселе: «Сұраққа жауап беру үшін оқушыларға ойлануға жеткілікті уақыт берілді ме?» Себебі, асықтыру жауап берушіні сәтсіздікке ұшыратады: ойлары шашыраңқы болады, жауап толық немесе дұрыс болмайды. Керісінше жауап берер алдында ойлануға берілген уақыт оқушыға нақты жауап беруге, өз ойын жинақтап жеткізуге, өз кемшілігін өзі жоюға, жауап беруге оқушыларды толық тартуға мүмкіндік береді. Жалпы тәжірибенің білім сапасына, оқу-тәрбие процесіне, білім алушыларға қандай пайда әкелгенін жазу. Тиімділігін жазғанда сандық деректермен дәйектеу маңызды. Мысалы:

1. Зерттеу нәтижесінде әр мұғалім өзінің сұрақ қою шеберлігі туралы жиі ойланып, бір сабақтың көлемінде сұрақтарды түр-түрімен мақсатына қарай орынды пайдалануды жоспарлай отырып, ашық сұрақтарды көбірек қолдану жүзеге асырылды.

2. Ашық сұрақты жұмыс парағы қазақстан тарихы сабағында қолдану базалық деңгейде ойлауға қабілетті оқушыларға қарағанда жоғары деңгейде ойлауға қабілетті оқушыларға оң әсер етті.

3. Оқушылармен жеке және жұпта жасалған ізденіс жұмыстары өте белсенді орындалды.

4. Сұрақтарды түр-түріне қарай орынды пайдаланудың тиімділігі анықталды. Мысалы сабақ барысында белсенділігі немесе қызығушылығы төмендей бастаған кезде бағалаушы сұрақтарды қолданған тиімді.

5. Тақырыпқа байланысты талдау сұрақтарын жиі ұсыну оқушылардың сыни ойлау дағдыларының дамуына ықпал етіп, қызығушылығын арттырды.

6. Бөлім бойынша жоғары деңгейлі сұрақтар қоры жинақталды.

Осы тәжірибе білім алушылардың топпен жұмыс істеуін жақсартты.

Зерттеліп отырған тақырып аясында білім сапасын арттыруға қатысты бағдарламаны ауыл мектептерінде сынап көру елдің саяси мәселелерін шешуге де өзіндік ықпалын тигізбек. Білім сапасын арттыру үшін сапа құраушыларының әрқайсысының сапасын арттырып, оларды кешенді түрде бір сыныпқа бағыттау негізгі болжам болатын. Яғни, білім сапасын арттыруда сапалы білім беру құраушыларының бір уақытта бір балаға немесе сыныпқа жұмыс жасауы маңызды. Жалпы алғанда, саралап оқытудың сұрақ қою әдісі менің орта мектептегі тарих пәнінің оқушылары арасында сыни ойлау және фактілерді тексеру дағдыларын арттыруда өте тиімді құрал болды.



Айтжанова Рита Жасановна
Ақтөбе облысы Алға ауданы
№3 Алға қазақ орта
мектебі, тарих пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог-2021»

Білім алушылардың бойында тарихи деректерге талдау жасай білетін зерттеушілік дағдыларын дамыту: SSDL моделі

Қазіргі білім жүйесінің басты ерекшелігі - «өмір бойы білім алуға» дайын, қызығушылығы жоғары, ізденімпаз тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатта мұғалімге қойылар талаптар мен міндеттер көбеюде. Менің ойымша, оқушыларды қажет ақпаратты өздігінен іздеп табуға үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі қажет деп есептеймін, сондықтан, оқушылардың ақпараттық білім беру ортасын құрып, оқушыны өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету маңызды болып саналады.

Қазіргі кеңістікте ақпараттар ағыны өте мол. Ақпараттар мен деректердің шынайылығына көз жеткізіп, тарихи талдау жасай білетін, сыни рефлексия жасайтын, аналитикалық құзіретті тұлға қалыптастыру жолында тарих сабақтарында инновациялық әдістерді қолданамын. «Күнделікті жұмыста өз тәжірибесінің мәніне сыни тұрғыдан пайымдау жасау дағдылары үнемі өзін-өзі жетілдірумен айналысатын кәсіби маманның сипаты болып табылады, нәтижесінде оқушылардың білімін жақсарады» (Гудлад, 1994). Әрбір маман өз ұстанымында Гудладтың теориясын негізге алса, еңбегіміздің тиімділігі артатыны сөзсіз.

Тарих сабағында тарихи деректермен жұмыс жасауда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын арттыру мақсатында командалық жұмысты жүргізуге мән беремін. Бұл оқушылардың бірлесе қызмет жасауына, өзара міндеттермен бөлісу арқылы нақты мақсатқа қол жеткізуге септігін тигізеді.

Бұл ұсынымымда білім беру міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін тарихты оқытудың өзекті әдістеріне талдау жасалады, оның мақсаты тарихи білімді қызығушылықпен қабылдайтын зерттеушілік мәдениеті қалыптасқан, тарихи ойлау дағдысы бар оқушыларды қалыптастыру. Бұл өз кезегінде әр оқушының жеке басының дамуы, өз елінің және жалпы адамзаттың тарихи тәжірибесін түсіну негізінде өзінің құндылық басымдықтарын анықтай алатын, тарихи білімді оқу және әлеуметтік салада белсенді және шығармашылықпен жұмыс жасай білетін тұлғаны қалыптастыруға негіз болады.

Өзектілігі, негіздемесі: тарих пәнін оқытуда оқушылардың қызығушылықпен, өз қалауымен оқуы үшін SSDL моделін негізге аламын. Оқушының пәнге қызығушылығы артқан жағдайда оқушы өзін-өзі оқуға бағыттайды, өздігінен ізденеді, зерттеушілік дағдылары артады, шығармашылық тұрғыдан дамиды. Бұл үшін оқушылардың командалық оқуын жетілдіру маңызды. Білім алуда өзара пікір алмасу, диалог және ынтымақтастық орнату арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, жаңа және маңызды білім мен өзгеріске дайындықты дамытуға болады. Пікірлесу, қарама-қайшы идеялар тудыратын деректерге сыни талдау жасау

арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдылары артады, бұл тарихты оқу мен оқытуды оңтайландырады.

Бүгінгі таңда дайын инновацияларды игеріп қана қоймай, оқуды жақсарту бойынша инновацияларды өздері қалыптастыратын, білім беруді дамыту трендтерін, стейкхолдерлердің қажеттіліктерін зерделеу негізінде оқытуды дамыту табысты өзгерістерге әкеледі. Жаңашылдық (новация) - идея, құрал, жаңа әдіс, әдістеме, технология, оқу бағдарламасы және т.б ретінде қарастырылады, ал инновация — бұл жаңашылдықты игеру процесі. Сабақ барысында тиімді әдістерді жүйелі қолдану –білім сапасының артуының негізі.

Мақсаты: Білімге өзін-өзі бағыттайтын тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың белсенділігін арттыру;
- Өзіндік ізденіс жасауға дағдыландыру;
- Зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру;
- Тарихи деректерге тарихи талдау жасауға дағдыландыру;
- Командада бірлесе жұмыс жасауға ынталандыру;
- шығармашылық инновациялық топ, команда құру және дамыту.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы: SSDL моделінің басты ерекшелігі - оқу процесінде тұлғаның мотивациясының өзгеруін көрсетеді. Өзін-өзі бағыттайтын оқу – бұл адамның саналы түрде әрекет жасау процесі, нені және қалай оқығысы келетінін түсінеді, өзін-өзі ұйымдастырады. Білімге тәуелді оқушы оқуға құштар, өзін-өзі бағыттаушыға айналады.



SSDL моделі (**Staged Self-Directed Learning Model** - өзін-өзі бағыттайтын білім алу моделі) – оқушылардың білім алуға қызығушылығын ояту арқылы, әр оқушы өзінің дамуында «тәуелді» оқушыдан «өзін-өзі бағыттаушы», яғни зерттеушілік мәдениеті қалыптасқан тұлғаға айналады. Тарих пәнін оқытуда өз елінің тарихына құрметпен қарайтын әлеуетті тұлға қалыптастыру мақсатында оқушыларға мотивация беру қажет деп есептеймін. Бұл оқушылардың жауапкершілік дәрежесін дамытуға негіз болып, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі.

<i>Кезең</i>	<i>Білім алушы</i>	<i>Мотивациялық стратегия</i>
1-саты	Тәуелді	Оқушыларға оқудың қажеттілігін, маңыздылығын сезіндіру арқылы, ынтымақтаста оқуды ұғындырамын. Командалық жұмыстар жасау арқылы ізденушілік дағдыларының қалыптасуына басымдық беремін.
2-саты	Қызығушы	Оқушылар мақсатқа жету жолында бірін-бірі оқытады, тәрбиелейді. Оқушыларды ынталандыру арқылы жігерлендіремін, командалық жұмыс тапсырмаларын беру арқылы зерттеушілік дағдыларын өалыптастыруға мән беремін.
3-саты	Белсенді	Оқушылар бір-біріне кері байланыс жасау арқылы, белсенділігінің артуына септігін тигізеді. Бәлім алуға ынтасы артып, өздігінен ізденеді, тарихи оқиғаларға тарихи талдау жасау арқылы тұжырымдай біледі.
4-саты	Өзін-өзі бағыттаушы	Оқушы «мен оқушымын, мені оқытады» күйінен «мен өзіндік пікірі бар, тарихи санасы жоғары тұлғамын» деген күйге өтеді. Бұл кезде тарихи деректер мен ақпараттарға сыни рефлексия жасайтын, оқуға күштар тұлға қалыптасады.

Тәжірибенің тиімділігі: Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу үшін сабақ кезінде оқушыларға оқушы, тыңдаушы, орындаушы деп қарамай, оның жеке тұлғалық қасиеттерін ашуға, қалыптастыруға мән беру өте маңызды.

Тарих пәні мұғалімі ретінде, болашақтың іргетасын қалайтын ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық мүдде мен ұлттық сананы қалыптастыруға басымдық беру қажет. Ешбір халық өткен тарихы мен бүгінінен сабақ алмай келешегін жорамалдай алмаған. Сондықтан, тарихты оқытуда «тәуелді» оқушыны «өзін-өзі бағыттаушы» тұлғаға айналдыруды барлық әріптестеріме ұсынамын. Білімге өзін-өзі бағыттайтын оқушы үнемі ізденісте жүретін, зерттеушілік дағдылары қалыптасқан, тарихи – мәдени оқиғаларға өзіндік баға беретін тұлға ретінде танылады. Әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасау нәтижесінде оқушыларым аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды. Командалық жұмысты үнемі жүйелендіру нәтижесінде өзіндік тұжырым жасай білетін, ұшқыр ойлы ізденімпаз оқушыларым дебаттық сайыстарда жетістіктерге жетуде. Сонымен қатар, ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде жоғары нәтиже көрсетуде. Қазіргі таңда оқушыларым жоғары оқу орындарына грантпен түсіп, білім алуда.

Қазіргі заманауи қоғамда өмір сүруге бейім, тұлғалық қасиеттері қалыптасқан, өмірлік ұстанымы дұрыс, әлеуетті ұрпақ тәрбиелеу менің негізгі міндетім болмақ! Осы бағытта тарихи түсінігі мол, саналы азамат тәрбиелеу жолында әріптестеріме айтар ұсынысым, ең алдымен оқыту, оқыта отырып, тәрбиелеуге басымдық берсек, оқушы білімінде сапалық өзгерістер болатыны, білім беруде жоғары нәтижелерге қол жеткізетініміз анық!



Нурбаева Мирамгуль Кыдырбаевна
Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы
М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық
дарынды балаларға арналған
мамандандырылған лицей-интернатының,
география пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог-2013»

Бірлескен оқу: құндылық, ынтымақтастық, сапалы білім

Бірлескен оқу – оқу мақсатына қол жеткізу жолындағы оқушылардың бірлесіп әрекет жасайтын пайдалы білім алу тәжірибесі. Оқушылардың бірін-бірі оқытуы дегеніміз – оқушылар бірлесіп білім алатын, әдетте, жұптасып немесе шағын топтарда оқитын құрылымданған тәсіл. Мысалы, қабілеттері әртүрлі оқушылар бірін-бірі оқытқан кезде тіпті қабілет деңгейі жоғары оқушылардың өзі танымдық дағдыларын едәуір дамытады. Бірлескен оқу барысында үйренуші де, үйретуші де қабілеті бойынша жетістіктерге қол жеткізеді. Оқушылардың бірін-бірі оқытуы жақсы тәжірибе болып табылады, себебі ол дағдыларды тәжірибемен дамытуды жүзеге асырады, үлгерім бойынша дереу кері байланысты, оқуды жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді, қателерді дереу түзету мүмкіндігіне ие, білім беруші ақпаратты өңдеп, оны басқа оқушыға қалай беру керек екендігін ойлайды, жоспарлайды.

Өзектілігі, негіздемесі:

Оқушылардың бірін-бірі оқытуының нәтижесі танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық жетістіктерді қамтамасыз етеді. Білімалушылардың бірін-бірі оқытуы оқушылардың күшті жақтарына сүйенеді және оларды оқу үрдісінің белсенді қатысушылары ретінде жұмылдырады. Олар сондай-ақ бір-біріне көмектесу, ынтымақтастық, бірін-бірі тыңдау және қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Оқушылардың бірін-бірі үйретуі олардың жеке тұлғалық және әлеуметтік тұрғыда дамуына да ықпалы зор. Осының барлығы жанашырлық пен қамқорлықтың негізінде құндылықтарды дарыта отырып, мектеп рухына, мәдениетіне оң әсер етеді.

Мақсаты: Бірлескен оқу негізінде жағымды әлеуметтік қарым-қатынас орнатуына ықпал ету арқылы білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Әлеуметтік қарым-қатынас: оқу үдерісіне барлығы қатысады және әркім өзіне пайдалы тәжірибе алады;
- Белсенді, интербелсенді, жеке оқыту жүзеге асырылады;
- Бәсекелестік емес, ынтымақтастыққа негізделген жағымды орта қалыптастырады;

-Коммуникативтік (қатысым) дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Тәжірибенің ерекшелігі:

География пәнінде ұсынылған тақырыптар әртүрлі болғанымен, бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да мұғалімді «Білімалушыларға осы тақырыптарды қалай қызықты, тиімді меңгертуге болады?» деген сұрақ мазалайтыны анық. Ол үшін оқушылардың қажеттілігі, сұранысы және мүмкіндігі ескеріледі. Топтағы бірлескен жұмысты жүзеге асыруда оқу мақсаттарына сәйкес сабақ жоспарының әр кезеңдерінде оқушылар идеялары мен тәжірибелерімен алмасады, мәселені бірлесіп шешудің жолдарын іздейді, барынша жоғары нәтижеге қол жеткізуге тырысады, пән бойынша маңызды дағдылары мен түсініктерін дамытады. Жоспарланған тапсырмаларды орындауда топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, күрделі тапсырмаларды орындауда қолайлы ортаны қамтамасыз етуге бағытталады. Сабақ үрдісін ұйымдастыруда оқу мақсатына сай негізгі идеялар мен түйінді ойды меңгертуге көңіл бөлінеді. Тақырыпқа сәйкес жоғары деңгейдегі ойлауды қажет ететін ашық сұрақтарды көбірек қою арқылы оқушылармен белсенді әңгіме жүргізіледі. Ондағы мақсат - оқушылардың дәлелдерінің сапасын жақсарту және оларды сыни тұрғыдан ойлауға ынталандыру. Дегенмен де тақырып аясында дәлелдеу, сұрақтар, мысалдар, теорияға сілтеме жасай отырып, өз ойларын тұжырымдауда жетілдіретін тұстар да байқалды. Осының негізінде сұрақ қою, оны түсіну дәрежесін бағалау және олардың жауабына қарай әрекет ету мұғалімнің кәсіби шеберлігін қажет ететіні анық. Сабақтың барлық кезеңінде бағалау үрдісі жеке, жұптық, топтық жұмыстарда тиімді кері байланыс негізінде көрініс табады. Сабақтың өн бойындағы бағалау оқушылардың өзін-өзі бағалауына және рефлексия жасауына бағытталады.

Жоспарланған сабақтың табысты, тиімді болуы тандалған әдіс-тәсілге тікелей байланысты. Бұл арқылы оқушылардың сабақта орналасуына назар аударған жөн. Осылайша жұптар арасында «көпіршелер тұрғызу» арқылы тапсырманы орындаудың «тереңдегені» байқалады. Бірлескен оқуды жүйелі жүргізу сабақ барысында тақырыптарды ашуда, ақпаратты белсенді іздеуде, талқылау мен талдауда әрбір оқушының жеке үлесі мен қабілеті мойындалғандығына көз жеткізуге болады. Осы тұста оларды «оқыту» емес, оқуға қолдау көрсетіп, жандандыру екенін басты назарда ұстау қажет. Жекелеген оқушылардың ерекшелігі мен қажеттіліктеріне сәйкес материалды бейімдеу үшін бағыттаушы сұрақтар қойылады. Бұл олардың бойындағы жасырын білімді шығаруға, ортақ тақырыпты шешуге қатысуға түрткі болуға мүмкіндік береді.

Бірлескен оқу әдісі педагогикалық тәжірибеде 15 жылдан аса уақыт пайдаланылып келеді. Алғашында сабақтан тыс уақыттағы факультатив, таңдау курстары сағаттарында оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру бағытына сай білім беру мазмұнының көлемін анықтауға негізделді. Сонымен қатар пәнаралық байланысты қамтамасыз етуге және бейінді деңгейде оқуға мүмкіндік беретін элективті

курстар мен жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыру да оқушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталды. Бірлескен оқу әдісі арқылы білімалушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту облыстық, республикалық пәндік олимпиадалардың, ғылыми жоба жарыстарының және шығармашылық сайыстардың жүлдегерлері болуына оң ықпалын тигізді.

Бірлескен оқу әдісін оқу үрдісіне енгізуде оқушылардың «жұмсақ дағдыларын» қалыптастыру арқылы оқыту ортасын құрудың тиімділігі байқалды. Қазіргі жағдайда білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі дербес, ынталы, мүдделі, сенімді, жауапты және оқушылардың талдау жасай алатынындай етіп оқуға үйрету қажеттілігі болып табылады. Тәжірибеде осы әдіс арқылы әр оқушының пікірін тыңдау, мұқият таңдалған тапсырмалар мен қызмет түрлерін қолдана отырып, ынталандыру және дамыта оқыту, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту, жеке, топтық қызметті және барлық сыныптың жұмысын ұйымдастыру, оқушыларды өзара оқытуға дағдыландыруға болады. Сонымен қатар бұл әдістің білім алушының жеке тұлғасын әлеуметтендіруін қамтамасыз етуде де ролі жоғары. Себебі олардың тұлғаарлық және қарым-қатынас, ақпаратты есте сақтауды және жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын жақсартады. Оң өзара тәуелділікке ықпал етеді. Оқушылар арасындағы кедергілерді бұзады. Сабақ үдерісін ұйымдастыруда бірлескен оқу әдісін жүйелі пайдалану білімалушылардың жиынтық бағалау тапсырмаларын орындауда, білім жетістіктерін сырттай бағалауда, мектеп түлектерінің ұлттық бірыңғай тест тапсыруда білім сапасын арттыруға, олимпиадаға дайындықты тәлімгерлік жолмен (жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып оқушыларын дайындау) ұйымдастыруда, дебат турнирлерінде өз ойларын ашық жеткізуге, пікірлерді талдауда, ақпараттарды сұрыптауда оң серпін беретіні байқалады. Мысалы, өзім жетекшілік ететін 2017 жылы қабылданған 5-сынып оқушыларының оқу-тәрбие үрдісінде бірлескен оқу әдісі пайдаланылды. Мектеп бойынша бұл сыныптың әр жылдардағы білім сапасы үнемі 95 пайыздан жоғары болды. Пәндік апталықтар мен ашық сабақтарда, әр түрлі деңгейдегі ұйымдастырылған сыныптан тыс шараларға, семинарларға қатысуда осы сынып оқушыларының белсенділігі жоғары болуы – бірлескен оқу әдісінің тиімділігінің көрсеткіші. 2023-2024 оқу жылында жалпы орта мектепті аяқтағалы отырған білімалушылардың бірнеше жыл үздіксіз жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінің қорытындысы бойынша жүлделі I, II, III орындарды иеленіп, мектеп, облыс намысын қорғап жүргені дәлел болады.

Бірлескен оқуды ұйымдастыруда топты жасақтауда білімалушылар өздері жұмыс істейтін ортаны таңдауына мүмкіндік беру қажет. Гетеротопты немесе гомотопты (жасы, жынысы, білімі, қызығушылығы т.с.с қабілеттеріне қарай бірыңғай топтастыру) ұйымдастыру да ескеріледі. Дегенмен де таңдалған әдістердің кемшін, жетілдіретін тұстары да болады. Кейбір оқушылардың жоспарланған жұмыстарға толық қатыспай, селсоқ, бей-жай карауы да қынжылтады. Мұғалім ретінде «Оқушының ішкі уәжін қалай

оятамын?» деген сұраққа, таңдалған әдіс-тәсілдерді өзгерту, «оқушы үнін» тыңдау арқылы қол жеткізу мүмкіндігі жоғары екені белгілі.

Дарынды балалардың өзіндік, жобалық және зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру үшін бірлескен оқытуды мамандандырылған білім беру ұйымының білімалушыларымен ұйымдастыру көп жігерді талап етпегенімен, жалпы білім беретін орта мектептерде жүзеге асырудың қиындықтары болары сөзсіз. Сондықтан да бірлескен оқуды ұйымдастырарда мына мәселелерге көңіл бөлу қажет:

- ең қабілетті оқушылардың мұғалімнің өзіне назар аударуын көбірек қалайтынын есте ұстау;

- оқушылардың және соған сәйкес топтың ортақ қажеттіліктерін анықтау;

- топтарды жұмыс түріне қарай құру;

- күтілетін нәтижеге сәйкес топ мүшелерін ауыстырып отыру;

- кейде ең қабілетті оқушылар бірігіп жұмыс істейтін жағдайлар болатынына көз жеткізу;

- барлық оқушылардың басқаларды басқару және топта жұмыс істеу мүмкіндігі болуына назар аудару (бұл жерде мұғалім тарапынан ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға назар аударылуы тиіс);

- ерекше қабілеті бар оқушыларға топтық жұмыста олардың қабілеттерін ашатын рөлдерді бөлу;

- оқушылардың мәдени дәстүрлерін ескеру;

- өзін-өзі бағамдауды қолдау;

- қабілетті оқушылардың басқалардың табысқа жетуіне ықпал етуіне көмектесу;

- сапалық нәтижелерді назарда ұстау.

Білім беру мазмұнының өзгеруі мұғалімнің оқу процесіндегі орны мен рөліне және оқушыға деген жаңа көзқарасының қалыптасуына әкелді. Бұл білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың жеке сипатын, олардың мүдделері мен қажеттіліктеріне ұқыпты және құрметпен қарауды көздейді. Олай болса, оқушылардағы бірлескен жұмыс дағдысын қалыптастыру екі жақты сипат, яғни ынтымақтастыққа негізделген мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен қызметі, тұтастық пен бірлікке бағытталған оқушылардың дамуы мен тәрбиесін басқару болап табылады.



Абишева Айнур Абджалаловна
Алматы облысы, Қарасай ауданы,
Қаскелең қаласы
Абай атындағы орта мектеп-гимназия
Үздік педагог 2022 жыл

Білім алушылардың таным белсенділігін зерттеу.

Таным белсенділігі сезіну, ойлау және практикалық әрекеттердің жиынтығы. Ол кез-келген жағдайда және қарым-қатынаста жүзеге асады. Бала таным белсенділігі барысында өзін-өзі өзгертуге талпынады. Бала тек білуге емес, сонымен қатар білімді қолдануға үйренеді. Білім алушыларда қалыптасқан білім, білік және тұлғалық қасиеттер жүйесі «ашық» болуы керек, яғни оларға осы білім мен дағдыларды толықтыру және түрлендіру, сонымен қатар өнімді ойлау қабілетін қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл мәселенің шешімі ретінде мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталуының арқасында қол жеткізілетіндігі анық.

Зерттеу барысында құбылыс ретінде таным белсенділігінің процессуалдық, жүйелік, құндылық және өнімділік аспектілері қарастырылды. Нәтижесінде таным белсенділігі мен білім беру құрылымының өзара байланысы анықталды. Жобаның негізгі тақырыбы баланың сабақ барысындағы таным белсенділігіне әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған.

Өзектілігі, негіздемесі: Баланың сабақ барысында таным белсенділігін зерттеу қажеттілігі неге туындады? Сабақта білім алушылардың белсенділігі кез-келген түрде болуы мүмкін, бірақ қазіргі таңда баланы танымдық үдеріске белсендіру өте қиын. Себебі балаға ақпарат кез-келген уақытта қолжетімді, сондықтан бала ізденіп, уақытын бөліп өзіндік танымдық әрекеттер жүргізуге тырыспайды. Нәтижесінде баланың ойлау, іздену, шығармашылықпен әрекеттену қабілеттері дамымайды. Осы тұрғыдан баланың сабақта танымдық белсенділігін оятуға бағытталған зерттеу жүргізу аса өзекті.

Сонымен қатар қазіргі таңда мектепте зерттеу жүргізудің кең таралған түрлері ол сабақты зерттеу (Lesson Study) және іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) екендігі мәлім. Сондықтан зерттеудің қазақстандық моделін қалыптастыру осы жобаны жүзеге асырудағы басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Мақсаты, міндеттері: Зерттеу жобасының мақсаты білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыратын белсенділік алгоритмін құру.

Негізгі міндеттер баланың таным белсенділігіне әсер ететін тиімді әдістерді жинақтау, баланың танымын белсендіретін ахуалды ұйымдастыру, баланың танымдық қажеттіліктерін жүзеге асыру.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы: Жобаның зерттеу құрылымы -негізгі жаңашылдық. Баланың таным белсенділігін зерттеу мақсатында ұстаздардың жұмысы жұп түрінде жүзеге асады. Зерттеу объектісі

нақты (баланың таным белсенділігі), зерттеу кезеңдері оқу жылына сәйкестендіріліп жүргізіледі. Зерттеу барысында диагностика, мониторинг жүргізіліп, таным белсенділігінің динамикасы анықталады, тиісті шешімдер бірлескен түрде қабылданып, зерттеу үдерісіне түзетулер жүргізіледі.

Зерттеу жобасының кезеңдері:

1. Жұпты анықтау (зерттеуді жүргізетін ұстаздар жұбы);
2. Зерттеу тақырыбын анықтау (сауалнама, талдау);
3. Өзара сабаққа қатысу (зерттеу парағын толтыру, диаграмма, мониторинг, диагностика жұмыстары, белсенділік алгоритмін құру);
4. Пәнаралық зерттеу жүргізу (басқа пән ұстаздарына белсенділік алгоритмін ұсыну, сабаққа қатысу, белсенділік алгоритмнің тиімділігін бақылау, белсенділік алгоритміне түзетулер енгізу).

Зерттеу жобасының әдістері ретінде эмпирикалық бағыттағы бақылау, сауалнама, фото және бейне түсіру, салыстыру, теориялық-тәжірибелік бағыттағы талдау, модельдеу, синтез, логика, теориялық бағыттағы зерттеу және тұжырымдау әдістері қарастырылады.

Сонымен зерттеу негізгі төрт кезеңді қамтиды. Кезеңдердің ерекшелігін қарастырсақ. Неге жұптық зерттеу? Ұстаздар қауымдастығында топтық, жұптық, жеке зерттеулер қарастырылған. Топпен зерттеу жүргізуде негізгі кедергі ол ұйымдастыру барысы. Бірнеше ұстаздың сабақ кестесінің сәйкес келмеуі, оқу-тәрбие үдерісі кезіндегі көптеген жұмыстарды жүзеге асыру қажеттілігі жұптық зерттеуді ұйымдастыруға аса көп күш салуды қажет етеді. Ал, жеке зерттеу жүргізуде ұстаздың өзіндік тәжірибесі басты нәтиже, ол нәтижені объективті бағалау қиын. Жұптық зерттеуде топтық және жеке зерттеулердегі кедергілер болмайды. Жұптық топ мобилді, олардың бірігуі тең, сенімді деңгейде жүзеге асты. Зерттеу барысындағы туындаған мәселелерді қарастыру біріккен шешім нәтижесінде жүзеге асады.

Мектепте баланың ой-пікірін тез арада анықтау құралы ретінде сауалнама алу практикасы кең таралған. Таным белсенділігін анықтайтын сауалнама түрлері өте көп және осы зерттеуде сауалнама нәтижесі арқылы баланың қажеттілігін анықтау аса маңызды. Сауалнама мазмұны жан-жақты болуы қажет. Яғни, баланың жас ерекшелігі, психологиялық ерекшелігі, танымдық қажеттіліктері қарастырылатыны маңызды.

Зерттеудің үшінші кезеңі сабаққа қатысу. Сабаққа қатысу барысында сыныптың барлық білім алушыларын бақылауды жүзеге асыру үшін когнитивті сызба қолданылады. Когнитивті сызба көмегімен зерттеушілер ақпаратты тез жүйелейді, сызба тез ойлануға бағыттайды, жаңа ақпараттар тез өңделеді. Мұғалімнің уақыты шектеулі екендігін ескерсек, когнитивті сызба көмегімен зерттеу жүргізу өзінің тиімділігін көрсетті.

1	2	11	12	21	22
3	4	13	14	23	24
5	6	15	16	25	26
7	8	17	18	27	28
9	10	19	20	29	30

ЕСКЕРТУЛЕР

Көрсеткіш/білім алушы	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30		
Қол көтерді																																
Сұрақ қойды																																
Мұғалімнің сұрағына жауап берді																																



Білім алушылардың белсенділігін зерттеу бойынша талдау жасау

Білім алушылардың белсенділігін анықтау сызбасы

Сыныптың білім алушыларының белсенділігін анықтау сызбасы
7-«Б» сыныбы Күні: 09.11.2023

Білім алушылардың сабақ барысындағы белсенділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30		
Қол көтерді																																
Сұрақ қойды																																
Мұғалімнің сұрағына жауап берді																																

Сыныптың білім алушыларының белсенділігін анықтау сызбасы
7-«Б» сыныбы Күні: 06.11.2023

Білім алушылардың сабақ барысындағы белсенділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	
Қол көтерді																															
Сұрақ қойды																															
Мұғалімнің сұрағына жауап берді																															

Сыныптың білім алушыларының белсенділігін анықтау сызбасы
7-«Б» сыныбы Күні: 23.11.2023

Білім алушылардың сабақ барысындағы белсенділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	
Қол көтерді																															
Сұрақ қойды																															
Мұғалімнің сұрағына жауап берді																															


Сыныптың білім алушыларының белсенділігін анықтау сызбасы
7-«Б» сыныбы Күні: 18.11.2023

Білім алушылардың сабақ барысындағы белсенділік көрсеткіштері

Көрсеткіш	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	
Қол көтерді																															
Сұрақ қойды																															
Мұғалімнің сұрағына жауап берді																															

Білім алушылардың белсенділігін зерттеу нәтижесі


7 «Б» сынып білім алушыларының тарих пәні бойынша қараша айындағы белсенділік көрсеткіші



7 «Б» сынып білім алушыларының математика пәні бойынша қараша айындағы белсенділік көрсеткіші



7 «Б» сынып білім алушыларының география пәні бойынша қараша айындағы белсенділік көрсеткіші



7 «Б» сынып білім алушыларының химия пәні бойынша қараша айындағы белсенділік көрсеткіші



Сызбада сыныпта парталардың орналасуы, кестеде танымдық белсенділікті анықтайтын көрсеткіштер берілген. Сонымен қатар сызбаға бақылаушы мұғалімнің ескертпелері, ойлары, бақылау барысында туындаған идеялары жинақталатын орын қарастырылған. Бақылау барысында баланың таным белсенділігі белгі ретінде сызбаға түсіріледі. Сабақтан кейін таным белсенділігін танытқан білім алушылардың саны когнитивті сызбада айқын көрінеді. Ең басты мәселе ретінде таным белсенділігін көрсетпеген баланың әрекетін зерттеу. Неге бала белсенді емес? Мұғалім тарапынан қандай қадамдар жасалу керек?,-сұрақтарының жауабын белсенділік алгоритмі табуға бағыттайды.

Оқу жылында 12 сабаққа қатысу қарастырылған. Зерттеу барысының графигі төмендегідей:

1. Қыркүйек -сауалнама алу, талдау, белсенділік алгоритмін құру.
2. Қазан-қараша-4 сабаққа қатысу.
3. Желтоқсан-қаңтар-4 сабаққа қатысу.
4. Ақпан-наурыз-4 сабаққа қатысу.
5. Сәуір-мамыр-зерттеу нәтижелерін талдау, практикада қолдану, білім алушылардың таным белсенділігін арттыру алгоритмін қорытындылау, мониторинг, диагностика.

Таным белсенділігін зерттеудің барысында жұп басқа пән мұғалімдеріне тәжірибе нәтижелерін (белсенділік алгоритмі) бөлісіп, сол нәтижелерінің басқа сабақта қолдану барысын бақылауға жүзеге асырады.

Тиімділігі: Зерттеу барысында мұғалімнің құзыреттілігі және бірлесіп жұмыс жүргізу дағдысы дамиды, мұғалімдердің бір-бірімен дұрыс әрекеттесуі («дебрифинг» емес технологияда) жүзеге асады, пайдалы жеке оқыту әдістерімен бөліседі, жаңа мақсаттарды қою оқу жұмысының басымдығы болып табылады, педагог кадрлардың диагностика және нәтижелерді болжау дағдыларын дамиды, мұғалімнің жұмысы туралы объективті «кері байланыс» жүзеге асады, білім алушылар үшін «сәттілік жағдайы» құрылады, әріптестердің педагогикалық іс-әрекетіндегі «олқылықтарға» баса назар аударылады (алқалық талдау арқылы мәселелер жан-жақты талданып, оларды шешу жолдары анықталады).

Қазіргі таңда ұсынылған зерттеу жобасы ауданның 5 мектебінде (Абай омг, Абай 2 ом, Бұлақты бм, Жаңатұрмыс ом, Шалқар ом) жүргізілуде. Сонымен қатар облыс мектептеріне зерттеу үдерісінің ерекшеліктері туралы семинар өткізілді. Бұл бастама баланың таным белсенділігін зерттеуіне бағытталып, қазақстандық зерттеу жобаларын жүзеге асыру арқылы қазақстандық білім беру жүйесінің өзіндік ерекшелігін қалыптастыруға бағытталған.



Чекетаева Роза Сарқытбекқызы
Шығыс Қазақстан облысы ББ
Өскемен қалалық білім бөлімі
Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-
лицейінің тарих пәні мұғалімі,
«Үздік педагог-2022»

«Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың тарих пәніне қызығушылықтарын тудыру».

Кейс форматында ұсынылған мұғалім тәжірибесінде оқушыларды тарих пәнін оқуға қызықтыру мәселелері мен оны шешудің тиімді жолдары қарастырылған.

Өзектілігі, негіздемесі: Бүгінде біз ақпараттық қоғамда өмір сүрудеміз. Мектепте мұғалімдер күнделікті АКТ мен интербелсенді әдіс-тәсілдерді жиі қолданатындықтан оқушыларға бұл жаңалық емес. Өткізген сабақтарымда веб-сервистерді, мультимедиялық тәсілдерді, түрлі постер, кластерлерді де қолдандым. Wordwall, kahot, 3D-кітап (www.storyjumper.com), Quizizz т.б қолданғанда оқушылар сабаққа қызығушылықпен, қуана қатысты, сабақтарым табысты өтті. Дегенмен табыстылық пен тиімділік екі түрлі ұғым болғандықтан, Action Research зерттеуімде БЖБ, ТЖБ жазу барысында қуана айтқан материалдардың олардың жадында аз сақталатынын анықтадым. Сондықтан репродуктивтік оқытудан конструктивтік оқуға көшу, оқу және оқыту үдерісін жақсарту, оқытуға, бағалауға өзгеріс енгізу мәселесі маңызды болды.

Соған байланысты мен зерттеу **тақырыбымды** «дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың тарих пәніне қызығушылықтарын тудыру», **зерттеу сұрағымды** «Бірлескен жұптық, топтық жұмыс сыныптағы диалогті және бағалауды қалай дамыта алады?» деп алдым. Өйткені, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының мақсаты - «білім алушылардың білім сапасын арттыру» болғандықтан тарих сабағында білім сапасын көтеру қоғамдық сұраныстан туындаған, өзекті мәселелердің бірі.

Мақсаты: оқудағы кедергілерді анықтау және жұптық, топтық жұмыс арқылы диалогтік оқыту мен кері байланыс беруді дамыту.

Міндеттері:

-саралау тәсілдерін тиімді қолдану арқылы оқудағы кедергілерді жеңу;
-жұптық, топтық жұмысты ұйымдастыруды дамыту және қалыптастырушы бағалаудың танымдық аспектілері арқылы өзін-өзі реттеуге баулу;

-барлық оқушыларды бірлескен таным процесіне белсене араласуға мүмкіндік жасау арқылы пәнге қызығушылықтарын ояту;

-оқу кабинетінде және кабинеттен тыс жерде өткен сабақтардың тиімділігін салыстыру;

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы. Тәжірибедегі өзгерісім саралауды тиімді қолдану болды. Бұрында білім, білік, дағды болған, көбіне

деңгейлік тапсырма көлемінде қараппын. Ал енді менің тәжірибемдегі өзгерістердің бірі - саралаудың бірнеше тәсілін қолдану, топтарды құрылымдап, гомогенді, гетерогенді топтарға топтастыру болды. Сыныптағы оқушылардың көбі ұлдар болғандықтан ЖИГСО кезінде материалды талқылау барысында сабақтан ауытқуда байқалды. Сондықтан да келесі сабақтарда оқушылардың өзін-өзі ұстауы, тәртіпті т.б қамтылған жарыс тәсілдеріне бағыттап өткізетін ойындарды қолдандым.

Осындай топтарда отыратын оқушылар кері байланысты да сындарлы беретін болды. Әсіресе дереккөз бен тапсырма, қарқын арқылы саралау сәтті шықты. Нәтижесінде А,В,С оқушыларым сабақтан өздерінің қажеттіліктерін ғана қанағаттандырмай, сыныптастарына көмектесетін дәрежеге жетті.

Мысалы, *«Пилот пен навигатор»* әдісін қолдану барысында алымы жоғары оқушы навигатор болып, екінші оның жұбы пилот оқушы оған сұрақ қояды. Навигатор оған түсіндіріп береді. Ал жаңа тақырыпты оқығанда алымы жоғарысы пилот болып, екінші оқушыға оқулықтан сұрақтың жауабын іздетіп, дәптеріне жазғызады. Қарқын және тапсырма арқылы саралауға бағытталған *«Қарлы кесек»* тәсілімен сұрақтарға жауап беру барысында оқушылар сұрақтарды қайталап жауап беру арқылы, есте сақтау қабілеттері дамиды. Жадыны жаттықтырады.

«Ішкі және сыртқы шеңбер», *«тарихи шыңжыр»* т.б әдіс-тәсілдерінде де жұптық жұмыста ЖАДА тиімді қолдануға тырыстым. Бұл қозғалысқа бағытталған интербелсенді әдістерді мектепте спорт зал бос болғанда спорт залда, ауа-райы қолайлы күз, көктем айларында мектеп ауласында да өткіземін. Оқушымен жұмыста ең нәтижелісі осы кабинеттен тыс жерде сабақ өткізу болды. Кабинеттен тыс жердегі сабаққа қауіпсіздік ережесі, талаптары алдын-ала ескертіледі.

Оқуды алға жылжыту үшін дәптерге жазуға назар аудардым, жазылған материалдың сабақ айту, мазмұндау барысында 10 пайызын қолдануға рұқсат етуім олардың уәжін арттырды. Келесі сабақтарда топтық жұмыста өзінің ғана емес кез келген оқушының дәптерін қолдануға рұқсат етуім ол сыныптағы оқушылардың үй жұмысы бойынша дәптерге қысқаша конспект жасауларын қалыптастырды. Жазып отырып, қойылған сұрақтың жауабын бір-бірінің дәптерінен іздеп тауып алу арқылы олар өздерінің оқуға қалай тартылғанын байқамай да қалды. Бұрын қалыптастырушы бағалаудың эмоционалдық, психомоторлық-элеуметтік аспектілеріне көп мән берген болсам, бұл тәжірибеде танымдық аспектімен көбірек жұмыс жасадым. Яғни, тапсырмаларға бағалау критерийі мен дескрипторларды ұсынуда үлкен нәтиже болды. Оқушылар дескрипторды ескеріп сабақ айтса, кері байланыс берушілерде дескриптормен жұмыс жасады. Тәжірибенің артықшылығы осы 10-11 сыныптар басқа сыныптарға қарағанда жұптық, топтық бірлескен жұмыстарға төселген. Білімді өз беттерімен меңгеруге, сыныпта және сыныптан тыс уақытта да бір-бірін оқытуға бейімделген. Диалогтік оқыту қалыптасып, сындарлы кері байланыс беретін дәрежеге жетті.

Тәжірибенің іске асырылған мерзімі: 3 жыл. Іс-әрекеттегі өзгерісті іске асыру үшін 2021-2022 оқу жылы 8-9 сыныптар алынған, қазір 2023-2024 оқу жылы олар 10-11 сыныпта оқиды.

Тиімділігі. 2021-2022 оқу жылы 8-9 сыныптарда сыныптың реттелуі, білім сапасы бойынша да мәселелер бар болғандықтан, ол оқу мен оқытуға кедергі келтірді. Сондықтан сыныптардан алынған кіру сауалнамасының нәтижесі бойынша зерттеу сұрағын құрдым. Аяқталмаған сөйлем әдісімен алынған сауалнама қорытындысы бойынша байқағаным оқушылардың көп бөлігі мектепке білім алуға келеді, тарихқа қызығушылықтары бар, бірақ пәнді меңгеруде қиындықтары бар екендігі мен қатар сабақта кейбір оқушылардың кері байланыс жасау, тарихи фактілерді есте сақтау дағдылары төмен екені байқалды. Мысалы, 2021-2022 оқу жылы 8 В сыныбы 1-тоқсан қорытындысы бойынша Қазақстан тарихынан білім сапасы 41 % болды. Іс-әрекеттегі зерттеуім нәтиже бере отырып 2-тоқсан қорытындысы бойынша 48 %, 3-тоқсанда 67%, 4-тоқсанда 81%, жылдық 71% жетті. Іс-әрекетті зерттеу барысында оқушылардың бір-бірінің оқуына ықпал ете алатынын анықтаған болатынымын, сондықтан да жұптық, топтық жұмысты жалғастырдым. 2022-2023 оқу жылы жұптық жұмыстан қарағанда, топтық жұмыс көбірек төселді. Білім сапасы биыл 81 % жетті. 2023-2024 оқу жылының 1-2 тоқсандарында 10 және 11 сыныптарда сабақтың 85% оқушылардың іс-әрекетінен тұратынын байқадым. 2022-2023 оқу жылы бітірген түлектердің ҰБТ қорытындысы өткен жылғылардан білім сапасында 8% динамика байқалды.

Осы жұмыстың барысында «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасындағы Перри деген ғалымның айтқан «тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы; оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы; проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы» өздігінен реттелетін оқудың үш элементінің көрінісі іске асты.

Тәжірибені басқа педагогтер, мектептер қалай қолдануы керектігі туралы кеңестер? Ұсынылған әдіс-тәсілдерді қалай қолданылатыны жөніндегі нұсқаулықпен танысып барып қолдану керек. Кабинетте емес сабақтарды жүргізгенде жергілікті жердің климатына қарау қажет.



Асанбекова Гулмира Сагатовна
Алматы қаласы
Ы.Алтынсарин атындағы №159
гимназиясың Тарих және құқық
пәндерінің мұғалімі
«Үздік педгог-2016»

Жобалап оқыту технологиясы

Мен өз тәжірибемде жобалап оқыту технологиясын ұзақ жылдардан бері қалай және не үшін, қандай мақсатта қолданатынымды баяндағым келеді.

Кез келген мақсатты іс-әрекетті жоба деп айтуға болады. Мысалы, қызметтік немесе статистикалық график немесе модель әзірлеу, тәжірибе жүргізу. Жобамен жұмыс кезінде ғылыми білім жан-жақты қолданылады. Жоба жүргізген кезінде қалыптасқан білім негізінде білім алушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады. Педагог тәлімгер ретінде ғана көмек көрсетеді.

Көп жағдайда жобалық зерттеу кезінде, білім алушылар осыған дейін беймәлім болып келген ақпараттармен жұмыс жасайды. Мұндай жұмыс ғылыми жоба деп аталады. Жоба жүргізу кезінде қандай тәжірибе жүргізу қажет және оны қалай жүргізуге болатынын білім алушылар өздері шешеді. Кейде қолжетімсіз құралдарды өздері жасап шығуға тура келеді. Білім алушылар қажетті ұғымдарды, дәйектерді, мәліметтерді тауып нақты шешім табуы керек болады.

Жоба әдісінің қадамдары:

- Мәселе
- Гипотеза
- Тәжірибе
- Мәліметтер жиынтығы
- Мәліметтерді түсіндіру
- Қорытынды

Жоба әдісінде білім алушылар тобы педагогпен ақылдаса отырып, мәселені таңдап, гипотезаларды тұжырымдайды. Олар іс-әрекет жоспарын құрып, қажетті жабдықты тізімдейді және гипотезаларды тексеру үшін эксперимент жүргізеді. Содан кейін олар жалпы қорытындыға келеді.

Артықшылықтары:

1. Бұл әдіс барлық ғылымға деген қызығушылықты тудырады;
2. Ғылымның әртүрлі тұжырымдамаларын айқындай түседі;
3. Өзіне деген сенімділік, ынтымақтастық және көшбасшылық қасиеттері дамиды;
4. Бұл-тәжірибе арқылы оқытуға негізделген психологиялық әдіс;
5. Алған білім тұрақты;
6. Бос уақытты дұрыс пайдалана алады;

7. Білім алушылар өздігімен жұмыс істейді, сонымен қатар ақыл-ойына жүгінеді. Осылайша, физикалық және ақыл-ой әрекеттерінің интеграциясы қамтамасыз етіледі.

Кемшіліктері:

1. Педагог үшін бұл өте қиын әдіс, өйткені жоспарлау мен күш салу қажет;
2. Бұл үнемді әдіс емес, өйткені көптеген материалдар мен жабдықтар қажет;
3. Бұл әдіс өте көп уақытты қажет етеді;
4. Бағдарламаны жүйелі және дәйекті түрде аяқтауға болмайды.

Мақсаты мен міндеттері.

Жобалап оқыту технологиясын қалай тиімді ұсынуға болады:

1. Білім алушыларға мүмкіндіктеріне қарай міндеттер жүктеуге болады;
2. Білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас үшін еркіндік берілуі мүмкін;
3. Белгіленген мақсаттар бөлек қарастырылып, оларға қол жеткізу қадамдарын айқындау керек.

Сонымен бірге, жобалау технологиясын жеке тұлғаға дербес бағдарланған технологиялардың бірі деп есептейді. Бұл технология білім алушылардың дербестігін, ынталылығын, шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ете алады деп саналады. Осы технология XX ғасырдың 20-жылдарында АҚШ-та жарық көрді және оның негізгі идеяларын Дж.Дьюи мен У.Килпатрик жасаған болатын.

Негізгі идеялары:

- Білім алушы өзі таңдаған іс-әрекетті жоғары қызығушылықпен орындайды;
- Іс-әрекет тек оқу пәнінің саласында ғана құрылмайды;
- Білім алушыда қызығушылықтың пайда болған сәтін қалт жібермеу, соған сүйену;
- Шынайы оқыту ешқашанда бір жақты болмайды, қосымша берілетін мәліметтер де өте маңызды.

Карл Фрей жобалау әдісінің он жеті айрықша белгілерін атап көрсетеді. Олардың бірнешеуін келтіретін болсам:

- Жобаға қатысушылар өмірде әйтеуір бір адамның жобалау бастамасын іліп әкетеді;
- Жобаға қатысушылардың оқыту түрі туралы бір-бірімен келіседі;
- Жобаға қатысушылар жобалау бастамасын дамыта отырып, оны басқалардың назарына алуын қамтамасыз етеді;
- Жобаға қатысушылар өздерін жұмысқа дайындайды, ұйымдастырады;
- Жобаға қатысушылар бір-біріне жұмыс барысы туралы ақпараттар беріп отырады;
- Жобаға қатысушылар пікірталастарға қатысады.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы.

Енді жобалап оқыту дегеніміз не деген сұраққа келсем, Карл Фрейд жобалау әдісін жоба жасаудағы білім алушы мен педагог әрекетінің жүйесі деп қарастырған. Н.Г. Чернилова жобалап оқытуды «Базалық теориялық білімді меңгеру үшін кешенді оқу жобаларын ақпараттық үзілістермен кезектестіріп орындауға негізделген дамыта оқыту» дейді. Автордың пікірінше, жобалап оқыту дамыта оқытудың бір түрі болып саналады.

Қазіргі таңда жобалап оқытуға былай анықтама беруге болады: жобалау әдісі деп, туындаған проблеманы шешуге бағытталған білім алушы мен педагогтің бірге атқаратын іс-әрекетін айтады. Жобалау әдісі әр кезде білім алушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне бағытталған. Оқыту процесін толығымен жобалап оқытуға көшіру мүмкін емес екені мәлім. Алайда, білім жүйесінің қазіргі даму кезінде педагогикалық практиканы жеке тұлғаға бағытталған технологиялармен байыта түсу көкейкесті міндеттердің бірі.

Жобалап оқыту мақсаты:

- Жеткіліксіз білімді әр түрлі ақпарат көздерінен білім алушылардың өз бетінше және ықыласпен оқып үйренуі;
- Танымдық және практикалық міндеттерді шешуде алған білімді пайдалану;
- Әр түрлі топтарда жұмыс істей отырып коммуникативтік біліктерді игеру;
- Зерттеу біліктерін (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, жорамал жасау, қорытындылау) дамыту;
- Жүйелі ойлауды дамыту.

Жобалап оқытудың бастапқы теориялық ұстанымдары:

- Басты назар-оқушыда, оның шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді;
- Оқыту процесі оқу пәнінің логикасына сай емес, оқушы үшін жеке мәні бар іс-әрекет логикасына сай құрылады, бұл оның оқуға деген ынтасын арттырады;
- Жоба жасаудағы жеке жұмыс қарқыны әр оқушының өз даму деңгейіне шығуын қамтамасыз етеді;
- Оқу жобасын кешенді жасау білім алушының негізгі физиологиялық және психологиялық қызметінің тепе-тең дамуына септігін тигізеді;
- Базалық білімнің терең де саналы меңгерілуі оның әр түрлі жағдайларда жан-жақты қолданылуы есебінен қамтамасыз етіледі.

Сонымен жобалап оқытудың негізгі мәні неде?

Оқу жобасын жасау процесінде білім алушының нақты жағдайларды бастан өткізуі процестердің, құбылыстардың мәніне терең бойлауы, жаңа нысандарды жобалауы- технологияның негізгі мәні десе де болады. Ал мұндай жетістіктерге жету үшін оқытудың ерекше түрі қажет. Сондай оқыту түріне- (имитациялық) еліктеу ойындары жатады. Ойын адамның нақты (немесе қиялдағы) жағдайға еркін ену түрі. Ойынға қатысушылар ойын барысында

жеке «менің» жүзеге асырып, өз шығармашылығы мен белсенділігіне, өз мүмкіндіктеріне қол жеткізеді. Ойынға қатысушылардың әрбірі өзі қалаған рөлін таңдайды, оның танымдық әрекеттер құрылымында жүзеге асырылады. Сондықтан да мектептегі еліктеу ойындары жеке тұлғаға бағытталған оқытудың негізін қалайды.

Ойынның негізгі қызметтері:

1. Психологиялық қобалжуды басып, көңіл-күйдің көтерілуіне әсер етеді;

2. Психотерапевтік, білім алушының өзіне және басқаларға деген қарым-қатынасын өзгертуге көмектесе отырып, қатынас тәсілін өзгертеді, психикалық көңіл-күйін көтереді;

3. Психологиялық, ойлауды рационалды қалыптан шығарып, нақты жағдайды түрлендіре түсетін фантазияға ауыстыруға мүмкіндік береді. Ойын кезінде білім алушының дамуы үшін қажетті қауіпсіз жағдайда өзін ыңғайлы әрі психологиялық еркіндікте ұстайды.

Жобалаудың жіктелуі. Қазіргі кезде осы технологияны жан-жақты қарастыру мақсатында әр түрлі жіктеулер бар. Оларды жалпылай отырып, белгілі жобалардың жіктелуін суреттегідей көрсетейін:



Жобалауға кеткен уақытқа байланысты оқу жобасы үшке бөлінеді:

- Қысқа мерзімді (2-6 сағат);
- Орташа мерзімді (12-15 сағат);
- Ұзақ мерзімді.

Интеграциялау деңгейіне қарай оқытылатын пән мазмұны негізінде жасалған жоба пәндік және пәнаралық болуы мүмкін. Білім алушыларға пәнаралық жобалар қызығушылық тудырады.

Жобаға қатысушылардың саны бойынша жеке және ұжымдық болып бөлінеді. Ұжымдық жобаны екі білім алушы орындаса қосарлы, ал егер бір топ білім алушылардың қатысуымен болса оны топтық деп атайды.

Іс-әрекеттің басымдылығына байланысты жобалар шығармашылық, зерттеушілік, танымдық, ойын арқылы және практикаға бағытталған деп бөлінеді.

Зерттеушілік жобалар ғылыми проблеманы шешуге бағытталған. Мұнда тақырыптың көкейкестігін, мақсатын, міндеттерін, зерттеу нысандарын, нәтижелерді талқылау мен қорытындылау өте маңызды. Бұл жобаларды сабақ үстінде немесе сабақтан тыс уақытта жасауға болады. Мысал ретінде аймақтағы экологиялық проблемаларды шешуге, табиғи байлықтарды ұтымды пайдалануға, өсімдіктерден қажетті дәрілік заттар алуға және т.б. жобаларды келтіруге болады. Кез-келген зерттеушілік жоба дайындауда білім алушылардың шығармашылық қабілеті оянады.

Ойын түріндегі жобалар жасауда білім алушылар өздеріне белгілі бір рөлді қабылдайды. Мысалы, аймақтың тарихи-мәдени ескерткіштерін кешенді түрде зерттеу мақсатында ғылыми топ құру қажет. Практикаға бағытталған жобалар практикалық нәтижелер беретін болуы қажет. Мысалы, КСРО кезеңіндегі ядролық қалдықтарды көметін полигондарды тазарту, тың игеруге алынған жерлерді эрозия мен гумустан құтқару және тағы басқалар. Соңғы кезде білім алушылар ғаламтор арқылы халықаралық жобаларға да қатысып жүр. Дидактикалық құралдардың қолданылуына қарай жобалар классикалық, ақпараттық және коммуникативтік болып бөлінеді. Классикалық жататындар: басылымдар (оқулықтар, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, ғылыми журналдар), көрнекіліктер (кестелер, сызбанұсқалар, суреттер) жатады. Компьютерді қолдану арқылы білім алушылар ақпараттарды тез жинақтауға, талдауға, өңдеуге мүмкіндік алды.

Жобалау технологиясы мектеп курсындағы тарихты оқыту аясында екі бағытта болуы керек:

1. Жоба оқу тақырыбымен байланыста болуы, яғни сабақта қарастырылады;

2. Жоба іс-әрекетін сыныптан тыс уақытта қолдану (сабақтан тыс іс-әрекет). Жобалау технологиясын кез-келген сыныпта қолдануға болады.

Жобалармен жұмыс істеу кезеңдері.

Білім алушы мен педагогтің іс-әрекеттер жүйесін анықтамас бұрын жобаны құру кезеңдерін анықтап алған дұрыс. Қазіргі кезде жобаны мынандай кезеңдерден құру кеңінен орын алған: жобалық тапсырманы дайындау; жобаның өзін құру; нәтижелерді алу; көпшілікке таныстыру (презентация жасау); рефлексия.

Жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру үшін педагогтің белгілі бір дайындығы болуы керек. Жоба жасаудағы ең маңыздысы- проблеманы анықтау, соның нәтижесінде жоба жасалынады. Мұнда проблема білім алушыларға дайын күйінде ұсынылады, олар проблемалық жағдайларды негізге ала отырып өздері проблеманы тұжырымдайды. Демек жобаның әрекетін ұйымдастыруда мына тізбек орындалады: проблемалық жағдаят-проблема- оны шешудің проблемалық мақсаты. Мұнда проблемалық жағдаят оқулықтардан алынбайды, ол нақты шындық болуы керек.

Жобалап оқыту барысындағы педагог іс-әрекетінің жүйесі төмендегі кестеде көрсетілген:

Кезеңдер	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті
1.Жобалық тапсырманы құру		
1.1.Жобаның тақырыбын таңдау.	Педагог тақырыптарды таңдап, оларды білім алушыларға ұсынады.	Білім алушылар талқылап, тақырып бойынша бір шешім қабылдайды.
/2-нұсқа/	Педагог білім алушыларға тақырыпты таңдауды ұсынады.	Білім алушылар тобы педагогпен бірге тақырып таңдап, оны сыныптың талқысына ұсынады.
/3-нұсқа/	Педагог білім алушыларға ұсынған тақырыптарды бірге талдауға қатысады.	Білім алушылар тақырыпты жеке таңдап, оны талдау үшін сыныпқа ұсынады.
1.2. Жоба тақырыбының тақырыпшаларын таңдау.	Педагог тақырыпты алдын - ала тақырыпшыларға бөледі де оларды таңдауды білім алушыларға ұсынады.	Әрбір білім алушы өзіне тақырыпша таңдайды немесе жаңа тақырыпша ұсынады.
	Педагог білім алушылармен бірге тақырыпшаларды талдауға қатысады.	Білім алушылар тақырыпшаларды талдауға белсенді түрде қатысып, тақырыпшалар ұсынады. Олардың бірін өздері таңдап алады, яғни өзіне рөл таңдайды.
1.3. Шығармашылық топтарды құру,	Нақты тақырыпшалар мен іс-әрекет түрін таңдаған білім алушыларды біріктіру үшін педагог ұйымдастыру жұмысын жүргізеді.	Білім алушылар өздері таңдаған рөлге сәйкес кіші командаларға топтасады.
1.4. зерттеу жұмысына материалдар дайындау: жауап берілуі тиіс сұрақтарды тұжырымдау.	Егер жоба көлемді болса, зерттеу жұмысының тапсырмалары сұрақтары мен қажетті әдебиеттерді алдын-ала дайындайды.	Кейбір жоғары сынып білім алушылары тапсырмаларды таңдауға көмектеседі. Жауап берілуі тиіс сұрақтар командаларда құрастырылып, сыныпта талқыланады.
Командаларға тапсырмалар, қажетті әдебиеттерді таңдау.		
1.5. жобалау іс-әрекетінің қорытындысын шығару, жариялау түрін анықтау.	Педагог талдау жұмысына қатысады.	Білім алушылар зерттеу нәтижесін қандай түрде көрсететінін алдымен топтарда, содан соң сыныпта тақылайды. /бейнефильм, альбом, әдеби мұшайра т.с.с./
2.Жобаны құрастыру.	Педагог білім алушылар жұмысын үйлестіреді, кеңестер береді, олардың іс-әрекетін көтермелеп отырады.	Білім алушылар іздеу, тану жұмыстарын жүзеге асырады.

3.Нәтижелерді шығару.	Педагог білім алушылар жұмысын үйлестіреді, кеңестер береді, олардың іс-әрекетін көтермелеп отырады.	Білім алушылар алдымен топтарда, содан соң басқа топтармен бірлесе отырып, қабылданған ережелерді шығарады.
4.Таныстыру. /презентация/	Педагог экспертизалық жұмысты ұйымдастырады. Мысалы, эксперт ретінде жоғары сынып білім алушыларын, ата-аналарды, параллель сыныпты басқа да кісілерді шақырады.	Өздерінің жұмыс нәтижелерін баяндайды.
5. Өзінің жұмысын талдау, бағалау /рефлексия	Білім алушылардың іс-әрекетіне педагогикалық басшылық жасауын бағалайды, олардың бағасын ескереді.	Процеске басқалардың бағаларын ескере отырып өзінің жұмысына талдау жасайды. Топтық рефлексия жүргізген дұрыс.

Аталған технологияны пайдаланудағы байқалған шектеулер:

1. Педагогтің аталған технологияны жүзеге асыруға деген ықыласының төмен болуы;
2. Білім алушылардың жобалауға қатысуға енжарлығы;
3. Білім алушылардың зерттеу қабілетінің жеткілікті қалыптаспауы;
4. Жоба бойынша жұмыс нәтижелерін бақылаудағы баға көрсеткіштерінің дәл анықталмауы.

Бірінші шектеуге байланысты білім алушылардың жобалауға деген қызығушылығын оятатын бірнеше әдістері бар:

1. Жобалау технологиясының мән-мағынасын түсіндіру. Өртүрлі жобаларды мысалға келтіре отырып, мұндай жұмыстың маңыздылығын, жобаны жасаушылардың жұмысын сипаттауға болады. Мұнда «жоба» ұғымына кеңінен тоқталған жөн.

2. Жобалардың мүмкін 10-15 тақырыбының тізбесіне аннотация беру. «Ал мен болсам, былай істер едім, Егерде мен...» деген мүмкін нәтижелерді, күтілетін жобалық шешімді ұсыну.

3. Орындалған жобалардың нұсқаларын ұсыну. Нұсқаларды ұсынғанда білім алушыларға жоба мазмұны мен көлемі, оны жазуға қойылған талаптар, жобаның мықты және әлсіз тұстары, оны бағалау көрсеткіштері туралы айтқан жөн.

Жобалап оқыту технологиясының жүзеге асырылу үлгісі:

Жоба тақырыбы:

Зерттелетін тақырыпқа жақын оқу пәндері: тарих, Қазақстан тарихы, география, экономика, әдебиет және т.б.

Білім алушылардың жасы: 14-17 жас.

Жабдықтар: бейнеаппаратура, фотоаппарат, компьютер.

Жоба мақсаты:

Жоба міндеттері:

Аннотация:

Жоба бойынша жүргізілетін жұмыс кезеңдері.

1- Кезең: «Жобалық тапсырманы құрастыру» (екі сабақ)

Міндеттер.

Білім алушылар.

Педагог.

2-кезең: «Жобаны жасау» (үш сабақ және білім алушылардың дербес атқаратын іздену жұмыстары)

Міндеттер.

Білім алушылар.

Педагог.

3-кезең: «Нәтижені бағалау» (екі сабақ)

Міндеттер.

Білім алушылар.

Педагог.

4-кезең: «Жобаны қорғау» (екі сабақ)

Міндеттер.

Білім алушылар.

Педагог.

5-кезең: «Рефлексия» (бір сабақ)

Міндеттер.

Оқушылар.

Педагог.

Жобаның жүргізілу тәртібі:

1. Болашақ жоба тақырыптарының презентациясы.

2. Топтардың санын және әр топта жұмыс істейтін топ мүшелерін (2-7) анықтау,

3. Ақпарат көздері мен іс-әрекет жоспарын талқылау.

4. Жоба тақырыбы бойынша топтардағы жұмыс:

- Ақпараттарды жинау;
- Өздерінің жеке материалдарына талдау жасау;
- Педагог кеңесі;
- Түзетулер енгізу;
- Ақпараттарды іздей түсу;
- Жаңа деректерді талдау;
- Топ мүшелерін қанағаттандыратын мәліметтерді жинақтау, талқылау;
- Қорытынды материалды жазу;

5.Жобаны қорғау.

6. Қорытынды жасау, рейтингтік бағалау.

7.Рефлексия.

Тиімділігі:

Жобалап оқыту технологиясын қолдану арқылы мен білім алушыларға берілетін білім олардың күнделікті өмірлік жағдайларымен тікелей байланысты болып, білім алушыларға өздерінің мәселелерін шешуге

мүмкіндік береді деп ойлаймын. Жоба-элеуметтік ортада орын алатын мақсатты әрекет болып саналады. Жобалық оқыту технологиясы білім алушылардың өзіндік жұмысына, элеуметтік тиімділікке және шынайы өмір тәжірибесіне сүйенуіне мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ахметов А.К. Принципы технологии и содержание образовательной программы. Алматы.-1995 г.
2. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании.-М.1999 г.
3. Аяғанов Л. Жаңа технологиялар сабақта / Аяғанова // бастауыш мектеп,-2003 ж. №4, 21-24 беттер
4. Әбдікәрімұлы Б. Білім берудегі педагогикалық технологиялар // ізденіс-поиск .-2003.-№2 200-203 беттер.
5. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж., Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы, 2021 ж.
6. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2021 ж. 193-бет.
7. Никишина И.В. Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе. «Учитель», Волгоград, 2007 г. 91 стр.
8. Загрекова Л.В., Николина В.В. Теория и технология обучения. Москва, «Высшая школа» 2004 г. стр. 81-89.
9. Құрманалиев М.Қ., Қазіргі педагогикалық технологиялар. Алматы, 2010 ж. 65-бет.
10. Өстеміров Қ. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары., Алматы, 2007 ж.



Алибекова Тарбия Кантургановна
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
Әубәкіров атындағы №43 жалпы білім
беретін мектебінің Тарих пәні
мұғалімі «Үздік педагог-2021»

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ ОРГАНАЙЗЕРЛЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Мақалада сын тұрғысынан ойлау стратегиясының графикалық органайзерлерін тарих сабағында тиімді қолдану жолдарын қарастырып, нәтижелерімен бөлісетін боламыз.

Кілтті сөздер: *оқылым дағдылары, графикалық органайзерлер, сабақ, сыни ойлау, тірек-сызбалар, жас ерекшелігі.*

Кіріспе

Графикалық органайзерлер - идеялар мен ойды графика түрінде ұсынудың ең тиімді әдісі. Графикалық органайзерлерді (тірек-сызбаларды) пайдалану арқылы оқыту В.Ф. Шаталовтың технологиясына негізделіп жасалған оқытудың интенсифтендіру технологиясы болып табылады. Бүгінгі таңда педагогтің алдында тұрған жауапкершілікті талап ететін міндеттердің бірі оқушыға тиянақты білім беру. Жұмыстың нәтижелі болуы әрине, кез келген мұғалімнің таңдап алған әдісті үздіксіз, үнемі, жүйелі қолдануына және оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейін ескеріп отыруына байланысты екенін білесіздер. Сонымен қатар оқушыны сабағына белсене қатыстырып, оған белгілі бағыт-бағдар беріп, қадағалап, жұмысын бағалап отыру жақсы нәтижеге жетуге негіз болады. Графикалық органайзерлер – сабақ үрдісін ұтымды ұйымдастыруға көмектеседі, тақырып бойынша білім алушының танымы тереңдейді, топпен және жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Графикалық органайзерлерді пайдалану мұғалім үшін тиімді, тақтаға бормен жазып жатудың қажеттігі азаяды, оқу мазмұнын қысқаша баяндап шығу арқылы, көптеген оқушыны бағалау мүмкіндігі туады. Графикалық органайзерлер үйрету, бағыттау, тексеру дидактикалық қызметтерін жүзеге асырады. Графикалық органайзерлерге ғылыми анықтама берсек – білім алуда оны меңгеруге, есте сақтауда, талдауда білімнің көзі ретінде пайдаланатын сызба құрал. Сабақтың қай түрі болмасын тірек-сызбаларын қолдану тиімді. Графикалық органайзерлер – оқу материалын оңай меңгеруге, ұзақ есте сақтауға мүмкіндік береді. Тірек — сызбаны материалды түсіндіруге, бекітуге, оқушы білімін тексеруге қолданамыз. Ал енді әріптестер, оқылым дағдыларын дамыту мақсатында жүргізген тәжірибеммен таныс болыңыздар!

Тақырыптық зерттеу: Тарих сабағында оқылым дағдыларын дамыту мақсатында графикалық органайзерлерді тиімді пайдалану

1. Туындаған мәселе

Сабақтың оқу мақсаттарын жүзеге асыруда карта, кесте, тірек-сызба, т.б. көрнекі құралдар пайдаланғанда, мұғалім оқушыға дайын білімді емес, оқушының белсенді іс-әрекетіне, ұйымдастыруға баса назар аударуымыз қажет. Тарих пәні мұғалімі ретінде өз тәжірибемде байқағаным, оқулықтар мен ғаламтор дереккөздерінен алынған тақырыптық ақпараттар өте үлкен көлемді болғандықтан, оқушылардың тарихи деректерді сыни талдауы ұзаққа созылатыны байқалды. Өйткені, тарих оқулықтарындағы мәтіндер көлемді болып келеді. Сондықтан, мәселені шешу үшін оқушылардың оқылым дағдысын дамыту қажет деп шештім. Оқылым дағдыларын дамыту мақсатындағы сабақтарымда уақыт тізбегі, хикая картасы сияқты графикалық органайзерлерін пайдалана бастадым.

2. Шешім, инновациялық процесс:

Қалай: Оқушылардың графикалық органайзерлердің түсіндіруші және салыстырмалы түрлері туралы мәліметтерді нақты мысалдармен бердім.

Бұл не? Түсіндіруші органайзерлер мәтінді қысқаша суреттеп, оқушылардың таныс емес сөздерді есте сақтап оның мағынасын білуге көмектеседі. Ал салыстырмалы органайзерлер, талдай алады және өз пікірін білдіре алады яғни салыстырмалы органайзерлер таныс ақпаратты бір-бірімен сәйкестендіре алады.

Оқылым дағдыларын дамыту мақсатындағы сабақтарда уақыт тізбегі, хикая картасы графикалық органайзерлерін пайдалану тиімді. Ал мәтінді талдау үшін, жан-жақты зерттеу үшін, оқушының мәтін мазмұның қаншалықты меңгергендігін салыстыруға арналған венн диаграммалары арқылы ұқсастығын, айырмашылықтарын анықтауға болады.

Өзектілігі: Графикалық органайзерлерді оқушы визуалды көре отырып деректердің себеп-салдарын анықтайды, тарихи оқиғалардың маңызын түсіндіреді. Сонымен қатар білім алушы тарихи деректерді бір-бірімен салыстырмалы талдап, өзіндік ой-тұжырым жасайды. Графикалық органайзерлердің оқушы үшін пайдасы – тақырыптық мәтіндегі негізгі түйінді ойды табады, ойын жинақтап ұсынады әрі дәлелдей алады.

Мақсаты: тарих сабақтарында деректерді салыстырмалы талдауда дәлелдер ұсына алуы мен өзіндік тұжырым жасауда оңай ұғындыру үшін графикалық органайзерлерді пайдаланудың тиімді әдістерін көрсету.

Міндеті:

- тарих сабақтарында сын тұрғысынан ойлау стратегиясының графикалық органайзерлерінің тиімділігін теориялық және практикалық тұрғыдан қарастыру;
- оқушылардың шығармашылық дағдылары мен қабілетін жетілдіру;
- оқушылардың оқу және зерттеу іс-әрекеттерін жетілдіруге бағытталған сын тұрғысынан ойлау тапсырмалары жүйесін әзірлеу;

4) Графикалық органайзерлердің ерекшелігі, артықшылығы:

Графикалық органайзер – бұл идеялар мен ойды графика түрінде ұсыну. Тәжірибенің ерекшелігі, жаңа тақырыпты толық игеруге көмектеседі.

Графикалық органайзерлер - деректерді салыстырмалы талдауға, аргументтеуге, дәлелдер мен мысалдар келтіруге, пікір мен ой-тұжырым жасауға ыңғайлы. Артықшылығы, идеялар мен ойды графика түрінде ұсына алады, оқушылардың білімін нығайтады, алған білімдерін оңай есте сақтауға көмектеседі. Оқылым дағдысы арқылы оқушылар мәтінді оқи отырып негізгі оқиғаның себеп-салдарын және оның түпкі ойды анықтауы және мәтіннің құрылымдық бөліктерін зерттеуі, мәтін негізінде сұрақ құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндерге салыстырмалы сараптама жасауды меңгереді. Оқу процесінде графикалық органайзерлердің табысты ететін аспектілердің бірі деректі талдау. Сондай-ақ, көрнекіліктің маңызы туралы педагог К.Д. Ушинский: «Тікелей көру арқылы қабылданған образдар ғана ерекше тиянақтылықпен есімізде сақталады және мұндай көз қанған картинаға біз тіптен жалпы идеяларды оп-оңай және тиянақты етіп байланыстыра қоямыз, мұнсыз олар тез-ақ ұмытылып қалған болар еді» – дейді [1]. Осындай сыни оқу стратегияларын қолдану арқылы оқушының сараптама жасау, сыни ойлау, талдау, салыстыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік туады.

Графикалық органайзерлердің ерекшелігі - оқу материалдарын оңай меңгертеді, есте сақтау қабілеттерін арттырады, шығармашылық дағдылары жетілдіреді.

5) Тәжірибе неше жылдан бері іске асып келеді? Алғаш 2018 жылы «Қазақстандағы білім: дәстүрлер, тәжірибе, инновациялар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда «Тарих сабақтарында сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін графикалық органайзерлерді пайдаланудың тиімділігі» атты мақалада өз тәжірибемдегі әдістермен бөлістім.

6 наурыз 2021 жылы «Білім берудің жаңартылған мазмұны: негізгі аспектілері мен болашағы» атты VII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағына «Тарих сабақтарында СТО бағдарламасы әдістерімен ой қорытудың тиімді жолдары» атты мақалам енді.


31 наурыз 2021 жылы «Білім, ғылым және мәдениеттің даму аспектілері» атты халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференциясында «Тарих сабақтарында сын тұрғысынан ойлау бағдарламасымен ой қорытудың тиімді жолдары» тақырыбында тәжірибем менен бөлістім.

6) Тиімділігі:

Оқушыларға сапалы білім беру, оқу бағдарламасындағы білімді меңгертуді жүзеге асырудың тиімді жолы – сын тұрғысынан ойлау стратегиясының графикалық органайзерлерін тиімді пайдалану болып табылады. Тірек-сызбаларды қолданып оқыту барысында оқушы тақырыпты жақсы терең меңгереді, мұғаліммен бірігіп талдайды, материалды жақсы есте сақтайды. Графикалық органайзерлерді пайдаланған уақытта өткен тақырыпқа нақты жауап беруге, алған білімді белгілі бір жүйеге көшіруге мүмкіндік туады. Оқушылар тақырыпты жүйелі түрде әңгімелеп, толық меңгергенін дәлелдейді. Оқушылар топпен және жұппен жұмыс жасауға дағдыланады,


тақырыпты жүйелі меңгереді. Оқушының қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады.

Егерде дайын білім беретін «дәстүрлі» стильмен оқытатын мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғысы келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек» [2]. Осы қағиданы әрдайым басшылыққа алып отырамын. Мұғалім өзі сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы стратегияларын меңгеріп, сабақтарында қолданса ғана оқушыларын сыни тұрғыдан ойлауға үйрете алады.





Оқылым дағдыларын дамыту мақсатындағы сабақтарда уақыт тізбегі, хикая картасы графикалық органайзерлерді пайдалану тиімді мәтінді талдау үшін, жан жақты зерттеу үшін тіпті мәтінді оқушылар өздігінен құру үшін беріледі. Мәтін мазмұнымен жұмыс жасауға көмектесетін өте

қызықты органайзер – «Хикая картасы» деп аталады. Бұл әсіресе сюжетке құрылған тақырыпшалар мазмұнын игеруге қолайлы тәсіл.



«Уақыт тізбегі»



«Жалғыз құты» немесе «Дара диаграмма». Оқу материалын тұжырымдап жүйелеу үшін қолданылатын әдіс. Ортасына негізгі тақырып немесе идея жазылады. Қосымша дөңгелектерге оларды сипаттайтын сөздер

мен сөйлемдер жазылады.

Сабақтың ой қорыту кезеңінде ұтымды әдістің бірі - венн диаграммасы стратегиясы. Бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау. Венн диаграммасы - екі немесе одан да көп объектілерді, оқиғаларды, тұлғалар мен тұжырымдарды салыстыруға арналған көрнекі құрал. Бұл қарапайым графика оқушыларға екі нәрсенің бірдей және өзгеше екені туралы түсінуін жеңілдетеді.

Венн диаграммасы арқылы Алаш Автономиясы мен Түркістан автономиясын салыстырыңыз.




Критерийлері:

- ✓ Құрылған уақыты
- ✓ Аумағы
- ✓ Автономия құрудағы мақсаты
- ✓ Кеңес өкіметіне қатысты көзқарасы
- ✓ Таралу себебі

«Венн диаграммасы»


Қиылысқан шеңберлерді тұжырымдамалар, идеялар арасындағы ұқсастықтарды, айырмашылықтарды және қатынастарды көркемдеу үшін пайдаланады. Ұқсастықтар шеңберлердің қиылысқан бөліктерінде, ал айырмашылықтар шеңберлердің қиылыспайтын бөліктерінде көрсетіледі.



Венн диаграммасы арқылы Ресей империясының XIX ғасыр соңындағы әкімшілік реформаларын салыстырыңыз.

Критерийлері:

- ✓ Жарияланған уақыты
- ✓ Әкімшілік аумағы
- ✓ Басқару жүйесі
- ✓ Мақсаты



Кластердің көмегімен көлемі үлкен ақпараттарды жүйеленген түрде көрсетуге болады. Кластердің ортасында негізгі проблема жазылады, туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді. Келесі қатардағы дөңгелектерде тапсырманы орындау барысында берілуі тиіс сұрақтар жазылады. Бұл тәсілдің авторы американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру. Топтастыру немесе кластер стратегиясы - ойды жинақтау, ми қыртысында сәулеленген ойларды топтастыру, ассоциациялау. Бұл стратегия топпен де жұппен де орындала береді. Сабақтың әр кезеңіне де қолайлы.

7) Қорытынды

Графикалық органайзерлер қазіргі жылдам өзгеріс уақытында оқушыға алынған ақпарат ағымын сақтаудың, жинақтау мен жүйелеудің визуалды есте сақтаудың құралдарының бірі. Соның ішінде тарих пәнінде алатын орны ерекше.

Графикалық органайзерлердің пайдасы неде?

2003 жылы АҚШ – тағы білім беруді зерттеуді ілгерлету институтының ғалымдары жүргізген 29 зерттеулердің қорытындысы бойынша графикалық органайзерлерді қолдануда оқушылардың бірнеше бағыт бойынша көрсеткіші жақсартатынын анықтаған. Дәлірек айтсақ, ақпаратты шағын және визуалды түрде берсе есте сақтауы жақсарады, оқығанда түсіну деңгейі жақсарады, оқытуда қиындықтары бар оқушылардың үлгерімі жақсартады және сыни тұрғыдан ойлау дағдысы дамитынын дәлелдеген.

Ендеше графикалық органайзерлерді қолдану педагог кадрлардың біліктілігін жетілдіруде міндетті атқаруға мақсатты қызмет етеді. Графикалық органайзерлер мұғалімге сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Оқушылардың білімін шығармашылықпен қолдануға, ғылыми зерттеушілік, сыни ойлауды қалыптастыруда және дамытуда маңызды және өзекті деп ойлаймын.

Тарих сабағында графикалық органайзердің тиімділігі ақпаратты есте сақтауды, визуалды сондай-ақ мәтін түрінде ұсынылып жатқан жағдайда оқығанды, түсінуді жақсартады. Негізгі үлкен мәтіндерді қысқарту үшін елестету арқылы жақсы дағдыны қалыптастырады. Әсіресе дата, терминдерді есте сақтауды қамтамасыз етеді. Оқу үлгерімі жақсарады соның ішінде қиындық туғызатын балаларға өте қолайлы деп ойлаймын.

Ұсыныс:

- Тарих сабақтарында графикалық органайзерлердің қолдануда теориялық және іс-әрекетте тиімді;
- Уақытыңызды үнемдеу арқылы оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыра аласыз;
- Оқушылардың белсенді іс-әрекеті олардың танымдылығын арттыруға, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі;
- Оқушылар теорияның негізгі түйінін таба білуге, оны дәлелдеуге дағдыланады.




Әпет Құралай Амантайқызы
Түркістан облысы білім басқармасы
«Білім инновация» лицей-
интернатының тарих пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог-2015».

Білім сапасын арттыруда менің кәсіби құзіреттілігімнің рөлі

Тақырыпты таңдамас бұрын мен өзіме: сапалық деңгейімді анықтау мақсатында «Мен осы қаншалықты деңгейде құзіреттімін» деген сұрақты қойып; жауабын анықтау үшін ой-толғам жасадым. Нәтижесінде төмендегідей кесте құрастырдым да (*Кесте№1*);

Кесте№1



осындай тұжырымдама жасай отырып; мен атқарған жұмыстарымның қорытындысы бойынша өзімнің іс-тәжірибемде қолданған теориялық негіздерімді сіздермен бөлісу үшін ұсынып отырмын.

Тақырыптың өзектілігі: Бүгінгі таңда әлемде, оның ішінде біздің еліміздегі қарқынды даму кезеңін бастан өткеруі білім беру жүйесіне үлкен міндеттерді жүктеп отыр. Яғни оқыту үдерісінің тиімді технологияландырылу мәселесін басты орынға қоюы. Ал бұл мәселені іске асыратын негізгі тұлға, әрине - ұстаз. Ұстаз ретінде айтарым: заман талабынан қалмай жаңа технологияны пайдалануды меңгеріп, жаһандану үдерісіне сай әрбір баланың шығармашыл ізденуіне, ақыл-ой еңбегінің дамуына ықпал ете алатын мұғалім ғана **ұстаз** атана алады. «Жай мұғалім хабарлайды; жақсы мұғалім түсіндіреді; керемет мұғалім көрсетеді; ұстаз шабыттандырады» деген халық даналығы

менің сөзімді толықтырады. [4] «Қазақстан Республикасы Білім туралы» заңының сегізінші бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [1]деп атап көрсеткен. Яғни қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты-бәсекеге қабілетті маман даярлау. Міне менің де сөз еткелі отырған тақырыбым осы ұстаз күзiреттiлiгi жайында болмақ.

Жұмыстың жаңашылдығы мен тәжірибиелік мәні: Оқу жылының басында «Мектептің даму жоспарын» талқылау барысында негізгі басымдықтың бірі: әрбір мұғалімнің кәсіби күзiреттiлiгiне қойылатын талаптардың жоғарылығы анықталды. Нәтижесінде «Мұғалімдердің кәсіби дамуы үшін жеті модульді пайдалана алу біліктілігін жетілдіру» тақырыбында жұмыс жасау жоспары жасалды. Ең бастысы оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіру мақсатында өз тәжірибесін жүргізу үшін қажетті білімнің болуын көздейтін, мұғалімнің кәсіби дамуына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келеді. Мұнда негізгі төрт сұраққа жауапты табуға негізделген қағиданы ұстанасың. Оның негізгісі «*Балалар қалай оқиды?*» қағидаты болып табылады, ал қалған үшеуі төмендегі түсініктерді береді.

-Нені оқыту керек?

-Оқыту реттілігін қалай құрылымдау керек?

-Сіздің табыстық деңгейіңізді қалай бағалауға болады? Осы қағидаттарды басшылыққа алудың нәтижесінде:

-оқытудың субъектілері кімдер екендігін;

-міндеттермен құқықтар оқыту субъектілерінің арасында қалай бөлінеді (мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы);

-оқушылардың нақты тобы үшін оқытудың қандай әдістері мен тәсілдерін белсенді түрде қолданған дұрыс;

-оқушылардың білімін бақылауды қалайша ұйымдастырған тиімді? - деген сауалдар төңірегінде негізгі мәселерерді **анықтап алдым**. Ал мектептің даму жоспарына сәйкес:

- Мұғалімдердің оқыту мен оқуда 7 модульді қолдану дағдылары артады;

- LS тәсілі арқылы салыстырмалы түрде үлгерімі төмен төрт сынып зерттеліп, сол сыныптарға тиімді әдіс-тәсілдер анықталып, таратылады, сыныптардың білім сапасы артады;

-Тәлім алушының біліктілігі жетіледі;

- Қоғамдастық дамиды деп нәтижесін күтетін МДЖ-1(Мектептің даму жоспарының) жалпы жоспары бойынша тәлім алушы ретінде іс-әрекетке қызу кірісіп кеттім. Онда аптаның әрбір күніне жоспарланған іс-шаралардың жалпы өту үдерісі күтілетін нәтижесіне жеткен мақсаттардың орындалғаны деп бағалаймын. Мысалы әр аптаның дүйсенбі күнгі лицей әкімшілігінің орындалған жұмыстармен мақсаттарды сараптап мониторинг жасау және алдағы атқарылатын жұмыстарды жоспарлау жиыны; ал сейсенбі күні «Өзгеріс тобының» жиыны; сәрсенбі күні сынып жетекшілер жиыны; бейсенбі күні ҰБТ-ға жауапты мұғалімдер жиыны; жұма күні коучинг, семинарларды

өтізу жиыны; сенбі және сәрсенбі күндері оқушылармен олимпиадаға дайындық күндері ретінде жұмыстардың атқарылып жатқанын атап өткім келеді. Сонымен бірге тәжірибелі мұғалімге жас маманмен тәлімгерлікке бекітілген тәлім алушымен және LS тәсілі арқылы салыстырмалы түрде үлгерімі төмен сыныптармен жұмыстар да жүйеленген жұмыстардың барлығын сараптай келе, тәлімгердің жұмысындағы құндылықтарын ашып көрсетуді жөн көрдім:

Қүзіретті мұғалім ретінде педагогикалық теориямен іс-тәжірибиеде іске асуының арасындағы байланыстың маңыздылығы:

Оқыту мен оқу үдерістерімді жетілдіру мақсатында өз тәжірибемді даму жоспарымды құру барысында мен ЮНЕСКО және Экономикалық ынтымақтастық даму ұйымының (ЭЫДҰ) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұсыныстарының негізгі қағидаттарымен үйлестіріп жасадым. Сондай-ақ мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстарды қамтитын жеті модульді анықтадым:

- **Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;**
- **Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;**
- **Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;**
- **Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды**

пайдалану;

- **Таланты және дарынды балаларды оқыту;**
- **Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;**
- **Оқытуды басқару және көшбасшылық.[2]**

Яғни, заманауи ғылыми зерттеулердің шынайы нәтижелерінің және оқытудың озық практикалық тәжірибесінің ықпалдасуын көрсете отырып, қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық жоспарларының мақсаттарына сәйкес келтірдім.

Мақсатым:

- Ұжымдағы мұғалімдердің қосымша білім мен білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру, кәсіби дамуына көмектесу;

- Әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсету [6];

- Ұжымдағы мұғалімдерді, оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзіреттілік танытатын белсенді азамат қалыптасатын оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен қамтамасыз етуге өз көмегімді беру.

Міндеттерім:

1. Жеті модуль мән-мәтінінде теориялық білім негіздерімнің тұжырымдамалық түсінігімді дұрыс қалыптастыру.

2. Жоспар бойынша менде төмендегідей дағдылар қалыптасады:

- Бағдарламаның негізгі идеяларына сәйкес рефлексивті ойлау;
- Оқыту үдерісін жоспарлау;

- Жеті модуль тақырыптары ықпалдастырылған сабақтар топтамасын жоспарлау және оны іс жүзінде жүзеге асыру;
- Оқушыларды оқу үдерісіне тарту және дағдыланды;
- Оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалау;
- Өзімнің және оқу үрдісіне қатысушылардың рефлексиясы және оның педагогикалық тәжірибеге ықпалының тиімділігі артады;

3. Қазақстандық мұғалімдерді мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы аясында белсенді жұмыс істеуге дайындау

Күтілетін нәтижелер:

- Бағдарламаның негізін құрайтын жеті модуль мән-мәтінінде тұжырымдамалық түсіну негіздерімнің және тәжірибелік дағдыларымның қалыптасуы;
- Іс-тәжірибие барысы туралы сыни тұрғыдан ойлану (рефлексия) дағдыларымның жетілуі;
- Оқушыларды өздігінен білім алуға тарту үдерісінің жетілуі;
- Лицейдегі өзге әріптестеріммен бірге кәсіби қоғамдастық аясында белсенді жұмыс жасауға дайын боламын.

№1 Тәлімгердің құндылықтары:[3]

Кәсіби мүддесі:	Толығымен мүдделі және мұғалімдермен кәсіби жұмыс істеуден рахат алады және оларға жағымды ахуал қалыптастыра білді.
Елгезектік:	Ұтымды ұсыныстарды қолдайды, Лицей мұғалімдерінің барлығымен өзара қарым-қатынаста этикалық талаптарға сай бағалай біледі
Даналық:	Әділ, шыншыл және тура болуға батылдығы бар.

№2. Түсіну құндылықтары:

Сын тұрғысынан ойлауы	Өзін және ұжымды басқаруда бағалау жасай алады. Оқыту үдерісін талдауға қабілетті, бұл талдау дегеніміз кең біліммен оқыту үдерісін түсіну есебінен іске асырылады. Ең негізгісі оқыту мен оқу үдерісіндегі көзге көрінбейтін қиындықтарын көре біледі.
Ұстанымдары:	Серіктестік қағидаттарын түсінеді; Ұжымдағы мұғалімдердің әр түрлі деңгейде дамитынын және даму белгісі бір қалыптасқан жүйе бойынша жүретін үдеріс еместігін түсіну ұстанымы бар.

№3. Тәлімгердің білімділігіндегі құндылықтары:

Жеке тұлға ретінде:	Барлық мұғалімдердің кәсіби білімі мен тәжірибиесіне көңіл бөледі. Оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдеріне қатысты бастама жасай білушілерді қолдап отырады. Ең тиімді бастамаларды анықтауға арналған жаңа әзірлемелерге қызығушылық танытады.[5]
Білім саласында:	Лицей оқушыларының оқу саласындағы проблемалары туралы өзекті білімдері бар және бұл мәселелерді бар ынтасымен әріптестерімен талқылайды.

	Лицейде және лицейден тыс жерде, оқу, зерттеу және кәсіби даму арқылы өзінің мамандануын дамытумен айналысатынын таныта біледі.
--	---

№4. Тәлімгерлік дағдыларының құндылықтары:

Қарым-қатынас дағдылары:	Айқын әрі тікелей қарым-қатынас жасай алады; Мұғалімдердің дамуын сабақтан тыс оқыту тәжірибиесінде ең үздік үлгілері тұрғысынан да бағалай алады.
Оқытуы:	Оқыту үдерісін тұтас қарастыруға қабілетті және егжей-тегжейіне дейін нақты ескереді; Мектептегі мұғалім жұмысындағы маңызды оқиғалардан жалпы ұстанымдар шығара алады; Мұғалім дамуының жеке-дара жылдамдығын, қарқынын ескере отырып, мақсаттар қояды; Ұтымды тренер ретінде пікірталас ұйымдастыра алады.
Басқаруы:	Мұғалімдерге лайықты мақсатқа бағытталған қолдау көрсету үшін, өзін, өз уақытын бақылайтын тұлға; Өз ролінің шекарасын қалай белгілеуді біледі, онда барынша көп тиімділікке жете отырып; өзінің дағдыларымен дарынын оңтайлы пайдаланады; Мұғалімдер оқыту үдерісін өздері бақылауға ұмтылуға және мүмкіндігі болуын қадағалай отырып; барық ұжымды жұмылдыра, тұтастық тәсілін пайдалана отырып, мұғалімдерді оқыту және дамыту үдерісін басқарады.
Креативтілігі:	Мұғалімдерді оқыту үдерісін дамытуға және жақсартуға бағытталған шығармашыл, әртүрлі жатығулар ұсынады; Мұғалімдерге қолдау көрсетеді, алуан түрлі оқыту және бақылау әдістемелерін пайдалана отырып; олардың алдына міндеттер қояды.
Үлгісі:	Күтілетін нәтижеге қарай жоспар құру және бақылаумен бағалау жасаудың жолдарын көрсетеді; Тәлімгер ретінде өзін қайталауды емес, керісінше түрлі идеялармен әдіс-тәсілдерді ұсына білуге деген үлгіс бар; Керісінше тәлімгер ретінде өз жұмыстарында пайдалануға болатын идеялар ұсынушы ретінде үлгі көрсете біледі.

Міне, тәлімгердің негізгі құндылықтарын ашып көрсету арқылы мен кәсіби дамуы жолымда біраз үлгі-өнегелердің артықшылықтарын байқадым. Кәсіби күзіреттілігімнің дамуы үшін жеті модульді пайдалана алу біліктілігін жетілдірудің маңыздылығын түсіндім. Осы тұста жапон философы Ли Якокканың мына бір сөзін мысал ретінде айтқым келеді: «Дұрыс шешімнің өзі уақытынан кешіксе қате шешімге айналады» деген екен. [6] Яғни, бүгінгі заман талабымен қоғам сұранысына сай дәл уақытында лицейге енгізілген бұл бағдарламаның ұтымды тұстары мол екен. Сондай-ақ мектеп тәжірибесінде жеті модульден тұратын оқыту әдіс-тәсілдерін сабақтарда қолдануда және коучингтер арқылы тәжірибие алмасып талқылаудың арқасында лицейдің жалпы білім сапасының артқандығына куә болдым. Бұдан шығатын қорытынды: болып жатқан үдеріске шын ықыласпен қатысудың нәтижесі жемісті болады дегеннің дәлелі. Яғни, әрбір қатысушының үлесі қаншалықты мол болса, күтер нәтижеде соғұрлым пайдалы болмақ деген қорытынды жасаймын. Үздіксіз білім алудың және өзгелерді оқыта отырып, өзінің тәлім

алушы ретінде дамуыңның тиімділігіне көз жеткіздім. Тәлім алушы ретінде үйренгеніммен түйгендерім мол.

«Өркениетті ел қатарына қосылудың кілті –білімде болса, білімнің көзі –мектеп пен мұғалімде»- дейді халық даналығы. [4] Мемлекеттің болашағы, үміті мен сенімі –жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен карауда, заман талабына сай лайықты қызмет етуде «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрегіміз» әрқашанда мақсаттарымызға жетуде негізгі қаруымыз болсын деген тілекпен сөзімді аяқтаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 8 бабы;
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012ж;
3. Мұғалімге арналған үлестірімелі материалдар, 2012ж;
4. Қ.Жарқынбаев, «Ақылдың кені» 2008ж;
5. К.Жақсылықова, «Тренингтік ойындар мен жаттығулар. 2014ж;
6. А.Әлімов, «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері»2013ж.



Балтабекова Махаббат Ниязбекқызы

Павлодар облысы білім басқармасының,
Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің
қыздарға арналған № 25 қазақ гимназиясының
тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімі,
Үздік педагог - 2023

Тарихи ойлау дағдысы-оқу мақсаттарына жету жолы

1) Біз оқыту үрдісінде білім алушылардың бойында негізгі дағдыларды қалыптастырамыз. Тарих сабағында ең маңызды дағды ол-тарихи ойлау дағдысы. Тарихи оқиғаны сипаттау, себептерін анықтау, оның маңыздылығы мен заңдылықтарын ұғыну, өткен мен қазіргіні салыстыру, сабақ алу- тарихи ойлау күзіреттілігінің негізі. Тарихи ойлау дағдысы жаңа әдіс ретінде қолданысқа енуде.

2) Өзектілігі: тарих сабақтарында көбінде оқушылар жалаң фактілерді: түрлі даталар мен адам аттарын жаттаумен шектеледі. Ал, тарихи процестерді, олардың себеп-салдары мен маңыздылығын ұғынуда тарихи ойлау дағдысының болуы шарт. ҰБТ-де мән-мәтіндік тапсырмаларды орындауда тарихи ойлаудың пайдасы зор. 10-11 сынып оқулықтары бойынша берілетін ҰБТ сұрақтары оқушыдан датаны жаттауды емес, логикалық ойлауды, салыстыруды, оқиғалардың байланысын табуды талап етеді. Мысалы, хронологиялық бірізділігін анықтаңыз; тарихи тұлғаның оқиғаға ықпалын бағалаңыз тсс тапсырмаларды ҰБТ-де орындауда оқушылар кедергілерге кездеседі.

3) Мақсаты: Тарихи концептілерге сай негізделген тапсырмалар арқылы тарихи ойлау дағдысын қалыптастыру


4) Ерекшелігі, артықшылықтары: «тарихи ойлау» және «тарихи сауаттылық» құзіреттіліктерін қалыптастырады. Белгілі бір оқиғаны түсінуге, тарихи зерттеулер негізінде көзқарастарын білдіруге, азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға көмектеседі.

5) Тиімділігі: тарихи концептілер өзара тығыз байланысты және логикалық жүйелі құрылған, олар белсенді әрекеттер арқылы оқушыларға пәннің негізгі идеясын үйренуге көмектеседі, бағдарламаның оқу мақсаттарына қол жеткізуіне ықпал етеді. Тәжірибе көрсеткендей, оқушыларымның жылдан-жылға ҰБТ-де академиялық білімді ғана көрсететін емес, тарихи ойлау дағдысын дәлелдейтін тапсырмаларды орындау деңгейлері де жоғарылады.

б) Қолдану туралы кеңестер: Бірден алты концептімен жұмыс жасау қиындық туғызады. Сондықтан, алдымен біреуімен ғана жұмысты бастасаңыз да болады. Соның өзі тарихи ойлауды дамытады. Сабақтың тақырыбы мен оқыту мақсаттарына сәйкес тарихи концептіні ерекшелеп алуға дағдыланыңыз.

Осы концептілердің әрқайсысына қандай әдіс-тәсілді қолдануға болатыны жайлы тәжірибеммен бөліскім келеді:

<p>Дәлел. Оқушылар тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, кейде қарама-қайшы айғақтарды біріктіреді.</p>	<p>Тәсіл: Ақылдың алты қалпағы (Де Боно) Ақ қалпақ: деректер мен шынайы ақпаратқа негізделген бейтарап ұстаным Қызыл қалпақ: болжам, интуиция, ішкі сезімдерге негізделген эмоциялық ұстаным Қара қалпақ: «кері» (негатив) дәйектеуге негізделген сыни, сараптамалық ұстаным Сары қалпақ: болашаққа сенімге, жағымды (позитивтік) дәйектеуге негізделген оптимистік ұстаным Жасыл қалпақ: келешекті, өсу мүмкіндіктері мен жаңа идеяларды анықтайтын креативті ұстаным Көк қалпақ: жоспарлы әрекет, нақты ұйымдастыру, бақылау мен міндетті түрде шешім қабылдауды көздейтін салқынқанды ұстаным.</p>				
<p>Өзгеріс пен сабақтастық. Оқушылар сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды.</p>	<p>Тәсіл: СЭӘМ кестесі. Кестеге өзгерістерді толтырады</p> <table border="1" data-bbox="715 1713 1311 1852"> <tr> <td>саяси</td> <td>экономикалық</td> </tr> <tr> <td>әлеуметтік</td> <td>мәдени</td> </tr> </table>	саяси	экономикалық	әлеуметтік	мәдени
саяси	экономикалық				
әлеуметтік	мәдени				
<p>Себеп пен салдар. Оқушылар себептердің өзара әрекеттесуін талдайды, ұқсастықтарды, себеп-салдардың өзара байланысын көрсете отырып, тарихи</p>	<p>Тәсіл: БФЕ</p> <table border="1" data-bbox="715 1899 1257 1977"> <tr> <td>Талқыланатын мәселе (тарихи оқиға)</td> </tr> </table>	Талқыланатын мәселе (тарихи оқиға)			
Талқыланатын мәселе (тарихи оқиға)					

құбылысты уақыт пен кеңістікте түсіндіреді.	1- фактор	- артықшылықтары -кемшіліктері
	2- фактор	- артықшылықтары -кемшіліктері
	3- фактор	- артықшылықтары -кемшіліктері
	Барлық фактілерді талқылағаннан кейін ... деп ойлаймыз	
Ұқсастық пен айырмашылық. Белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде немесе әртүрлі қоғамдарда не болмаса бір қоғамның өз ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.	ВЕНН диаграммасы 	
Маңыздылық. Қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды.	Тәсіл: ПТМС Позиция... Түсіндіру... Мысал... Түсіндіру...	
Түсіндіру. Белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды	Тәсіл: ҚАР КЕСЕГІ Тиісті сұрақ қойылады немесе оқиға сипатталады. 2. Оқушылар ойларын, пікірлерін /ұсыныстарын өз бетінше жазады. 3. Оқушылар жұп құрып, жауаптарын салыстырады. Олар өз тұжырымдарын талқылайды да, мәмілелік тұжырымға қол жеткізіп, оны жазып алады. 4. Оқушылар топ құрып, тура сол рәсімді қайталайды, келісілген тұжырымды жазып алады. 5. Сыныптың түпкілікті тұжырымы негізделеді.	

Ескерту: Сабақтағы белсенді әдіс-тәсілдер өте көп, сол себепті өзіңізге ұнаған әдісті тарихи концептке негіздеп қолдана беруіңізге болады. Тарихи ойлау дағдыларын игеру барлық оқушылар үшін маңызды, өйткені ол қазіргі әлемді көп мәдениеттілік тұрғысында түсінуге және қабылдауға көмектеседі.



Есмакаева Гульмира Болатовна

Павлодар облысының

«Дарынды қыз балаларға арналған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты» КММ
тарих және география пәндерінің мұғалімі,
«Үздік педагог-2021»

Тарих сабағында тәжірибеге бағытталған тапсырмалар арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

1) Қазіргі мектептегі басым мақсат: қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасқа түсуге, өз бетімен білім алып, өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны дамыту. Өз бетінше оқуға қол жеткізу үшін баланың бақылау, бағалаушылық қабілетінің болуы маңызды.

Кез келген тапсырмалар түрлері жеті түйінді құзыреттіліктер негізінде жеке тұлғаның тұтас дамуы үшін іргесін қалауы қажеттілігіне негізделген, ал бағалау жүйесі болса, білім мазмұнының жаңару үрдісіне сәйкес келуі тиіс.

Қазіргі уақытта білім алушы қандай болуы керек деген көзқарас түбегейлі өзгеруде. Замануи талаптардың бірі тиісті тақырып бойынша білім көлемін меңгеріп қана қоймай, оны әртүрлі жағдайларда сәтті қолдануы.

Тәжірибеге бағытталған тапсырмалар білім алушылардың танымдық қабілеттерін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, қажетті білім, білік, дағдыларды игеруге мүмкіндік береді, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамыта түседі.

2) «Қалай оқыту керек?» деген сұрақты *өзектілікке* ала отырып, сын тұрғысынан ойлануға бағыттайтын тапсырмалар топтамасын өзім әзірлеймін. Оқу мақсаттарын дәл тұжырымдап, үнемі есте ұстау өте маңызды; олардың негізінде тиімді және мәнді практикалық тапсырма әзірленеді. Тапсырма жабық түрдегі немесе ашық түрдегі тапсырма болуы мүмкін. Тапсырманың әр түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады. Тапсырманың дидактикалық мазмұныны сақталған жағдайда жабық тапсырмалардың ішкі құрылымы әр алуан болуы мүмкін. Бұр бір дидактикалық материал негізінде сандық және сапалық сипаттамалары әртүрлі бірнеше тапсырма дайындауға мүмкіндік береді. Ашық тапсырмалардың көптүрлілігі – білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыра алатын тапсырмалар жинағы. Түрлі деңгейдегі ашық тапсырмалар оқушының өзіндік әрекеттерін, дербес жұмыс жасау және танымдық қабілеттерін артады.

3) Мақсаты: Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін ашық, жабық тапсырмалар жинағы арқылы қоғамның сауатты, креативті, көшбасшы тұлғасын қалыптастыру, сонымен қатар тарихи процестерді жүйелі қабылдауын, талдау дағдыларын, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға бағыттау.

Міндеті:

тарих мазмұны жайлы білімін қалыптастыру;
оқушының жеке жұмысын бағалау;

зерттеу жұмысын жүргізу;
қарым-атынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану;
өзін және өзара бағалау;
сын тұрғысынан талдау.

Блум таксономиясы оқуды күрделілік деңгейінің өсуі бойынша алты танымдық деңгейге бөлінеді. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы бойынша жіктеуде бағалау критерийлерін құруда мұғалім басшылыққа алатын зат есім мен етістіктерді дұрыс қолдану маңызды.

4) Жаңашылдығы: Алғаш рет бір оқулық және хрестоматия негізінде авторлық ашық және жабық тапсырмалар жинағы әзірленді, бұл оқушылардың көзқарасын толығымен өзгертуге мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихы бойынша оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында мәнмәтіндік тапсырмалар ұсынылды.

Тарих сабағында білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін диагностикалауға арналған көп деңгейлі тапсырмаларды енгізу оқу үдерісін дамытады. Педагогтерді білім алушылардың қабілеті мен білімінің әртүрлі деңгейлеріне бейімдеуге арналған құнды құралдармен қамтамасыз етеді.

5) Мен 25 жыл бойы тарих және география пәндерін қатар берудемін. Биылғы оқу жылында педагог-шебер біліктілік санатын қорғап шықтым. Жеке тәжірибемде 2018 жылдан бастап ашық және жабық тапсырмаларды өзім құрастырып, үздіксіз сабақта пайдаланудамын. Дәлел ретінде 2020 жылы республика көлемінде география пәнінен тапсырмалар жинағы таратылды. Қазіргі уақытта Қазақстан тарихы бойынша жинақ өзге мектептерде тәжірибе пайдалануда.

6) Жан-жақты дамуды ынталандыру: тапсырмаларды талдау, салыстыру, зерттеу сияқты әр түрлі әрекет түрлерін қамтуы мүмкін, бұл оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Құзыреттердің тиімді диагностикасы: тапсырмаларды қолдану оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілік деңгейін дәлірек диагностикалауды қамтамасыз етеді. Бұл оқу үдерісіне неғұрлым мақсатты түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Мотивацияны құру: тапсырмалар оқушылардың әртүрлі топтарын ынталандыру мен қызығушылықты қамтамасыз ету үшін құрылымдалған болуы мүмкін. Бұл сабаққа белсенді қатысуға мотивация жасауға көмектеседі.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: тапсырмалар талдау мен сыни ойлауды қажет етеді. Бұл оқушылардың өз бетінше ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Әртүрлі контексттерде қолдану: Зерттеу барысында әзірленген ұсыныстар мен алгоритмдердің мұғалімдер үшін практикалық мәні бар және әртүрлі білім беру контекстінде сәтті қолданылуы мүмкін.

Тарих пәні бойынша көп деңгейлі тапсырмаларды қолдану оқытудың сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларының оқу-танымдық құзіреттіліктерін диагностикалау және дамытудың тиімді болуына ықпал етеді.

Теориялық маңыздылығы:

Оқушылардың дербестігін дамыту: Тарихи құжаттарды пайдалану оқушыларды ақпаратты өз бетінше іздеуге ынталандырады. Дайын ақпаратты жай ғана қабылдаудың орнына, олар бастапқы дереккөздерді зерттеу, талдау және бағалау дағдыларын дамыта алады.

Аналитикалық дағдыларды дамыту: Тарихи құжаттар күрделі болуы мүмкін және терең талдауды қажет етеді. Мұндай дереккөздермен жұмыс жасай отырып, оқушылардың сыни ойлауы мен негізгіні екіншіден ажырата білу қабілетін дамытады.

Практикалық маңыздылығы:

Пәнаралық байланыс: Оқытуда тарихи құжаттарды пайдалану әртүрлі пәндер арасында байланыс орнатуға көмектеседі. Мысалы, тарих сабағында оқушылар басқа пәндерде де пайдалы болуы мүмкін мәтінді өңдеу, аналитикалық ойлау және сыни бағалау дағдыларын дамыта отырып, тарихи оқиғаларды зерттей алады.

Негізгі дағдыларды дамыту: қорытындыларды талдау, сыни ойлау, зерттеу және әртүрлі зерттеу салаларында қолданылатын ақпаратты өңдеу сияқты жалпы дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Заманауи технологияға бейімделу: тарихи құжаттармен жұмыс істеу кезінде заманауи технологияны қолданғанда, бұл технологияны оқыту процесіне кіріктіруге тырысатын мұғалімдер үшін де пайдалы болуы мүмкін.

Оқу-әдістемелік құралдан күтілетін нәтиже:

Патриоттық тәрбие: көпмәдениетті және көпконфессиялы қоғам шеңберінде азаматтық бірегейлікті санаға ерекше мән бере алады. Негізгі аспектілердің бірі – Отаны – еліміздің жетістіктеріне, оның ішінде ғылым, өнер, спорт, техника салаларына, еңбек жетістіктеріне құндылық көзқарасын қалыптастыра алады. Тәрбиенің маңызды элементі – мемлекеттік рәміздерге, мемлекеттік мерекелерге, тарихи және табиғи мұраларға, ескерткіштерге құрметпен қарайды. Туған елде тұратын түрлі халықтардың салт-дәстүрін құрметтеуге де ерекше мән береді.

Метапәндік нәтижелер:

Негізгі логикалық операцияларды меңгеру: Оқушылар кестелер мен сызбалар түрлерін пайдалана отырып, тарихи фактілерді жүйелеуге және қорытындылауға үйрене алады. Тарихи құбылыстардың өзіне тән белгілерін анықтай алады. Оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын аша алады. Тарихи фактілер мен оқиғаларды талдау негізінде қорытынды жасау және дәлелдеу қабілеті дами түседі.

Когнитивтік мәселені анықтау: білім алушы зерттеу іс-әрекетіне негіз бола алатын нақты когнитивтік сұрақтарды анықтауға және тұжырымдауға үйрене алады. Мәселені шешу жолын белгілеп, тарихи материалды таңдай алады. Білім алушыда берілген мәселені шешудің стратегиясын жоспарлау және таңдау дағдысы қалыптаса алады.

Пәндік нәтижелер:

Хронологияны білу, хронологиямен жұмыс істеу: тарихтағы негізгі процестер мен маңызды оқиғалардың хронологиялық шеңбері мен кезеңдерін көрсете біледі.

Тарихи фактілерді білу, фактілермен жұмыс істеу: Аса маңызды тарихи оқиғалардың орнын, жағдайларын, қатысушыларын, нәтижелерін сипаттау шеберлігі арта түседі.

Тарихи картамен жұмыс: Аңыз бойынша тарихи картаны оқу дағдысы.

Тарихи картадан мемлекеттердің аумақтарын, халықтың маңызды топтарының қозғалу жолдарын, маңызды оқиғалар орын алған жерлерін және т.б. табу және көрсету мүмкіндігі арта түседі.

Тарихи дереккөздермен жұмыс: Әртүрлі көздерден алынған деректерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау мүмкіндігі арта түседі.


Талдау, синтез: Факті (оқиға) мен оның сипаттамасын (қайнар дерек, тарихшының фактісі) ажырата біледі. Тарихи оқиғаларды, құбылыстарды салыстыра білу, олардың ортақтығы мен айырмашылығын дәлелдей алады.

Ең маңыздысы, сабақты өткізудің белсенді стратегиялары оқушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық дербестігін дамытуға және әртүрлі білім көздерімен жұмыс істеуге үйретуге мүмкіндік берді. Ең бастысы, олар оқушыны оқуға ынталандырады. Тарих пәнінен білім сапасы да 80-100 пайызға дейін көтерілді.

Ашық және жабық тапсырмаларды пайдалану барысында, оқушылар бойынан 1-диаграммада көрсетілгендей оқу жылының басында белсенділік танытты, 4-тоқсан барысында біраз әлсіздік бақыланды. Оның себебі оқу жылының соңы деп санаймын. Тапсырмаларды үлкен қызығушылықпен орындай отырып, ынталары дами түсті. Мәнмәтіндік тапсырмаларға жауапкершілікпен қарады. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйретуде, жеке бас қабілеттерін дамытуда, зияткерлік тұлғасын қалыптастыруға жол ашуда деп айта аламын.

÷ ашық, жабық тапсырмаларды еңгізуге дейін

÷ ашық, жабық тапсырмаларды еңгізгеннен кейін



1-диаграмма

Апробация қорытындысы: оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар өте сапалы, құнды және тиімді нәтиже беруде.

Тапсырмалар түрлері оқушының тапсырманы орындау кезінде қажетті деңгейдегі оқу нәтижелеріне жақындауға мүмкіндік бере отырып, әр сатыда білім деңгейінің сапасын қамтамасыз етеді. Білім алушылар өзінің біліміндегі ақаулықтарын өз бетінше және саналы анықтап, мұғаліммен бірге оларды жою бойынша жұмыс жүргізеді. Педагогикалық технология түрі пәндік білімнің неғұрлым сапалы және саналы түрде меңгерілуіне, біліктілігі мен қабілеттерін мақсатты түрде қалыптастыруға ықпал етуіне, пәнді оқып-білу қабілетінің дамуына, оқушылардың психикалық және шығармашылық дамуының оң әсеріне, тәуелсіздік, белсенділік, жауапкершілік өсуіне бастама болады.



Касымжанова Алия Егинбаевна
Павлодар қаласы
«Жұмабек Ташенев атындағы
ЖОББМ» КММ тарих пәні мұғалімі
«Үздік педагог – 2022»

«Дарынды балалармен жұмыс жүйесі және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтену жолындағы волонтерлік қызметтің маңызы»

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер аясында білімді және білімін тәжірибе жүзінде қолдана білетін коммуникативті, шығармашыл, қоғам мүшелерін тәрбиелеуді талап етеді. Сондықтан педагогтердің міндеті оқушылардың шығармашылық қабілеттерін барынша ашып, қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлығын туғызу, өз бетінше іздене алатын функционалды сауатты шәкірт дайындау. Ол үшін сабақ құрылымы көп түрлі оқыту әдістерімен толықтырылып, мұғалімнің де дайындығы, ізденісі жоғары деңгейде болуы керек. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру-мұғалімнің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып, жаңа сабақ үлгілерімен оқушыларды шығармашылыққа ізденуін қалыптастыру. Оқушыларды шығармашылыққа баулуда алған білімді тәжірибеде қолдануда, пәннің күнделікті өмірмен байланысын нығайтуда тарих пәнінің алатан орны ерекше.

Шәкіртті оқу үрдісінде педагогпен бірдей субъект ретінде танып, дара тұлға ретінде қабылдап, шығармашылық жұмысқа бағыттау, дарынды балалардың қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай туғызу әр ұстаздың міндеті мен парызы деп білемін. Оған қоса қазіргі қоғамда оқушының әлеуметтену жолында волонтерлікпен айналысудың маңызы ерекше. Не себепті мен екі ауқымды тақырыпты біріктіріп отырмын? Өйткені, оқушы бойында тек қана дарындылықты дамытытып бірақ коммуникацияға назар

аудармасақ, онда функционалды тұлға тәрбиелеудегі мақсатқа жету мүмкін емес деп санаймын.

Өзектілігі: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері кезінде адамды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді сол себепті аталған тақырып қай уақытта болмасын аса өзекті деп санаймын. Осы орайда дарынды оқушылармен жұмыс жүйесінде волонтерлікпен айналысу жұмысының да орны ерекше. Бұл жұмыс арқылы қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелердің бірі оқушылардың әлеуметтену бағытында жұмыс жасауына көмектеседі. Өзімнің тәжірибемде дарынды оқушылармен жұмыс барысында арнайы құрылған жүйемен жұмыс жасау арқылы шәкірттерімнің жүйелі түрде жетістіктерге жетуі тәжірибеммен бөлісуінің себебі болып отыр.

Мақсаты: тарих және қоғамтану пәнінен қабілеті жоғары оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытып жеке жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру арқылы функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді қойып отырмын:

-дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;

-оқушының жеке тұлғалық ерекшелігін дамыту;

-жан-жақты ақпараттандыру;

-коммуникативті бейімдеу;

-білімнің бағасын арттыру;

-дарынды оқушыны жан-жақты дамыту, ізденістік жолға ынталандыру;

-дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына,

қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Тиімділігі: өзімнің еңбек жолымдағы тәжірибемде дарынды балалармен жұмыс жүйесі бойынша көптеген нәтижелі жұмыстар істелінуде. Солардың ішінде ғылыми жоба, интеллектуалдық сайыстар және олимпиадаға дайындық жүйесі. Осылардың ішінде сіздердің назарларыңызға дарынды оқушыларды тарих пәнінен түрлі деңгейдегі пән олимпиадасына дайындаудың жұмыс жоспарын ұсынып отырмын. Пәндік олимпиадаға оқушы таңдауда пән мұғалімі ең алдымен бала бойынан пәнге деген басым қызығушылығын, оның бойынан туа біткен қабілетін көре білуі қажет. Оқушының шығармашылық қабілетін іскер де білікті мұғалім ғана шебер ұйымдастыра алады.

Осы орайда, мен олимпиадаға оқушыларды дайындаудағы өзіндік іс-тәжірибемді ортаға салғым келеді.

Олимпиада резервтерін дайындауда ең алдымен оқушының пәнге қабілетін анықтап, ортаңғы буын, яғни 5-ші сыныптан бастап дайындаған тиімді нәтиже береді. Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы керек. Оқушыны дайындаған кезде міндетті түрде ата-анасымен, баланың отбасылық

жағдайымен таңыс болу керек, яғни бұл жерде жан-жақты интеграция жасау арқылы баланы толыққанды таңып алуға болады.

5) Олимпиада резервтерімен жұмыс жүргізудің дайындық жолдарына тоқталсам, ол ең алдымен төмендегідей ұйымдастыру және оқу-әдістемелік бағыттарда жүзеге асуы тиіс:

1. Ең алдымен, Қазақстан тарихы пәнінің мектеп бағдарламасы шеңберінде сұрақтар мен тапсырмалар менгерілуі керек, бірақ ол сұрақтар оқушыны шығармашылық ойларға жетелеуге тиіс;

2. Қазақстан тарихы оқу курстары бойынша алған теориялық білімдерін оқушы қолданбалық түрде көрсетуге, оның себеп-салдарын түсіндіруге, атлас, карталармен және статистикалық мәліметтермен жұмыс істеу, салыстырулар мен талдаулар жасауға, болжау жасау дағдыларын қалыптастыруға машықтануы керек.

3. Оқушы алдына қойған проблемаларға сараптау, айқындау, жіктеу, дәлелдеу, қажет болса болжам жасау негізінде өз көзқарасын білдіруге үйренуі қажет. Осындай бағыттарда жұмыс жүргізуде мен оқушыларды пәндік олимпиадаға даярлаудың үлгі- жоспарын назарларыңызға ұсынығым келеді.

Дайындық жоспар

Р/с	Дайындық кезеңдері	Жүргілетін жұмыс түрлері	Оқушының іс-әрекеті
1	Мемлекеттік стандартта берілген тақырыптар бойынша жоспар құрастыру	Өтілген материалдар бойынша білімін толықтыру мақсатында қайталау, дәріс сабақтарын өткізу. 2.Қазақстан тарихының бес томдығымен жұмыс /Шығармалар тақырыбын іріктеу/	Дайындық жоспарын құру. Шығарма мен тест дәптерін бастау
2.	Зерттеу, талдау, түсіндіру және болжам жасау (пайымдау) кезеңі	6-9 сыныптарда Қазақстанның тарихынан алған мағлұматтарына қосымша ақпаратты танып-білу мақсатында өз бетінше жұмыс істеуге жетелеп отыру. ЖОО оқытушыларымен кездесу ж. Электронды оқулықтарды пайдалану, интернет жүйесі арқылы мағлұматтар алу.етекшімен таңысу.	Дайындық барысында пайдаланылатын қосымша әдебиеттерді іріктеу. Оқулықтан тыс күрделендіріліген тапсырмалар беру және ғылыми терминология бойынша жұмыс жүргізу маңызды. Қашықтық олимпиадаларға қатысу,«Дарын» сайтындағы өткен жылдардың олимпиада материалдарын орындау. Онлайн тесттерді орындату.

3.	Шығармашылық ойлау қабілетін дамыту. Ғылыми-зерттеу.	Қазақстан тарихы бес томдығынан іріктелген тақырыптар бойынша шығармалар жазу. Тарихи портретпен жұмыс	ЖОО жетекшісімен кездесіп жазған шығармаларды тексерту.
4	Қорытынды кезең	Шығармалар, тарихи портреттер, тест жұмыстарын түйіндеу	Мектепшілік, қалалық, облыстық пәндер олимпиадасына қатыстыру

Осындай жүйелі жұмыс арқылы білім алушылар талай жетістіктерге жетіп мықты нәтиже көрсете білді. Қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды.



Айдарбекова Сауле Рысбаевна
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Дарынды балаларға арналған
мамандандырылған
«Дарын» лицей-интернаты,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог - 2017»

«Ағылшын тілі сабақтарында MIND MAPS карталарын пайдалану»

Ағылшын тілі сабақтарында біз тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар ақпаратты қабылдауды және өңдеуді қалай үйренуге болатынын үйретеміз. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде ақпарат көлемінің үлкендігі соншалық, адамның есте сақтау қабілетіне, мәселелерді шешуге және күрделі деректерді талдауға деген белгілі бір талаптарды шешуге тура келеді. Ақпараттың үлкен көлемін есте сақтау, сабақта қойылған мәселелерді шешу, күрделі мәліметтерді талдау және ментальды карталарды құрастыру арқылы алған білімдерін практикада пайдалану үшін оқушылар тілдік материалды меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар алған білімдерін түсініп, қолдана білуге үйренеді. Егер сіз аз күш жұмсасаңыз, ақпараттың көпшілігі оқылмай қалады. Табандылық өнімділіктің төмендеуіне әкеледі, ал оқу зерігумен және үнемі шаршаумен байланысты. Бұл мәселені Mind Maps технологиясы арқылы шешуге болады. Mind Mapping – оқушыларға ойларды елестетуге және оларды басқаларға жеткізуге көмектесетін қуатты әдіс. Сонымен қатар, Mind Maps идеялардың еркін ағынына ықпал етеді, бұл оны миға шабуыл және шығармашылық мәселелерді шешу үшін тамаша форматқа айналдырады.

Жұмыстың мақсаты – шет тілін үйретуде MIND MAPS карталарды тиімді қолдану жолдарын тәжірибеге еңгізу.

Негізгі міндеттер:

- MIND MAPS картасын жасау бағдарламаларын зерттеу. Білім беру технологияларын кіріктіру арқылы оқушының дербестігін дамыту
- Оқушылардың бағалау құзыреттілігін дамыту, мотивациясын арттыру
- Оқушылардың табысты әлеуметтенуіне ықпал ету

Ағылшын тілі сабағында MIND MAPS карталарын қолдануы

Ағылшын тілі сабақтарында MIND MAPS технологиясын жиі қолданамын:

- лексикалық материалмен жұмыс:
- жаңа сөздікпен таныстыру
- жаңа сөздік қорын бекіту
- сөздік қорын бақылау негізінде

- грамматикалық материалмен жұмыс (картаның көмегімен кез келген грамматикалық ережені немесе құрылысты көрсете алады, бұл ретте барлық ерекшеліктерді, ерекше жағдайларды, сондай-ақ қолдану мысалдарын жеке тармақтарға бөліп, оларға екпін қоюға болады)

- мәтіндік материалмен жұмыс (мәтіндерді ментальды карта түрінде қайта әңгімелеу жоспарын құрайды және т.б.)

- «миға шабуыл» өткізу (карточкалардың көмегімен жүздеген немесе одан да көп идеяларды жасай алады, олар тез генерацияланады, түпнұсқа және тиімдірек болады);

- пікірталас, пікірталас жүргізу (дауласушы тараптардың әрқайсысы үшін келіспеушіліктерді объективті және тиімді зерттеуге көмектесетін психикалық карта дайындалады. Нәтижесінде үшінші ментальды карта жасалады, онда бірлескен қорытындылар, шешімдер, жұмыс нәтижелері және проблема бойынша жеңілдіктерге қол жеткізіледі)

MIND MAPS жаңа сөздер мен ережелерді есте сақтауды және бұрыннан белгілілерді есте сақтауды жеңілдетеді. Оқушылардың өздері есте сақтайды немесе сөзді табады, бұл есте сақтау және ойлау процестерін белсендіреді. Өйткені, әрбір сөзді сурет ретінде елестету арқылы біз мидың сол және оң жарты шарларына тән күрделі дағдыларды пайдаланамыз: сөздер сол жарты шардың қызметі, ал бейнелер мен қиял он жақтың қызметі. Суреттер мен кескіндерді пайдалану сөздің мағынасын аударуды, түсінуді және есте сақтауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, әдеттен тыс, түрлі-түсті немесе күлкілі болып көрінетін кез келген нәрсені есте сақтау әлдеқайда оңай және мида қарапайым және қызықсыз нәрселерге қарағанда тезірек пайда болады. Ментальды карталардың ғажайып күші дәл осыған негізделген.


Жаңа лексиканы меңгеру және бекіту кезінде карталармен жұмыс істеудің келесі әдістері қолданылады:

- Сабақ барысында мұғалімнің оқушылармен бірге ментальды карталарды құрастыруы.
- Оқушылардың үйде жеке, топпен, жұппен ментальды карталарды құрастыруы.
- Жаңа лексиканы меңгеруді бақылау үшін оқушылардың сыныпта және үйде жеке менталдық картасын құрастыру тиімді.

MIND MAPS для Vocabulary for 7-8 grades



MIND MAPS для Writing and Speaking for 10-11 grades



FRIENDSHIP AND FRIENDS

A dictionary defines a friend as a person who you know and like very much and enjoy spending time with.

Kids are likely to befriend someone similar, who is often of the same sex, age and ethnicity and shares similar interests, social skills and sometimes academic achievement.

Adolescents typically spend more time with their peers than they do with their parents, siblings or other social contacts.

Adults usually say they have one or two close friends - those who they can always rely on in difficult times and the others are just acquaintances or colleagues. In adulthood, as people grow up and go away, friendships are the relationships most likely to take a hit. People tend to lose the sense of a shared interest when their former friends start working in different fields or spending time in different ways.

CHECK QUIZLET

ДЛЯ ЗАМЕТОК

Sometimes friendships end in angry accusations and hurt feelings. Sometimes friends just drift apart over time. The most painful end to a friendship is the one-sided rejection. The end of friendship is not necessarily a bad thing. Sometimes it is just an unavoidable result of teenagers growing up in different ways or at different rates. Sometimes certain pairs of children or teenagers tend to bring the worst in each other, and they are better off finding new friends. Often the end of one friendship makes more room for other friendships to grow.

Social networking sites allow people to make friends easier and to keep close relationships for years. Psychologists think that social networking may create an illusion of a real friendship leading to stress and offline relationship problems, and decreasing face-to-face communication skills.

A friend is one that knows you as you are, understands where you have been, accepts what you have become, and still, gently allows you to grow.

William Shakespeare

1. companion [kəm'pæniən] компаньон
2. acquaintance [ə'kwɛɪnt(ə)ns] знакомство
3. colleague [ˈkɒli:ɡ] коллега
4. get together [ˈget tə'geðə] собираться
5. get in touch with smb связаться с
6. socialise [ˈsəʊʃlaɪz] общаться социализировать
7. loyal [ˈləʊəl] лояльный, преданный
8. extrovert [ˈɛkstrəvɜ:t] экстраверт
9. introvert [ˈɪntrəvɜ:t] интроверт
10. fair-weather friend друг до первой беды
11. keypad [ˈki:pæɪ] джойстик по электронной переписке
12. pen-friend друг по переписке
13. drift apart [drɪft ə'pɑ:t] раскисаться
14. ups and downs взлеты и падения
15. soulmate [ˈsəʊlmert] родственная душа
16. friend in need is a friend indeed друг познается в беде
17. treasure [ˈtrezə] сокровище
18. incredibly hard to find [ɪn'krɛdɪblɪ] невероятно трудно найти
19. interact [ˈɪntər'ækt] взаимодействовать
20. befriend [brɪ'freɪnd] относиться дружелюбно
21. similarity [ˌsɪmə'lærətɪ] сходство
22. adolescent [ˌædə'lesənt] подросток
23. peer [piə] сверстник
24. uncommon [ˌʌn'kɒmən] необыкновенный
25. attitude [ˈætɪtju:d] отношение
26. adulthood [ˈædʌlthʊd] зрелость
27. lose the sense of терять чувство
28. create an illusion создавать иллюзию
29. communication skills [kə'mju:nɪ'keɪʃn] навыки общения
30. require [rɪ'kwaɪə] требовать
31. emotional environment [ɪ'məʊʃ(ə)n(ə)l ɪn'vaɪrənmənt] эмоциональная среда
32. when things get tough [tʌf] когда дело начинается пахнуть керосином
33. hurt feelings обижать, задеть чувства
34. a wide circle of широкий круг
35. angry accusation [ˌæŋɡɪ'zeɪʃən] сердитые обвинения
36. one-sided rejection [rɪ'dʒekʃən] односторонний отказ
37. abandon [ə'bændən] отказываться, покидать
38. an unavoidable result неизбежный результат
39. bring out the worst in each other выявлять худшее друг в друге
40. relationship problems [rɪ'leɪʃ(ə)n(ə)l] проблемы в отношениях

Бүгінгі күні MIND MAPS ақыл-ой әрекетінің тиімділігін арттыруға арналған және қолдануға оңай әдістердің бірі болып табылады. Олар материалды жүйелеуге және назарды қажетті ақпаратқа аударуға мүмкіндік береді және бұл түсінікті, өйткені MIND MAPS карталарын жасау кез келген мәселені шешіге мағыналы түрде жақындауға, оны бөлімдерге бөлуге көмектеседі. Сонымен қатар, ақыл-ой карталарын өміріміздің әртүрлі салаларында пайдалану мүмкін. Ағылшын тілі сабақтарында MIND MAPS қолдану сөздік қорын молайтуға, жазу мен сөйлеуді дамытуға мол мүмкіндіктер ашады. Ақпараттың үлкен ағыны бар біздің қазіргі әлемде оқушыларды оқытуда ақыл-ой картасын пайдалану үлкен оң нәтижелерге әкелуі мүмкін, өйткені балалар негізгі ақпаратты таңдауды, құрылымдау және есте сақтауды, сонымен қатар оны кейінірек жаңғыртуды үйренеді. MIND MAPS карталары мектеп оқушыларының шығармашылық және сыни ойлауын, есте сақтауын және зейінін дамытуға көмектеседі, сонымен қатар оқу және оқу үдерістерін қызықты, жемісті етеді.

MIND MAPS технологиясы мектеп оқушыларына жас тобына қарамастан ағылшын тілін үйрету үшін өте қолайлы деп есептеймін. Оқушылардың алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге байланысты MIND MAPS өзгертуге, түзетуге және бейімдеуге болады. Мен өз сабақтарымда MIND MAPS технологиясын оқушыларға жаңа лексиканы меңгертуде, монологтік және диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту процесінде, грамматиканы оқытуда (шағын карточкалар – фразалық етістіктерді оқуда), сонымен қатар жұмыс барысында қолданамын. Мәтіндермен (ортаға мәтіннің аты және оның негізгі идеясы жазылады, содан кейін мәтінде қанша түйінді нүкте болса, сонша тармақ сызылады, содан кейін тірек сөз тіркестері жазылады. Олардың арасында көрсеткілердің көмегімен белгілі бір реттілік орнатылады және осылайша, ментальді картаны қайта әңгімелеуге көрнекі тірек ретінде пайдалану арқылы мәтінді қайталап айту

оңайырақ болады). Сонымен қатар, мен оқыған тақырыпты қорытындылау үшін MIND MAPS карталарын миға шабуыл құралы ретінде жиі қолданамын. Бұл әдіс адам өмірінің кез келген саласында қолданыла алады және оқушылардың зияткерлік әлеуетін, соның ішінде ағылшын тілі сабақтарында жақсарту қажет болған жағдайда табыстың кілті бола алады.



Калмаханова Айгуль Базарбаевна

«Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімі

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы»

КММ орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Үздік педагог – 2019»

**Педагогикалық тәжірибенің атауы: «1+10» Шеберлік мектебі»
жобасы**

Қазіргі білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, әрдайым үнемі өзгеруде. Ол әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі үздіксіз жетіле отырып, барынша күрделене түсуде. Мектептегі басты тұлға ұстаз десек, білімнің сапасы ең алдымен ұстаздар қауымы арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру, оқу үдерісінде жаңашыл мұғалімдердің дамуына бағыттау ең басты назарда.

Білім берудің негізгі мақсаты еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп құру. Оқушылардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да сарабдал азамат боп жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты. Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Өз мүмкіндіктеріне баға беретін әлемдегі білім беру кеңестігінің даму бағытын, болып жатқан әртүрлі интеграциялық процестерді бағдарлай алатын деңгейлі педагогтер қауымын қалыптастыру мақсатындағы «1+10» Шеберлік мектебі жобасы үздік педагогтердің тәжірибелік алаңы арқылы мектеп мұғалімдерінің жан-жақты кәсіби дамуына ықпал етеді.

Көшбасшы мұғалімдер күзіретті тәлім алушыларды дайындау үшін тәлімгерлік үдерісін ендіріп, мұғалімдер көшбасшылығын дамытуға күш салынады. Педагогтер арасында ынтымақтастық орнатылып, тәжірибе алмасу, мектептер арасында «көпіршелер» тұрғызу, сол арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыруда іс-тәжірибелерін жетілдіруіне, оқушы үнінің назарға алуға, «Lesson study» әдісін жоспарлауға, бағалау тапсырмаларын әзірлеуде «Шеберлік мектебі «1+10» жобасының оң нәтижесін берері сөзсіз.

Өзектілігі, негіздемесі: Бұл жоба үздік педагогтердің тәжірибелік алаңы арқылы мектеп мұғалімдерінің жан-жақты кәсіби дамуына ықпал етеді. Жобада мұғалімдерге әдістемелік тұрғыда білім-білік дағдыларын жетілдіру мақсатында, тәжірибелік іс-шаралар ұйымдастыра отырып, кәсіби құзыреттілігін дамыту көзделеді.

Мақсаты: білім беру ұйымдарында үздік педагогтердің озық тәжірибелерін насихаттау, тьюторлық қызметті жандандыру

Міндеттері:

1) шебер - педагогтердың тәлімгерлік тәжірибесін анықтай отырып, тәлім алушылардың кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру;

2) білім берудегі тьютор мәселелеріне педагогикалық қауымдастықтың назарын аудару және қызығушылығын дамыту;

3) тәлімгерлік саласындағы білім беру ұйымдарындағы педагогтердің қызметін ынталандыру

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы: Жобаның дайындық кезеңінде диагностика- зерделеу жұмыстары ұйымдастырылып, Жамбыл облысының әр ауданынан пән бойынша бір педагог- модератор тағайындалған.

Проблемаларды айқындау барысында «Үздік ұстаздан- үздік нәтиже» кезеңінің жоспары бекітілген. Сауалнама, зерттеу қорытындысы бойынша тәжірибелі ұстаздар «Lesson Study зерттеу сабақтары - даму мен ілгерілеудің формуласы», «БЖБ және ТЖБ жұмыстарын ұйымдастыру тәртібі», «Білім алушыларды ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары», «Дарынды балабақытты ғасыр кепілі», «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оқыту сапасын арттыру кепілі», «Білім берудегі инновациялық технологиялар: тәжірибе, ізденіс және даму перспективалары» тақырыптарында вебинарлар ұйымдастырылған. Әр педагог вебинарды өз пәнінің құзіреттіліктеріне сәйкес жоспарлаған.

Екінші кезең бойынша жауапты педагог тәлім алушылармен жұмыстың тиімді тәсілдерін қолдану әдістемесі бойынша шеберлік сабақтар, семинар, вебинар, дөңгелек үстелдер арқылы тәжірибе алмасып, педагогикалық коучингтер базасын құрады.

Қорытынды кезеңде жобаны іске асыру нәтижелерін сапалық және сандық талдау жүргізе отыра, тәлім алушылар үздік қысқа мерзімді жоспарлар, бағалау тапсырмаларының жиынтығын, дарынды оқушылармен жұмыс үлгілерін, зерттеу сабақтарының нәтижелерін ұсынады.

2024-2025 оқу жылында әр топтың тәлім алушылығы өз ауданының 5 жас маманына әдістемелік көмек көрсету мақсатында топ жинақтап, каскадтық жүйе бойынша жұмыс жүргізеді.

Тәжірибеде іске асырылуы:

Зерделеу бағыты (қаңтар – наурыз 2023 ж.)

Әдістемелік–ақпараттық бағыт (наурыз 2023 ж. –желтоқсан2023ж.)

Тәжірибелік бағыт(қаңтар 2024 ж.- желтоқсан 2025 ж.)

Тиімділігі, күтілетін нәтиже:

- кәсіби қызмет сапасын арттыру үшін мақсатты түрде тәжірибе алмасады;
- мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық нығайып, оқыту сапасына әсер етеді;
- мұғалімдердің кәсіби тәжірибесі жетіледі, құзыреттілігі қалыптасады.

Тәжірибені басқа педагогтер, мектептердің қолдануы көрсетуі:

✓ Байзақ, Жамбыл, Мерке аудандарында 2023-2024 оқу жылына арналған жалпы білім беретін мектептің даму жоспарына «1+10» Шеберлік мектебі жобасы іс-шаралар тізіміне енді.

✓ Мектепшілік кәсіби қоғамдастыққа мұғалімдер тартылып, бөлінген көшбасшылық аясында коучинг, тәлімгерлік үдеріске тартылды.

✓ Үздік педагогтер желілік қауымдастық арқылы педагог-модераторлармен «Оқу үдерісін жақсарту үшін бірлесе жоспарлауды қалай жүзеге асырамыз?», «Сабақтарда табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» бойынша коучингтер, «Мектеп сайтына үздік сабақ, шебер сынып, зерттеу сабақтарын тіркеу» бойынша шебер сыныптар өткізілді.

Мерке ауданы, И.Трубицын атындағы мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Н.Ү.Қаймалақова «Сабақты зерттеу - даму мен ілгерудің формуласы» атты онлайн-вебинар ұйымдастырылып, 10 ұстазға сабақты зерттеу тәжірибесын ұсынды.

<https://www.facebook.com/100034404593950/posts/pfbid0FYEtugQ3ZiVkzBDZs6J1sK5t5xBC7i7p9FmcJZFwQNSoiLz7UBwSvjJmg2cGuYc5l/?sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V>

Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Дарын» мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі М.Талқанбаев Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында Lesson study әдісін пайдалану" тақырыбында вебинар өткізді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02CRFn5erkXiZpvBDNhub4dsm99EGTkwgKcMjYTRZR9RN8jEUUnXdLY2njmAE1nyYGRkl&id=100024127032144&sfnsn=wa&mibextid=RUBZ1f

Н.Бектіғұлова пән мұғалімдеріне жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу барысында тиімді әдіс-тәсілдер мен тапсырма үлгілері таныстыру бойынша «Жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру және ұйымдастыру» тақырыбында онлайн-вебинар өткізді.

✓ «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбымен өткен Республикалық білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесі, Жамбыл облысындағы өткен панельдік секцияда «Бағалау – мұғалімдердің құзіреттілігін арттыру және оқушылардың траекториясын дамыту факторы» тақырыбында баяндама жасалынып, білім беру жүйесінің 12 мың қызметкері Facebook, Instagram және YouTube желілеріндегі парақшалары арқылы таратылды.



Ишангалиева Айгуль Максотовна
Алматы қаласы
№ 200 мектеп-гимназия
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
«Үздік педгог-2020»

Жоба әдісі арқылы ағылшын тілі сабағында оқушылардың ауызекі тілін дамыту

Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жоба әдісі мектеп оқушыларының ізденімпаздығы, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді.

Жоба әдісі арқылы оқушылардың бір проблеманы шешуді не тақырыпты ашуды талап етіледі. Ал, проблеманы шешу үшін оқушылар, бір жағынан, әртүрлі әдіс тәсілдерді қолданса, екінші жағынан, әртүрлі пәндерден алған білімнің интеграциясын пайдаланады.

Жоба әдісінде оқушылар мәселелерді шешу үшін бірлесе бірге жұмыс істеуі арқылы материалды үйренеді, мазмұн туралы терең білімді, сондай-ақ сыни ойлау, ынтымақтастық, шығармашылық және қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Жоба әдісін қолдана отырып, оқушы өмір талаптарына сай таңдалған тақырып бойынша мұқият дайындалады. Оқушылардың лингвистикалық беленділігі жазу, сөйлеу, оқуы да дамиды, әсіресе ауызекі тілі дамиды.

Жобалау әдісі ағылшын тілін оқытуда тиімді әдістердің бірі болып саналады. Жобалау кезінде оқушылар жеке немесе топпен бірлесіп белгілі бір бағытта әрекет етеді, ізденіс жүргізеді, еңбектенуді үйренеді, өз пікірін дәлелдей алады, білімін, күшін сынайды.

Ал, ұстаздың мақсаты - тақырыпты шығармашылық түрде меңгерту, логикалық ойлауын жетілдіру. Бұл шығармашылық жоба жұмысы оқушы тек бір пәннен алған ғана емес, басқа пәндерден де алған білімін де көрсете алады.

Біз оқушының ауызекі тілін мектеп қабырғасында дамытуы керек. Жалпы, жаңартылған білім беру бағдарламасының негізі де өз ойын, пікірін еркін жеткізе алатын, терең білімді тұлғаны дамыту. Енді осы тұлғаны жан жақты дамыту ұстаз қолында.

Жоба әдісі арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, ауызекі тілін дамыту негізгі мақсат болды. Себебі, біздің айналамызда тілдік орта жоқ.

Оқушылар өз ойын, пікірін еркін жеткізе алуын дамыту үшін осы жоба әдісін қолдануға алып келді. Осы әдісті қолдану нәтижесінде оқушылардың еркін сөйлеуі, айтылған ойға, пікірге мысал келтіре отырып дәлелдей алуы арта түсті, қауым алдында еркін сөйлей білуі жақсарды. Тіпті жеке тұлғаның өзін қарасақ, біз оның сқйлеген сөзіне, айтқан әңгімесіне, сөйлеу мәнеріне қарап, біз ол адамның мәдениетін анықтай аламыз. Жастарымыз еліміздің болашағы дейміз, өркениетке жету жолында білім беру, тәрбиелеуғ жалпы ұстаздарға жүктелетін болса, шет тілін үйренудегі коммуникативті-танымдық

оқыту әдісі оқушылардың барлық пән бойынша білімдерін қолдану арқылы ауызекі тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Жоба әдісін қолданудың негізі оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту, шешімін табуды алдын ала ескеретін мәселелерге деген оқушылардың қызығушылығын ынталандыру, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана білу икемдігін дамыту.

Жоба әдісін қолданудағы мақсатқа жету үшін мына міндеттер алдымызда тұрды:

- ❖ Жоба әдісі арқылы оқушылардың шет тілін меңгеруге ынтасын арттыру;
- ❖ топта, ұжымда ынтымақтастықта жұмыс жасауды және сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландыру;
- ❖ жоба жұмысын іске асыру барысында мақсат қоя білуге, орындау барысында әрекет етуге үйрету;
- ❖ оқушылардың тілдік материалды меңгеруге және оны ауызекі тілде тиімді қолдана білу.

Жалпы мектептің басты міндеті білімді, дарынды, тәрбиелі және бәсекеге қабілетті, қарқынды дамып жатқан ортада өмір сүруге бейім, өз мүддесін, сол сияқты қоғам мүддесін қорғауға дайын тұлға қылыптастыру болып табылады. Осыған байланысты білім алушы үшін білім, білік дағдыны мақсатты меңгеруге өзінің мүмкіндігін пайдалану мен қоғам өміріне белсене араласуы үшін ақпаратты өздігінен іздеу, талдау, тиімді қолдану біліктілігін дамытуға ерекше назар аудару қажеттігі туындайды. Сондай ақ, әр тақырыпты өткенде пәнаралық байланыс ескеріледі.

Оқушылардың жобалар арқылы танымдық белсенділігі артады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Қарапайым сабақтағы жобадан оқушылар әлемдік деңгейдегі жобаларға қатысып, оқушылар халықаралық деңгейде еркін жоба қорғап жүр.

Бұл жоба әдісін өз ұстаздық жолымда 25 жыл қолданып келемін. Осы жоба әдісін қолдану негізінде оқушыларымның білім деңгейі көтерілді, жаһандық әлемде өз ойларын еркін айта отырып дәлелдей алатын, пікірін айта алатын дәрежеге жетті.

Менің жаңадан алған сыныбымда ағылшын деңгейі төмен Арман атты оқушы болды. Сыныпқа үй тапсырмасы ретінде жоба берілді, оқушылар топқа бөлінді. Келесі сабақта Арман бар топта оқушылар оны қоспай өздері жасап келген. Бұл топтың жұмысын қабылдай алмайтынымды айтып түсіндірдім, себебі бірде бір оқушы тыс қалмауы керектігін айттым. Келесі жобада оқушылар барлығы дайындалып, Арманды да топқа қосып бірге жоба жасапты. Топтың барлығына жоғары баға бердім. Осыдан бастап Арманның пәнге деген қызығушылығы оянып, өзін өзі дамыта бастады. Әр еңбегі жоғары бағаланған сайын оқушылардың пәнге деген қызығушылығы да арта түсті. Жоба әдісі оқушылардың танымдық белсенділігі күшейтеді, білімдерін тереңдете түсті.

Жоба жұмысының оқушылардың білім алуына оң нәтижесін көргеннен соң жоба әдісінің тиімді екенін түсіндім. Себебі, өткен тақырыпқа байланысты жоба әдісінде оқушылар тақырыпты терең түсіне біледі, зерттеу жүргізеді, себебін түсіндіреді, дәлелдейді.

Жоба жұмыстары сынып бойынша жасалып жүрді. Енді осы жоба жұмысы арқылы оқушыларды ғаламдық деңгейге шығаруға шештім. Себебі, біздің айналамызда ауызекі тілді дамытатын орта жоқ. Сол себепті, оқушылардың ғаламдық деңгейде өз қатарластарымен ой бөлісіп, тақырыпты талқылай отырып, өзара қарым қатынас жасай алатын ортаны қалыптастырдым. Осы ретте оқушыларым әртүрлі халықаралық жобаларға қатысты.

Мысалы, «**Culture project**» деп аталатын жобада оқушыларым Пакистан мемлекетінің мектеп оқушыларымен өз елінің салт дәстүрін, ұлттық тағамдарын, ұлттық билерін алдымен видеоға түсіріп, ортақ платформаға салды. Содан кейін, ғаламдық кеңістікте кездесіп ой бөлісті.

Екінші жобамыз «**Бейбітшілік көгершіндері**» деп аталды. Бұл жобаға әлемдік мектептер қосылды. Оқушылар өз қолдарымен көгершіндер жасады, ол көгершіндерге өз тілектерін жазды. Содан соң, осы жасаған көгершіндерін бір біріне пошта арқылы жіберді. Бұған белгілі бір уақыт берілді. Барлық мектеп өз көгершіндерін алып болған соң, әр мектеп өздерін онлайн кездесуде таныстырып, пікірлерімен бөлісті. Жоба аяқталған соң, оқушыларға халықаралық деңгейдегі сертификаттар берілді.

Келесі жобамыз «**Менің туған жерімді таба аласың ба?**» деп аталды. Бұл халықаралық жобаның модераторы өзім болдым. Бұл жерде оқушылар үш сұрақты талқылады. Әр сұрақты бірі-біріне бөлінген мемлекеттер жеке онлайн кездесу жасап оқушылар таныстырады. Бірінші сұрақ «**Әлем картасынан менің елімді тап**» деп аталады.

Екінші сұрақ «**Мемлекет халқы, тұратын ұлттар, өсімдіктер мен жануарлар әлемі**» деп аталды.

Үшінші сұрақ «**Мен оқитын мектеп**» деп аталды. Осы сұрақтар бойынша оқушылар онлайн кездесіп, ой бөлісіп, пікір айтып талқылайды.

Мінекей, осы сияқты халықаралық деңгейдегі көптеген жобаларға қатысып отырды. Бұл жобаларға қатысу мақсаты оқушылардың ауызекі тілін дамытып, өз ойын еркін айта алатын, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Бұл әдісті қалай жүргізеді деген тақырыпта Алматы қаласы Білім басқармасы жанындағы әдістемелік орталық қолдауымен «**Global projects. Global classroom**» тақырыбында іс тәжірибе таратылып көрсетілді.

Сонымен қатар, оқушылар балалар әдебиетінің авторымен онлайн кездесіп, кітабын бірге оқыды.

Оқушылар сонымен қатар, ғаламдық жобаларға қатысып, еркін ойларын айта алатын дәрежеге жетті.

Сонымен бірге, оқушыларым “**Schools around the world**” атты ғаламдық жобаға қатысып, өздерінің ізденіс жұмыстарын көрсетті.

Ең алдымен, осындай жоба жұмыстарын тақырып бойынша жасап үйренуі керек. Себебі, оқушы жобаны алғаш жасаған кезде алдарында тілдік барьер болады. Мұғалім осы жасалатын жобаның критерийлерін жасауы керек. Оқушы төселе бастағанда өз қатарластарымен пікірталас жасап, дәлелдей алатындай халықаралық деңгейдегі жоба жұмыстарына тартуға болады.

Әрине, көп жағдайда оқушылар жазғандарын оқып айтуға бейім келеді.

Ол тілдік барьер, себебі еркін ойларын айта алмай қиналады, қағазына қарап айтпаса шатасып қалатындай әсерде болады.

Сондықтан, қарапайым сөйлемдермен, синоним сөздерді қолданып айтуға дағдыландыру керек. Оқушы сөзін айтып жатырғанда оның сөзін бөліп қатесін жөндеуге болмайды. Себебі, ол айтып жатқан ойынан арылып қалады. Айтып болған соң ұсыныс ретінде айту керек.

Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. Project – based learning in English Language teaching. Novitas-Royal Research on youth and language/ 2022, 16(1) 34-55 pages

2. Marcus Guido «Project-based learning: benefits, examples and 10 ideas for classroom implementation». May 27, 2022.

3. Beckett G.H. 2002. «Teacher and student Evaluations of Project – based Instructions» TESL Canada Journal/Revue TESL Du Canada. Vol.19, No.2

4. Poonon K., 2011. Enhancing English skills through Project-based learning. The English teacher. Volume XL, pp, 1-10. Bangkok: KhonKaen University.

5. <https://m.facebook.com/groups/1816371108627893/permalink/3415059532092368/?mibextid=Nif5oz>

6. <https://m.facebook.com/groups/1816371108627893/permalink/3409791342619187/?mibextid=Nif5oz>

7. <https://m.facebook.com/groups/1816371108627893/permalink/3407473539517634/?mibextid=Nif5oz>

II-бөлім. «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздарының педагогикалық тәжірибесін тарату: жаратылыстану-математикалық бағыттағы табысты кейстер

Жаратылыстану-математикалық бағыт қазіргі әлемдегі көптеген инновациялар мен жетістіктердің негізін құрайды. Бұл тарауда ғылымға деген құштарлығы бар, жаңа идеяларға ашық педагогтерге арналған кейстер ұсынылады. Ұсынылып отырған кейстер әр жылдары «Үздік педагог» деп танылған және олардың кәсібилігі мен білім беруді дамытуға әсерін растайтын жетекші педагогтардың тәжірибесіне негізделген.

Үздік педагогтер кейстері – Математика және физика пәні бойынша



Мусағалиева Гулмирам Куанышовна

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы № 11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының математика пәні мұғалімі, «педагог-шебер», «Үздік педагог-2019»

«Математикалық сауаттылық тапсырмаларын және оларды шешудің тиімді тәсілдері» авторлық бағдарламасы

1. Авторлық бағдарлама туралы қысқаша ақпарат

Элективті курс - оқушылардың әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандыратын, профильдің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының жаңа элементі. Элективті курс, ол оқыту процесін актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмі.

Заманауи талапқа сай еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге бұрынғыдан өзгеше көзқараспен қарауды қажет етеді. Білім берудің жаңа үлгісін енгізуде тұлғаны дамыту үдерісі ретінде қазіргі таңда оқушының өзін-өзі дамытуына, алған теориялық білімдерін өмірмен байланыстыра білуіне, оны қолдана білуге бағытталған жұмыстарға басты назар аударылуда. Жақсы ұйымдастырылған элективті курстардың жүйесі оқушыға белгілі талап тілегіне сәйкес білім алып шығуына мүмкіндік береді.

Оқушылар мектепте алған білімдері мен тәжірибелерін өмірде қолдана ала ма? - деген сұраққа жауап іздеу мақсатында көптеген жұмыстар істелуде.

Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы.

Осы мақсатта математикалық сауаттылық есептерін шығаруды оқушыларға тиімді үйрету үшін, «қарапайымнан - күрделіге» принципіне сүйене отырып, аталған курс жоспарланды. Сонымен қатар курс мазмұны әрбір оқушыға оқу-танымдық үдеріске белсенді түрде енуге және функционалдық сауаттылықтарын нығайтып, өзін-өзі жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді.

Элективтік курс жоспарына осы тапсырмаларды қамтитын тақырыптар енгізілген. Тақырыптар шартына қарай тараулар бойынша топталып, тиімді шығару жолдары қарастырып, математикалық сауаттылық бойынша оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыруға арналған есептердің мол қоры жинақталған.

2.1. Авторлық бағдарлама қандай мәселені шешуге бағытталған?

Авторлық бағдарламаны әзірлеуге себеп болған факторлар?

Бүгінгі таңда ұлтымыздың болашақ азаматтарын рухы биік, адамгершілігі мол, білімді, білікті, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыру – алда тұрған басты міндет екені баршамыз үшін айқын.

Осы мақсатта мұғалімдердің жұмысын жандандыруда маңызды роль атқаратын фактордың бірі – заманауи талаптарды қанағаттандыратын оқу бағдарламасының, сауатты жасалған әдістемелік құралдың болуы.

Курс мазмұны оқушының математикалық құзыреттілік қабілетін, яғни нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігін шыңдап, алған білімдері мен біліктерін практикалық қызметтерінде және күнделікті өмірлерінде дұрыс қолдануға жол ашады.

✓ заманауи оқытуға, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып, дамытуға негізделген;

✓ математикалық сауаттылық есептерін бөлімдерге бөліп, оқыту мен оқуға тиімді жағдай жасау;

✓ логикалық ойлау дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындауға арналған материалдардың берілуі;

✓ шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындауға арналған материалдардың берілуі;

✓ пропорция, процент, жиындар, берілген сандар қатарының арифметикалық ортасы, модасы, медианасы, өзгеріс ауқымын анықтауға арналған тапсырмалардың енгізілуі;

✓ күнделікті тұрмыста өмірлік қажеттіліктерге, сұраныстарға байланысты есептердің берілуі;

✓ экономикалық, статистикалық есептердің берілуі;

✓ әр бөлімді аяқтаған соң сол бөлімді оқыту барысындағы оқушының игеру деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырмаларының берілуі.

2.1. Авторлық бағдарлама қандай мәселені шешуге бағытталған?

Авторлық бағдарламаны әзірлеуге себеп болған факторлар?

Бүгінгі таңда ұлтымыздың болашақ азаматтарын рухы биік, адамгершілігі мол, білімді, білікті, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыру – алда тұрған басты міндет екені баршамыз үшін айқын.

Осы мақсатта мұғалімдердің жұмысын жандандыруда маңызды роль атқаратын фактордың бірі – заманауи талаптарды қанағаттандыратын оқу бағдарламасының, сауатты жасалған әдістемелік құралдың болуы.

Курс мазмұны оқушының математикалық құзыреттілік қабілетін, яғни нәтижелерді түсіндіру, талдау және түрлендіру, математикалық модель құрастыру, қатынастарды анықтау, шынайы өмірде пайда болған мәселелерді шешу үшін математиканы дәлме-дәл қолдану қабілеттілігін шыңдап, алған білімдері мен біліктерін практикалық қызметтерінде және күнделікті өмірлерінде дұрыс қолдануға жол ашады.

✓ заманауи оқытуға, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып, дамытуға негізделген;

✓ математикалық сауаттылық есептерін бөлімдерге бөліп, оқыту мен оқуға тиімді жағдай жасау;

✓ логикалық ойлау дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындауға арналған материалдардың берілуі;

✓ шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындауға арналған материалдардың берілуі;

✓ пропорция, процент, жиындар, берілген сандар қатарының арифметикалық ортасы, модасы, медианасы, өзгеріс ауқымын анықтауға арналған тапсырмалардың енгізілуі;

✓ күнделікті тұрмыста өмірлік қажеттіліктерге, сұраныстарға байланысты есептердің берілуі;

✓ экономикалық, статистикалық есептердің берілуі;

✓ әр бөлімді аяқтаған соң сол бөлімді оқыту барысындағы оқушының игеру деңгейін анықтау мақсатында тест тапсырмаларының берілуі.

2.2. Авторлық бағдарламаны әзірлеуге себеп болған факторлар?

✓ ҰБТ тапсырмаларына математикалық сауаттылық енгізілген алғашқы жылдарда математикалық сауаттылық тапсырмаларының жинағы жеткіліксіз болды;

✓ мектеп бітірушілерді ҰБТ тапсыруға әзірлеу барысында біздің облыстың

математика пәнінің мұғалімдеріне математикалық сауаттылық тапсырмаларын шығаруға арналған әдістемелік қажет болды;

✓ математикалық сауаттылық тапсырмаларын және оларды шешудің тиімді тәсілдері математика пәнінің мұғалімдеріне, оқушыларға арналып, бөлімдерге бөлініп қолдануға ыңғайлы түрде ұсынылды.

3.1. Авторлық бағдарламаның мақсаты

Математика пәнінің мұғалімдері мен мектеп оқушыларына, соның ішінде мектеп бітірушілерге математикалық сауаттылық тапсырмаларын орындауда, тиімді шешу тәсілдерін қолдана отырып, тест есептерін терең

түсініп, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдануда бағыт беру.

3.2. Авторлық бағдарламаның міндеттері

- ✓ математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- ✓ әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;
- ✓ дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- ✓ логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру;
- ✓ салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, жүйелеу қабілеттерін қалыптастыру;
- ✓ есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру,
- ✓ алған білімдері мен біліктерін өмірмен байланыстыру;
- ✓ шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру;
- ✓ математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

4. Авторлық бағдарламаның мазмұнының ерекшелігі, артықшылықтары

Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырудағы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- **білу (еске түсіру):** терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациялау, математикалық объектілерді танып білу.

- **қолдану (байланыстарды орнату):** нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу.

- **ойлау (пайымдау):** объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау;

- **қорытындылау:** әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Авторлық бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарында алынған тақырыптар өзінің мазмұны мен шығару тәсілдеріне сәйкес бөлімдерге бөлінген. Әр бөлімдегі есептерді шығару барысында «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері» I бөлім және II бөлімнен тұратын әдістемелік жинақтарды қолдана отырып, жинақтарда шығару жолдарымен берілген есептермен танысып, содан соң берілген тапсырмаларды орындайды.

Біртұтас кешен:

I. «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері» тақырыбындағы элективті курс жоспары;

II. «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері» I бөлім әдістемелік жинағы;

III. «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері» II бөлім әдістемелік жинағы.

Оқушылардың бойында есептерді шығаруда біртұтас түсінік, білім қалыптастыру мақсатында жұмыстар жасау үшін, сонымен қатар әр бөлімді аяқтаған соң сол бөлімді оқыту барысындағы оқушының игеру деңгейін анықтап және күтілетін нәтижелерді тексеру үшін 10 тапсырмадан тұратын тест жұмысы берілген.

Оқу – тақырыптық жоспардағы практикум сабақтарында ойын, саяхат, конкурс, және конференциялар түріндегі сабақтар өткізіледі.

Аталған сабақтарда қажеттілікке қарай интербелсенді тақтаны, электронды оқулықтарды қолдану жоспарланған.



5. Авторлық бағдарлама қолданылу мерзімі

Батыс Қазақстан білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды. Хаттама №3, 07.09.2018 жыл.

Өңделген авторлық бағдарлама, яғни элективті курс Батыс Қазақстан білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына қайтадан таратуға ұсынылған нұсқасы негізінде дайындалды.

Хаттама №211, 07.09.2023 жыл.

6. Авторлық бағдарламаның тиімділігі

1) авторлық бағдарламаны біздің облыс мектептері және аудандағы мектептер, сонымен қатар батыс өңіріндегі кейбір облыстардың мектептері қолданып, жақсы пікірлер жолдады;

2) бірыңғай ұлттық тест тапсыруға әзірлік барысында мектеп бітірушілердің қызығушылықтарын туғызып, тиімді құрал болды;

3) бірыңғай ұлттық тест тапсыруға мектеп бітірушілерді әзірлеу барысында мұғалімдерге тиімді құрал болды;

4) бірыңғай ұлттық тест тапсыру нәтижесінде математикалық сауаттылық тапсыру нәтижесі елерліктей жоғарылады;

5) авторлық бағдарламаны қолданып, облыстың математика пәні мұғалімдері үшін «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері» тақырыбында баяндамалар оқылып, семинарлар оздырылды.

7.1. «Математикалық сауаттылық тапсырмалары және оларды шешудің тиімді тәсілдері» тақырыбындағы авторлық бағдарламаны қолдануға қатысты кеңестер

- ✓ күнтізбелік-тақырыптық жоспарда алынған тақырыптар өзінің мазмұны мен шығару тәсілдеріне сәйкес бөлімдерге бөлінген, бөлім басында аталған тапсырмаларға қатысты мысалдардың тиімді шығару жолдары қосымша I,II оқулықтарда көрсетілген, оқушы сол мысалдарды шығарып, тәсілді үйреніп алады, содан соң берілген тапсырмаларды орындайды;
- ✓ мұғалім оқушыға қалай қолдану керектігі жөнінде кеңестер берсе болды, оқушы өз бетімен оңай қолданып кетеді;
- ✓ жұмыста практикалық материалдар кең көлемде берілген;
- ✓ жұмыс соңында тест тапсырмалары ұсынылған, оқушы жұмыста берілген барлық мазмұны мен шығару тәсілдеріне сәйкес бөлімдердегі тапсырмаларды орындап болған соң, оған тест орындау қиындық туғызбайды.

7.2. Авторлық бағдарлама жазуға қатысты кеңестер

- ✓ Ең басында авторлық бағдарламаның тақырыбын таңдау;
- ✓ таңдап алған тақырыбыңыз дәл сол кездегі білім берудегі өзекті мәселелер төңірегінде болу керек;
- ✓ алып отырған тақырыбыңыз бойынша жұмысты жасауға байланысты жоспар құрыңыз;
- ✓ тақырып, мақсат, өзектілігі, құрылымы, ұсынып отырған ортаға тиімділігі, нәтижесі қалай болуын болжау;
- ✓ қандай әдебиет, қолданылатын дереккөздер дұрыс таңдалу керек;
- ✓ авторлық бағдарламаны құрастыруға арналған ережеге сүйенгеніңіз дұрыс болады.



Буланов Мұрат Даданбекұлы
ЖШС «INNOVERSE TALDYQORGAN»
жеке меншік мектебінің
математика пәні мұғалімі
«Үздік педагог – 2020»

«АКТ пайдалып оза оқыту» әдісі

Мұғалім - тек сабақ беруші емес, ізденімпаз, жаңашыл, үнемі өз білімін жетілдіріп, сапалы білім берудің жолдарын іздестіріп отыратын тұлға. Сондықтан да мұғалім, ұстаз деген атаққа ие болу үшін өте көп еңбектенуі керек.

Сабағымды қалай қызықты етсем, тақырыпты толық меңгерту үшін қандай әдістерді қолданған тиімді? Үлгерімі төмен немесе сабақтан қалған оқушылармен қалай жеке жұмыс ұйымдастырсам? деген сұрақ әр мұғалімді мазалайтыны сөзсіз. Ендеше осы сұрақтар төңірегіндегі іс-тәжірибеммен бөлісуді жөн көрдім.

1. Туындаған мәселе. Математика қиын да қызықты пән екені мәлім. Бірақ осы қызық пәннің артында «шыжығы» да бар екені ешкімге құпия емес. Себебі, математикадағы әрбір тақырып бір-бірімен тығыз айланысты. Бір тақырыптан белгілі себептермен қалып қалған оқушыға (сабаққа келмей қалған, тақырыпты толық түсінбей қалған т.с.с.) келесі тақырыпты түсіндіру өте қиын. Әсіресе бірнеше күн сабақтан қалып қалған оқушыларға немесе жаңадан келген оқушыларға осы тақырыптарды қайта өтемін, оларға тақырыптарды өтетін болсам қалған оқушылармен не істеймін сынды сұрақтар жоғарыдағы аталған оқыту әдісін пайдалануыма итермеледі, ол өз кезегінде осы әдісті барлық сыныпқа оза оқыту әдісін АКТ-ның мүмкіндіктерін пайдалана отырып қолдануыма әкелді.

2. Шешім, инновациялық процесс: «АКТ пайдалып оза оқыту» әдісін тиімді қолдануды неден бастадым? Ол үшін қандай ақпараттарды пайдаланамын?....

Алдымен YouTube желісінде жеке канал ашып, видеолекциялар жүктедім. Осы видеолекциялар пандемияның басталуымен сәйкес келгендіктен республиканың оқушыларына да көп пайдасын тигізді.

3. Мақсаты: Оқушылардың өз бетімен білім алу дағдысын қалыптастыру.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет болды.

Міндеттер:

1. Тақырыпқа керек ережелерді, формулаларды анықтау;
2. Алдыңғы тақырыппен байланысын түсіну;
3. Қажет лекцияны алдын ала тыңдап келу;
4. Тақырыпқа байланысты мысалдарды талдау;
5. Тақырыпқа байланысты сұрақтар дайындау.

4. Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы. «АКТ пайдалып оза оқыту» әдісінің ерекшелігі АКТ-мен байланыстырып, YouTube каналынын

видеолекцияларын осы әдіске бейімделіп оқытылуында. Яғни YouTube каналына жүктелген сабақтар қысқа, бірақ тақырып толық қамтылған, пайда болуы мүмкін сұрақтарға мүмкіндігінше алдын ала жауап берілген және ең маңыздысы әр тақырып құрғақ лекция түрінде емес, негізгі мәліметтерді, алгоритмдерді, формулаларды мысалдармен түсіндірілген. Видеолекциялар математикалық сауаттылыққа да бағытталған. Осы лекциялар «Математикалық сауаттылық» атты авторлық бағдарлама болып бекітілген.

5. Аталған тәжірибе 2019 жылдан іске асуда.

6. Тиімділігі. Бұл әдіс оқушылар үшін өте тиімді. Біріншіден оқушы видеоны тоқтатып кейбір мысалдарды өзі шығаруға, түсінбеген жерін қайта көруге мүмкіндігі бар. Ал пән мұғалімі кейбір тақырыптарды алдын ала видеосілтемесін жіберіп, алдын ала оқушыларға лекцияны көрсетіп, сыныпта тек талдағанға мүмкіндік болады. Ол біріншіден уақытты үнемдейді, екіншіден оқушы осы тақырыпқа керек формулаларды, есеп шешудің алгоритмдерін, ережелерін алдын ала жаттап келіп сабақта есепті шығаруға мүмкіндіктері болады. Видеолекцияларды үлгерімі төмен оқушылар мен дарынды балаларды оқытуда да қолдануға болады. ҰБТ-ге дайындалушы талапкерлер үшін таптырмас құрал деп ойлаймын. Оған оқушылардың соңғы оқу жылдарындағы ҰБТ-ден алған орташа баллдары дәлел:

2020-2021 оқу жылында орташа балл: математикалық сауаттылық – 14/15, математика -38/45, білім сапасы 100%, үлгерім 100%.

2021-2022 оқу жылында орташа балл: математикалық сауаттылық – 13,7/15; математика -37,5/45, білім сапасы 100%, үлгерім 100%.

2022-2023 оқу жылында орташа балл: математикалық сауаттылық – 12,7/15, математика -35,9/45, білім сапасы 100%, үлгерім 100%.

7. Осы әдісті пайдалауда мұғалім алдын ала видеолекциялардың сілтемелерін ұсынуы керек. Оқушы видеолекцияны толық көріп түсінгенін білу үшін міндетті түрде сыныпта талдаулары керек және берген тақырыптары бойынша сұрақтар дайындау секілді тапсырмалар берілу керек.

Ұсынылған әдіс мұғалімдердің әдістемелік қоржынына қосымша әдіс ретінде көмегін тигізетініне, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, өзіндік жұмыс жасау дағдысының дамуына көмегін тигізетіні сөзсіз.



Темірғали Зарина Ержанқызы
«Қадырғали Қосымұлы Жалайыри
атындағы орта мектеп-гимназия»
КММ, математика пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог – 2021»

Математика сабақтарында STEM оқыту технологиясының 5E циклін пайдалану

Бүгінгі қоғам жаңалыққа құмар, жаңаша ойлайтын, жаңалық ашатын жандарға зәру. Заманауи маман қазіргі болмысына, ахуалына, қызметіне, жетістіктеріне қанағаттанбай, оларды үнемі жақсартуға, кемелдендіруге ұмтылады. Дамудың шегі жоқ...

Дәл осы секілді жаңашыл мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты, жүйелі, шынайы түрде дамытып отырады. Үнемі ізденіс үстінде жүреді. Осындай ізденістерімнің бірі, білім беру жүйесіндегі жаңа технология – STEM. STEM (science, technology, engineering and mathematics) – жаратылыстану, технология, инженерия және математика. STEM оқу пәндерін біріктіру үшін қолданылатын кең термин. Сондай-ақ, бұл термин білім беру үдерісіне көзқарасты білдіреді, оған сәйкес білім алудың негізі ғылыми құбылыстарын қарапайым және қол жетімді білім алуды жеңілдетеді және процестерді терең түсінуге көмектеседі.

*STEM оқытудың **өзектілігі** – жоғарыда аталған пәндерді кешенді оқыту. Білім алушылардың білімінің мықты математикалық және ғылыми негізін қалай отырып, инженерлік және дизайнерлік әдістердің көмегімен сыни ойлау дағдылары қалыптасады, нақты әлемде кездесетін мәселелерді шешуді үйретеді. Сонымен қатар, білім алушылардың математикалық сауаттылығын арттыруға басты назар аударылады. Мәселен, білім алушылардың дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдануға дағдыландыру әдістері қарастырылады.*

*STEM оқытудың **мақсаты** – білім алушылардың алған білімін нақты әлемде практикалық қолдануды іздеу. Математика сабақтарында STEM оқыту технологиясының 5E (engage – еліктіру, қызығушылығын ояту; explore – зерттеу; explain – түсіндіру; elaborate – толықтыру; evaluate – бағалау) циклін пайдалану **міндеттері**:*

- математика сабағында жоғарғы деңгей дағдыларын дамыту;
- білім алушының талдау, жинақтау, интерпретация дағдыларын дамыту;
- проблемалық сұрақтарды шағын жоба жүргізу арқылы жүзеге асыру.

STEM технологиясының *тиімділігі*. STEM арқылы білім алушылардың келесі дағдылары дамиды:

- мәселені шешу;
- шығармашылық;
- сыни талдау;
- ынтымақтастық жұмыс;
- тәуелсіз ойлау;
- бастама;
- байланыс;
- цифрлық сауаттылық.

Математика сабақтарында STEM оқыту технологиясының 5E циклін пайдалану ерекшеліктеріне тоқталып кетсем.

Engage – баланың сабаққа белсенділігін арттыру үшін алдымен оқушының тұрақты танымдық қызығушылығын ояту.

Тапсырма. Отбасына бір сабын бір айға жетеді. Барлық өлшемдері берілген сабынның өлшемдерінен екі есе үлкен болатын сабын отбасына қанша уақытқа жетеді? Жеті рет кір жуғаннан кейін сабынның ұзындығы, ені және биіктігі екі есеге кішірейеді. Сабынды тағы қанша рет кір жууға қолдануға болады? (Әр кір жуғанда сабынның бірдей мөлшері жұмсалады.)

Дескриптор:

- сабынның формасы қандай болғанда есептеу жүргізу тиімді болатынын түсінеді;
- сабынның өлшемдері мен қолдану саны ұзақтығы арасындағы байланысты орнатады;
- сұраққа дұрыс жауап береді.

Explore – зерттеу. Білім алушыларды айналадағы құбылыстарды бақылап, ондағы заңдылықтарды тануға, өздігінен қорытынды жасай білуге үйретуде зерттеу элементін қолдану. Оқушының белсенділігін, қызығушылығын қалыптастырып, оның ойын дамытуға, өздігінен ізденуге бағытталады.

Тапсырма. Қабырғасы 6 см болатын шаршының ауданын табыңыздар. Одан соң қабырғасы 12 см; 2 см болатын шаршының ауданын табыңыздар. Қабырғасы өзгерген кезде шаршының ауданы қалай өзгередіні туралы қорытынды (болжам) жасаңыздар.

Қабырғасы 3 дм болатын текшенің көлемін табыңыздар. Одан соң қабырғасы 6 дм, 1 дм болатын текшенің көлемін табыңыздар. Қабырғасы өзгерген кезде текшенің көлемі қалай өзгередіні туралы қорытынды (болжам) жасаңыздар.

Дескриптор:

- берілген мәндер бойынша шаршының ауданын / текшенің көлемін дұрыс табады;

- шаршының / текшенің сызықтық өлшемі өзгергенде ауданның / көлемнің қалай өзгертіндігі жайлы ойларын тұжырымдайды.

Explain – түсіндіру. Математикалық есептерді шығарғанда теоремаларды оқығанда, табиғат және қоғам құбылыстарының түбірлі себептерін және салдарын түсіндіру.

Тапсырма. Шаршының ауданы қабырғасының квадратына тең болғандықтан сызықтық өлшемі n есе артса / кемісе ауданы n^2 есе артады / кемиді. Текшенің көлемі қабырғасының кубына тең болғандықтан сызықтық өлшемі n есе артса / кемісе көлемі n^3 есе артады / кемиді.

Elaborate – толықтыру. Білім алушылардың жоспарлау, бақылау, проблемаларды шешу және өзінің оқуын бағалауға белсенді қатысуы.

Тапсырма. Асланға қоймадағы текше тәріздес шкафтың өлшемін ауыстырып, басқасын жасау қажет болды. Шкафтың сыйымдылығы қалай өзгерген? Шкафты құрастыруға пайдаланылған материалдың бағасы да ... есе артады деген тұжырым дұрыс па?

Дескриптор:

- берілген мәндер бйынша текшенің көлемін дұрыс табады;
- текшенің сызықтық өлшемі өзгергенде көлемінің қалай өзгертінін біледі.

Evaluate – бағалау. Ойлау дағдыларының жоғары деңгейі.

Тапсырма. Асхат қоймадағы $3 \times 3 \times 3$ өлшемді тәртіппен орналастырылған бір литрлік сүттер қаптамалары салынған қорапты көтере алады. Сындай сүттер қаптамасы $9 \times 9 \times 9$ дана өлшемді қорапты Асхат екі досымен бірлесіп көтере ала ма?

Дескриптор:

- берілген мәндер бойынша кубтың көлемін дұрыс таба алады;
- кубтың сызықтық өлшемді өзгергенде көлемінің қалай өзгертінін біледі.

Математика сабақтарында STEM оқыту технологиясының 5E циклін пайдалану 3 жылдан астам уақыт бойы іске асып келеді. Бұл әдістің тиімділігі сол, білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырып, ойлау дағдыларының жоғары деңгейіне жетіуне жетелейді. Бір жағынан бұл әдіс білім алушылардың формальды, абстрактылы және кеңістіктік ойлау қабылеттерін арттыра түссе, екінші жағынан өз ойларын дәлелді түрде жеткізуге, өздерінің жұмыстарына сыни тұрғадан талдау жасауға мүмкіндік береді. Әдістің тағы бір ұтымды тұсы бұл – білім алушылар математикалық формулаларды жаттаудан кетіп, оны өздері қорытып шығарып, есептер шығаруда тиімді қолданып жатады.



Калмекеева Бакыткул Жетписбаевна
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы
«Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі»КММ,
математика пәні мұғалімі
«Үздік педагог-2022»

«Репетитор» әдісін математика сабағында қолдану

Сабақта мақсатқа жету үшін қолданылатын кез-келген әдістер тиімді бола бермейді. Әсіресе, күрделі тақырыптарды меңгертуде мақсатқа жету үшін қиындықтар туындап жатады. Сондықтан, көп ойланып, күрделі тақырыптарды оқушыларға қалай меңгертсем деген сұрақ туындады. Осыдан «Репетитор» әдісін қолдансам деп шештім. Сабақта қолданылатын әдістер көп болғанымен мен оның тиімдісін қолдануға тырысамын.

«Репетитор» сөзі қосымша немесе жеке дайындау деген ұғымда қалыптасқан. Білім сапасын жақсартуда жеке жұмыстың көмегі көп. Бұл тұрғыдан келгенде репетитор қоғамға пайдалы деуге болады. «Репетитор» әдісіне тоқталсам, бұл әдіс күрделі тақырыптарды оқытуда мақсатқа жету үшін, жоғарғы сынып оқушыларының қатысуымен жүзеге асырылады. Бұл әдіс білім алып жатқан оқушыларға да, репетитор оқушыларға да пайдалы. Мен сабақ беретен математика сабағындағы басты мақсатым – оқушылардың өтілген тақырып бойынша оқу мақсатына жете алатындай дәрежеге жеткізу. Мұндай жетістіктерге жету үшін әрбір мұғалім өз пәнінің хас маманы ғана емес, оқушылардың сол пәнге деген қызығушылығын арттырушы шебер ұстаз бола білу керек. Өзінің әр сабағын түрлендіріп, оқушылардың ынта-назарларын осы пәнге аударта білу керек. Педагогтер көп іздену арқылы өзіне тәжірибе жинақтайды. Технологиялар мен әдістердің көптеген түрлерін білгенімен, оның тек тиімдісін ғана сабақта қолданады. Ал, кез-келген тиімді әдіс сабақты нәтижеге жеткізеді. Мен әріптестеріммен осы әдісіммен бөліскім келеді.

Олай болса, танысыңыздар:

Case Study: Математика сабағында күрделі есептерді қалай шығаратынын түсіну үшін «Репетитор» әдісін қолдану.

1.Туындаған мәселе:

Күнделікті сабақта күрделі тақырыптарды өтуде, сыныпта оқушылардың санының көп болуына байланысты интернет ресурстар мен басқа да әдістерді қолданғанның өзінде тақырыптардың күрделілігінен оқу мақсаттарына жете алмай жаттық. Сондықтан, бұл мәселені шешу үшін «Репетитор» әдісін қолданамын деп шештім.

2. Шешім, «репетитор» әдісі

Қалай?

Мен, оқушыларды осы әдіспен таныстыру үшін, оның күрделі есептерді шығаруда тиімділігін және тақырыптарды меңгеруде көп көмегі болатындығын түсіндіріп, қолдануға тоқталдық.

Бұл не?

Алдымен, «Репетитор» әдісін қолдануда репетитор болатын жоғары сынып оқушылары анықталады. Оларға нақты міндеттері түсіндіріледі. Олар оқушылармен нақты критерий бойынша жұмыс жасау үшін түсініктер беріп, мысалдар көрсеттім.

Мақсаты: Оқушылардың күрделі тақырыптар бойынша білім деңгейін жоғарылату.

Міндеті:

- «Репетитор» әдісі арқылы оқушыларға, жоғарғы сынып оқушыларының және мұғалімнің көмегімен білімді меңгерту;
- Сабақта оқушылардың білімін қадағалау арқылы қажет көмекті уақытылы беру;
- Әр балаға, білім алуға мүмкіншілік жасау;
- Топпен және жеке жұмыста бір-бірімен ынтымақтастықта болу, тығыз қарым-қатынаста болу.

Практикалық маңыздылығы: бұл әдісті қолдану арқылы оқушылардың білім сапасы артады, көп білуге ұмтылады, күрделі тапсырмаларды орындай алады, білімге деген сенімділігі артады.

Өзектілігі: Бұл әдісті қолдану нақты білім сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар мақсатқа жетуде көмегін тигізеді. Оқушылардың білімін арттыруға бағытталған әдіс.

Жаңашылдығы: Оқушылардың өздері төменгі сынып оқушыларына түсіндіре отырып, білімге деген құштарлығы артады және берілген білім де нәтижелі болады.

Ғылымилығы: жалпы «репетитор» бұл бұрыннан қоланылып келе жатқан ұғым, бірақ ол тек жеке оқушыларға және мектептен тыс білім орындарында пайдаланылуы, соны мектепке енгізу, білім сапасын арттыруға деген ұмтылыс.

Бұл «Репетитор» әдісінің **ерекшелігі** төменгі сынып оқушылары мен жоғары сынып оқушыларының байланысы, яғни жоғары сынып оқушылары келіп, төменгі сынып оқушыларының күрделі тақырыптар бойынша математикадан түсінбеген, игере алмай жатқан мәселелері бойынша түсіндіріп, олардың қай тұста меңгере алмай жатқанын бақылап, сол бойынша түсіндіріп береді. Сонымен қатар, үйреткендерін қайта тапсырмалар беру арқылы қаншалықты меңгергенін қадағалайды. Осы әдіс барлық оқушыларға да ұнады, себебі оқушылар бір-біріне үйреткенде тез қабылдайтынын және үйрету арқылы репетитор оқушының өзінің де есінде жақсы сақталатынын аңғарады. Осыған дейінгі қолданып жүрген әдістерде тек мұғалім ғана қадағалайды, осыдан сыныптағы оқушылардың санының көптігіне байланысты барлық оқушыны қадағалауға мүмкін болмады. Ал мұнда репетитор оқушылар топтағы әр оқушыны қадағалап, олардың орындаған тапсырмаларын қадағалайды.

Осыған дейін қолданған әдістерден **айырмашылығы** барлық оқушылар сабаққа қатысып, жаңа білімді меңгеруге үлкен мүмкіншілік туады. Оқыту мен оқудағы тиімді әдіс деп алуға болады.

Бұл тәжірибені екі жылдан бері қолданып келемін. Оқушыларды таңдап алуда сол тақырыптар бойынша білімді жақсы меңгерген оқушыларды таңдап алған жөн. Білімді меңгертуде ең негізгі мақсат білім сапасының нәтижелі болуын ұмытпаған жөн. Бұл әдісте оқушылар білімді еркін мегеріп, сабақта тығыз қарым-қатынаста болады. Бұл тәжірибемді бірнеше сыныптарда бақылап көріп, нәтижелі болғасын ғана өз іс-тәжірибеме енгіздім. Осы әдісті зерттеуде ең алдымен қолданған 7 А лицей сыныбымның математикадан білім сапасы 76%-дан 81%-ға дейін жоғарылады деуге болады. Сондықтан, бұл әдісті бірнеше сыныптарда қолдана бастадым.

Тиімділігі:

Мен сабақта «Репетитор» әдісін енгізу арқылы оқушылардың сәл де болса білім сапасының ілгерілеуін байқадым, оқушыларда өздеріне деген сенімділік артты, сыныптардың арасында бір-біріне деген қамқор, көмек беру қасиеттері және репетитор болатын оқушылардың бойында жауапкершілік сенімі пайда бола бастады. Ең негізгісі, сабақтың мақсатына жетуге, есептерді шығаруда сапалы білім алуға жетелейді.

Сонымен қатар, бұл әдісті қолдануда мынадай мәселелерге көңіл аударған жөн:

- Күнделікті сабақта қолдануға мүмкіншілік бола бермейді, себебі репетитор оқушыларды үнемі шақыру мүмкін емес, өйткені олардың өз сабақтары да болғандықтан...тек өте күрделі тақырыптарды меңгертуде ғана пайдаланған жөн.

- Бұл әдісті әсіресе, топпен жұмыс жасау кезінде пайдаланса өте ұтымды болады. Бұл әдіс менің әріптестеріме де ұнады, себебі барлық пән бойынша ең негізгі мәселе білім сапасының нәтижелілігі болғандықтан.

- Сонымен қатар бұл әдісті қолдану үшін мектеп әкімшілігімен де бірлесіп шешу қажет болады, өйткені репетитор болатын оқушылардың сабағына кедергі болмау керек. Кейін де осы оқушылар жоғары сыныптарға барғанда төменгі сыныптарға не үйрету керек және қалай оқыту керек деген сұрақтарға жауап алады.

Тиімділігі өте жоғары болғандықтан барлық пән мұғалімдеріне және әріптестеріме келешекте қолдануды ұсынамын, дегенмен мұғалімдер әр түрлі жағдайда жұмыс жасайтынын ескерсек, тиімділік деген сөзге аса мән берген жөн.



Жилгельдин Сабыржан Жексенгалиевич
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық
дарынды балаларға арналған
мамандандырылған лицей-интернатының
физика пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог -2023»

Физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

Туындаған мәселе

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен үйден, отбасынан басталады. Өйткені ата-аналардың балаларын оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің бірі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы, екіншіден, мектепте жалғасады. Ал оны жүзеге асыру үшін функционалдық сауаттылық алдымен мұғалімінің өз бойында болуы тиіс. Мұғалім сабақты түсіндіріп, өмірмен практикамен байланыстырып өтуі арқылы, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне, дағдыларына және сауаттылықтарына сүйене отырып оқу пәндері арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асырады.

Шешім, инновациялық процесс:

Қалай:

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Материалды механикалық түрде жаттау – білім алу мен шығармашылық ойлауға зиянын тигізеді. Сол себепті ОЖСБ-да, әсіресе ҰБТ-да жағдаяттық тапсырмаларды шығара алмай, өз білімдерін дәлелдей алмай төмен нәтижелер көрсетіп жатады.

Ойын еркін айтатын, сыни тұрғысынан ойлануға бейім, интеллект қабілеті дамыған, қоғамдық өмірде өз орнын табатын, қазіргі заманғы бәсекелестікке сай жеке тұлғаны қалыптастыру мектеп мұғалімдері үшін жауапты іс.

Бұрыңғының «Аюға намаз үйреткен таяқ» деген мәтелі қазіргі заманға жарамайды. Қазақта «сүйреп қосқан тазы аң алмайды» деген нақыл сөз бар.

Оқушының пәнге деген ықыласының оянуының бірнеше себептері бар

Мен соның ішінде екеуін бөле жара айтқым келеді біріншісі – қызығушылығын туғызу, екіншісі – қажеттілігін сезіну. Төменгі сыныптарда бірінші себеп басым келсе, жоғары сыныптарда екіншісі маңыздырақ сияқты. Ал осы себептерге мотивация жасау мұғалімнің қолында. Оқушы мұғалімнің әр сабағынан ерекше жаңалықтар күтетіндей сабақ өткізу-мұғалімнің нағыз шеберлігі. Мұғалімге қызықпай пәнге қызықпайды. Ұлы Абайдың қара

сөздерінің (отыз бірінші) бірінде ғылымды меңгерудің, қабылдаудың алғышарттары айтылған.

Оқу кезінде айтылған нәрсені ұмытпастықтың төрт түрлі себебін айтқан. Соның бірі-ой кеселді нәрселерден қашық болу керек деген.

Ойды бөлетін осы заманғы кеселді нәрселерден аулақ қылу, яғни үйретіп жатқан сабағын олардан да қызықтырақ өткізу ол да мұғалімнің хас шеберлігін қажет етеді.

Ғылымилығы:

Адамзат сыртқы ортадан келетін информацияның 70-80%-ын көру арқылы алады. Сондықтан физикалық құбылыстарды түсіндіруде визуализациялау әдісін сабақтарда жиі қолданамын. Визуальды көріністерді видеооликтер мен анимациялық мультфильмдер арқылы беру оқушы назарын бірден аударады және құбылысты тереңірек білуге көмектеседі.

Сондай ақ эксперименттерді өз қолдарымен жасау да оқушының білуге десек құштарлығын арттырады, ізденушілік қабілетін дамытады.

Сонымен қатар цифрлық оқытуда виртуалды платформалар оқушыларға құбылысты тереңірек түсінуге және пәнге ұызығушылықты арттыруға үлкен мүмкіндік береді.

Беретін нәтижесі:

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті – оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады. Осыған орай физика пәні бойынша оқушылардың функционалдығын арттыру мақсатында YouTube желісінен алынған видеороликтер мен анимациялық мультфильмдер, виртуалды платформалар оқушының күнделікті өмірінде кездесетін құбылыстарды ғылыми түрде түсініп ұғуға, оқушылардың білімдері мен біліктіліктерін арттыруға үлкен көмек береді. Өкінішке орай көптеген сапалы бейнематериалдар орыс тілінде болғандықтан, болашақта оларды қазақ және ағылшын тілдеріне аударып дубляж жасап, жаңа тілдік нұсқада визуальды бейнероликтер мен анимациялық мультфильдер шығаруға болады. Жалпы айтқанда жаратылыстану бағытындағы пәндерді дұрыс жүргізе білудің маңызы зор.



Атамуратова Роза Жолдыбаевна
Мангистауская область, г. Актау
Международная школа
«EtonHouse Kazakhstan»
Учитель математики
«Үздік педагог- 2015»

Сотрудничество и сотворчество педагога и учащихся, как стиль взаимодействия.

Эпиграфом к своей педагогической практике я выбрала слова Роджера Левина: “Мы слишком часто даем детям ответы, которые надо выучить, а не ставим передними проблемы, которые надо решить”.

Основой моей педагогической деятельности я определила – не простое накопление учащимися математических знаний и отработку умений решать задачи, а сотрудничество учителя с учеником. Своей задачей я вижу: через применение новых педагогических технологий, исследовательского метода как частности, научить школьников учиться, повышая их учебную мотивацию. В связи с этим определяются задачи моей педагогической деятельности:

- Обеспечение качества усвоения знаний по математике.
- Содействие развитию познавательной и исследовательской компетентности.
- Организация деятельности учащихся, направленная на самореализацию их личности.

Таким образом, чтобы на уроке шло формирование исследовательских умений и навыков, необходимо, чтобы его структура в той или иной мере соотносилась со структурой продуктивного мыслительного акта. Этапы организации исследовательской деятельности учащихся в методике индуктивного и дедуктивного исследования:

- ✓ мотивация,
- ✓ исследование,
- ✓ обмен информацией,
- ✓ организация и связывание информации или формулировка выводов,
- ✓ применение.

Одним из факторов, которые побудили меня использовать в моей практике проектно-исследовательскую деятельность учащихся на уроках математики и во внеурочной деятельности является то, что есть ученики, у которых не сформирована мотивация к учебной деятельности, либо мотивация к учебной деятельности на низком уровне. Поэтому постоянно нахожусь в поиске технологий, форм и методов, позволяющих повысить интерес учащихся, мотивацию к урокам математики.

Решение данной проблемы я увидела в использовании исследовательского метода на своих уроках.

В ходе решения исследовательских задач у учащихся часто возникают затруднения, поэтому учителю следует задавать наталкивающие вопросы. Уметь задавать вопросы – одно из важнейших умений учителя, так как умело заданный вопрос обеспечивает правильный и конкретный ответ учащихся. Проведение нетрадиционных уроков, предполагающих выполнение учениками учебного исследования, можно использовать при изучении таких тем: «Теорема Пифагора», «Сумма углов треугольника», «Взаимное расположение двух окружностей», «Признаки параллельности прямых», «Площадь многоугольников», «Свойства квадратного корня» и других.

Кроме уроков-исследований, целесообразно проводить также мини-исследования. В них присутствуют лишь некоторые исследовательские элементы. Выполнение задания занимает несколько минут. Вот пример совсем небольшого проблемного вопроса: «Почему треугольник назван «треугольником»? Можно ли дать ему другое название, также связанное с его свойствами.

1. Урок геометрии в 7 классе. Тема: «Неравенство треугольника»

Учащимся предлагается построить треугольник, используя макеты сторон.

а) 7, 12, 9; б) 7, 14, 7; в) 5, 16, 7.

Возникает вопрос: в каком случае три отрезка могут служить сторонами треугольника, а в каком нет? Учащиеся выдвигают гипотезы и приходят к выводу, что из трех отрезков можно построить треугольник, если каждый из этих трех отрезков меньше суммы двух других (неравенство треугольника).

2. Урок геометрии в 9 классе по теме: «Сложение векторов»

Исследовательская самостоятельная работа учащихся по приобретению новых знаний. (Работа в группах)

На столах тексты с задачами на сложение векторов.

1. Из норки выбежали двенадцать мышек и увидели кусочек сыра в виде прямоугольника, они с разных сторон взялись его нести, удастся ли им принести его в норку?

2. Представьте басню в виде задачи сила тяги лебедя, сила тяги рака, сила тяги щуки и выясните, чему будет равна сумма всех сил, действующих на тело?

Выполняя задания, ученики строят чертеж и представляют результаты работы на доске.

С 2011 года я работаю над внедрением в практику работы технологию системно-деятельностного метода. Одним из этапов урока является «открытие» нового знания. Именно на этом этапе урока в 5-х, 6-х классах организуется исследовательская деятельность учащихся. Дети сами делают первые шаги для того, чтобы понять, что нового их ждет сегодня на уроке. Они сами выходят из проблемной ситуации, с которой раньше не сталкивались. Ребята сначала подбирают, угадывают решение, пробуя различные варианты, а затем пытаются их обосновать. Методом «проб и ошибок» учащиеся приходят к желаемым результатам. Когда ребята сами придумывают задачи, алгоритмы, примеры, то материал данной темы усваивается ими лучше. Я

думаю, что готовность к саморазвитию формируется именно тогда, когда ребенок овладевает способом открытий. А для этого этап «открытия» нового знания нужно организовать так, чтобы помочь детям осознать способ действий, метод, который привел к этому открытию. Уроки математики представляют для этого большие возможности.

В 2018 году мои ученики приняли участие в краудсорсинг-проекте, предложенном учеными из вузов России, которые располагаются в разных городах: Красноярске, Самаре и Ярославле. Краудсорсинг-проект - это проект, который предполагает привлечение интеллектуальных ресурсов тех, кто не является еще специалистом в данной научной области, но имеет огромное желание попробовать свои силы в решении научных задач. Участие в краудсорсинг-проекте по созданию электронной энциклопедии «Замечательные плоские кривые» на платформе «Пишем сами» способствовало повышению познавательного интереса у учащихся, многие из моих учеников продолжили заниматься исследовательской работой и в ВУЗ.

Проектно-исследовательская деятельность учащихся позволило решить поставленные цели обучения:

1. Освоение и систематизация знаний, формирование компетентности в сфере информационно-аналитической деятельности.

2. Развитие алгоритмического мышления и формирование у учащихся операционного стиля мышления, формирование информационной компетентности.

3. Воспитание культуры проектной деятельности, умения работать в коллективе, чувства ответственности за принимаемое решение, коммуникативной компетентности.

Результативность опыта:

Моя исследовательская работа отражается на качестве и количестве исследовательских работ учащихся. С 2011 года я готовлю учащихся к областным, республиканским и международным конкурсам научных проектов.

2011 – 2012 учебный год

1. Тунбай Айдана.

Призер Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом II степени, серебряная медаль. Обладатель гранта университета имени Сулеймана Демиреля.

2012 -2013 учебный год

1. Кемельбекова Сандугаш -призер Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом II степени, серебряная медаль. Обладатель гранта Евразийского университета имени Л.Н.Гумилева.

2. Ыстыбаева Аяужан - призер Международного конкурса научных проектов по механике и математике имени У. Джолдасбекова-1 место. Обладатель гранта Евразийского университета имени Л.Н.Гумилева.

3. Естурлиева Алтынай, Тлекбаев Сарба Лауреаты Республиканского фестиваля «Шаг в будущее» среди Назарбаев Интеллектуальных школ и базовых школ.

4. Узакбай Алшын - 3 место. Областная предметная олимпиада по математике

2014/2015г

1. Естурлиева Алтынай. Призер Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом I степени, золотая медаль.

2. Нурмагамбетова Асель, Эдуардулы Парасат. Республиканский конкурс «Зерде» 3 место

3. Нурмагамбетова Асель, Эдуардулы Парасат- Областной конкурс «Зерде», 1 место

2015/2016г

1. Мухамбетов Казбек, Мудебаев Еркен. Призеры Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом I степени, золотая медаль. **2016/2017**

1. Бермухамедов Азат, Кошер Салтанат. Призеры Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом I степени, золотая медаль

2017/2018г

Призеры Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом I степени, золотая медаль

1. Даулетьяр Бекжан, Нурмагамбетова Асель

2. Аскар Инкар, Сарсембаева Камила

3. Алдан Бекжан, Ондасын Еркебулан Международный конкурс научных проектов имени Джолдасбекова, 2 место

2018/2019г

1. Калдыбек Жансуйген, Асылбек Тогжан. Международный конкурс научных проектов имени Джолдасбекова, 2 место

2019/2020г

1. Бокаева Молдир 2 место

2022/2023г

1. Асанбай Альбина - призер Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом III степени

2. Бакыт Бекасыл - призер Международного конкурса «Математика и проектирование» диплом II степени

2022/23г

1. Аккали Аружан Республиканский конкурс «Зерде» 2 место

2023/2024г

1. Асанбай Альбина, Бакыт Бекасыл - областной конкурс научных проектов 2 место

В целях повышения у обучающихся интереса к изучению математики и развития их творческих способностей в области экспериментальной математики Высшая школа информационных технологий и автоматизированных систем ФГАОУ ВО «Северный (Арктический) федеральный университет имени М.В. Ломоносова» проводил в 2021/22

учебном году VIII Международный Турнир по экспериментальной математике. Приняли участие 6-9 классов.

Победители и призёры на площадке в Республике Казахстан:

г.Актау школа №16 имени С. Мукашева

6 класс

Арманов Алишер - 1 место

Болат Расул - 2 место,

Ермек Нурбек - 2 место

Областная школа-интернат для одаренных детей

6 класс

Аккали Аружан - 3 место

7 класс

Бекмағанбет Көмек - 1 место

Мендиханова Аиша - 2 место

8 класс

Жексенбай Рысбек - 1 место,

Мейрамбайқызы Мадина - 2 место

Бөлекбай Гүлімай - 3 место

9 класс

Бектурган Сабина - 1 место

Мередова Жанель - 2 место

Мугай Зере - 3 место

Заключение: Я согласна с тем, что каждому ребенку дарована от природы склонность к познанию и исследованию окружающего мира. Учитель должен правильно поставить обучение, чтобы совершенствовать эту склонность, способствовать развитию соответствующих умений и навыков. Постоянно находиться в поиске новых инновационных методов, самосовершенствоваться.

Исследовательская деятельность будет только тогда полезной и нужной, когда педагог видит перспективу в своем совершенствовании



Сулейменова Карлыгаш Амангелдиевна
Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
Ф.Оңғарсынова атындағы №29 ЖББМ
Физика пәні мұғалімі
«Үздік педагог-2020»

Физика білімі күнделікті өмірде

Физика іргелі ғылым ретінде нақты әлемде қолдану аясы кең және менің бұл зерттеуімнің мақсаты физика ұғымдарын меңгеруге және оларды практикалық жағдайларда қолдануға көмектесетін стратегияларды әзірлеу болып табылады.

Жұмыста тәжірибелік есептерді пайдалануды, жобалық жұмысты, интерактивті эксперименттер мен қолданбаларды, басқа пәндермен және технологиялармен интеграцияны қамтитын оқытудың әртүрлі тәсілдерін зерттедім.

Зерттеу оқушылардың қызығушылығын оятатын және білім беру концепциялары мен нақты өмірлік жағдайлар арасындағы байланысты түсінуге көмектесетін жолдар мен әдістерді анықтау арқылы физика білімін практикалық қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Ұсынылған әдістер сыни тұрғыдан ойлауды, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты және бізді қоршаған әлемді түсінудің негізгі элементі ретінде физиканы одан әрі зерттеуге ынталандыруды дамытуға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері физиканың теориялық аспектілерін меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оның принциптерін күнделікті өмірде сәтті қолдану үшін қажетті практикалық дағдыларды дамытуға ықпал ететін міндеттерге тоқталып өтейін.

Нақты әлем қолданбалары: Физика біз күнделікті қолданатын көптеген технологиялар мен инновациялардың негізі болып табылады. Физикалық заңдарды түсіну құрылғылар мен технологиялардың қалай жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды түсіндіреді.

Дағдыны дамыту: Физика ұғымдарын қолдануды үйрену сыни тұрғыдан ойлауды, логиканы, математикалық дағдыларды және білімді практикада қолдана білуді қажет етеді. Бұл дағдылар өмірдің көптеген салаларында, соның ішінде ғылыми және техникалық кәсіптерде пайдалы.

Физиканы үйренуге деген мотивация: Оқушыларға физиканың нақты қолданбалы мүмкіндіктерін көрсету оларды ғылымды үйренуге қызықтыруы мүмкін. Олар физиканы оқуға күшті мотивация бола алатын оқудың құндылығы мен практикалық пайдасын көреді.

Күнделікті өмірге интеграция: Физика білімі оқушыларға қоршаған әлемді жақсы түсінуге, шешімдер қабылдауға және күнделікті мәселелерді шешу үшін ғылыми принциптерді қолдануға көмектеседі.

Болашақ сынақтарға дайындық: Технологиялар мен ғылыми жаңалықтар басты рөл атқаратын қазіргі әлемде физиканы түсіну оқушыларды болашақ кәсіби және жеке өміріне дайындаудың ажырамас бөлігіне айналады.

Сонымен, физиканы оқушылардың күнделікті өмірінде қолдануды оқытудың әдістері мен тәсілдері олардың білім алуы мен болашақта дамуы үшін өзекті және маңызды болып қала береді.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданып жүрген өз тәжірибелеріме тоқталып өтейін:

Нақты оқиғалар мен мысалдар: физиканың әртүрлі кәсіптер мен салаларда қалай қолданылатыны туралы нақты оқиғалармен бөлісу. Бұл атақты ғалымдардың, инженерлердің немесе тіпті физика білімін күнделікті жағдайларда қолданатын қарапайым адамдардың өмірінен алынған оқиғалар болуы мүмкін.

Интерактивті далалық саяхаттар мен іс-шаралар: оқушылар физиканың практикалық қолдануларын көріп, біле алатын мұражайларға, зертханаларға немесе заводтарға баруды ұйымдастыру. Сондай-ақ физика саласында жұмыс істейтін мамандардан шеберлік сабақтары мен дәрістер өткізу.

Интерактивті ойындар мен әрекеттер: Оқушыларға физика ұғымдарын қолдануға көмектесетін ойынға негізделген әрекеттерді жасау. Бұл рөлдік ойындар болуы мүмкін, онда олар физикаға негізделген жаңа технологияларды әзірлейтін ғалым немесе инженер рөлін алады.

Өз жобаларын құру: Оқушыларға физиканы қолдануды қамтитын өз жобаларын әзірлеуге мүмкіндік беру. Бұл инженерия, робототехника, физикалық модельдер жасау немесе тіпті жаңа құрылғыларды ойлап табу тапсырмасын беріп, «Идеялар генераторы» атты стартап жасау. Бұл оқушылардың өз бетінше ізденуіне қолдау көрсету болып табылады. Оқушыларды өз бетінше ақпарат іздеуге, эксперименттер жүргізуге және қорытынды жасауға ынталандыру. Бұл олардың физиканы өмірдің әртүрлі салаларында өз бетінше қолдану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Технологияларды біріктіру: Оқушыларды қызықтыра алатын және оқуды қызықты ете алатын әртүрлі сценарийлерде физиканы қолдануды көрсету үшін виртуалды шындық немесе 3D модельдеу сияқты заманауи технологияларды пайдалану. Ақпараттық білімді тез қабылдайтын жас жеткіншекке қиялына ерік беріп, бейнероликтер дайындату, олардың шығармашылығын одан әрі дамытады.

Бұл әдістер менің тәжірибемде оқушыларға теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар физиканың нақты әлемде практикалық қолдануларын көруге көмектесті, бұл олардың оқуына үлкен мотивация бола алды, функционалды сауаттылығы артып, олар түрлі ғылыми жобаларда өз жұмыстарын презентациялай алып, жүлделі орындарға ие болды.



Дурмекбаева Жанар Нурлыбековна
Абай облысы, Семей қаласы
Шәкәрім атындағы көпбейінді
№5 гимназия, математика пәні мұғалімі
«Үздік педагог-2021»

Lesson Study тәсілі- біздің тәжірибемізде

«Ең оңайы - еліктеу, Ең ащысы - тәжірибе, Ең мәртебелісі – ойлау»
Конфуций

Бүгінгі мұғалімнің жетістігін оқушыларға өзінің берген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймайды, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа белгісіз жағдайда әрекет етуіне, олардың өз бетіндік әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау мен тиімді пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай жасағандығымен бағалайды. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Lesson Study- мұғалім тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл.

Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Рефлексия-Lesson Study-дің құрамдас бөлшектерінің бірі, яғни нәтижелі білім алудың бастауы.

Lesson Study тәсілі - мұғалімдерді оқыту мен олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсіл болып табылады және де іс-әрекеттегі зерттеу сияқты бірқатар циклдерді қамтиды. Lesson Study-де ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады, бұл үдеріс барысында ынтымақтастықтағы мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында бір топ мұғалім бірлесіп оқушылардың оқу үдерісін зерделейді.

Мақсаты: Оқыту үдерісіндегі тәжірибені жақсартуды және жетілдіруді зерттеу.

Зерттеу сабағының тиімділігі:

- Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.
- Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.
- Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.
- Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.

- Мұғалімдердің кәсіби педагогикалық білімін дамытады.
- Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.

- Оқушының оқуы жақсарады
- Функционалдық сауаттылығы дамиды.

Зерттеудің міндеттері: педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың теориялық әдіснамалық негіздерін айқындау; педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігіне көз жеткізу.

Зерттеудің өзектілігі: педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытуда lesson study әдістемесін пайдалану, оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді

Бірнеше жыл мектебімізде көшбасшылық үрдіс қарқынды дамуда. Мектебімізде құрылған «**Табыс**» мұғалімдердің деңгейлік бағдарламадан өткен ұстаздардың кәсіби қоғамдастығы бірнеше шағын білім алушылардың қоғамдастығынан тұрады. Солардың бірі біздің топ «**СӘТ**». Сыншы Әріптестердің Тобы. БКҚ - білім алушылардың кәсіби қоғамдастығы: «СӘТ» Сыншы Әріптестердің Тобына өзім жетекшілік етемін және құрамы 13 мұғалімнен тұрады.

Алдымен алынған анкета және сауалнамалар арқылы қажеттіліктер анықталды, ал осы анықталған қажеттіліктерді шешу мақсатында жоспар құрастырылды. Дұрыс жоспар құру және оны жүзеге асыруда сыни тұрғыдан әрекеттер жүргізу басты мәселе болып табылады.

Жоспар:

1. БКҚ білім алушылардың кәсіби қоғамдастығын құру
2. Басымдықты айқындау
3. Зерттеу нысанын анықтау
4. Кедергілерді анықтау және шығу жолдарын анықтау (кері байланыс)
5. Сәтті және сәтсіз тұстарын сараптау
6. Сыни талдау
7. Болашаққа қадам

Жоғарыдағы басымдықты ұстана отырып төмендегідей әрекеттер жасалынды.

Әрекеттер:

1. Сауалнама, 58 оқушы, 49 ата -ана
2. Оқу әдістемелік семинар -1 (18 мұғалім)
3. Коучинг –2 (26 мұғалім, 22 ата- ана)
4. Ашық сабақ- 5(53 мұғалім, 142 оқушы)
5. Lesson Study зерттеу сабақтары – 4 (23 мұғалім, 38 оқушы)
6. Іс әрекеттегі зерттеу сабақтары-3 (19 мұғалім, 78 оқушы)
7. Ата –аналар жиналысы -1(9 мұғалім, 43 ата- ана)
8. Сыныптан тыс жұмыс -53 (27 мұғалім, 250 оқушы)
9. БТС Білім тексеру сынағы- (120 оқушы)

Осы жоспарланған әрекеттер маршруттық картада кескінделді. Осы кескіндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін топ ішінен шағын топтар құрылды, яғни топ мүшелерінен бөлінген көшбасшылық бойынша басымдылық негізінде әрқайсысының бақылау, ұйымдастыру, қорытындылау объектілері айқындалды

Зерттеудің алғашқы күндерінде оқу әдістемелік семинарлар, коучингтер өткізіліп, сабақ беретін пән мұғалімдері теориялық біліммен қаруландырылды. Алған теориялық білімдерін практикада қолдану келесі кезеңдерде көрініс тапты.

Осы кескіндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін топ ішінен шағын топтар құрылды, яғни топ мүшелерінен бөлінген көшбасшылық бойынша басымдылық негізінде әрқайсысының бақылау, ұйымдастыру, қорытындылау объектілері айқындалды

Оқушыларға арналған сауалнамалар

Мектеп психологымен бірге зерттеу нысанындағы 8-сынып оқушыларынынан алынған сауалнама нәтижесі

8- сыныптан 58 оқушы қатысты, оның 21-і ұл бала, 37- сі қыз бала. Мұғалімге «тән белгілерде» жақсы мұғалімге тән қасиет деп өз пәнін жақсы көретін, әр сыныпта әр оқушыны атымен атап, сөйлеп тұрғанда тыңдайтын деп көрсеткен. «Сынып туралы» бөлімде сабақтың мазмұны қызықты және оқытудың әдіс-тәсілінің жақсы екенін, ресурстардың қол жетімді екендігі айтылған, «Мұғалім сабақты қалай жүргізеді?» деген бөлімде әділ, әрі қатал және барлық оқушыларға бірдей қарайтындығы, тәртіпті болуға ынталандырып, барлық уақытта бірдей ережеге сүйенеді, «Бағалауда» мұғалім жақсы жұмыс істеуге ынталандырып, сұрақ-жауап және басқа да ауызша бағалау тәсілдерін қолдана отырып жұмыс жасап жатқанда бағалап қалай жұмыс істейтінін көрсетуге мүмкіндік беретіндігі бағаланған.

8 «Ә» сыныбында өткен зерттеу сабақтарына рефлексия

«Сәт» білім алушылардың кәсіби қоғамдастығы физика пәні бойынша 8 «Ә» сыныбында Lesson Study өткізді.

Зерттелетін проблемалық тақырып: «Стратегияларды тиімді қолдану арқылы оқушыларға физикалық терминдерді ағылшын тілінде меңгерту және рефлексия жасау жолдарын арттыру»

Неліктен осы сынып таңдалды? Себебі, бұл сыныпта физика пәні ағылшын тілінде жүргізіледі. Негізгі 3 сағат болса, терминологияға қосымша 4 сағат берілген. Сыныптың білім деңгейі мен сыныптың белсенділігі мен бәсекелестігі, оқу деңгейі орташа.

Мақсаты: оқушылардың кері байланыс физикалық терминдерді ағылшын тілінде меңгертудің тиімді стратегияларын анықтау.

Күтілетін нәтиже: оқушылар кері байланыс жасайды және физикалық терминдерді ағылшын тілінде меңгереді.

Lesson Studyды жүргізетін топ зерттеудің басты мақсаты мен міндеттерін анықтап алғаннан соң әр пән мұғаліміне негізгі нысандарды анықтау міндеттелді. Айталық,

- осы сыныптағы зерттелетін үш оқушыны анықтау;

- Lesson Study бағытында жұмыс істейтін әрбір оқушының деңгейін анықтау;

- Lesson Study-дің аяғында әр оқушыдан қандай нәтиже күтілетіні туралы қысқа да нұсқа жазу.

Lesson Study циклында тізбектелген үш сабақ өткізілді. Жалпы үш сабақ барысында пайдаланылған стратегиялар саны-18. Алғашқы рет пайдаланылған стратегиялар: Аквариум, Фишбоун, 2 рет пайдаланылған стратегиялар: Шағын лекция, Постер, 3 рет пайдаланылған стратегиялар: Күпия хат. Әр сабақтан кейін зерттеуші топ жиналып, өткізілген сабақ бойынша сәтті, сәтсіз және дамыту тұстарын талқылап, келесі сабақты жоспарлап отырды. Зерттеуге алынған А, В, С оқушылары сұхбат барысында сабақта пайдаланылған стратегиялар туралы кері байланыс алынды. Осы сараптамалар арқасында ең тиімді келесі стратегиялар анықталды: ағылшын тілінде физикалық терминдерді меңгеруге- «Кім жылдам», физикалық құбылыстарды күнделікті іс-әрекетпен байланыстыруға- «Постер қорғау», әр топ жаңа тақырып бойынша ақпарат беруде белсенділіктерін арттыруда - «Шағын лекция».

Lesson Study-дің барысында оқушылардың кері байланыс және А, В, С тобындағы оқушылар негізінде сыныптың білім деңгейі мен сыныптың белсенділігінде біраз ілгерлеушілік байқалды.

А деңгей: Көшбасшылық қабілеті артты. Іс- әрекет рефлексиясы негізінде ынтымақтаса білім алуға машықтана бастады, алған білімін нәтижелі істе қолданды.

В деңгей: Білім мазмұнын меңгерту рефлексиясы барысында сыни көзқарас қалыптасты, өз ойын ашық айтуға ұмтылды.

С деңгей: Көңіл күй рефлексиясының тиімділігімен белсенділігі арта бастады, өзіндік пікір қалыптасты, өз пікірін топта тыңдата алды.

Lesson study циклына SWOT талдау :

S-үш сабақ барысында пайдаланылған стратегиялар саны-18. Тиімді пайдаланылған стратегиялар: аквариум, фишбоун, шағын лекция, постер, Т кестесі, күпия хат.

W- уақытты тиімді пайдалану, оқушылардың бағалауға төселмегендігі, тілдік барьер, талантты және дарынды балалармен жұмыс.

O- оқушылардың даму аймағы айқын анықталды, оқушының өсуі байқалды, сабақтың қызықты өтуі оқушы белсенділігі арттырды, әр сабақта эксперименттер көрсетіліп, пәнге қызығушылық артты, сабақтың мақсаты нақты қойылғандығы оқушыға рефлексия жасауға мүмкіндік берді.

T-есте сақтау қабілеттерін арттыруға арналған жаттығулар көбірек болса, теориялық білім практикалық тарсырмалар арқылы ұштастырылса, тілдік барьер жойылса, физика пәнін басқа да пәндермен кіріктірілсе.

8 «А»сыныбында өткен зерттеу сабақтарына рефлексия

Зерттелетін проблемалық тақырып: Рефлексия негізінде Математикалық терминдерді ағылшын тілінде меңгертуде топтық жұмыстың әсерін сезіну.

Іс – әрекетті зерттеу сабақтарында күтілетін нәтиже ретінде «Оқушылардың ағылшын тілінде еркін қарым-қатынас жасауы үшін топтық жұмыстар арқылы тілдік кедергілерді жоюға болама деген сауалдарға жауап іздеуге тырыстық.

Алдымен зерттеуге алған сыныптың оқушыларының білім деңгейлерін сынып жетекшісімен, психологпен сұхбаттаса отырып пікір алмасып, зерттеуге қатысатын оқушыларды анықтап алдық. Оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін болжауға тырыстық. Соған байланысты үш сабақ өткізуді жоспарладық. Жалпы сыныпта 33 бала бар. Ал топта 15 шақты оқушы . Сынып ұжымы тату, бір бірімен қарым қатынасы жақсы. Достықтары араласуы дамыған. Сыныптан шеттеп қалған оқушы жоқ. Әрине орта мерзім жоспар негізінде сабақтарға қысқа мерзімді жоспарлар және 7 модульді ықпалдастыра отырып сабақ құрылымы жасалды. Сабақ кезеңдері түрлендіріліп жоспарланды, мұндағы мақсат сабақ барысында оқушылардың топтық жұмыста белсенділігін арттыру және үш сабақтан алған білімдерін, қаншалықты дәрежеде меңгергенін, критерийлер арқылы рефлексия жасауына мүмкіндік беру болды.

Мұғалім өткізілген әр 3 сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін стратегиялар түрлерін түрлендіріп отырып, тиімді пайдаланды. Мысалы оқушының «Бір сөзбен» әдісінде оқушы өзінің сабақтағы психологиялық ахуалын өте жақсы суреттеген. Сабақтың алғашқы кезеңінде алаңдаушылық, сенімсіздік деген сөздерді таңдаса, одан кейін шабыт, еркіндік, қуаныш деген сөздерді таңдап белгілеген.

Біз іс-әрекетті зерттеу барысында рефлексия жасау үшін деректер жинаудың түрлі әдістерін пайдаландық. Айта кетсем,

А.В.С тобындағы оқушылармен сұхбат жүргізу, бақылау кері байланыс түрлерін қолдану, сауалнамалар алу, суреттер мен видеоларға түсіру. Сонымен бірге пән мұғалімінің сабақ соңынан жасалған рефлексивті есебін ескердік. Дерек жинаудың бұл түрлері біздің зерттеу тақырыбымызға жауап алуымызға, зерттеу жұмысымызды жақсартуына көмегін тигізді десем қате айтпаймын.

А деңгейлі оқушы (өте жақсы) — сыныптастарына қарағанда ерекше білім деңгейі жоғары, ағылшын тілінде сөз саптауы жатық, Бірақ өзімшілдік қасиеті бар. Зерттеуге алған себебіміз – танымдық қабілетін басқа оқушылармен салыстыра отырып, өзінен төмен деңгейдегі оқушыларға үйретуі арқылы топтық жұмысқа баулу, көзқарасын өзгерту болды.

В деңгейлі оқушы (жақсы) — ортада ерекшеленіп көрінбейді, мінез – құлқы бірқалыпты, сабақты сұрасаң ғана жауап береді, өзгелерден ерекшеленетін жеке қабілеті жоқ. Зерттеуге алған себебіміз – оқушының білім деңгейін нығайту, ойын жетілдіру, қарым қатынасқа баулу болды.

С деңгейлі оқушы (орташа) — күнделікті сабаққа дайындығы жақсы, өз ойын толық жеткізуі қалыптаспаған. Тұйық оқушы зерттеуге алған себебіміз – бойындағы құндылықтарды анықтау, білімге деген, пәнге деген қызығушылығын ояту, сабақты үнемі қадағалауға дағдыландыру болды.

Алға қойған мақсатымызға жеттік оған дәлел, зерттелген оқушыларымыздың сабақтардағы алған білімдерін критерийлер арқылы бағалауы оң нәтиже көрсетті, Сабақ барысында жиынтық бағалаулары, сонымен бірге БТС нәтижелерінің өсу динамикасын көріп отырмыз.

Әрине сабақтарымызда кездескен кедергілерді жою үшін сабаққа қатысып, өз кері байланыс жасаған әріптестеріміздің құнды пікірлері, оқушы үні рөлі ерекше болды алдарыңызда сабаққа қатысқан мұғалімдер саны көрсетілген диаграмма 30 шақты мұғалімнің ұсыныстарына көңіл аудардық. Алайда, әріптестеріміздің кері байланыстарында сабақ кезеңдеріндегі сәтті тұстарды ғана келтірген де кедергілер яғни ағылшын тілінде көбірек сөйлеу, оқушы белсенділігін әлі де болса арттыру деген тәрізді , ал оқушылардан сергіту сәттерін өздері ұйымдастырсақ екен деген ұсыныстар түсті. Әрине келесі сабақтарда осы ұсыныстар ескерілді. Ал пән мұғалімінің сабаққа жасаған рефлексивті есебінде алғашқы сабақтарда оқушыларының белсенділігінің төмен болғандығы, уақыт тапшылығы, тілдік кедергілерге байланысты біраз қиналғандығы жайлы айтылса, екінші сабақта осы кедергілерді жою үшін сабақты ағылшын тілінде бастап, оқушылар өздерін сабақта еркін сезінуіне жол ашқаны айтылды. Алғашқы сабақтарда кері байланыстарын қазақ тілінде білдірсе соңғы сабақтарда ағылшын тілінде сабақтың ұнағанын жазған. Сабақтардан кейін алынған оқушылар сауалнамаларында топтық жұмыс сабақта кездесетін кедергілерді жоюда көмегін көбірек тигізеді деп көпшілігі өз ойларын білдірген.

Қорыта келе айтарым, осындай сабақтарды әлі де зерттеп, кедергілерді жою амалдарын көбірек ойластырсақ

Оқушылар үні

- Ашық сабақ барысында өз-өзімді ұстауды, бір –бірімізді тыңдап, көшбасшы болуды үйрендік.
- Бұл күндер мен үшін үлкен мерекеге айналды.
- Иа, бұл күн ең қызықты он күн болды , әрине түсінбеушіліктер де болды, бірақ біз бұған қарамастан алға ұмтылдық. Өйткені қалайда болсын онкүндік бұзылмауы тиіс.
- Смарт минуттар бұған дейін де қызықты болған, бірақ осы күндері одан әрі қызық бола бастады.
- Сайыстарда жеңіске жетуімізге ұйымшылдық пен тәртіптің әсері көп болды.
- Онкүндіктер осылай болып тұрса.
- Өз ойымды ортаға салуды, ережені сақтауды, бір-бірімізді тыңдауды үйрендім .


Кіші педагогикалық кеңесте әрбір өткен іс- шараларға терең талдау жасай отырып SWOT талдау жүргізіліп, әр топ жетекшісімен кері байланыс жасалды. Осы талдау барысында қандай стратегиялар қолданыс тауып, оның қолдану саны мен тиімділігі атап көрсетілді.

«Сәт» тобының жоспары бойынша іс-шаралар толық орындалды. Шығармашылық іс - әрекетке, ізденімпаздық жұмыстарға талдау жасай білуді үйретеді. Жеке іс - әрекетін ұйымдастырып өз бетімен сараптау, жоғары

танымдық қызығушылық негізінде шығармашылық бағыттылығының тұрақталуы іс - әрекеттерді объективті бағалап, кемшіліктерді жоюға, жауапкершілікпен қарауға бейімдейді. Оқыту субъектінің өз іс-әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, оларды білуге, өзіндік дұрыс сезінуге көмектеседі. Өзінің оқу тәсілдерін, таным мен ойлау механизмдерін түсінбейінше оқушылардың қол жеткізген білім нәтижесін толық ұғыну мүмкін емес. Адамның өзінің-өзіне беретін бағасы әрекетке ынталандырады және оның тиімділігін арттырады. соңында сынып оқушыларынан алынған БТС –қа , білім сапасына, пәндер бойынша орта ұпай көрсеткішіне, осы сынып оқушыларының жетістіктеріне салыстырмалы талдау жасалынды.

Атқарылған іс-әрекеттердің тиімділігі қандай болды?

Зерттеуге алынған А,В,С деңгейлі оқушылардың білім сапасы мен сынақ нәтижелері кескінделген



Зерттеу нысанындағы сыныптардың тоқсандық қорытындылары мен білім тексеру сынақ нәтижелерінің салыстырмалы көрсетіші кескінделген

8 «А» I, II және III тоқсан бойынша білім тексеру сынағының қорытындысы

Пән аты	Орта баул	Орта баул	Орта баул
қазақ тілі	13	13	13
орыс тілі	13	17	16
тарих	16	16	14
математика	16	14	13
физика	10	12	11
химия	12	12	14
биология	14	14	16
география	13	16	15
ағылшын	13	13	14

Математика пәні бойынша
 Ең жоғарғы ұпай саны – 20/18/18
 Ең төменгі ұпай саны – 10/8/4
 Орташа ұпай саны – 16/15/13

8 «Ә» I, II және III тоқсан бойынша білім тексеру сынағының қорытындысы

Пән аты	Орта баул	Орта баул	Орта баул
қазақ тілі	15	14	14
орыс тілі	15	17	17
тарих	15	17	16
математика	15	16	15
физика	10	14	13
химия	12	14	15
биология	14	16	16
география	15	16	15
ағылшын	14	13	14

Физика пәні бойынша
 Ең жоғарғы ұпай саны – 14/17/17
 Ең төменгі ұпай саны – 5/4/6
 Орташа ұпай саны – 10/16/13

Зерттеу жұмыстары негізінде жинақталған іс-тәжірибелердің баспа беттерінде жариялануы

1) 2021 жыл «*Коучинг – мұғалімдердің кәсіби білімдерін арттыру тәсілі*» Ашық сабақ журналы №5-6, 8- бет.

2) 2021-«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰҰ педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Іс-әрекеттегі зерттеу және сабақты зерттеу: білім беру ұйымдарында жүзеге асыру тәжірибесі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы;

3) 2020 жыл-«*Сабақтағы зерттеу – біздің тәжірибемізде*» Қазақстанның ақпараттық педагогикалық порталы WWW.UTU.KZ.2021 ж.



Калбагаева Мадина Сейсенбековна

Абай облысы, Семей қаласы

КММ «Дарынды балаларға арналған Ш.Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан» арнайы ерлер мектеп-лицей-интернаты», информатика пәнінің мұғалімі, «Үздік Педагог-2022»

Project Based Learning (PBL) жобаларға негізделген оқыту

Жобаға негізделген оқыту (PBL) туралы естіген шығарсыздар. Бұл білім беру саласындағы қарапайым сөз немесе практикалық жобаларға арналған әмбебап құрал ғана емес. Дұрыс жүзеге асырылған кезде, PBL оқушыларға көбірек білімді сақтауға, қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейтуге және тіпті болашақ үшін мансаптық мүмкіндіктерді анықтауға көмектеседі. Оқытудың бұл түрі-оқушыларды өз біліміне тартудың және оларды нақты әлемде табысқа дайындаудың тамаша тәсілі.

Жобаға негізделген оқыту - бұл оқушыларға сыныпта болсын, не мектептегі нақты мәселелерді шешу үшін теориялық білімді қолдануға мүмкіндік беретін оқыту әдісі. PBL топтарындағы оқушылар нақты тапсырмалар немесе мәселелер бойынша бірлесіп жұмыс жасайтындай етіп ұйымдастырылған. Оқушылар практикалық оқу іс-шараларына қатысуға шақыра отырып, олар өз өмірлеріне тікелей қатысты білім алады және бекітеді.

PBL кез-келген пәндік салада қолданыла алады және кез-келген оқу деңгейіне бейімделе алады. Бұл әртүрлі қабілеттері бар оқушыларды, соның ішінде робототехникамен айналысатын және ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды тартудың әсіресе тиімді жолы.

Өзектілігі, негіздемесі:

Білім беру саласындағы көптеген адамдар біздің қазіргі әлеміміз тұрақты және жобалардың сәтті аяқталуының арқасында дамып келе жатқанын мойындайды. Немесе швейцариялық психолог Жан Пиаже айтқандай, "білім-бұл тәжірибенің салдары". Бұл рас!

Демалыс күндеріндегі үй шаруалары, алдағы презентация немесе каражат жинау шараларын ұйымдастыру — бұл жобалар. Бұл PBL рухы және біз оның жасаушылар қозғалысының өсуі сияқты нәрселерде өсіп келе жатқан танымалдылығының дәлелдерін көреміз. Біз оқушыларды шынайы тәжірибе алуға көмектескенде, біз оларды нақты әлемге дайындаймыз. Таза түрінде PBL оқушыларды кез-келген қиын тапсырманы орындай алатын өзін-өзі қамтамасыз ететін, креативті және сыни тұрғыдан ойлайтын адамдар болуға дайындайды, мәселелерді шешу және ынтымақтастық сияқты өмір бойы қолданатын XXI ғасыр дағдыларын дамытуға көмектеседі.

PBL STEM немесе STEAM оқытуда жиі қолданылады, өйткені біздің күнделікті өмірімізге ғылым, технология, инженерия, өнер және математика негіздері әсер етеді. Көптеген оқушылар үшін "тәжірибеде оқыту" тәсілі қорқынышты немесе күрделі тақырыптарды басқарылатын және "шынайы" ете алады.

Қысқасы, егер біз оқушыларды өмірде сәттілікке дайындағымыз келсе, оларды жобаларға негізделген әлемге дайындауымыз керек. Сондықтан оқушыларға жобаларға негізделген оқытудың артықшылықтары туралы айта отырып, біз әрқашан нақты қолдану мысалдарын қамтуымыз керек. Бұл оқушыларды болашақ проблемаларды құрамдас бөліктерге бөліп, мәселені шешу және шешімді жүзеге асыру үшін мүдделі тараптардың әртүрлі тобын жинап, басқара алады деген ойларды күшейтеді.

Мақсаты

Оқушылар алған білімдерін есте сақтау және түсіну ғана емес, сонымен қатар оны қолдану, талдау, бағалау және құру үшін пайдалану қабілетін дамыту.

Міндеттері

1. Әлемнің ақпараттық бейнесін қалыптастыру
2. Ақпаратты іздеу және өңдеу дағдыларын дамыту;
3. Дербестік пен жауапкершілікті дамыту;
4. Зерттеу дағдыларын дамыту;
5. Шешімдерді талдау және іздеу қабілетін дамыту;
6. Ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамыту.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы

PBL сыни ойлауды ынталандырады, оқушылардың оқуын нақты әлеммен байланыстырады, білімнің ұзақ мерзімді сақталуына ықпал етеді және өмір бойы оқуға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дамытуға көмектеседі. PBL әмбебап тәсіл емес екенін есте ұстаған жөн: осы мақалада

сипатталғандай іс-шаралар сіздің оқушыларыңыз бен оқу жоспарыңыздың қажеттіліктеріне бейімделуі керек.

Жобаға негізделген оқытудың артықшылықтары.

1-бұл байыпты жұмыс істейді

Оқушылар жобаға қатысты үлкен мәселені кезең-кезеңімен шешеді, әр кезеңде көптеген сәтсіздіктер болады. Әрбір сәтсіздік оларға не істегендерін және бәрін түзету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеседі.

2-бұл қызықты

Оқушылар шығармашылықты қажет ететін, күрделі және нақты әлемде бірден сезілетін тапсырмаға тап болған кезде, олардың оған деген ынтасы тез артады. Оларға қызықты нәрсе беріңіз, сонда мотивация өзін көрсетеді.

3-бұл перспективалы

Жобаның жанама өнімі ретінде оқушылар қалай бірлесіп жұмыс істеу керектігін, кедергілерді қалай жеңуге болатынын, қалай жетекшілік ету керектігін, қалай тыңдау керектігін және мағынасы мен мотивациясымен жұмыс істеуді үйренеді. Оқушыларыңыздың болашағы үшін мектептегі жобаларға негізделген оқытудың артықшылықтары оларға жұмысшыларға да, адамдарға да айқын болады.

4-бұл инклюзивті

Қазіргі уақытта PBL әлеуметтік деңгейі төмен оқушылар үшін тамаша теңестіру құралына айналуда. Бұл барлығын бір ойын алаңына қояды және олардан бұғауларды алып тастайды; бұл оларға толық шығармашылық еркіндік береді және озық және онша емес оқушыларға шын мәнінде ынталандыратын жобада бірге жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе неше жылдан бері іске асып келеді?

Project Based Learning (PBL) жобаларға негізделген оқыту әдісін мен 2019-2020 оқу жылынан бастап өзімнің сабақ беру тәжірибемде қарқынды қолданып, осы технологияның қыр-сырын жетік, толық меңгергенімді оқушыларымның жыл сайынғы өтетін ғылыми жобалар сайысынан, «Айбын» әскери патриоттық жастар жиынынан үздіксіз алып келе жатқан халықаралық, республикалық жетістіктерінің және өзімнің республика деңгейінде сәтті өткен сабағымның нәтижесі деп білемін.

Тиімділігі.

Жобаға негізделген оқытудың келесі мысалдарды кез келген сыныпқа және белгілі бір оқу бағдарламасына және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес бейімделуі мүмкін.

Осы мысалдарды зерттей отырып, жоғары сапалы PBL критерийлерінің дәлелдерін қайдан көретініңізге назар аударыңыз.

1. Өз веб-сайтыңызды жасаңыз Жобаның міндеті: мәселенің шешімін әзірлеу. Сатып алушыларға әсер етуге көмектесетін нақты себептермен және тиісті дәлелдермен шешіміңізді жарнамалау үшін веб-сайт жасаңыз.

Wix немесе Squarespace сияқты Веб-сайт құру платформасын пайдаланып, оқушылаға өздері таңдаған өнім немесе қызмет үшін жеке веб-сайт құруды ұсыныңыз. Зерттеу және компьютерлік дағдыларды қолдана отырып, оқушылар өз тақырыптарын зерттейді, мазмұнын сызады, макетін жасайды және өз сайттарын ыңғайлылыққа тексереді.

2. PSA бейне жобасы Жобаның мақсаты: мектепте көргіңіз келетін өзгерістер туралы Әлеуметтік жарнама жасау. Мүдделі тараптармен (сыныптастарымен, мұғалімдерімен, ата-аналарымен, қызметкерлерімен) сұхбаттасу және суреттер немесе гистограммалар арқылы визуалды көріністер жасау арқылы өз пікіріңізді қолдаңыз. Оқушыларды әлеуметтік жарнама стилінде бейнелер жасау үшін топтарда жұмыс істеуге шақырыңыз. Олардан өздерін толғандыратын мәселені таңдап, Прайм-таймдағы теледидардағы жарнамалық үзілістер кезінде, YouTube бейнелерінің алдында немесе әлеуметтік желілердегі мақсатты жарнама ретінде таратылуы мүмкін Ақпараттық немесе сенімді дәлел ойлап табуын сұраңыз. Әр топ өз тақырыбын зерттеуге, сценарий жазуға және бейне түсіруге жауапты болады, әр кезең жеке оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне негізделген Жеке тапсырмаларға бөлінеді. Бұл жоба, әрине, тілдерді үйренуге көптеген мүмкіндіктер туғызады.

3. Ағымдағы оқиғаларға байланысты шаралар қабылдаңыз **Жобаның міндеті:** қанттың бағасының өсуі белгілі бір қауымдастықтардың жаңа өнімдерге қол жетімділігіне қалай әсер етуі мүмкін? Зерттеуді шабыттандыру, әртүрлі мәдениеттер немесе тарих туралы білу және т.б. үшін ағымдағы оқиға мен жоғарыдағы мысалға ұқсас сұрақты пайдаланыңыз, содан кейін бұл туралы бірдеңе жасаңыз-тіпті Министрлерге немесе Қант өндіруші зауыттардың Бас директорына хат жазу сияқты қарапайым болса да. ұсынылған шешім. Оқушыларға жеке ұстаным жасамай-ақ объективті есеп берудің және барлық фактілерді ұсынудың маңыздылығын үйретіңіз; оқушылар анықтамалық материал ретінде пайдалана алатын марапатқа ие журналистердің мысалдарын келтіріңіз. Олардан оқиғаның нақты элементтерін ғана емес, оның кең салдарын да қарастыруды сұраңыз. Бұл оқиға туралы көпшілік оны алаңдату үшін не білуі керек? Оқушылар өз зерттеулерін мақала жазу, презентация жасау үшін пайдалана алады.

4. Модельдік көпірді жобалау және салу Жобаның міндеті: қауіпсіз және берік құрылымды жобалау және салу үшін физика заңдарын қолдану. STEM жобалары-оқушыларды ғылымға, технологияға, инженерияға және математикаға тартудың тамаша тәсілі. Осы типтегі жобаларда студенттер көпір моделін жобалау, салу және сынау үшін физикалық ұғымдар мен математикалық дағдыларды үйренеді және қолданады. Оқушылар жеке және шағын топтарда жұмыс істей алады. Олар көпірлердің әртүрлі түрлерін зерттеп, пайдаланатын материалдарды қарастырып, көпірдің салмағын көтере алатынын білу үшін сынақтан өткізуі керек. Олар өз нәтижелерін сыныпқа

ұсынғаннан кейін, оқушылар материалдар мен құрылымның қай үйлесімі ең жоғары құрылымдық тұтастықты қамтамасыз ететінін анықтау үшін көпірлерін басқалармен салыстыра алады. Жобаның бұл түрі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауға және өз білімдерін нақты жағдайларда қолдануға шақырады.

5. Өзіңіздің подкастыңызды жасаңыз Жобаның міндеті: тек аудио медианы қолдана отырып, қызықты оқиғаны немесе хабарламаны қалай жеткізуге болады? Подкаст құру және шығару — қазіргі технологиялық жобаның тамаша мысалы. Оқушылар өз тақырыптарын зерттей алады, сценарий жасай алады, жаза алады, содан кейін подбин немесе Soundcloud сияқты хостинг платформасында подкаст жариялай алады. Әрбір адам немесе топ өздерінің подкастын бар оқу бөлімімен немесе пәнімен байланыстыра алады немесе сыни зерттеулер мен коммуникативті дағдыларды үйретуге және қолдануға назар аудара отырып, өз таңдауы бойынша тақырып немесе жанр ойлап таба алады.

Тәжірибені басқа педагогтер, мектептер қалай қолдануы керектігі туралы кеңестер

Егер, PBL әдісің дұрыс пайдалана алып, нақты бір жолға қоя алсаңыз, сіз өз сабақтарыңыздың мазмұның жақсартып, оқушылардың білім сапасы көтерілгенің байқайтын боласыз.

Менің білім беру ұйымымда 5-11 сыныптарға дейінгі оқушылар оқығандықтан және осы сыныптарға сабақ берген іс-тәжірибиемнен алар болсам, PBL осы оқушылардың жас ерекшеліктері үшін қолайлы деп нақты айта аламын. Оған сынып пікірталастары, қоғамдық жұмыстар, экскурсиялар және т.б. осы сияқты іс-шаралар да кіреді. PBL жекпе-жегі үшін белгіленген уақыт жоқ, кейбіреулері бір оқу сағатынан аз уақытқа созылады, ал басқалары, мысалы, ұзақ мерзімді ғылыми жобалар, бір жылдан астам немесе одан да көп уақытты алуы мүмкін.

Ең алдымен, PBL модулі дәстүрлі оқытуға қарағанда практикалық және интерактивті болуы керек және мәселелерді шешуге және нақты қолданбаларға (механикалық есте сақтаудан айырмашылығы) назар аударуы керек екенін есте сақтаңыз. Оқыту әдісі тұрғысынан PBL оқушыларға көбірек бағытталған.

Пәнаралық сабақтарды жоспарлау кезінде PBL-ге қатысудың жеті критерийінен бастаңыз-немесе одан да жақсысы, осы критерийлерді бақылау тізімі ретінде қолданыңыз!

Нұсқаулық ретінде келесі қадамдарды қолданыңыз:

1. Сіз қол жеткізгіңіз келетін немесе орындағыңыз келетін оқу нәтижелерін немесе стандарттарын анықтаңыз. Бұл сабақты нақты жоспарлау басталғанға дейін болуы керек.

2. Жеке оқушыларға, олардың мектебіне, қауымдастығына, штатына, еліне немесе әлеміне қатысты нақты мәселелер туралы ойлана отырып, сабақ идеяларын қарастырыңыз.

3. Сіз әзірлеп жатқан жобаларға негізделген сабақтар оқушылардан мақсатты мазмұнды немесе дағдыларды үйренуді және шешімді әзірлеу немесе жобаны аяқтау кезінде осы дағдыларды қолдануды талап етуі керек. Бір пәндік аймақтың мазмұнынан бастаңыз, содан кейін одан да көп пәндік аймақтарды қамту үшін пәнаралық байланыстарды іздеңіз.

4. Енді сіз өзіңіздің бөлімшенізді жоспарлауға кірісе аласыз. Оны жобаның кезеңдеріне бөліп, оқыту немесе оқыту қандай ретпен жүретінін қарастырыңыз. Жобаның кезеңдерін белгілі бір процеске, мысалы, ғылыми әдіске байланыстыру пайдалы болуы мүмкін.

5. Оқушылардың жобаны орындаудағы рөлдерін анықтаңыз. Олар өздігінен немесе топтарда жұмыс істей ме? Әр оқушы жалпы сыныптық жобаның жеке бөлігін орындауға жауапты бола ма, әлде әркім басынан аяғына дейін өз жобасын орындай ма?

6. Сіз және сіздің оқушыларыңыз жобаның қашан аяқталатынын қайдан білесіз? Табыс нені білдіреді? Оқушыларыңыз мақсатты, соның ішінде сабақ барысында қандай дағдыларды игеру керектігін түсінетініне көз жеткізіңіз.

7. Жобаны қалай бағалайтыныңызды шешіңіз. Сіздің бағалау жүйеңіз осы жолда қабылданған барлық қадамдарды ескеруі керек: оқушыларды жоспарлау процесінен бастап жобалар мен соңғы өнімге дейін.

Енді сізде бірнеше қызықты идеялар бар, өзіңіздің PBL модульдеріңізді құруды бастаудың уақыты келді. Жоғарыда келтірілген кеңестерге сүйене отырып, сіз оқушылардың дағдыларын дамытуға көмектесу үшін әр түрлі тақырыптарды қамтитын жобаларға негізделген сәтті сабақ жоспарын құра аласыз. Шығармашылықпен айналысудан қорықпаңыз! Оқушыларыңыз сыныптан тыс уақытта кездесетін нақты мәселелер мен сценарийлер туралы ойланыңыз. PBL блоктарын мемлекеттік стандарттарға немесе қажетті дағдыларға қалай сәйкестендіретінін білу үшін мектептегі немесе облыстағы басқа педагогтерге хабарласыңыз. Басқа мұғалімдер жоба идеяларын талқылауға, сыныпта не жұмыс істейтінін және не істемейтінін білуге және PBL жоспарларыңызды жүзеге асыруға көмектесетін ресурстарды табуға тамаша сұхбаттасушылар болып табылады.



Сағатбекова Жанар Каликановна

Абай облысы білім басқармасы

Семей қаласы бойынша білім бөлімінің

«Ыбырай Алтынсарин атындағы №37

гимназиясы» КММ

«Үздік педагог-2020»

Педагогикалық тәжірибенің атауы: «Графикалық органайзерді»
қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауын жетілдіру

1.Абстракт.Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Lesson Study-де сабақты бірлесе жоспарлап, жұмыстарын талдай отырып, бірге жұмыс істейтін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін жинақталған жұмыстарын жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Біз осы мақсатта өз мектебімізде Lesson Study өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлап, «SMART» атты топ құрдық. Топ зерттеудің басты мақсаты мен міндеттерін анықтау үшін сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

Сауалнама төмендегідей мазмұнда болды:

1. Мұғалімнің сабақ беруі ұнай ма?
2. Мұғалім сенің оқуыңды әділ бағалай ма?
3. Мұғалім сенің оқуына қажетті қолдау көрсете ме?
4. Қалыптастыруша бағалау кезінде өзіңді шынайы бағалайсың ба?
5. Кері байланыс кезінде қиындықтар туындады ма?

Сауалнама қорытындысы:



Оқушы пікірін ескеру арқылы оқушылардан алынған сауалнаманың нәтижесін, пікірін, қалау-сұраныстарын ескере отырып, сабақта оқушылардың

үйрену және қарым-қатынас әрекеттерін бақылау арқылы топ мүшелерінде мынадай ортақ сұрақ туындады: «Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары оқушыларға өзін-өзі шынайы бағалауына септігін қалай тигізеді ме?» Осы сұрақтың аясында оқыту мен оқытудағы кедергілерді шешу үшін топ мүшелері түрлі әдіс-тәсілдерді ұсынып, талдау жасай отырып, Блум таксономиясының барлық кезеңдерін қанағаттандыратын «Графикалық органайзерді» тиімді деп таптық. Бұдан зерттеу тақырыбымыз: ««Графикалық органайзерді» қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауын жетілдіру» болып шықты.

Тәжірибе 2018-2019 оқу жылынан іске асып келеді. Бүгінгі таңда зерттеу жұмысым STEAM жаңа әдістемесімен жалғасуда.

2.Өзектілігі: «графикалық органайзерді» қолдана отырып, оқыту дағдыларын дамытуды кері байланыс алуға бағыттау.

3. Зерттеу мақсаттары:

✓ **Сабақтың әрбір кезеңінде А,В,С оқушылар үшін өзін-өзі дұрыс бағалайтындай тиімді әдісті таңдап алу;**

✓ Оқыту үдерісіндегі өзін-өзі бағалаудың рөлін анықтау;

✓ Оқытудағы ілгерілеуді қадағалау үшін қалыптастырушы бағалаудың тиімді түрлерін таңдау.

Жаңашылдығы: Lesson Study өткізу барысында графикалық органайзердің оқушылардың өзіндік пікір қалыптастыруына; кесте, диаграмма, схема жасауына; өзара көмектесуіне; өзара бағалауына; бірін-бірі қолпаштап, үйретуіне тиімді болып табылады.

Күтілетін нәтиже: оқушылар графикалық органайзерді қолдана отырып, өзіндік бағалауды жүргізе алады.

Тәжірибе құндылығы: 7 «А» сыныбында Lesson Study жоспарланған сабақтар тізбегін жүргізуді жоспарладық. Сыныпта - 26 оқушы. Жалпы сыныптың білім көрсеткіші – 65 -70% құрайды. Топ мүшелері ақылдаса отырып осы сыныптағы зерттелетін үш оқушыны нақтылап, алдыда өткізетін сабақтарымызды жоспар бойынша 8 сабақ өткізу көзделді. Бүгінгі таңда 4 сабақ өткіздік. Бірінші алгебра сабағында таңдалған А,В,С деңгейдегі оқушыларды бақылай отырып сынып оқушыларымен бірге осы оқушыларды дамыту мақсатында графикалық органайзердің «Уақыт тізбегі» әдісін топпен оқулықтан берілген тапсырманы постер арқылы қорғады. Сабақ барысында бақылау жұмыстары жүргізілді.

Сауаланама қорытындысы: Постер жақсы болды, бірақ топтық жұмыс кезінде кейбір оқушыларда қиындықтар туындады. Сауалнама фотосын қою

Талқыланған сұрақтар	Талқылау нәтижесі
Осы сабақта саған не ұнады?	Челледж әдісі, табыс сатысында өзімді анықтау, топта пікірді дәлелдеу ұнады
Не үйрендің?	Өзгенің пікірін тыңдау, сұраққа толық жауап беру, формулаларды

	пысықтадым, жұппен жұмыс, қиын есептерді талдау
Топпен жұмыс ұнады ма?	иә
Сабақта қай кезең ұнады?	Есеп шығару, топқа бөлген кез, «Челледж» тапсырмасын орындау, постер жасау, нұсқамен есеп шығару
Қандай кезде саған түсініксіз, қиын болды?	Топта жұмысқа ілесе алмадым, түсініксіз сұрақтарға жауап ала алмадым, нұсқа бойынша берілген есептерді шығаруда, тақтадан көрінбеді, түсінікті, еш қиналмадым.

Бақылаушылар өз рөлдеріне сәйкес А, В, С оқушыларына жүргізген талдау:

А оқушы		В оқушы		С оқушы	
Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі	Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі	Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі
Топта белсенділігі төмен, бірақ білім бар.	Үй тапсырмасы бар, формуланы біледі, бірақ топта белсенділігі төмен, топпен тапсырма орындауда өз үлесін қосты. Нұсқа бойынша берген 2 есептің біреуін ғана шығарды.	Топта белсенді. Формулаларды біледі. Пікірін білдіреді.	Топпен жұмыс жасауда белсенділігі төмен, есептер шығарды.	Топта белсенді, басшылық қасиеті жоғары, тапсырмаларды шапшаң орындайды.	Топта лидер бола алды. Ортақ есептер шығаруда белсенділік танытты.

1-ші сабақты талдап, оқушылардың сауалнама жауаптарын негізге ала отырып, оқушы үнін ескеру деген асқақ идея екенін ескеріп топтық жұмыста кездескен кемшіліктерді шешу үшін келесі сабақта графикалық органайзерді жұптық жұмыста қолдануды жоспарладық.

2-ші геометрия сабағына графикалық органайзердің «Фрейер кестесін» толтыру қолданылды. Бұл сабақ жұппен жұмысқа арналды.

Бақылаушылар өз рөлдеріне сәйкес А, В, С оқушыларына жүргізген талдау:

А оқушы		В оқушы		С оқушы	
Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі	Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі	Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі
Жұпта белсенділігі	Жұппен жұмыста	Белсенді жауап береді.	Жұппен жұмыс жасауда	Жұпта белсенді, ұйымшылды	Сұрақтарға жауап берді, кесте

гі артады, кестені толтыруда үлес қосады.	кесте толтыру барысында белсенділігі орташа болды. Пікірін дәлелдей алмады.	Пікірін білдіре алады.	белсенділігі артты, кесте толтыруда қиналмады, сұрақтарға жауап берді.	қ қасиеті жоғары, тапсырмаларды шапшаң орындайды.	толтыруда өзінің ой-өрісін көрсете алды.
---	---	------------------------	--	---	--

Бұл сабақтан соң да оқушылардан сауалнама алынды.

Сауалнама төмендегідей мазмұнда болды:

1. Мұғалімнің сабақтың тақырыбын ашуы ұнады ма?
2. Мұғалім сенің сеніміңді ақтады ма?
3. «Фрейер кестесін» толтыруда қиындық болды ма?
4. «Фрейер кестесін» толтыру пайдалы болды деп ойлайсың ба?
5. Жұпта кесте толтыруда қиындық болды ма?

Сауалнама қорытындысы:



Бұл сабақтан кейінгі алаңдататын жайт – ол жұпта қиындықтың кездесуі. Яғни оқушылар бір парақты партада отырып толтырады. Демек, парақтың екі жағында екі оқушы отырады да, бір-бірінің жағындағы сұрақтарға қалаған сұраққа жауап жаза алмаған кездер болды.

Сынып бөлмесі үйренушілердің еркін түрде жұмыс жасауына қолайлы болуы керек. Әдетте оқушылар партаға екеуден отыру, тиімді қарым-қатынас жүргізуіне жәрдемдеспейді, өйткені олар бір-бірімен қоян –қолтық араласып, алда немесе арт жақта отырғанмен әңгімелеседі. Сондықтан келесі, 3-ші зерттеу сабағында бірлесе оқудың бетпе-бет тұрғыдан өзара әрекеттесу түрін, парталарды қоюдың бетпе – бет отырысты таңдадық. Оқушылар бір-біріне бет қаратып отырып, «Ұғымның картасы» графикалық ұйымдастырушы кестесін жұптық форматта бірлесе жұмыс жасай отырып толтырды. Нәтижесінде бір–біріне жәрдемдесіп,демеп, өзара пікір алмасып, бірін-бірі үйрету арқылы өз оқуларын жақсартта түсті. Алайда әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді. Топтық жұмыстар үйренушілерде бірлік, бірегейлік сезімдер қалыптастырып, сол арқылы өздерінің ұжымға тікелей қатысы бар

екендігін аңғартып, бірлескен жұмыстың қызықты әрі тартымды әрекет екендігін көрсетеді. Оқушылар өмірде «МЕН» қағидасынан гөрі «БІЗ» тұжырымының анағұрлым пайдалы екендігін біледі. «Бірлесе көтерген жүк жеңіл» екендігі баршаға аян сондықтан келесі зерттеу сабағында оқушылар бірлескен топтық жұмыс жасап, тапсырманы қызық та тартымды орындады. Тапсырманы топ құрамында орындау үйренушілердің барлығын дерлік белсенділендіреді.

Сабақ соңында оқушылардан «Өзін-өзі және жұбын бағалау» парағы алынды. Мұнда оқушылар соңындағы үш сауалға жауап берді.

Мені қызықтырған мағлұмат...
«Ұғымның картасы» графикалық кестесін қарама-қарсы отырып толтыру,
Бұл туралы мен әлі де көп білгім келеді...
Валенттіліктің қолданысын, қалай шатаспай есептеуге болады
Мен үшін түсіну қиын болған...
Формула құру, топта талданса жақсы болар еді, достарымнан сұрар едім.

Бақылаушылар өз рөлдеріне сәйкес А, В, С оқушыларына жүргізген талдау:

А оқушы		В оқушы		С оқушы	
Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі	Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі	Күтілетін жауап	Бақылау нәтижесі
Жұпта белсенді, кестені толтыруда үлес қосады.	Қарама-қарсы отырып, сасқалақтау болды.	Белсенді жауап береді. Пікірін білдіре алады.	Жұпта белсенді, өз ойын жазды.	Жұпта белсенді, ұйымшылдық қасиеті жоғары, тапсырмаларды шапшаң орындайды.	Сұрақтарға жауап берді, кесте толтыруда өте белсенді.

4-ші алгебра сабағында «Мозайка» графикалық әдістерін қолдандық. Әрбір сабақта оқушыларға топтың бірігіп, жұптың, жеке оқушының еркін жұмыс істеулеріне мүмкіндік берілді. Әрқайсысы өз деңгейлері жеткенше тапсырманы қызығушылықпен орындап, әр сабақта белсене қатысқандарын байқадық. Бақылауда болған оқушылар күтілген нәтижеге сай сабаққа деген ынталары жоғарылап, белгенділіктері артты. Сабақ соңында оқушылармен сұхбаттасқан кезде бақылауға алынған оқушылар сабақты меңгеруге және өз білімдерін көрсетуге осы қолданып жүрген «Графикалық органиайзердің» тиімді болғанын айтты.

Қорытындылай келгенде ««Графикалық органиайзерді» қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауын жетілдіру » тақырыбы бойынша зерттеу әрекетіміз оқушыны төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

– Оқушылар өзін-өзі бағалау арқылы өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін түсінді;

– Оқушылар өзара және өзін-өзі бағалау арқылы өзіндік белсенділігі, оқуға ынталары артты;

- Өзін-өзі және өзара бағалау оқушылардың өзара ынтымақтаса жұмыс жасауына ықпал етті;
- Пәнге деген қызығушылықтары жоғарылады;
- Өздеріне, сыныптастарына деген сенімділіктері артты;
- Өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға қалыптасты;
- Алған дағдылары мен білімдерін бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалауларда қолдана алды.



Хасихан Енгилик

«Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының Балуан Шолақ
атындағы мектеп-лицейі» КММ
математика пәні мұғалімі
«Үздік педагог-2023»

STEAM технологиясының 5Е оқыту моделін математика сабағында тиімді қолдану.

Қазір білім саласының тоқтаусыз дамып, жедел өзгеріп, қарқынды еңбекті талап ететін кезеңіміз. «Заманына сай баласы» демекші, ұстаз да заман талабына сай үнемі ізденіс пен кәсіби дамудың үстінде болуы керек. Қазіргі оқушыларды қызықтыра отырып, алған білімдерін өмірде жарата білуіне жетелеу әр ұстаздың алдында тұған басты міндеті болып табылады.

Күнделікті сабаққа дайындық үстінде ұстаз үнемі оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін, практикалық маңыздылығын және нәтижесін саралай отырып таңдайтыны сөзсіз. Олай болса, мен өз тәжірибемде тиімді қолданып жүрген технология туралы айтпақпын.

Математиканы оқытудың инновациялық әдістері оқушылардың қызығушылығын оятуға, олардың сыни ойлауын дамытуға және математикалық тұжырымдамаларды тиімді қолдануға бағытталған әртүрлі тәсілдерді қамтиды. Соның ішінде, оқушылардың функционалды сауатты болуына мүмкіндік беретін жаңа оқыту технологиялардың бірі - STEAM технологиясы.

STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, and Mathematics) тәсіл неғұрлым жан-жақты және пәнаралық білім беру тәжірибесін жасау үшін ғылым, технология, инженерия, өнер және математика салаларын біріктіреді. Математикада STEAM технологиясын қолдану - математиканы оқуды қызықты әрі практикада әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдануға мүмкіндік беретін жаңа технологиялардың бірі. Осы технологияның менің тәжірибемде қолданып жүрген оқыту моделі «5Е моделі»-не толық тоқталғым келеді.

1. Туындаған мәселе.

Туындаған қиындықтар мен проблемаларды шешу қабілеті стандартты тәсілдермен ғана емес, әртүрлі жағынан шешімге келу мүмкіндігінің байқалмауы, ақпаратпен сапалы жұмыс істеу, ерекше ойлау және идеяларды қалыптастыру мүмкіндігінің төмендігі, топтарда өзара әрекеттесу және жұмыс істеу, ұжымдық ынтымақтастықтың аздығы және өз пікірін жеткілікті дәлелдей отырып жеткізу дағдыларының төмендігі 5E оқыту модулін таңдауға ықпал етті. Егер бұл дағдылар оқушылар бойынша біртіндеп қалыптасатын болса, онда оқушы жаңа өмірде толыққанды өзін басқара алатыны сөзсіз.

2. Шешім, жаңашылдық үдеріс:

Қалай ?

Оқушыларды қызықтыру үшін математика пәнінен тақырыпты немесе тұжырымдаманы алдын-ала түсінумен байланыстыруы керек. Оқушыларға сұрақтар қоюға немесе тәжірибеге сүйенуге кеңес беріледі. Мұғалім тақырыпқа немесе тұжырымдамаға қатысты кез-келген қате түсініктерді түзетпейді, бірақ осы қате түсініктерді қайта қарау туралы жазбалар жасайды. Келісу кезеңінің мақсаты - оқушыларды толқу және тақырыпты немесе тұжырымдаманы зерттеуге даярлау.

5 E моделін қолдану үшін бұл дизайнды екі-үш аптаның бірлігі үшін қолдануы керек екенін білуі керек. Әр кезең бір немесе бірнеше сабақты қамтитындай жоспарлау керек. 5E моделі оқушыларға тәжірибе мен рефлексия арқылы жаңа ақпаратты алдыңғы біліммен байланыстыру үшін сұранысты қолдануға көмектеседі. Мұғалім сұрау, іздеу және бағалауды күнделікті нұсқаулық тәсіліне негіздейтін фасилитатор немесе жетекшіге айналады.

Бұл не?

5E оқыту моделі - ізденіске негізделген оқытудың мысалы, мұнда оқушылар сұрақтар қояды, қандай ақпарат олардың түсінігін арттыратынын шешеді, содан кейін өзін-өзі бағалайды.

5E оқыту моделі - оқытудың конструктивистік моделі. Ол бес кезеңді қамтиды: *әрекеттестік, зерттеу, түсіндіру, кеңейту, және бағалау.*

Оқытудың әр кезеңінде оқушылардың сұранысына қажет идеялар, тұжырымдамалар мен дағдылар егжей-тегжейлі баяндалады. Сонымен қатар, мұғалімдер мен оқушылар үшін күтілетін нәтиже, сондай-ақ оқуды қолдану арқылы көрсету мүмкіндігі бар.

5E моделінің тиімділігі - бұл бағалаудың бірнеше мүмкіндіктерін және дифференциация мүмкіндігін ұсынады.

Оқытудың 5E моделі:

Engage - әрекеттестік кезең.

5E оқыту циклінің осы бірінші кезеңінде мұғалім оқушының алдыңғы білімін бағалайды және қателіктерді анықтайды. Оқушыларға бағытталған бұл кезең алдағы тақырып туралы көбірек білуге деген ұмтылысын оятады.

Explore – зерттеу кезеңі.

Зерттеу кезеңі - практикалық іс-әрекеттер. Оқушылар қолда бар білімді зерттейді, генерациялау үшін жаңа идеялар және алдын ала зерттеу жүргізеді. Оқу циклінің бұл кезеңі зерттеуге негізделген негізгі тәжірибені қамтиды.

Explain – түсіндіру кезеңі.

Оқу моделінің үшінші кезеңі алдыңғы кезеңдегі оқушылардың тәжірибесін басшылыққа ала отырып, мұғалімнің басқаруына бағытталған.

Оқушылар ұғымдар туралы түсініктерін түсіндіреді, ал мұғалім оқушылардың қате түсініктерін түзетеді. Бұл кезеңде мұғалім ресми анықтамалар, ескертулер және сілтемелер бере алады.

Elaborate – толықтыру кезеңі.

Толықтыру кезеңінде оқушылар өздерінің жаңа дағдыларын нығайта отырып, жаңа ұғымдарды түсініп, қолдану ұсынылады. Оқушылар қосымша зерттеулер жүргізе алады, өнімдерді әзірлеп, ақпаратпен бөлісіп және өз білімі мен дағдыларын басқа пәндерде қолдана алады. Оқыту моделінің осы кезеңінде мұғалім ғылымды басқа пәндік салалармен пәнаралық байланыс жасауға мүмкіндік туындайды.

Evaluate – бағалау кезеңі.

Бағалау кезеңі оқушыларға өзінің түсінігі мен қабілеттерін бағалауға ұсыным беріледі және мұғалімдерге білім беру мақсаттарын жүзеге асыруда, оқушылардың жетістікке жетуін бағалау мүмкіндігі ұсынылады. Бұл кезеңде қалыптастырушы және жиынтық бағалау тиімді болады.

Қандай әдіспен жүзеге асырылды.

Мен, өз тәжірибемнен 5E оқыту моделінің критерийлері бойынша оқушыларға дайын мәселелер тұжырымдамасын бермеуді ұсынамын. Оның орнына жұптық және топтық зерттеу барысында үйрете отырып, мәселені өзіндіктерінен қоя білуге үйреткендеріңіз дұрыс. Оқушылардың жылдам түсінуі үшін оларды, аудиалдар, визуалдар және кинестетиктер деп топқа бөлген дұрыс болады.

Аудиалдарға қарама-қайшы ақпараттан тұратын мәтінді, визуалдарға мәселелі жағдайлар мен суреттерді; ал кинестетиктерге жағдайды модельдеуге ұсындым.

Мысалы, Пик формуласы. Тор қағазда төбелері торкөздердің түсінде салынған көпбұрыш сызылған. Тек түйіндердің санын санау арқылы оның ауданын қалай табуға болады?

Өз зерттеулерінің нәтижесін оқушылар ғалымның күнделігі жанры түрінде ұсына алады.

3. Жаңашылдығы:

Бұл оқыту моделінің жаңалығы - оқушының жұмысынан объективті жаңалық қажет емес деп санаймын. Нәтиже субъективті түрде жаңа болуы керек, оқушы білмеген нәрсені ашады. Әрине, жақсы көшбасшы және жақсы тапсырмасы бар мықты оқушы кейде объективті түрде жаңа нәтижеге қол жеткізе алады, бұл өте жақсы. Бірақ бұл мұндай жетістікке жете алмағандардың жұмысын мүлдем төмендетпейді. Зерттеу жұмысының мақсаты - чемпиондық нәтижеге қол жеткізу емес, оқушыға қолжетімді деңгейде математикалық жаңалықтар жасау. Азды-көпті мазмұнды субъективті ашылулар барлығына дерлік қолжетімді.

4. Өзектілігі:

Оқу процесіне деген көзқарасты өзгерту, мұғалімдердің ролін өзгерту, бағалау жүйелері, оқу кеңістігі, қажеттіліктерге бағдарлау және оқушылардың қабілеттері ескеріледі. Нақты өмірмен, тәжірибемен, ғылыммен, қауымдастықтармен тығыз қарым-қатынас орнайды. Жобалық оқытуды белсенді пайдалану арқылы, ғылыми-зерттеу тәсілдер, сұраныс бойынша оқыту, эксперименттер, челленджер, дизайн, ойлау, икемділіктерін жүзеге асырады. Қоғамның, елдің және әлемнің нақты мәселелерін шешуге негіз алады.

5. Ғылымилығы:

5E оқыту моделі - әртүрлі оқыту стратегияларының дәйектілігін қамтамасыз етеді, білім беруде жаратылыстану ғылымдарының мұғалімдері мен оқушылары арасындағы өзара әрекеттесу байланысын қамтамасыз етеді және көмектеседі. Дәстүрлі оқыту модельдерімен салыстырғанда 5E оқыту моделі оқушыларды ғылыми зерттеулер жүргізуге жетеліп, зерттеу қабілеттерін қалыптастырады.

1962 жылы американдық ағартушы Майрон Дж. Аткин мен американдық физик Роберт Карплус «зерттеу», «терминология» және «тұжырымдаманы қолдануды» қамтитын тиімді оқу циклін жасады. Нәтижесінде оқушылар пәндерге қызығушылық танытып, сұрақтар қоя бастады және өз идеяларына сыни көзқараспен қарау керек екенін анықтады. Аткин-Карплус моделі 5E оқу моделінің негізінде жатыр. Оны 1987 жылы американдық BSCS science Learning білім беру және ғылыми-зерттеу институты жасаған.

6. Практикалық маңыздылығы:

Қазіргі білім берудегі оқытудың ең тиімді модельдерінің бірі – бұл конструктивизм. Конструктивистік тәсіл адамдар өз білімдерін басқалардан тікелей алудың орнына өздері құруы керек деп болжайды. Білім саласына конструктивистік көзқарастың әсері өте маңызды. Атап айтар болсам, осы теорияны жаратылыстану біліміне енгізу мақсатында әзірлеген 5E оқыту моделі.

5E оқыту моделі конструктивистік тәсілдің талаптарын толықтай қамтамасыз етеді. Оқушыларға тұжырымдамаларды зерттеуге, осы ұғымдарды түсіндіруге және оларға осы жаңа тұжырымдамаларды қолдануға мүмкіндік береді.

5E оқыту моделі - оқушыларға жаңа ұғымдарды үйренуге немесе белгілі тұжырымдаманы егжей-тегжейлі түсінуге көмектеседі.

Оқушылар жаңа ұғымдарды үйрену кезінде бұрынғы білімдерін қолдануы керек. Өз тәжірибемен 5E оқыту моделіне сәйкес математика пәні сабақтарын қалай құру керек екендігі көрсетіледі. Оқушылардың оқу нәтижелеріне тиімді әсер ету үшін мұндай зерттеулерге негізделген оқу стратегияларын дәйекті түрде жиі қолданған жөн.

Engage - әрекеттестік кезең.

Өткен сабақ бойынша тақырыптарға шолу жасау, оны жаңа тақырыппен байланыстыру тапсырмаларын ұйымдастыру. Тапсырманы орындау

барысында қателіктің кетпеуіне, қате болған жағдай түзеуге басты назар аудару керек.

Explore – зерттеу кезеңі.

Зерттеу кезеңі – сабақтың маңызды кезеңі десек қателеспейміз. Өз тәжірибемде бұл кезеңді жұмыстың үш түрімен жеке, жұппен және топпен жүргіземін. Жеке жұмыста, тақырып бойынша берілген ресурстарды жеке оқып танысады. Жұппен жұмыста, түсінбеген жағдайда көршісімен жұмыс жасап түсінуге болады. Топтық жұмыста, сынып өзара топтарға бөлініп, топтық талдау жүргізіледі. Топтық жұмыстың ерекшелігі - топтағы үш оқушы қарсы топқа елшілікке ауысады. Бұл кезеңде оқушылар арасында қалыптасатын дағды оқушылар өзара еркіндікті сезініп, өз ойын өзге оқушылармен салыстыра отырып пікір алмасу арқылы топтық талқылауға қатысады.

Explain – түсіндіру кезеңі.

Алекс Джонстың «Макроәлем бұрышы» үшбұрыш әдісімен жүргізген тиімді болады. Бұл әдісті математика пәнінде қолдану өте тиімді. Үшбұрыштың ерекшелігі – макроәлем, микроәлем және символдар бұрышын қамтиды.

Макроәлем бұрышында оқушылар жалпы тақырыптың сыртқы көрінісін талдайды.

Микроәлем бұрышында негізгі ұғымдарды қолдана отырып, тақырыптың ішкі мазмұнын ұғынады.

Символдар бұрышында тақырыпты математикалық тілде математикалық өрнектер, формулалармен жазатын болады.

Джонстың үшбұрышын қолдану оқушыларға тақырыпты жүйелі түсінікті түрде түсінуге ықпал етеді, практикалық тұрғыда теорияға жауап іздей отырып Неге? Неліктен? сынды зерттеу сұрақтарына жауап алады. Тақырыпты түсіндіру барысында, термин сөздердің тиімді қолданылуы бұл оқушылардың академиялық ғылыми тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Тақырыптың түйінді термин сөздерін қолдану ерекшеліктері бағаланатын болады.

Elaborate – толықтыру кезеңі.

Бұл кезеңде әртүрлі тапсырмалар жүйесі беріледі. Соның ішінде ең тиімдісі - сараланған тапсырмалар жүйесі. Сараланған тапсырмалар стандартты, орта және жоғары деңгейді қамтиды. Сараланған тапсырмаларды сабақ барысында қолдану оқушылардың ғылыми сауаттылығын дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ оқушылар өзін-өзі бағалау арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергендігін анықтайды.

Evaluate – бағалау кезеңі.

Бұл кезеңде функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар ұсынған дұрыс. Өйткені, сабақ барысында, функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмаларды қолдану тақырыпты өмірде қайда тиімді қолданатынын анықтай алады. Сабақ соңында сабақтың 5 кезеңі бойынша тапсырмаларды толық орындаған көшбасшы оқушы анықталып, жұмысы өзге

сыныптастарына көрсетіледі. Қалған оқушылар, өздері орындаған жұмысын өзі тексере отырып, өзін-өзі бағалайды.

Сабақ соңында оқушылармен кері байланысты назардан тыс қалдырмау керек. Мен өз тәжірибемде оқыту моделінің 5 кезеңі бойынша сауалнама ұсынамын. Бұл жағдайда жасалған кері байланыс оқушылардың сыни ойлау, өз ойын ашық айту дағдыларын қалыптастырады.



Байганат Ризагул

Ақмола облысы білім басқармасының
Қосшы қаласы білім бөлімі бойынша
«Қосшы ІТ мектеп-лицейі» КММ,
математика пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог-2022»

Математиканы оқытудың және білім алушыларды креативті ойлауға баулудың тиімді жолдары

Күнделікті тұрмыста практикалық мазмұнды есептерді шешуді көп кездестіреміз. Есеп шығара білу - әр адамның математикалық, логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілетінің даму көрсеткіші. Мазмұнды есептер бастауыш сынып математикасынан бастап барлық орта мектеп математика курсына кездеседі. Бірақ берілген тақырыпта оларды өз дәрежесінде меңгеру мүмкін бола бермейді. Мазмұнды есептер өте алуан түрлі болып келеді, кейде есеп мазмұнын түсіну қиынға түседі.

Туындаған мәселе:

Мәселелі (мәтінді) есептерді шешуде оның мағынасын түсініп, есептің шартын құру, оны шешу кезінде оқушыларға біршама қиындықтар туындайтынын байқадым. Бұл мәселені шешу үшін сөзді есептерді шешудің дәрттірі емес әдісін ойлап тауып, оны бес жылдан бері қолданып келемін. Бұл тәжірибеммен аудандық, облыстық, республикалық вебинарларда, семинарларды бөлісіп келемін. Дәстүрлі емес әдіс – оқушыларды креативті ойлауға, өмірмен байланыстыра отырып тез шешім табуға үйретеді.

Шешім:

Әрбір мәселелі есептерді шешу кезінде оны өмірмен байланыстырып, сызбасын салу арқылы шартын құруға үйреттім. Сол шарт бойынша есептерді теңдеу құрып шығаруға баулыдым.

Жаңашылдығы:

Бұл тәсілдің жаңалығы – оқушылар есепті дәстүрлі әдіспен ұзақ жолдан тұратын шарт құрмай-ақ бірден сызбасын салу арқылы оңай есептеуге, көз алдына елестету арқылы ойлай білуге, оңай шешім табуға ықпалын тигізеді.

Өзектілігі:

Білім алушыларды функционалдық сауаттылыққа баулып, өмірден алынған үлгілерге бейімделе отырып, есептерді логикалық түрде қарастыра алады.

Ғылымилығы:

Білім алушыларды өмірдегі құбылыстарды математикалық модельдеу арқылы қорытынды жасауына ықпал етеді.

Практикалық маңыздылығы:

Білім алушыларға мәселені сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді, олардың талдау және зерттеу дағдыларын дамытады.

Тиімділігі:

Білім алушылар қоспаларға арналған кез келген мәтінді есептерді тек бір ғана жолмен бір айнымалысы бар, екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесін құру арқылы шеше алады.

Жалпы математикалық есептерді креативті ойлау тұрғысынан қарастырып, мәселелі есептерді дәстүрлі емес әдістер арқылы шешу – тек креативті және сыни тұрғысынан ойлау жағынан ғана емес, уақытты үнемдеу жағынан да ұтымдырақ болады.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Креативті ойлау – бұл ерекше идеяларды тудыруға, ойлаудың дәстүрлік сызбасынан ауытқуға, мәселелік жағдайларды тез шешуге қабілеттілік.

Логикалық тапсырмаларды орындау барысында, есеп шығарудың тиімді жолдарын қарастыру кезінде де берілген шешімдердің тиімді жолын салыстыра отырып, оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін қалыптастыруға, дамытуға болады.

1. Математика сабағында креативті ойлауды дамыту тактикасы

Сабақты жоспарлау кезінде есепті шешуге немесе мәселені қарастыруға бағытталған жоспар құру қажет.

1. Оқушылардың қабілетін дамыту ерекшеліктерін ескеру
2. Бағалау критерийлерін нақты ұсыну
3. Бағалау критерийлеріне сәйкес креативті тапсырмалар әзірлеу
4. Тапсырмаларды орындау, талқылау және бағалау тәсілдерін нақтылау
5. Зерттеу мақсатынан күтілетін нәтижені қолдау
6. Математикалық модельдеу дағдыларын жақсартатын тәсілді нақтылау

Сабақты осылайша жоспарлағаннан кейін сабақ барысында оқушылардың оқу белсенділігі, жаңадан нені үйренгені, оған ненің әсер еткенін байқауға болады. Креативті тапсырмалар мен «6 құралды» көмекші құрал ретінде пайдаланғанда, оқушының белсенділігін жоғалтпай математикалық ойлау қабілетін жақсартуға болады.

Оқушылардың кеңістік түсінігі мен бейнелеу біліктілін, ойлау қабілеттерін дамытатын төмендегі «6 сұрақты» қоя отырып, **оқушыны зерттеудің тиімді жолын** көруге болады:

1. Мәселелі есептердегі мәтінді түсініп оқуға қандай әрекет көмектеседі?
2. Мәтін мен оған берілген суреттердің байланысын анықтау оған не береді?
3. Қолданбалы есеп шығару қандай ойлауды қажет етеді?
4. Есепті шығару үшін нақты нені білу қажет?
5. Қандай ресурстарға сүйенер едіңіз?
6. Дәлел ұсыну үшін қандай әрекет жасар едіңіз?

Осындай сұрақтар оқушының да мұғалімнің де өмірдегі құбылыстарды математикалық модельдеу арқылы олардың қорытынды жасауына ықпал етеді. Ең басты назарда оқуды дамытуды көздейтін бағалау критерийлерін ұстау керек. Сосын оқушы қабілетін дамытуға арналған критерийлерге сәйкес тапсырмалар әзірленуі керек. Сонымен қатар оқушылардың өздеріне креативті тапсырмалар әзірлеуді ұсыну қажет. Бұл оқушыларды шығармашылыққа жетелейтін жақсы әдіс.

Мысалы, оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынуға болады:

-Параболалардың графигін сала отырып қолшатыр, көзілдірік т.б. бейнелер құрастыру

-Геометриялық көпжақтардың макетін жасау, макеттен бейне жасау т.б

-«Кубизм» әдісін қолдана отырып «6 жоспарды» да, «6 сұрақты» да «6 тапсырманы» да жүзеге асыруға болады.

Мазмұнды есептер қандай да бір нақтылы оқиғаның сөздік моделі болғандықтан, есеп мазмұны бойынша оқиғаны ойша көз алдына келтіруге немесе көрнекі құралдар арқылы оның заттық моделін жасауға болады.

Жалпы практикалық мазмұнды есептерді төрт негізгі тақырыпшалар бойынша қарастыруға болады:

- 1 Сандық тәуелділіктер;
- 2 Проценттер, қоспалар, ерітінділер;
- 3 Қозғалыс есептері;
- 4 Бірігіп жұмыс атқару есептері.

Бұл типтегі есептер, негізінен, теңдеу немесе теңдеулер жүйесін құру арқылы шығарылады. Мазмұнды есептердің аталған типтеріне салыстырмалы түрде бір мысал қарастырайық:

ЕСЕП: 30% -дық тұз қышқылының ерітіндісін 10% -дық ерітіндісімен араластырды да 600 г 15% -дық ерітінді алды. Әр ерітіндіден қанша грамнан алынған еді?

Шешуі: **Дәстүрлі (жалпы) әдіс:**

1) x - 30 % ерітінді


2) y - 10% ерітінді

Есептің шарты бойынша:

$$\begin{cases} x + y = 600 \\ 0,3x + 0,1y = 90 \end{cases} \quad \begin{cases} x + y = 600 \\ 3x + y = 900 \end{cases}$$

$$x = 150, y = 600 - 150 = 450$$

Жауабы: 150 г, 450 г



$$\begin{cases} 30x + 10y = 600 * 15 \\ x + y = 600 \end{cases} \text{ жүйесін шешсек те жоғарыдағы жауап шығады.}$$

Мектеп оқулықтарында мәтін есептерді шығаруға әдістемелік нұсқау тым аз, көбінесе оқулықта бір немесе екі ғана шартпен берілетін қарапайым мәтін есептер үнемі қайталанып отырады. Осының әсерінен математиканың алдында тұрған негізгі талап – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, сонымен қатар математика пәнінде күнделікті өмірде кездесетін есептерді шығаруға үйрету, математикалық модель құра білу мәселелері назардан тыс қалуы мүмкін. Мәтін есептерді тура талқылауды керек ететін арифметикалық тәсілдерді қолдана отырып шығарудың оқушылардың логикасын дамытуда берері зор және арифметикалық тәсілді жақсы меңгерген оқушы мәтін есептерге жылдам, әрі дұрыс теңдеу құра алатыны белгілі.

5-9 сынып математика курсына мәтіндік есептерді шығарудың негізгі екі тәсілі қарастырылады: арифметикалық және алгебралық. Арифметикалық тәсіл ізделінді шаманың мәндерін тікелей сандық өрнек құрып, нәтижені есептеу арқылы анықтайды. Алгебралық тәсіл есепті шығару үшін құрылатын теңдеулер мен олардың жүйелерін қолдануға негізделген. Сонымен қатар, ҰБТ кезінде кездесетін, оның ішінде қиындық тудыратын есептердің басым көпшілігі мәселелі есептер болып табылады. Осындай мәселелі есептерді шешуде оқушылардың креативті ойлауын дамытатын әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, есептерді дәстүрлі емес әдістермен, яғни өз тәжірибемде қолданып жүрген «есептерді тиімді жолмен шешудің» жолын ұсыну тиімді.



Жумабекова Гульден Сансызбаевна
Павлодар облысы, Май ауданы
«Малайсары ЖОББМ» КММ,
Физика және информатика пәндерінің мұғалімі
«Үздік педагог – 2021»

Қолжетімді білім: физика пәнін оқытудағы жаңа амалдар

Өткен дәуірлерге қарағанда біздің заманымыздың өзіне тән екі ерекшелігі бар. *Біріншіден*, **ҒЫЛЫМ** мен техника үлкен қарқынмен дамып келеді. *Екіншіден*, ашылған ғылыми жаңалықтар адамзат игілігіне айналып, жедел түрде **өнеркәсіп** пен тұрмысқа енгізіліп отыр. Осы тұрғыда мұндай бастамаларды неге мектептен бастамасқа? Бұл сұрақтың жауабын іздей келе, жаратылыстану-математикалық бағытта білім алатын 10-сынып оқушыларына лайықтап «Қолжетімді физика» бағдарламасын әзірледім /бастапқы атауы «Smart физика»/.

«Физика» пәні мектептің жоғарғы сатысында жаратылыстану-математикалық бағытта оқытудың бағдарын анықтайтын көтеріңкі деңгейде оқытылатын пәндер қатарына жатады. Күнделікті сабақтағы теориялық материал, демонстрациялар мен орындалатын зертханалық жұмыстар оқушыларды аса қызықтырмайды. Еуропаның көптеген елдері жаратылыстану – STEM саласындағы дағдылардың жетіспеушілігімен бетпе-бет келіп отырғанда, үкімет білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар жастарды өз карьерасын жасауды зерделеуге талпындыру үшін жаңа және шығармашылық тәсілдерді іздестіруде. Бұл заман талабы.

«Қолжетімді физика» бағдарламасы осы STEM білім берудің алғашқы қадамы деп атауға болады. Әр мектеп осындай зертханамен қамтылмаса да, осындай бағдарламаларды ендіру арқылы, Stem зертханасына алғашқы қадамдарды жасауға болады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырады, ғылымға, инженерияға көзқарастарын кеңейтеді. Бағдарламаның **ерекшелігі** – осы бағыттардың біріншісі, инженерлік бағытты іске асыруында. Демек, оқушылар физика, технология пәндерін байланыстыра отырып, спираль бойынша білімдерін жетілдіріп, қандай да бір механизмдерді жасайды. Тәжірибенің **артықшылығы** – кез келген мектепте іске асыруға болатындығында. Себебі қосымша ешқандай құралдар сатып алып қажет емес, қолдағы бар, қолжетімді заттардан әр түрлі бұйымдар жасаймыз.

Бағдарламаның **өзектілігі** - пәнді оқыта отырып, оқушылардың алған білімдерін күнделікті тұрмыста пайдалану икемдерін қалыптастыру. Ол үшін әр сабақта өтілген материалды күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, қажеттіліктерін айқындап алған дұрыс. Сабақ барысында бұған үнемі қол жете бермейді. Сол себепті қолданбалы курс бағдарламасының **мақсатын**: қарапайым, қолжетімді практикалық тапсырмаларды орындау арқылы, оқушылардың танымдық әрекеттерін дамыта отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру,- деп алдым. Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** белгіленді:

- Нарық жағдайындағы қарапайым құралдардың қызметіндегі физика ғылымының маңыздылығын ашу;
- Оқушылардың танымдық қабілеттерін практикалық тапсырмалар арқылы дамыту;
- Ұқыптылыққа және үнемділікке тәрбиелеу.

Пән бойынша білім алуда конструктивистік технологияларды пайдаланудамын. «Конструктивизм» термині латынның *constructivus* (салу, салумен байланысты) және *constructio* (қосылу, салу) сөздерінен шыққан.

Конструктивизм - педагогикалық философия, оның негізгі идеясы білім алушыға дайын түрде берілмейді. Оқушылардың білімін табысты өзіндік құру және өзіндік өсуі үшін педагогикалық жағдай жасау ғана мүмкін.

Оқыту үрдісіндегі жобалау «Алынған теориялық білімді тереңдету және кеңейту және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, өнертапқыштық қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамыту құралы» ретінде анықталады.

Конструктивизм – бұл қазіргі кезде қаншалықты «шикі» болса да, білім алушының көзқарасын бірінші орынға қоятын және шындықтың өзінен гөрі шындыққа қарай жылжу процесін жоғары бағалайтын педагогикалық философия. «Ғылыми таным статикалық құбылыс емес, - деп жазды Ж.Пиаже өз еңбектерінің бірінде, - бұл процесс, нақтырақ айтқанда, үздіксіз құрылыс пен қайта құру процесі».

Конструктивистік технологияы пайдалана отырып белсенді контент жасау үшін осы авторлық бағдарлама аясында оқушылардың қол еңбегін көбірек пайдаландым. Физикалық білімнің техникада қолданылуын көрсететін көптеген мысалдарды келтіруге болады. Олардың қатарында күнделікті тұрмыста пайдаланып жүрген сан алуан электрлік, электрондық құралдар және басқа да күрделі техникалар бар. Бағдарламаның ерекшелігі - осы курс аясында оқушылар қарапайым заттардан өздері жасаған құралдарын күнделікті тұрмысқа пайдалану мүмкіндігі (пластикалық бутылкалар, шприцтар, ойыншық машинкалар, система шлангілері т.с.с.). Төмендегі суреттерде оқушылардың жұмыстарын көруге болады.



Сурет 1 – Субұрқақ

Жыл бойында оқушылар жобалық жұмыстармен айналысып, соңында жобалар презентациясын мектеп қабырғасында, аудан, облыс көлеміндегі іс-шараларда көрсетіп, әр түрлі деңгейлердегі сайыстар мен байқауларға қатысу мүмкіндігі бар. Ең бастысы – оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуы.



Сурет 2 – Шаңсорғыш

Ұсынылған қолданбалы курс бағдарламасы 2019 жылдан бері пайдаланылып келеді. Оқушылардың қызығушылықтары сөзсіз жоғары деңгейде болды. Пәнге деген қызығушылықтары артты. 2022 жылдан бастап бағдарлама элементтерін күнделікті сабаққа еңгізе бастадым. 7-9 сыныптарда тақырыпқа байланысты жобалық жұмыс үй тапсырмасына беріліп отырады. Мысалы 7-сыныпта «Атомсфералық қысым» тақырыбын өткеннен кейін барометр жасау ұсынылады. Ол үшін шыны банка, шарик пен ағаш шпажка беріледі. Тақырыпты жақсы меңгерген оқушы бірден барометр принципімен қолдан жасап шығады.



Сурет 3 - Барометр

Физика кабинетінде осы бұйымдарды жасауға арналған барлық құрал-жабдықтар «Smart физика» зертханасында бар. Мұнда тек сабақ уақытында ғана емес, басқа да бос уақыттарында келіп жұмыстарын жасай береді.

Себебі 1 бұйымды толықтай жасап шығуға бірнеше сағат кетеді. Әрине, барлығы берден шыға бермейді, бірақ осындай қарама-қайшылықтарда дұрыс жолын табу мақсатында, оқушылар өздерінің білімдерін шындай түседі.

Практикалық тапсырмаларды орындау барысында пәнді терең, әрі нақты түсінетіндігіне осы курс барысында көз жеткіздім. Бұл тәжірибенің тиімділігін оқушылардың келесі жетістіктерінен көруге болады:

- Облыстық ғылыми жобалар байқауы екі оқушым ІІІ орын /2019жыл/, ІІ орын /2022 жыл/;
- «Зерде» ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңі ІІ орын /2020 жыл/, ІІ орын /2022 жыл/, ІІ орын /2023 жыл/;
- «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» облыстық байқауы екі оқушым ІІІ орын /2020 жыл/;
- «Болашақ өз қолыңда» облыстық ғылыми жобалар байқауында үш оқушы ІІ орын /2021 жыл/;
- «XXI Сәтпаев оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы І орын /2021 жыл/;
- Инновациялық Еуразиялық университеті ұйымдастырған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында І орын /2021 жыл/;
- MARGULAN университеті ұйымдастырған STEM DAY республикалық байқауда екі оқушым ІІ орын /2023 жыл/;
- «Табиғатты аяла» облыстық байқауында екі оқушы ІІІ орын /2023 жыл/.

Бұл авторлық бағдарламамен республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында ІІ орын иелендім /2019 жыл/. Халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде тәжірибе таратылды. Caravan of Knowledge ұйымдастырған STEAM декадасы аясында республикалық бейнесабактар байқауында ІІ орын иелендім /2021 жыл/

Бұл тәжірибені жалпы білім беретін мектептерде еңгізуге болады. Ешқандай қарама-қайшылықтар жоқ. Тіпті қашықтықтан білім алу жағдайында тиімді десе де болады. Себебі сол кезде оқушылар кері байланыс ретінде жасаған бұйымдарының видеосын жіберіп отырады. Бұл оқушылар арасында үлкен қызығушылық танытуда.



Жүнісбекова Дана Дүйсебайқызы

Шымкент қаласы

М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын

мамандандырылған № 8 гимназияның

физика пәнінің мұғалімі

«Үздік педагог 2018»

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Жаратылыстану ғылымдарының ішінде физиканың маңызды орын алуы тек қана ғылыми-техникалық үдерістің үздіксіз артып отыруына байланысты ғана емес, табиғаттағы басқа да ғылымдардың дамуында алатын орнына да байланысты болып отыр. Сонымен қатар, қазіргі заман талабына сай қоғам өте сапалы мамандарды қажет етуде, ал бұл өз кезегінде мектептердегі білім берудің ролін арттыра түсуде. Физика пәнін оқытуда тиімді тәсілдерді өз іс-тәжірибемнен бөліскім келіп отыр.

Мақсаты: Жаңа әдіс-тәсілдердің көмегімен оқушылардың танымдық қабілетін арттырудың жолдарын зерделеу. Қазіргі таңдағы оқушы туралы көзқарас. Оқушының бойындағы жеке тұлға ретіндегі құзыреттілік, зейінділік және зерделілік, танымдық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері: Мұғалім мен оқушының бірігіп, жүйелі түрде жұмыс жасауы, ізденуі және ұғынуы оқушы бойында тұлғалық тәрбие қалыптастырумен қатар, шығармашыл, белсенділік қабілеттерін дамытады.

Тәжірибенің ерекшелігі: Оқушының пәнге қызығушылығы есеп шығарумен бағаланады десем қателеспеймін. Қазақ сыныптары үшін негізгі мәселе деңгейлік есептер жинағының аздығы. Сондықтан орыс тіліндегі оқулықтарға жүгінеміз. Осы қиындықтардан шығу үшін өз шығармашылық жұмысымда оқушылардың физикадан есеп шығару құзыреттілігін арттыру мақсатында 7-11 сыныптарға арналған оқу – әдістемелік құралдар жаздым. Оқу –әдістемелік құрал 2012 жылдан бері қолданылып келеді және нәтижесін беруде.

Есеп шығару кезінде күрделілігіне қарай төрт деңгейге (бастапқы, орта, жеткілікті және жоғары деңгейлер) бөлінген тапсырмаларды сабақ кезінде оқушылар орындайды. Оқушы әр деңгей қандай баллмен есептелінетінін және қандай баға алатынын алдын ала біледі. Мұндай тәсіл бір мезетте сыныптағы білімі төмен және дарынды оқушымен мұғалімнің жұмыс жасауына қолайлы.

Тиімділігі:

Бастапқы деңгей	Оқушы есепті және жаттығуларды мұғалімнің көмегімен шығара алады, яғни дайын формуламен белгісіз шаманы анықтай алады. Оқушы қарапайым математикалық операцияларды (өрнектерді түрлендіруді, есептеуді) орындай алады, Оқу материалын табиғат құбылыстарын алғашқы танып білу сатысында біледі, «ия» « жоқ» жауапты талап ететін сұрақтарға жауап бере алады.
------------------------	---

Орта деңгей	Оқушы қарапайым есептерді үлгі бойынша 2 – 4 логикалық қадаммен шығара алады, мұғалімнің көмегімен тұжырымдар жасай алады. Оқушы заңдар, түсініктер, формулалар мен теорияларды түсіндіруде негізгі білімін көрсетеді. Мұндай тапсырманың толық шешімі 6 баллмен есептелінеді.
Жеткілікті деңгей	Оқушы есептер мен жаттығуларды 4 – 6 логикалық қадаммен мұғалімнің көмегінсіз, талдау жасай отырып, шығара алады. Оқушы есептерді шығару кезінде өтілген материалды еркін меңгереді, стандартты жағдайларда білімін практикада қолдана алады. Мұндай тапсырмалардың толық шығарылуы 9 баллмен есептелінеді.
Жоғары деңгей	Оқушы түрлендірілген типті есептерге стандартты немесе өзіндік тәсілдерді қолданады, стандартты емес, яғни олимпиадада ұсынылатын есептерді шығара алады. Оқушы шығармашылық қабілетін көрсетеді, 5-6 логикалық қадаммен есептерді өз бетінше шығара алады. Мұндай тапсырманың толық шешімі 12 баллмен есептелінеді.

Бес баллды жүйеге келтірген 9-12 балл - «5», 6-8 балл - «4», 6 баллдан төмен үштік баға қойылады.

Тәжірибені басқа педагогтардың қолдануына берілетін кеңес:

Мұғалім оқушыға деңгейлік есептерді өз бетінше таңдауына мүмкіндік бере алады. Бұл таңдау тәсілін мұғалім – оқушы арасындағы «кері байланыс» деп аталады және бұл тәсіл мұғалімге оқушының оқып үйренген материалды меңгеру деңгейін шынайы бағалауына мүмкіндік береді.

Бүкіл жыл бойында оқушы күрделілігіне қарай бір деңгейден екінші деңгейге өте алады.

Физикадан демонстрациялық және зертханалық жұмыстар жүргізу физика пәні бойынша оқушылардың білімін арттыруға көп септігін тигізеді. 7-11 сыныптар арасында зертханалық жұмыстармен қоса, демонстрациялық тәжірибелер әр сабақта ұйымдастырылып отырады. Карантиндік кезеңде, яғни қашықтық оқу кезеңінде демонстрациялық тәжірибелер мен зертханалық жұмыстарды видеоға түсіріп, сабақтың түсіндіруімен арнайы өзімнің «Физика. Теория. Практика» YouTube каналыма салып отырдым. Оқушылар көріп, түсінгендерін немесе туындаған сұрақтарын Zoom платформасында талқылап отырды. Каналды қазіргі таңда да жүргіземін, себебі, сабаққа денсаулығына немесе т.б. себептермен келмей қалған оқушы қажетті материалын көріп, түсінуіне мүмкіндік беріледі.

Жұмыстарымның қорытындысын шығарарда айтарым, оқушылардың мектепте алған білімдері - бұл болашақта алатын білімдерінің баспалдағы, болашақта бұл алған білімдері өмірде қолданыс табуы, дамуы қажет.

Әйгілі Сенека өз сөзінде «Егер де қай айлаққа жүзіп бара жатқаныңды білмесең, онда жолыңда ілеспе жел де кездеспейді», деп айтқан екен, яғни менің ұсынып отырған материалымнан ой қорытындылау әр мұғалімнің өз кұзыретінде, мен тек ой тастадым, ал қажеттісін алып, жұмыс жасау бұл мұғалімнің өз қабілеті мен шеберлігінде.

Үздік педагогтер кейстері – биология, география және химия пәндері бойынша



Муталив Даулен

Жетісу облысы, Талдықорған қаласы
«Мұхтар Арын атындағы №24
мамандандырылған лицейі» КММ
биология пәні мұғалімі
«Үздік педагог – 2022»

Білім алушылардың ойлау дағдыларының деңгейін анықтау: IDEAL әдісі

«Баланы оқытушы дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығару қажет» деп, қазақ халқының педагогы Мағжан Жұмабаев айтқандай, білім алушыға тек білім ғана беріп қоймай, сол алған білімді қаншалықты меңгергендігін айқындау, жобалау, мұғалімнің басты мақсаты. Егер нақты жобалап, ойлау дағдылары қаншалықты деңгейде екендігіне көзіміз жетсе, бәсекеге қабілетті, өзіндік ойлау дағдысы қалыптасқан маманның шығуы сөзсіз.

Ойлау дағдыларын Блум таксономиясы негізінде айқындап анықтауға болады. Бірақ оқушының белгілі бір бөлімді қаншалықты меңгергендігін білу үшін қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен жиынтық бағалау тапсырмалары және т.б. алынады. Жоғары ойлау дағдыларын **IDEAL әдісі** көмегімен анықтау арқылы білім алушылардың алған ақпараттарын анықтауда, дәлелдеуде, қорытынды жасауда, рефлексия жасауда және бағалауда үлкен ролі бар. Нақты жинақтау және бағалау шкаласының көрсеткіші болып табылады.

Білу, түсіну ойлау дағдыларын тест тапсырмалары, сәйкестік тест пен биологиялық диктант, «Ақиқат», «Жалған», ыстық орындық және т.б. әдістер арқылы айқындай аламыз. **IDEAL әдісі негізінде алған білімдерін жинақтау мен бағалау, яғни берілген мәтін не болмаса ақпарат бойынша өз білімін жетілдіріп, оқу мақсатына және жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлімді толық түсінеді, өмірмен байланыстырады, келешекте қажеттілігіне жаратады, ғылыми жұмыстар мен үлкен жобаларды іске асыруда, теориялық білімін практикада ұштастырып, заман талабына сай сұранысқа ие кәсіп ашуға, ғылыми жаңалықтарды ашып, ел экономикасын көтеріп, ат салысуға дайын болады.**

Мақсаты: Білім алушылардың ойлау дағдыларының деңгейін анықтауда

IDEAL әдісін сабақта пайдалану

Міндеттері:

- жоғары ойлау дағдыларын анықтауда, жоғары деңгейлі тапсырмаларды бағалау кезінде қолдану;
- тапсырмалардың өзектілігі мен, ғылымилығы, дәйектілігін анықтауда пайдалану;
- алған ақпаратты талдау, салыстыру, анализ жасау және бағалау кезінде қажеттілікке алу;
- рефлексиялық оқыту, тиісті ақпаратты жинақтау мен сұрыптау кезіндегі қажеттілігі;
- сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын, проблемаларды шешудегі басымдықтарды айқындау кезінде қолдану;
- Блум таксономиясында көрсетілгендей талдау жасауға пайдалану;
- білім алушылардың тақырыпты не бөлімді оқу мақсатына сай меңгертуге пайдалану;
- білім алушылардың алған білімдері жас ерекшеліктеріне сай екіндігін анықтау мақсатында қолдану.

Білім алушылардың ойлау дағдыларының деңгейін анықтауда IDEAL әдісінің ерекшелігі мен артықшылығы:

IDEAL әдісінің ерекшелігі:

Білім беру әдісі сыни тұрғыдан ойлауды дамытумен қатар проблемалық сұрақтарды, өмірлік қиындықтарды шешудің әртүрлі тәсілдерін үйренуге мүмкіндік беретін бірқатар білім беру стратегиясы. Қолайлы, болашақта еліміздің рухани құндылықтары мен салт дәстүрін бүкіл әлемге танытатын, өзіндік көзқарасын дамытуға ықпал ететін әдіс. Білім алушыда туындаған бір ойды екінші ой өзегінен өткізу, оны күнделікті тұрмыста пайдалану арқылы, функционалдық білімін арттыру, күрделі мәселелерді шешу, дәлелді түрде нақты ойын жеткізе алатын тұлғаны тәрбиелеу үшін маңызы зор әдістің бірі. Өмір тәжірибесі көрсеткендей, мәселені сәтті шешу, мақсатқа жету, проблемадан шығудың әртүрлі нұсқаларын қарастыратын тиімді әдіс.

IDEAL әдісінің артықшылығы тек пәндік ғана емес, сонымен қатар мета-пәндік, жеке әмбебап оқу іс-әрекетін дамытуға бағытталған:

- білім алушылар мәселені өз бетінше тұжырымдайды, оның шешу жолдарын анықтайды;
- мәселені шешудің жоспарын өз беттерінше құрастырады;
- сыни тұрғыдан ойлай отырып, проблемаларды шешудегі басымдықтардың, иерархияның және кезектіліктің маңызын түсіну арқылы, креативті ойлауды, болашаққа мақсат қоя алады;
- рефлексия жасау арқылы, нақты ақпаратты жинақтайды, сұрыптайды;
- Блум таксономиясындағы ойлау дағдылары көрсеткендей талдау жасайды;
- қоғамдық көшбасшылық сипаттамасы тұрғысынан өз-өзіне сенімін арттырады;

Проблеманы шешу алгоритмінде IDEAL әдісінің тиімділігі:

• Мұғалім проблеманы бейнелейтін кітаптың (фильмнің) үзіндісін оқиды (көрсетеді). Оқушылардан алған мәліметтері бойынша жоспар құрауды сұрайды. (жеке және топтық жұмыс)

1. Оқушылар берілген мәтіннен қандай ақпараттарды алғанын анықтап алады. Осы тақырып төңірегінде өздерінің өмірімен байланысты мәселелері бар ма, әлде жоқ екендігін айқындайды. Мәселені шешу үшін нені үйрену керек екенін анықтайды.

Қандай проблеманы шешу қажет	Гипотеза
Проблеманы шешу үшін қандай маңызды ақпараттарды білесіз	Тағы қандай ақпаратты білу қажет
Проблеманы шешудің үш негізгі жолы: 1. _____ 2. _____ 3. _____	Аталған шешу жолдардың қай түрі маңызды. Неліктен

Білім алушыларға IDEAL әдісі арқылы проблеманы жан жақты шешу не береді.

1. Берілген мәселені талдауға.
2. Аспектiлерiн бөлiп көрсетуге

Бұрын алған және жаңадан алған білімдері негізінде шешімдерді бағалауға және таңдауға мүмкіндік береді.

«**IDEAL**» **әдісі арқылы** оқушыларға ақпарат беріледі.

I-мәтін мазмұнындағы керекті ақпаратты анықтау.

D-алған ақпаратқа түсінік.

E-дәлелдеу.

A-дәлдеу барысындағы әрекеттер.

L-қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау.

Толықтай тоқталсақ:

1. Проблеманы анықтау. Таңдалған мақсат ең жалпылама түрде анықталады.

2. Берілген мәтінде не проблемалық мәтінді сұрақ түрінде құрастыру. Ол өте дәл және нақты болуы керек, «қалай» деген сөзден басталып, теріске шығармауы керек (мысалы, «жок»)

3. Мәтін варианттарының максималды санын генерациялау. Неғұрлым көп идеялар болса, соғұрлым жақсы. Бұл жұмыс миға шабуыл арқылы және ешқандай сынсыз жүзеге асырылады

4. Оңтайлы варидитті немесе нұсқаларды таңдау. Жағымды және жағымсыз жақтарын таразылау.

5. Проблемаларды шешу үшін жасалған әрекеттерді талдау. Логикалық қорытындылар.

Білім алушылардың ойлау дағдыларының деңгейін анықтауда IDEAL әдісінің басқа әдістер мен стратегияларға қарағанда:

Қиын, күрделі тақырыптарды түсіндіру кезінде жинақтау және бағалау ойлау дағдыларың анықтауда маңызы зор. Мысалыға 10 сыныпта «Тасымалдау» бөлімінде «Гемоглобин және миоглобиннің диссоциациялану қисық сызығы» деген тақырыпта оқушыларға тақырып төңірегінде ресурстар беріледі. Онда

Гемоглобин мен миоглобин айырмашылығы

Гемоглобин мен миоглобиннің диссоциациялану қисық сызық түрі

Олардың оттекке тартылуының адам ағзасы үшін маңызы

Осы тақырып төңірегінде ой өрістерін кеңейту мақсатында, күнделікті тұрмыспен байланысты мысал ұсынуды талап ету.

Осы берілген сұрақтар негізінде оқушылар алған теориялық білімдерін жинақтайды. Теориялық білімдерін практика жүзінде ұштастырады. Ойлау дағдылары бойынша алған тақырып төңірегінде бағалау жасайды. Функционалдық сауаттылық негізінде тақырыпты өмірмен байланыстырады.



Құлымбетова Ләззат

Қызылорда қаласы

№9 «Білім-инновация» лицей-интернаты

География пәні мұғалімі

«Үздік педагог – 2022»

Жобаға негізделген оқыту (PBL)

Жобаға негізделген оқыту - оқушылардың шынайы, қызықты және күрделі сұрақтарға, мәселелерге жауап іздеу үшін (PBL жұмыстары) ұзақ уақыт жұмыс жасау арқылы білім мен дағдыларды игеретін оқыту әдісі

Жобаға негізделген оқытудың ең маңызды шарты оқушылар арасында белсенді қарым – қатынасты орнатып, мәселелерді жан-жақты үйрену және тіршілікке қабілетті шешімдерді шешу. Жоғары және одан кейінгі білім беру мекемелеріндегі негізгі қағида жоғары деңгейдегі мамандар даярлау мен оқу процесін инновациялық түрде дамыту ісін жүзеге асыру болып табылады. Қазіргі кезде әлемде білім беру процесін инновациялық дамытуға арналған бірнеше оқыту технологиялары бар. Солардың ішінен бірегейі проблемаға бағытталған оқыту технологиясы (Problem-based Learning) болып табылады. Жобаға негізделген оқыту — мәні проблемалық ситуация туғызу мен оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Проблема деп шешілуі оқушылардан білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін есептердің, тапсырмаларын, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады.

Жобаға негіздеп оқыту әдісін жүргізу дидактиканың заңдылықтарына байланысты мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- Проблемалық ахуалдар туғызу жолын алдын ала дайындау;
- Проблемалық сұрақтарды грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс құру;
- Проблемалық мәселелерді шешу амалдарын күні бұрын дәл белгілеу;
- Проблемалық сұрақтардың теориялық анықтамасын заңды түрде дәлелдеу.

«Оқушының білім өрісі мен зерттеу қабілетін қалай қалыптастыруға болады?» деген зерттеу сұрағын қарастырдым. Қазіргі таңда көптеген ұстаздарды толғандырып жүрген мәселе - оқушылардың сабақ оқуға деген қызығушылықтарының жас ұлғая келе кемуі болып табылады. Балалардың оқуға деген қызығушылығын жалпы сынып белсенділігі ретінде қарастырсақ, ең жоғарғы дәреже бастауыш сынып кезінде болады. Одан кейін орта буында бұл көрсеткіш азая түседі де, сол қарқынмен азая-азая бітіретін жылға келгенде ең төменгі дәрежеге түседі.

Зерттеу жобасы барысында оқушылар эксперименттер жүргізеді, кез-келген саланы зерттейді. Нәтижелерін қабырға газеттер, шағын журналдар, буклеттер немесе компьютерлік презентация түрінде толтырады. Мұндай зерттеу жобалары оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға оң әсерін тигізеді,

сонымен қатар студенттік жылдарында болашақ курстық жұмыстар мен диссертацияларға негіз бола алады.

➤ Ойын жобасы. Ойындар мен спектакльдер түрінде ұсынылады, оқушылар кез-келген кейіпкердің рөлін ойнау барысында зерттелетін мәселелерді шешуді ұсынады.

➤ Ақпараттық жоба. Оқушылар тақырып бойынша ақпараттар жинап, талдайды, журнал, газет, альманах түрінде ұсынады.

➤ Шығармашылық жоба. Қиял жасаудың кең ауқымды түрі: жобаны сыныптан тыс жұмыстар, экологиялық акциялар, бейнефильмдер т.б. түрінде орындауға болады. Қиялдың шегі жоқ

Қазіргі заманғы ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, продуктивтік және шығармашылық оқу процесінің логикалық жолдарын оқушы өзі шығармашылықпен ізденіп баяндайды. Мұғалімнің проблемалық оқыту процесінің ұйымдастыруының негізгі тәсілдері мен формаларын көрсетеді, оқытудың ғылымилық дәрежесін жоғарылатып, оқушылардың неғұрлым тиімді жалпы дамуына жағдай тудырады. Жобаның іске асырылуы, жобаның кезеңдері (тұжырымдаманы әзірлеу, жобаның мақсаттары мен міндеттерін, қызметтің қол жетімді және оңтайлы ресурстары, жобаны іске асыру үшін іс-шаралар жоспарын, бағдарламаларын құру және ұйымдастыру) туралы алдынала ойластырылған идеялар арқылы жобаны іске асырады. Жобаны түсіне отырып оқушы негізгі жұмыстың нәтижелерін, ең басында алдына қойылған мақсатын көрсетеді.

PBL әдісін алғаш рет 1960 жылы Ховард Барроуз және оның әріптестері Канададағы Макмастер Университетінің Медицина мектебінің студенттерін оқыту үшін қолданған. Лицейде бұл жобаны өз пәнімде бес жыл көлемінде оқушылардың сұранысы мен қызығушылығының арқасында үздіксіз бес жылдан бері жүзеге асырып және оның нәтижесін көріп келемін. Бұл жобаның басқа шығармашылық жұмыстардан басты артықшылығы мұғалім тақырыпты беруші, яғни, нұсқаушы рөлінде қалады да, оқушы басты орынға шығып, өзінің барлық шығармашылық қабілеттерін ашып, беріліген тақырыпты толығымен зерттеуге ұмтылады. Кәзіргі білім жүйесінің де болашақ білімді, сапалы оқушыдан талап ететін басты қажетті дағдысы – оқушының зерттеушілік пен шығармашылық қырын ашу болып табылады. Осы жобаға негізделген оқыту тәжірибесін болашақта әрі қарай жетілдіріп, таратып, оқушылар арасында насихаттау, балалардың шығармашылық дағдасын дамытады.

Менің 5 жылдан бері қолданысқа енгізіп жүрген Жобаға негізделген оқыту (PBL) атты жұмысым ең алдымен оқушының өзін өзі реттеу тиімділігін арттырады, сонымен қатар:

- белгілі мақсатқа бағытталады;
- өзінің білім кеңістігін реттейді;
- өз қызметін жоспарлайды;
- өзін-өзі бақылай алады және т.б

Білім беру барысында Жобаға негізделген оқытуды (PBL) пайдалану оқушының төмендегідей дағдыларды игеруін болжайды:

- Топпен жұмыс топқа жетекші болу арқылы көшбасшылық қасиетті меңгеру;
- Пікірсайысқа белсенді қатысу және тыңдай білуге үйрену;
- Бірлесіп жұмыс істеу және өзара іс-әрекет, көзқараспен пікір алмасу;
- Қосымша білім ресурстарын пайдаланып, оны мақсатқа бағыттап үйрену;
- Әртүрлі бағыттағы презентацияның түрлерін жасау дағдыларын игеру;
- Ашық көзқарас және өмірдегі мақсаттарын анық түсіну;
- Жауапкершілікті өз мойнына алу қабілеті мен дайындығы;
- Тәуекелден немесе сәтсіздіктен қорықпауды үйреніп, өзгерістерді бастауға дайын болу;

Жоғарыда аталған оқушыларда болуы тиіс дағдылардың біршама бөлігі менің жұмысымда көрініс табуда. Осы тәжірибе білім алушылардың Бірыңғай ұлттық тестілеуде 85 % оқушылар көрсеткіштерін жақсартты және Жоғары Оқу Орындарында тиімді қолданып жүргендігін дәлелдеп отыр. Лицейдегі оқушыларымның білім сапасы - 90 % көрсеткішке жетіп отыр. Пәндік олимпиадаға қатысатын оқушы саны артып, халықаралық (Igo) республикалық пәндік олимпиададан жүлделі орындар алып жүр. Сонымен қатар ел ішінде соңғы жылдары жаңадан енгізілген Ұлттық Білім Олимпиадасында жасөспірімдер арасындағы сайыста оқушыларым, берілген тапсырмаларды қиындықсыз орындап, жүлделі орындар алуда. Себебі осы Жобаға негізделген оқыту кезінде өзінің білім кеңістігін реттей алған оқушылар кез-келген тапсырмаларды ойлана отырып оңай шешімін табудың жолдарын біледі. Осы тәжірибені қалыптастыру кезінде, бейімі бар, шығармашылық қабілеттерін ұштай алатын оқушыларды анықтау үшін алғашында сауалнама, белгілі мақсаттарға негізделген тесттер беру арқылы анықтап жүрдім. Кейін оқушылар арасындағы бәсекелестік пен шығармашылық дағдыларын одан әрі дамыту үшін түрлі конкурстар ұйымдастырдым. Оқушылардың жасаған жұмыстарының соңғы кезіңінде, көршілес мектептермен желілік қауымдастық негізінде әріптестерімді шақырып, өзара ақылдаса отырып жасаған жұмыстың шынайылығы мен зерттелу деңгейлерін сенімді (валидті) бағалау жүргізіп отыру өз тиімділігін көрсетті.

Тәжірибені педагогтер, мектептер қалай қолдану керек. Ол үшін:

- мектеп кітапхана қоры толық болуы және мұғалім ұсынған ресурстармен толықтырылуы тиіс;
- Компьютер, интернет, зертхана кабинеттерінің де толық жабдықталуы маңызды рөл атқарады;
- Мазмұнды меңгеруде кездесетін қиындықтар бойынша оқушымен жеке кеңестер өткізуге нұсқаушы ұстаз арнайы уақыт белгілеуі;
- Топтарға бөлінген уақытта оқушы қызығушылығын нақтылап, мақсатын айқындап, дұрыс нұсқау беру керек;

Мәселе шешіміне жету қадамдарында кездесетін проблемаларда бар. Толығымен компьютерленген, ақпараттық дәуірде бұл әдісті қолдану мектеп, лицей және гимназиялардың білім деңгейін көтеруге, оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру және бәсеке қабілетті білім алуына жағдай жасап қана қоймай, олардың болашағында кездесетін түрлі мәселелерді қолайлы шешуге септігін тигізеді. PBL оқушылар мен мұғалімдерді шығармашылыққа, жаңашылдыққа, білімді ұзақ уақыт сақтау және қолдану туралы ойлауға шақырады. Мұғалім көп жоспарлауға және дайындалуға жауапты және білім алушыға дұрыс нұсқау беруде аса мұқият болуы тиіс. Себебі кейбір жағдайда жоба нәтиже бермеуі де мүмкін. Сондықтан тақырып таңдау кезінде оқушының мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктері, мінезі, ортамен қарым- қатынасы, тиімді байланыс жасауы, қоғаммен байланысы да ескерілуі қажет. Жобаға негізделген оқыту тек дарынды балалары бар лицей, гимназияларда жүзеге асуы тиіс емес. Себебі барлық орта мектептерде арнаулы дарынды, қабілетті балаларға арналған лицей, гимназия сыныптары бар. Осы ортада отырған кез- келген оқушы өзінің барлық қабілеттерін ұстазы берген нұсқаумен бірге жұмыс жасаса, дарындылықтың дағдылары ашылатыны айқын. Бұл жобамен жұмыс жасауда төменгі сыныптардан бастап, жоғарғы сыныптарға дейін алып келсе, мектептен кейінгі студенттік өмірінде де қолдана алатыны сөзсіз.

Жобаға негізделген оқыту барысында оқушы бойында қалыптасқан негізгі дағдылар: **Коммуникациялық** (Ой бөлісу, сұрақтар, идеялар және шешімде); **Ынтымақтастық** (Мақсатқа жету үшін бірге жұмыс жасау. Дарынды, ақыл мен тәжірибені қолдану); **Сыни тұрғыдан ойлау** (Мәселені жаңаша қарастыру және оқуды пәндер мен пәндер арасында байланыстыру); **Шығармашылық ойлау** (Инновациялар мен өнертабыстардан кем түспейтін тапсырмаларды орындаудың жаңа тәсілдерін табуға тырысу). Осы аталған дағдылар оқушы бойында бірден кездеспегенмен, жұмыс жасау барысында біртіндеп қалыптасады. Сондықтан әріптестеріме осы жобамен жұмыс жасауды толығымен ұсынамын.

Қазіргі заманғы еңбек нарығы мамандардан туындап жатқан ситуацияларға қарамастан аз уақыт шеңберінде ұтқырлық таныту, дұрыс шешім қабылдау, сыни және креативті ойлауды талап етеді. Сондықтан да білім алушының бойында зерттеу дағдыларын дамыту маңызды болып саналады. Яғни, олар білімді жаңа жағдайда қолданып, тапсырмада туындаған проблеманың шешімін өз бетінше табады және оның алгоритімін өзі құрастырады. Стандартты емес бұл тәсіл оқушылардың бойында көшбасшылық қасиеттерді дамытуға ықпал етіп, оқуға ынтасын арттырады.



Мынжасарова Гульназ Изтлеуовна
М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық
дарынды балаларға арналған мамандандырылған
лицей-интернаты, биология пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог-2018»

«ФИЗИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕ ЖӘНЕ ЖҮРЕК СОҒЫСЫНЫҢ ЖИЛІГІ» (ФИЗИОЛОГИЯ)

Дәстүрлі зерттеулерде оқушылар өз уақыттарының көп бөлігін әдістемелерді ұстанып, мәліметтерді жинай отырып жеңіл тапсырмаларды орындауға кетіреді. Әдетте олар зерттеудің мақсаттарын мүлде ұстанбайды және бұл мәліметтердің зерттелетін ғылымға қалайша қатысты екенін түсінбейді. Зерттеу барысы жайлы жинақталған мәліметтерді талдаған соң, оқушылар тек белгілі бір графикалық көрсетілім жайлы біліп қана емес, зерттеу контекстімен іс жүзіндегі уақыт режимінде біріктіріп, тәжірибенің мақсаттары мен нәтижелерін талдайтын сұрақтардың туындауына мүмкіндік туғызады. Өткізілген осындай тәжірибелер арқылы оқушылардың мотивациясы мен өз жұмыстарын түсінуінің күрт өсуін көрсетеді.

Практикалық тапсырмаларды орындауда оқушылар сын тұрғысынан ойлау (сауатты сұрақтарды құру, тәжірибелік стратегиялар жасау, бар қателерді табу мен тіркеу), үдерістегі біліктілік (жабдықтарды колибрлеу, мәліметтерді жинау), жобалар мен құрылымдарды білу (құрал-жабдықтарды жинақтау қауіпсіздік шараларын сақтау, ерітінділерді араластыру) және аналитикалық ойлау (графиктер құру, модельдеу, статистика) сияқты дағдыларын дамытады.

Зерттеушілік жұмысқа бағытталған зертханалық тапсырмалардың негізін құрайтындар ақпарат пен компьютерлік аспаптар болып табылады. Датчиктерді, мәліметтерді талдау мен графиктермен бірге модельдер құру аспаптарын қолдану, симуляциялар және аспаптармен жұмыстардың барлығы ғылыми зерттеулерге көмек береді.

Зерттеушілік дағдылардың өсуі мен дамуын талдау қажет. Оқушыларға жабдықтармен жұмыс істеуге, мәліметтерді талдауға, қарым-қатынас жасауға және шешімдерді талқылауға арналған көптеген мүмкіндіктеріне жағдай жасау маңызды. Ұсынылған педагогикалық тәжірибе осы мәселелерді шешуге бағытталған.

Мақсаты: Биология пәні бойынша зертханалық тапсырмаларды орындай отырып, күрделі ғылыми зерттеулерді жүргізуге көмектесетін аспаптарды басқару іскерлігін дамыту.

Осы мақсатты жүзеге асыруда қойылатын міндеттер:

- Оқушылар ХХІ ғасыр технологияларын қолданумен жасаған оқу материалдарын өңдеуге ғылыми зерттеулер дағдыларын дамыту;
- Мәліметтерді жинауға арналған электронды датчиктерді, демонстрацияларды және аспаптарды қолдана білуге үйрету;
- Оқушылар концептуалды пысықтау негіздерін, зертханалық үстелде жұмыс істеудің дағдыларын, электронды мәліметтерді жинауды қолдануды, жабдықтарды көрсету мен мәліметтерді түсіндіруді меңгерту;
- Әрбір зерханалық тапсырманы орындауда оқушыларды өз деректерін жинауға, талдау мен бағалауға және деректерде байқалатын тенденцияларды түсіндіруге үйрету;
- Зертханалық тапсырмаларды орындауда оқушыларға математикалық дағдыларды, метрлік сауаттылығын алуға және деректер талдауында тәжірибені жинауына көмек көрсету;
- Тереңдетіп оқыту және тереңдетіп оқытуға дайындау курстарының оқушысы зерттеу тақырыбы туралы деректерін түсіндіре білуге қалыптастыру;
- Оқушылар бастапқы идеяға негізделген зертханалық тапсырманы жобалауға, процедураларды орындауға, қорытындыларды жасауға және өз нәтижелерін бағалауға дағдыландыру;

Жаңалығы: Оқушылар зертханалық құрылғыларды пайдаланып, зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырады. Зерттеу әдісі оқытудағы басты үдеріс болып табылады.

Тәжірибе сабақ барысында 8 жыл көлемінде қолданылып, ұйымдастырылып келеді.

Тиімділігі: Оқушылар физикалық жаттығулардың, бидің жеке тұлғаның салауатты өмір салтын қалыптастыруда жүрек жұмысына әсерін теориялық, практикалық тұрғыдан меңгереді. Олардың өзара бірлесіп жұмыс жасауына, тәуелсіз ойлауына, өз идеяларын ұсына білуге ықпал етеді.

Оқушылар дене жаттығуларының жеке тұлғаның денсаулығы мен сымбатына әсерін практикалық тұрғыдан зерттеп үйренеді. Оқушылар жалпы мақсатқа жету үшін бірлесіп оқиды, өз бетінше ізденеді, өз білімдерін тексеріп бағалайды, достық қарым-қатынас жасайды, білімдерін нығайтады.

Оқушының алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыруы және өмірде қолдануы, кез-келген проблемалық жағдаяттардың шешімін таба білуі, оларды ізденіске баулу арқылы, өз бетінше жұмыстануға бағыттау мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылатын іс-әрекеттер. Зерттеулермен айналысқан оқушылар сұрақтар құрып, олардың жауаптарының нұскаларын ұйымдастырады. Олар жиналған мәліметтерді қалай көрсету керек екенін шешеді, мағлұмат алу үшін мәліметтерін біріктіреді, сонымен қатар алған білімдерінің дұрыстығын тексереді. Оқушылар өз міндеттерін анықтайды, сын тұрғысынан және логикалық ойлауды қолданады, сондай-ақ альтернативті түсініктерді қарастырады. Осылайша, оқушылар ғылымды түсінуін ғылыми білімдері мен ойлау дағдыларын қиыстыра отырып белсенді дамытады.

Төмендегі жағдайлар зертханалық дағдылар мен мәліметтерді талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі:

- Оқушыларға күрделірек зертханалық тапсырмаларды орындауға рұқсат беріңіз;

- Датчикті калибрлеу және математикалық есептеулер сияқты күрделірек техникалық тапсырмаларды әзірлеңіз;

- Қазіргі заманғы ғылыми аспаптарды қолдануға негізделген практикалық тапсырмалары бар тәжірибелер жүргізуге көптеген түрлі мүмкіндіктер жасаңыз;

- Мүмкіндігінше сыныптың деректерін құрып, салыстырыңыз;

- Мәліметтердегі өзгерістердің себептерімен қоса, ең жақсы түсініктемелерді анықтаңыз;

- Оқушыларға жинаған мәліметтерін гипотезаларына және сұрақтарды талқылағанда дәлел ретінде қолдануына рұқсат беріңіз;

- Оқушылардың өз зерттеулерінде нені қарастырғылары келетіндігі жайлы ұжымдық талқылаулар өткізіңіз.

Оқушылардың жүргізетін зерттеулерінің нәтижелері

Оқушыларға өздерінің жүргізіп жатқан зерттеулері жайлы хабарлауға мүмкіндік беру қажет:

- Ресми ғылыми мақалалар, презентациялар, бейнематериалдар, плакат түріндегі презентациялар оқушылардың оқып білген білімдерін бөлісудің әдістері болып табылады.

Оқытудың әдістері мен формалары

- Көрнекілік әдістер: слайд демонстрациясы, видеоматериалдар, SPARK құрылғысы, датчиктер.

- Сыни ойлау стратегиясы: «Ассоциация», «Инсерт», «Синквейн», «Венн диаграммасы»

- Сөздік әдістер: әңгіме дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме, жоба қорғау.

- Тәжірибелер: SPARK құрылғысы, датчиктер арқылы практикалық сабақтар жүргізу, Kahoot және т.б. бағдарламалар бойынша компьютерден тест тапсырмаларын орындау.

Оқушылар алдын ала танысатын ұғымдар

Оқушылар келесі ұғымдармен таныс болуы керек:

- Адамның қанайналым жүйесі жүректен, қан тамырларынан және сол арқылы ағатын қаннан тұрады.

- Физикалық жаттығуды орындау кезінде, дене бұлшық еттерін қан және оттегімен көп мөлшерде қамтамасыз ету үшін, сіздің жүрегіңіз жылдам соғады. Жаттығу қарқындаған сайын сіздің жүрегіңіз жылдам соғатын болады. Сондықтан жаттығуды орындау кезіндегі сіздің жүрек қағысыңыздың жиілігін бақылау, жаттығу қарқынын бақылау үшін өте жақсы әдіс болуы мүмкін.

- Темекі шегуді доғарып және дұрыс тамақтану арқылы, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға және оларды физикалық жаттығуларды орындай отырып бақылауға болады.

Қауіпсіздік шаралары

Осы аса маңызды қауіпсіздік ережелерін өздеріңіздің қалыпты зертханалық әрекеттеріңізге енгізіңіз:

• Оқушыларды қадағалауда абай болыңыз. Егер жаттығу келеңсіздік немесе ауру тудыратын болса, онда оқушыларды мәліметтер жинақтауды тоқтатуын сұраңыз.

Жалпы алғанда, бұл зертханалық жұмыстар биология пәнінен практикалық жұмыстарды орындауға, алған білімді пайдалана алу қабілеттеріне негізделген. Жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білетін, білімі терең өз өмірінде қолдана білетін, өз болашағына бағдар жасай алатын шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған.



Байназаров Қуат Кенгесович

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
Қызылтөбе лицейінің география пәні
мұғалімі

«Үздік педагог – 2020»

Педагогикалық тәжірибенің атауы: 7-сынып сабақтарында географиялық картамен жұмысты тиімді қолдану

География сабақтарында картаның көмегімен қарапайым және күрделі тапсырмаларды орындау үдерісінде оқушының бірінші кезекте берілген мәліметтерді білу және түсіну, географиялық есептерді шешу, картаны оқу және талдау, кесте, диаграммалар және визуализациямен жұмыс жасай алуына үлкен мән берілуі керек. Себебі, аталған дүниелер оқушының пәнге деген қызығушылығын, географиялық ұғымдарды терең меңгеруіне жол ашу үшін бастапқы курста басты назар аударуды қажет ететін дүние екені баршамызға белгілі. Бұл мақсатқа жетуде оқушының тек оқулықпен ғана емес, қосымша ақпараттармен де жұмыс жасай білу дағдыларын дамыту қажет. География пәнінің бірнеше салаларға бөлінетіндігі баршамызға белгілі. Сондықтан да сабақ үдерісінде оқулықтағы материалды жан-жақты түсіндірумен қатар, білім алушының кейбір мәселелерді өз бетімен оқып, жазып, талдаудың нәтижесінде мәселені біліп, үйреніп, жаттығуларды орындауына мүмкіндік жасау.

Міне осы жағдайды, яғни оқыту үдерісіндегі олқылықтардың орнын толтыруды мақсат етіп, аталған бағдарламада оқулықта және оқулықтан тыс берілген білімдерді терең үйреніп, оқушыларда пәндік дағдыларды қалыптастырудан тұрады. Осы жұмыстарды жүйелі түрде орындаған уақытта оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, өз бетінше терең білім алуына, тапсырмаларды орындауға деген құлшынысы артып, білімді меңгеруіне жол ашылады.

Білім алушылар зерттеушілердің жасаған жұмыстары мен зерттеулерінің мәні, географиялық деректер базасын қалыптастыру, тектоникалық үдерістердің себеп-салдарын сипаттау, сондай-ақ климаттық белдеулер мен табиғат зоналары, су ресурстарының, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің таралуын үйрену арқылы пән бойынша білімін қалыптастыру және әрі қарай дамытуда картаның маңызы түсіндіру.

Міндеті ретінде, білім алушыларға мектеп оқулықтарында және одан тыс берілген білімдерді меңгеруде, картада бейнелеуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың білім алуына нұсқау беру. Білім алушыларға мәліметтерді, географиялық карталарды талдап, берілген тапсырмамен жұмыс жасауға дағдыландыру. Географиялық картада кез келген аумақтың жалпы ерекшеліктерін бірден көз алдымызда елестетеміз, жер бетіндегі заттар мен құбылыстардың бір-біріне орай орналасуын, қасиетінің айқын көрінуі және т.б. білу. Географиялық картаның көмегімен белгілі бір аумақты зерттеу және игеруде, пайдалы қазбаларды іздеу, егіншілікке жарамды жерді есепке алу, су электр станциясын, зауыт, фабрикаларды, жол құрылысын жобалау, теңізде жүзу мен әуе қатынасы бойынша туындаған мәселелер оң шешімін табуы керек.

Бұл тәжірибенің ерекшелігі оқушылардың тапсырмалардың дерлік барлығын географиялық карталармен орындай білуі. Осы үдерісте баланың миында есте сақтау қабілеті артады, картаны талқылай алады, жәнеде осы алған білімдерін қолдана (әртүрлі сайыстарда, пән олимпиадаларында және т.б.) білуі негізгі ерекшелігі болады.

Білім алушыда білу, түсіну және қолдану деңгейінде картамен жұмыс жасау дағдысын меңгеру нәтижесінде әлемнің географиялық бейнесі, географиялық ойлау, әдістерді қолдана білу жәнеде географиялық мәдениет қалыптасады. 8-9 сыныптарға барған білім алушы картамен жұмыс жасау тетіктерін әрі қарай дамытып, электрондық карталармен жұмыс жасап географиялық деректер қорын жасақтай алады. Табиғи және экономикалық үдерістердің әрі қарай даму деңгейі мен ерекшеліктерін талдап, картадағы алдағы уақытта болатын өзгерістерге болжам жасай алады. Қоршаған ортада болып жатқан оқиға мен құбылыстарды үйрену нәтижесінде табиғатты қорғауға деген құлшынысы артады. Бағдарлама бойынша алған білімдерін өмірде қолдана алады.

Осы тәжірибемді 2019-2020 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектеп және лицей оқушылары үшін қолданып келемін.

География пәнінің салалары мен олардың ерекшеліктерін үйренуде картаның маңызы, тау жыныстары мен минералдардың таралуын шартты белгілер арқылы картада белгіленуі, климат белдеулері мен табиғат зоналарының ерекшеліктері, визуализация, кесте, тірек сызба, диаграмма, графиктерді талдау, елдердің мемлекеттік құрылымы мен басқару формасы бойынша ерекшеліктерін танып біледі.



Бегейбай Дина Медетқызы
Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
Ф.Оңғарсынова атындағы №29 ЖББМ
география пәні мұғалімі
«Үздік педагог-2018»

«Елтану және саяси география» бөліміне арналған көмекші оқу құралы.

Бұл көмекші оқу құралы жалпы білім беретін мектептердің география пәні бойынша 7-9 сыныптар үшін «Елтану және саяси география» бөліміне арналған.

Дүниежүзі елдерінің орналасу ерекшелігі мен елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға беруге, елдерді басқару формалары және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыруға, саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістердің ерекшеліктерін анықтауға машықтанады. Сондай-ақ бірін - бірі бақылау, бағалау, пікір айту, баяндау, проблемалық, ізденушілік, шығармашылыққа бейімдеу, ауызша сөйлеу дағдысын дамытып, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады.

Оқушылардың дүние жүзі елдерін тануы, географиялық орны, жер аумағы, жер бедері, қазба байлықтары, шаруашылығы, экономикасы, әлемдегі алатын орнын танып білуіне басты назар аудара отырып, берілген тапсырмаларды да барынша тиянақты, логикалық ойлау жүйесін дамытатын деңгейде құрастырылды. Ойлау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамытып отыру ескерілді. Сонымен бірге басқа елдермен Қазақстанды салыстыра отырып, қорытынды шығара білуге бағытталды.

2) Өзектілігі, негіздемесі:

- Оқушылардың теориядан алған білімдерін әртүрлі әдіс-тәсілдермен ұсыну;
- Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруда түрліше тапсырмалар беру арқылы жаңашылдыққа бағыт беру;
- оқушылардың мәліметтерді, карталарды талқылап, ой елегінен өткізіп, берілген тапсырмаға сипаттама беруге дағдыландыру;
- интернет, мұрағат, статистикалық деректермен жұмыс істеу, жүйелі қорытынды шығару дағдыларын қалыптастыру;
- Алдына қойған мәселелерге сараптау, айқындау, жіктеу, дәлелдеу, қажет болса болжам жасау негізінде өз көзқарасын білдіруге үйрену

3) Мақсаты «Елтану және саяси география» тақырыбындағы көмекші оқу құралы елдердің географиялық орнына, дүниежүзі елдерінің саяси экономикалық жағдайына баға бере отырып, оқушылардың тереңдетілген тапсырмаларды орындауына аса мән беріп, ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Әрбір оқушының түрлі қасиеттерін ашу, білімге құштарлығын арттыру, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру. Мұғалімдердің жұмысын жеңілдету.

4) Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы Бұл жұмыстың басқа жұмыстан ерекшелігі орта мектептердің мұғалімдері мен оқушыларына көмекші құрал ретінде тек қана мектеп қабырғасында ғана емес, пәндік олимпиадаларда ойлау дағдыларын дамытып көмекке келуі. Оқушылардың өз бетімен жұмыстарды орындауына оң ықпал етуі. Осы үдеріс негізінде оқушылардың есте сақтау қабілеті артады, картамен, кестемен, статистикалық ақпараттармен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады. Алған білімдерін қолдана алады (түрлі сайыстар мен пәндік олимпиадалар және т.б.).

5)Тәжірибе неше жылдан бері іске асып келеді? Екі жыл

6)Тиімділігі (Тәжірибені іске асыру барысында қандай нәтижелерге қол жетті.

Пәндік олимпиадаларда оқушыларым үздік нәтиже көрсетіп, республикалық кезеңнен күміс, алтын медаль иеленді.

7) Тәжірибені басқа педагогтер, мектептер қалай қолдануы керектігі туралы кеңестер?

Тәжірибені басқа педагогтер сабақтарында пайдалана беруге болады, 7-9 сынып оқушылары үшін арнайы жас ерекшеліктері ескеріліп жасалынған тапсырмалар болғандықтан ешқандай қиындық тудырмайды, алайды дарынды балалармен жұмыс жасағанда тереңірек тапсырмаларды пайдалануға болады.

Туындаған мәселе

«Елтану және саяс география» география ғылымы үшін маңызды тақырыптардың бірі, оқушылардың тапсырмаларды орындағанда, картамен жұмыс жасағанда бірнеше қателіктер жіберетін болғасын, сондай-ақ интернет ресурстарында ақпараттарды орыс және ағылшын тілдерінде пайдаланып жүргесін, пәндік олимпиадаларда оқушылар үшін қиындық келтіретін тақырыптар болғасын осы тарау бойынша жинақтап көмекші оқу құралын жасап шығаруды мақсат еттім.

Бұл бойынша ойымды жинақтап SMART мақсат қойдым, талдау жасар болсам:

С - нақтылық: бұл әдістемелік құралда жоспарға сай нақты бөлімдер бойынша жұмыстар жүргізіліп, нәтижелі білімге қол жеткізу;

М - өлшенушілік: оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және пәндік олимпиадалар сияқты білім жарыстарында бағын сынап, биіктен көріну;

А - қол жеткізушілік: талантты да дарынды шәкірттеріміздің арқасында абыройға қол жеткізу;

Р - шынайылық: өзге әріптестеріммен ұдайы байланыс жасап, тәжірибе алмасып отыруым, БАҚ беттерінде нәтижемен бөлісу;

Т - уақытпен белгіленген: түрлі сайыстарға қатысып, мақсатқа жеткендігімді дәлелдеп отыру.

Жаңашылдығы

- Жұмыстың негізгі жаңалықтарының бірі мұғалімдер мен оқушыларға көмекші құрал ретінде пайдалану;
- Оқушылардың «Елтану және саяси география» бөлімі негізінде орындалатын тапсырмалардың ерекшелігі мен түрлі олимпиадаларда келіп, талқыланатын есептерді шешуде кеңінен қолдану;
- Оқушылардың әлем елдерін түрліше сипаттап, деңгейлерге бөліп, ажырата отырып, өз елімен салыстырып, түрлі статистикалық ақпараттарды пайдаланып, шешім шығарып, еліміздің тәуелсіздігінің нығаюына өз септігін тигізуге деген сенімінің қалыптасуына оң әсер ету;
- Оқушылардың өз сыныптастары мен замандастары арасында алған білімдерін талқылап, олар әрі дамытуға ұмтылуы.

Өзектілігі

Осы тапсырмаларды меңгеру барысында оқушыларда географиялық білім мен дағды, елдердің геосаяси жағдайы, елдерге географиялық-экономикалық тұрғыдан баға беруі қалыптасады. Алған білімдерін өмірде қолдануы мен нақты шешім шығару дағдысы қалыптасады.

Қорытынды:

Ұлтты ұлт етіп, оны әлемдік деңгейге көтеретін – дарынды да талапты ұрпақ. Сондықтан әрбір ұстаз алдындағы міндет – өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәулесі бар, талапты шәкіртті тани біліп, оқушы дарынын ашып, оны дамыта білу.

«Елтану және саяси география» атты көмекші құралда оқушылар алған білімдерін өмірде қолданып, санасына сіңіруіне және интеллектуалды дамыған жеке тұлға болып қалыптасуында пән мұғалімдерінің мынадай жағдайларды ескеруі қажет деп санаймын:

- ✓ Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- ✓ Ерекше қабілетті оқушыны анықтау;
- ✓ Оқушылардың жас ерекшелігін, мүмкіншілігін, қызығушылығын ескеру;
- ✓ Оқушыларға қолдау көрсету, әлеуметтік жағдайын ескеру;
- ✓ Шешім шығаратын кезде түрліше жауаптарды қабылдай алу және т.б ескерілу қажет.

Қазіргі экономикалық, экологиялық дағдарыс кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуында ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы – ұстаз қолында.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет – білімді де, білікті жас ұрпақты тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың логикалық ойлау қабілеті жоғары болуы қажет.

Республикамыздың ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі – еліміздің гүлденуі, өсіп өркендеуіне өз үлесін қосар жоғарғы білімді, мәдениетті жастарды тәрбиелеу.



Сайлаубеков Айдос Жасұланұлы
Абай облысы, Абай ауданы,
Қарауыл ауылы
«Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия интернаты» КММ,
химия пәнінің мұғалімі
«Үздік педагог – 2022»

«ХИМИЯ ПӘНІН ЖОБА НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ»

Қазіргі таңда көптеген ұстаздарды толғандырып жүрген бір мәселе бар. Ол - оқушылардың сабақ оқуға деген қызығушылықтарының жастары есейген сайын төмендеп бара жатқаны. Балалардың оқуға деген қызығушылығын жалпы сынып белсенділігі ретінде қарастырсақ, ең жоғарғы дәреже бастауыш сынып кезінде болады. Одан кейін орта буында бұл көрсеткіш азая түседі де, сол қарқынмен азая-азая бітіретін жылға келгенде ең төменгі дәрежеге түседі. Ең өкініштісі, кейбір мұғалімдердің де, ата-аналардың да ырқына көнбейтін жағдайлар жоқ емес.

Жоба әдісімен оқыту шетелде оның ішінде Финляндияда жақсы дамығанын білеміз. Қазақстанның білім беру аумағында бұл әдіс біртіндеп енгізілуде. Оқушылардың пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттыруда, сыныптары жоғарлаған сайын танымдық ізденімпаздығы төмендемеуіне жоба әдісін қолдану ыңғайлы екені білім беруші қауымға белгілі.

Технологияның даму қарқыны дұрыс, әрі тиімді жоспарланбаса, оқытушылардың еңбектерінің жемісін көре алмауы олардың өз жұмысының дәрежесінен қанағаттанбауға алып келеді. Қай жерде қателік жасадым? Неге оқушылар сабақты тыңдамайды? Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру үшін не істеуім керек деген сияқты сұрақтар әрбір білікті ұстаздың ойын мазалауы тиіс.

Осындай мәселелердің шешімдерінің бірін білім беруді жоба негізінде жүргізу деп айта аламын. Көптеген елдердің мыңдаған пән мұғалімдерінің тәжірибесіне негізделген зерттеу нәтижесі соның дәлелі ретінде қарастырыла алады.

Әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дарындылықтың табиғаты шексіз екенін, сондай-ақ оған ықпал ететін факторлардың да сан қырлы болатынын көрсетеді. Бірақ дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады. Балалардың дарындылығын дамытудағы бұл құралдың мәні, ең алдымен, зерттеушілік ізденістің жаратытылыстан бөлінбейтін құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады.

ӨЗЕКТІЛІГІ: Жобалау қызметі оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, бастапқы ойды практикалық деңгейде іске асыру барысында оқушылар алда тұрған міндетке сай құралдарды тандап, шешімдер

қабылдайды. Шешімдердің бірнеше нұсқаларын әзірлейді, стандартты емес шешімдерді іздеп, ең қолайлы шешімді табады және іске асыру қабілетін дамыта алады.

МАҚСАТЫ: Жоба негізінде оқыту арқылы оқушылардың жаратылыстану-ғылыми, креативті ойлау және іздену-зерттеушілік дағдысын дамыту.

МІНДЕТТЕРІ:

- Оқушыларды ғылыми негізде ойлауға бағыттау;
- Мақсат қоюға, жоспарлауға және бақылауға үйрету;
- Жинақталған ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін және деректерді талдаудың қарапайым нысандардын меңгерту;
- Жобалық тапсырмаларды шығармашылықпен орындау икемділігін қалыптастыру.

Дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады. Осындай мәселелердің шешімдерінің бірі білім беруді жоба негізінде жүргізіп, оқыту.

ЕРЕКШЕЛІГІ: Химия пәнін жоба негізінде оқыту арқылы оқушылар өздері жазған ғылыми жобаларымен республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының қорытынды кезеңі мен облыстық кезеңдеріне қатысып, жүлделі дипломдарға ие болды.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ:

- Химия бойынша жалпы және арнайы білім мен дағдылар деңгейі артады.
- Өз бетімен жұмыс жасау - іздену дағдыларының, интуициялық ойлау қабілеттіліктерінің қалыптасуына ықпал етеді.
- Зертханалық жұмыстар мен практикумдар жүргізу кезінде өлшеулерді дұрыс жүргізіп, алынған нәтижені бағалай алуға және кешенді есептерді шығара білуге үйренеді.
- Ғылыми және әлеуметтік жобаларды өз бетінше жоспарлап, орындайды.

Тәжірибе 2021-2022 оқу жылынан бастап жүзеге асып келеді және жемісін көрудеміз. Оқушылар республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурстарында және «Зерде» шығармашылық конкурстарында жылда жүлделі орындарға ие болады. Авторлық бағдарлама 34 сағатқа арналған. Аталған курсты өткізу уақыты I –IV тоқсанға бөлінген. Бұл авторлық бағдарламаны мамандандырылған мектептерден бөлек жалпы орта білім беретін мектептердің де мұғалімдері қолданға болады.

Бағдарламаның мазмұны

Кіріспе (4 сағат)

Зерттеу және жоба. Жобалардың түрлері. Химия бойынша жобалық - зерттеу жұмысының ерекшеліктері. Зерттеудің ғылыми әдістері.

№ 1 бөлім. Кезеңдерді жобалау - зерттеу (5 сағат)

Дайын жобаларды талқылау. Зерттеу тақырыбы, нысаны және пәні. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу әдістерін таңдау. Мәселені белгілеу және болжамдарды ұсыну, болжамдарды тексеру әдістері.

№ 2 бөлім. Ақпаратты іздеу (7 сағат)

Мектеп кітапханасында каталогтармен, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу. Интернеттен ақпарат іздеу. Сауалнамалар, сұрақнамалар, сұхбаттар құру. Пікіртерім, сұхбат жүргізу ережелері. Сауалнамаларды талдау және сауалнама нәтижелерін қорытындылау. Әр түрлі диаграммаларды құру. Кестелермен жұмыс.

№ 3 бөлім. Зерттеуді ұйымдастыру (8сағат)

Топта жұмыс істеу ережелері. Зерттеу топтары, зерттеу нысаны және зерттеу пәні негізінде жоба тақырыбын анықтау. Болжамдарды ұсыну, зерттеу әдістерін таңдау. Таңдалған зерттеу тақырыбы бойынша ақпаратты жинау және өңдеу. Алынған мәліметтер бойынша математикалық статистикалық талдау өткізу. Таңдалған тақырып бойынша эксперимент, диагностика жүргізу. Зерттеу жұмысының Қосымшасын құру.

№4 бөлім. Жұмыстарды рәсімдеу (5 сағат)

Жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптар. Материалды жалпылау. Библиографиялық материалды рәсімдеу ережелері. Зерттеу нәтижелері мен алынған мәліметтерді алдын-ала тыңдау.

№ 5 бөлім. Жұмыстарды қорғау (5 сағат)

Жұмысты қорғау мәтінін дайындау. Презентацияны дайындау. Жұмыстарды қорғау. Әр түрлі деңгейдегі конференцияларға қатысу. Жұмысты қорытындылау. Рефлексия.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында төменгі сынып оқушыларының ғылыми жоба қорғаудағы жоғары жетістіктеріне жеткендігін көреміз. Бағдарламаның білімділік аймағы болып оқушылар бойында материалистік ғылыми көзқарастың қалыптасуы мен тәжірибелік, эксперименттік қабілеттерінің дамуы саналса, ал зерттеу пәні зияткерлік шығармашылықтарының дамуына бағытталған. Оқушылар кезең-кезеңмен зерттеу жұмысын жүргізу әдістемесін меңгеріп, өз жұмыстарының қорытындысы ретінде ғылыми жоба ұсынады. Осыдан білімді бақылаудың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну формасы мен тәсілдерін көреміз.

Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылайтын болсақ ғылыми жобаны әсіресе төменгі сынып оқушыларымен ғылыми-жаратылыстану пәндерімен орындау мұғалімдерге қиындық туғызатыны белгілі. Ғылыми жоба шындығында ғылыми түрде болуы, оның ғылыми негізделген жаңалығы, практикалық маңыздылығы болуы аса маңызды.

Осы авторлық бағдарламаны «Химия пәнін жоба негізінде оқыту» 7 сыныпқа арналған элективті курсының авторлық бағдарламасын химия пәні мұғалімдері өз іс-тәжірибесінде ұтымды қолдануына болады.



Адият Махсат

Алматы облысы, Жамбыл ауданы

химия пәні мұғалімі

Б.Қыдырбекұлы атындағы орта мектеп

«Үздік педагог-2022»

**Білім берудегі инновациялық технологиялар:
UnrealChemist- платформасын зерханалық, практикалық
сабақта құралы ретінде**

Химия пәнін балаға түсінікті, қызықты етіп өткізу үшін жаңа технологияларды, соның ішінде әртүрлі зертханалық және практикалық жұмыстарды, химиялық жабдықтар мен химиялық реактивтер қажет етеді. Сондықтан химия сабақтарында смартфонда қондырылған платформаны пайдаланып, химиялық реактивтерді өзара қосу арқылы реакцияға нәтижесінде, химиялық өзгерістер мен құбылыстарға қорытынды жасау болады. Бұл **UnrealChemist**-платформасы химия зертханалық кабинетінде қажетті (қышқыл, негіз, тұздар, ерітінділері, металдар, бейметалдар) орналастырылған.

Өзектілігі: Химия пәніне оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, UnrealChemist платформасы арқылы зертханалық және практикалық жұмыстарды виртуалды көрсету, оқушы өз бетімен білім алуға, өзіндік танымдылық дағдыларын қалыптастыру.

Мақсаты: Химия пәнін оқытуда сандық технологияны тиімді пайдалану арқылы *оқу мақсаттарына* жету.

Міндеттері: Әр оқушы қолындағы ұялы құралдарын химия сабағында, сандық технологияны пайдалану мүмкіндері арқылы өз бетімен жұмыс жасау, алынған білімді өз өмірінде қолдана білуге дайындау.

1. Туындаған мәселе:

-Көптеген мектептер мен орта білім беру мекемелерінде, химия кабинеттерінде химиялық құрал-жабдық пен реактивтердің аз болуы. Оқушылар алған теориялық білімін практика мен ұшастыра алмауы..

2. Шешім, инновациялық процесс

Қалай: Жаһандық құзыреттілікті дамыту үрдісінде химиялық сауаттылықты оқыту және оны оқушы өмірде қолдана алу өзекті болып табылады. Оқытудың қазіргі заманғы технологиялары **UnrealChemist платформасын** қолдану.

Бұл платформа не үшін:

- ✓ Әрбір оқушы ұялы телефонға көшіріп алады.
- ✓ Жеке зертханалық кабинеті болады.
- ✓ Уақытты үнемдейді.
- ✓ Техника қауіпсіз ережесі толық сақталады.
- ✓ Оқушылардың ойлау дағдылары артады.
- ✓ Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік болады.
- ✓ Оқушы өзің-өзі бағалай алады, деңгейін біледі.

✓ Өмірде алған білімін практикада пайдалана алады, өмір қауіпсіздігі мен химия ғылымның негізі білімін игереді.

✓ Бір рет көшіріп алса болды, ары қарай ұялы байланыс қажет етпейді, телефон жадын көп толтырмайды.

Қалай жүзеге асады?

Өткізетін сабаққа «SMART (тиімді жоспар)» құру арқылы жүзеге асады.

S- нақты	Зертханалық және практикалық жұмыстар
M-өлшемді	Химиялық реактивтер мен қажетті құрал жабдықтар
A -қолжетімді	Әр оқушыға қолындағы ұялы телефондары. (Оқушының өмір қауіпсіздігі мен техникалық қауіпсіздік ережелері)
R - шындыққа негізделген	Сабақтағы оқу мақсаттарын сәйкес реактивтерді дайындау
T - уақытпен шектелген	Зертханалық жұмысты сол уақытта көрсету, жылту, өлшеу, кестеге жазып отыру

Нәтижесінде:

-Оқушылардың ғылыми ойлауына мүмкіндік жасайды.

-Білім алушылардың химиялық зертханалық жұмыс жасау арқылы (есептеу, өлшеу, бақылау, эксперимент жүргізу, сызбалар құрастыру және т.б.) білім дағдыларын қалыптастырады.

-Пәнаралық деңгейде білімді жалпылау үдерісін жеңілдету және осы деңгейде білім алушылардың қоршаған ортамен байланысын жетілдіру,

3.Жаңышылдығы:

-Оқу мақсаттарына сәйкес ақпараттар мен химиялық кабинеті автоматты түрде жаңартылып отырады.

-Компьютерлерден де, планшеттерден де, телефондардан да кез-келген құрылғыдан жұмыс істеу мүмкіндігі болады.

-Оқушылар химиялық реактивтер пайдаланып реакцияларды әрекеттестіріп химиялық реакциялардың түрлендіреді.

-Берілген элементтер бойынша химиялық өзгерістерді, химиялық реакцияларды басқа оқушыларға көрсетеді.(Жеке-жұпта-топта-ұжымда жұмыс жасайды)

4 Өзектілігі

Сабақты жоспарлау кезінде сабақтың мақсатын нақты тұжырымдап, соған сүйене отырып, **UnrealChemist платформа мүмкіндіктерін** пайдалану

5. Ғылымилығы:

Халықаралық білім стандарттары мен оқу мақсаттарна негізделіп құрылған. Ол жалпы орта білім алушылар осы платформаны пайдаланады. Әр оқушы бірдей тапсырмаларды дербес орындайды немесе мұғалім білім алушыларға олардың оқу деңгейлерін ескере отырып жеке тапсырмалар дайындай алады.

6).Практикалық маңыздылығы:

Химия пәнінен зертханалық және практикалық жұмыстарды UnrealChemist платформасы арқылы вертуалды көре алады, өз қолымен жұмыс жасау арқылы сабақтың оқу мақсаттарына жетеді.

Практика№1

7.3А Химиялық реакциялар Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау».

Нұсқау: Мұғалім анықтауға тиісті жұмыстың ретін жазады.



№	индикаторлар	NaOH	HCl	қорытынды	Индикатор	Ортадағы индикатордың түсі		
						Қышқылдық	Сілтілік	бейтарап
1	лакмус				Лакмус			
2	Фенолфталеин				Фенолфталеин			

Дискриптор:

-химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін біледі.

-рН шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтайды.

Практика№2

Металдардың жемірілуі және оның алдын алу №1 практикалық жұмыс «Металдардың белсенділігін салыстыру» 8.2.4.7 -эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру 8.2.4.8-металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау

Нұсқау: Мұғалім анықтауға тиісті жұмыстың ретін жазады

Дискриптор:

-Эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіреді.

-Металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжайды.



Практика №3

Катиондарға сапалық реакциялар. №3 зертханалық тәжірибе «Li⁺, Na⁺, K⁺, Ca²⁺, Sr²⁺, Ba²⁺, Cu²⁺ катион-дарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау». 9.4.1.8 - Li⁺, Na⁺, K⁺, Ca²⁺, Sr²⁺, Ba²⁺, Cu²⁺ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау

Нұсқау: Мұғалім анықтауға тиісті жұмыстың ретін жазады



Дискриптор:


-«Li⁺, Na⁺, K⁺, Ca²⁺, Sr²⁺, Ba²⁺, Cu²⁺ катион-дарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтайды

-Li⁺, Na⁺, K⁺, Ca²⁺, Sr²⁺, Ba²⁺, Cu²⁺ металл катиондарын анықтайды, жалын түсінің боялу реакциясын жүргізеді, және сипаттайды.

Практика №4

Практикалық жұмыс №1 «Денатурация және ақуыздардың түсті реакциялары» 11.5.1.25 ақуызға сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жасау; 11.5.1.26 ақуыздардың денатурациясы реакциясын тәжірибе жүзінде жасау

Нұсқау: Мұғалім анықтауға тиісті жұмыстың ретін жазады




Дискриптор:

Ақуызға сапалық реакцияларды вертуальды жасайды.
 Ақуыздардың денатурациясы реакциясын вертуальды жасайды.

6.Тиімділігі:

- ✓ Жеке-жұпта-топта-ұжымда жұмыс жасайды.
- ✓ Уақытты тиімді пайдаланады.
- ✓ Тапсырмалар түрленеді.
- ✓ Мектеп оқушыларын ғылыми-зерттеушілік әрекетке баулиды;
- ✓ Орындаған тапсырмалар сабақтың **оқу мақсаттарына** сәйкес келеді.
- ✓ Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік болады.

Мұғалім жұмысының жүзе асуы



Қорытынды

Жаһандық құзыреттілікті дамыту үрдісінде химиялық сауаттылықты оқыту және оны оқушы өмірде қолдана алады. Оқушы тақырыпқа байланысты білімді, практика мен ұштастырады. Алған білімін іс-жүзінде қолдану, іскерлігі мен дағдысын қалыптасады. Функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылары қалыптасады. Химиялық сауаттылыққа арналған әртүрлі тапсырмаларды орындау дағдылары қалыптасады. Химиялық-теориялық білім беруде әртүрлі деңгейдегі мәліметтерді оқыту, оқушы өз бетінмен ізденеді, орындауға арналған тапсырмаларды іріктейді, ұсынады, орындайды, талдайды, оқу дағдылары қалыптасады. Химия пәнінен сандық есептеулер жүргізу және тәжірибелер жасауға арналған жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы өз білімдерін жүйелейді, өз білім деңгейлерін біледі, күрделі тапсырмаларды орындау дағдысы қалыптасады. Берілген тапсырмаларды орындау арқылы креативті ойлайды, құзыреттілікті базалық білім арқылы сыни-кәтерлерден алдын алады. Оқушының жұмысы дұрыс ұйымдастырылғанда ғана оқушы тапсырманы өз бетімен дұрыс орындайды.



Молдадосова Алтынай Кайыповна
Түркістан облысы, Жетісай қаласы
Жетісай ауданының мамандандырылған
«Дарын» мектеп-интернаты
«Үздік педагог-2020»

**«Зерттеу қызметінің негіздері» атты элективті курсты енгізу
арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту
Абстракт**

Қазіргі уақытта білім берудің маңызды міндеті оқушылардың зерттеу қызметіне бағытталған зерттеу дағдыларын жан-жақты дамыту болып табылады. Оқушыларды зерттеу қызметіне тарту оларға жаңаны ойлап табуды, түсінуді және игеруді, өз ойын білдіруді, шешім қабылдай білу, қызығушылықтарды тұжырымдау мен өз қабілетінің жаңа қырын ашуға мүмкіндік береді. Оқушының ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту арқылы мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін дамытып, көптеген кәсіби жетістіктерге жетуге болады. Педагогикалық тәжірибеде оқу үдерісіне вариативті компонент ретінде элективті курсты енгізу арқылы күнделікті сабақ барысында қол жеткізуге қиындық туғызатын оқушы бойында алғашқы ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған авторлық бағдарлама ұсынылып отыр. Авторлық бағдарлама 34 сағатқа бөлініп, жоғары сынып оқушыларына өткізу ұсынылады. Авторлық бағдарламада оқушыны алғашқы ғылыми білімдермен таныстырудан бастап, ғылыми жобаның өзектілігі, мақсат-міндетін қою, ғылыми танымның әдістері, жаңалығы, әдебиетпен жұмыс, ғылыми жобаға сілтеме қою сияқты ғылыми жобаның әр кезеңіне егжей-тегжей тоқталып, оқушы тақырып таңдағаннан қорғап шыққанға дейінге қадамдар сүйемелденген. Сондықтан бұл тәжірибе ұстаздар қауымы тарапынан кең қызығушылық сұранысқа ие болып отыр.

Өзектілігі: Қазіргі қоғамда болып жатқан оқиғалар білім беруді өзгертуді талап етеді. ҚР негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың мынадай: элеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай алу; Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттік алуан түрлілігін құрметтеу; шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлау; коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу; өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге талпыну сияқты қабілеттері дамуы тиіс делінген. Ал оқушы бойында бұндай дағдыларды дамыту үшін оқу үдерісінде, вариативті компоненттерде ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастырудың маңызы ерекше.

Негізгі орта білім берудің негізгі міндеттері білім алушылардың:

- 1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;
- 2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін;

- 3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын;
 - 4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын;
 - 5) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын;
 - 6) қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын
- калыптастыру мен дамыту болып табылады десек бұл міндетке қол жеткізуде тұлғаға бағытталған оқыту арқылы қол жеткізуге болады.

Кәсіби маманның жетістігі оқушының жетістігімен өлшенеді десек, оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі ғылыми жобалар конкурсына, пән олимпиадалары мен түрлі деңгейдегі сайыстарға дайындауда оқушының ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту өте маңызды. Бойында өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту, жобалауға, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру, сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдылары қалыптасқан оқушы кез-келген конкурстар мен сайыстарда жүлдесіз болмайды. Осы тұрғыдан келген **ұсынылып отырған тәжірибе «Зерттеу қызметінің негіздері» атты элективті курсын оқу үдерісіне енгізе отырып**, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту, пән бойынша түрлі деңгейдегі ғылыми-жобалау конкурстарына дайындау, оқушыны ғылымның алғашқы негіздерімен таныстыруға бағытталған.

Өз тәжірибемді қалалық, аудандық, облыстық деңгейде тарата отырып, кері байланыста мұғалімдер тарапынан оқушыларды ғылыми жобалар жазу мен пән олимпиадасына дайындаудағы қиындықтардың бар екендігі, оны шешудің оңтайлы тәсілдері ұсынылмағандығы жайында көптеген сауалдардың түсуі осы кейсті жасауыма себеп болды.

Мақсаты: 9-11 сыныптың оқу үдерісіне вариативті компонент ретінде «Зерттеу қызметінің негіздері» атты элективті курсын енгізу арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту және жетістікке жету.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қоямыз:

- Оқушыларды зерттеу қызметінің негіздерімен таныстыру;
- Ғылыми-танымның методологиялық негіздерін талдау;
- Зерттеудің ғылыми аппаратын жасау;
- Ғылыми әдебиетпен жұмыс түрлерін игеру;
- Ғылыми жұмысты рәсімдеуді меңгеру;
- Көпшілік алдында қорғауға дайындық
- Дайын ғылыми жобаны ұсыну.

Тәжірибенің ерекшелігі, артықшылығы. Бұған дейінгі мен танысқан көптеген тәжірибелерде көбінесе сабақ үстіндегі ғылыми-зерттеу дағдылары қарастырылып, ол өте әлсіз, үстіртін, нәтижеге бағытталмаған сипатта болса, бұл тәжірибенің айырмашылығы элективті курсты меңгеру барысында мұғалім тұлғаға бағытталған оқыту әдісін қолдана отырып, нақты бір нәтижеге жұмыс жасайды. Тұлғаға бағытталған оқытудың мәні оқу субъекті ретінде өз тәжірибесінде басынан өткізе отырып, жеке тұлғаның белсенділігін арттыруға жағдай жасау деп қарауға болады. Тұлғаға бағытталған білімнің негізгі сипаттары:

- **Мотивациялық** - тұлғаны өз қызметін қабылдауы мен негіздеуі;

- **Делдалдық** - жеке тұлға мінез-құлықтың сыртқы әсерлері мен ішкі импульстарына делдал болады; жеке тұлға және іштен бәрін шығармайды, ұстамайды, әлеуметтік форма береді;

- **Сыни** - жеке тұлға ұсынылған барлық құралдарға сын көзбен қарайды, таңылған нәрсе наразылық тудырады; жеке тұлғалық ол өзі жасаған және сырттан әкелмеген нәрсе;

- **рефлексивті** – тұрақты "мен" бейнесін құру және санада ұстау;

- **семантикалық-тұлға** үнемі нақтылайды, мағыналар иерархиясын тексереді;

- **бағдарлау-әлемнің** жеке-бағдарланған бейнесін, жеке дүниетанымын құру;

- **ішкі әлемнің автономиясы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету-тәуелсіздікке ұмтылу;**

- **шығармашылық түрлендіргіш** – шығармашылық – жеке тұлғаның өмір сүру формасы; шығармашылық қызметтен тыс тұлғалар өте аз, кез-келген іс-әрекетке тұлға шығармашылық сипат береді;

- **өзін-өзі жүзеге асыру** – айналасындағыларға өзіндік «Менін» танытуды қамтамасыз етуге ұмтылу;

Көріп отырғанымыздай тұлғаға бағытталған оқыту әдісін пайдалана отырып, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын кешенді түрде дамыту тиімді бола түседі.

Элективті курсты игеру нәтижесінде білім алушы мынадай дағдыларды игеріп, оны жүзеге асыруға немесе білімді игеруге қол жеткізеді:

- зерттеу тақырыбын таңдай білуі, оның жоспарын құра білуі;

- әдебиеттерден таңдап, зерттеуді жүзеге асыру әдістерін дербес әзірлей білуі;

- озық педагогикалық тәжірибені жинақтап, өзінің тәжірибелік - эксперименттік жұмысын ұйымдастыра білуі, қажетті қорытындылар мен қорытындылар жасай білуі тиіс.

- сауалнамаларға, тесттерге материалдарды таңдай білу;

- сауалнама, тестілеу, әңгімелесу, сауалнама, байқау жүргізе білу;

- зерттеу нәтижелерін талдай, өңдей және ұсына білу;

- зерттеу объектісі мен нысанасын анықтай білу;

- мақсат пен міндеттерді тұжырымдай білу;

- өзінің зерттеу жұмысында объектіні, тақырыпты, мақсатты, міндеттерді, зерттеу әдістерін анықтаудағы қателіктерді анықтай және түзете білу;

- каталогтарды (тақырыптық, алфавиттік, электрондық) пайдалана білу;

- әдеби көздермен сауатты жұмыс істей білу, ғылыми-танымдық мақаланың жоспарын, тезисін, конспектісін жасай білу;

- аннотацияланған картотека жасай білу;

- зерттеу жұмыстарында мәтіндік, кестелік, иллюстрациялық материалдарды, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып сауатты ұсына білу;

- бітіру біліктілік жұмысы бойынша қорғаныс сөзін құра білу.

Тәжірибе 2017 жылы қолға алынып, эксперименталды түрде бірнеше оқу жылы барысында сынақтан өтті. Нақты оқу үдерісіне 2020-2021 оқу жылынан енгізіліп, осы күнге дейін нақты көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Тәжірибені іске асыру барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді. Оқушылар түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаға, ғылыми жобалар конкурсына қатысып, республикалық кезеңнің жеңімпаздары болды.

	Түрлі деңгейдегі сайыстар	Облыстық кезеңнің жеңімпаздары	Республикалық кезең
1	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеу жобалар конкурсы	29 оқушы	12 оқушы
2	Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасы	38 оқушы	6 оқушы
3	«Менің кіші Отаным» зияткерлік сайысы	16 оқушы	4 оқушы
4	«Ясауи» олимпиадасы		6

Жалпы бұл тәжірибе оқу процесіне соның ішінде оқушылар бойында ғылыми-зерттеу дағдыларымен қатар жеке басында тиянақтылық, ұқыптылық, бастаған істі соңына дейін жеткізу сияқты әдеттермен қатар жеке тұлғалық лидерлік қасиеттердің оянуына, көпшілік алдында ойын еркін жеткізу, топта жұмыс жасау, өз сөзіне сендіре алу сияқты қасиеттердің дамуына ықпал етті. Ең басты жетістік оқушының кез-келген жағдаятта тиімді шешімдер қабылдай алу дағдысын қалыптастырды. Оқушылардың жеткен жетістіктері мектебіміздің обылыс бойынша I орынға, Республикадағы «Үздік-100 мектеп» қатарынан көрінуіне ықпал етті.

Бұл тәжірибе вариативті компонент болғандықтан таңдауы бойынша барлық педагогтер қолдануға ұсынылады. Ең бірінші оқушының қызығушылығын назарға алу қажет. Егер пән мұғалімі ғылым негіздерін жақсы меңгеріп тұрса аса қиындық туғызбайды. Ескеретін жайт оқушы саны көп болса және ғылым негіздеріне қызығушылығы болмаған жағдайда қиындық туғызуы мүмкін.



Турышева Асел Муратбеековна
Шымкент қаласы
Дарынды балаларға арналған №1
мамандандырылған ІТ лицей-
интернатының биология пәні мұғалімі,
«Үздік педагог-2021»

«МӘСЕЛЕГЕ БЕЙІМДЕП ОҚЫТУ» ӘДІСІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫС ІСТЕУІНЕ МҮМКІНДІК ЖАСАУ

Мәселеге бейімдеп оқыту — қойылған мәселемен өз бетінше жұмыс істеу нәтижесінде оқушы әртүрлі пәндер бойынша компетенттілік құрылымдарын игеретін оқыту әдісі.

Проблемалық оқытудың негізі американдық психолог, философ және ағартушы Джон Дьюидің (1859-1952) идеясы болды, ол 1894 жылы Чикагода оқытудың негізін оқу жоспары емес, ойындар мен еңбек қызметі құрған тәжірибелі мектеп құрды.

Қазіргі уақытта әр түрлі пәндерді оқытуда проблемалық оқыту әдісі қолданылып жүрген әдістердің бірі. Бірақ осы проблемалық оқыту әдісі толық жүйеленбеген.

Психологтардың зерттеулері бойынша пәнді оқытуда оқушыға проблемалық жағдай туғызу сыни тұрғыдан ойлау мен шығармашылық қабілетті ашудың бастамасы болып табылады. Оқушыдағы мотивация мен танымдық қызығушылықтар, өз мақсатына жетуде бұрынғы өзі білетін әдіс - тәсілдері мен білімінің жетіспейтіндігіне көзі жеткенде ғана арта түсетіндігі белгілі. Оқушыдағы осындай қызығушылық оның өздігінен білімін толықтыруына тырысуының «қозғаушы күші» болып табылады. Мәселеге бейімдеп оқыту әдісін қолданып оқытудың жетістіктері өте көп. Тек ол үшін мұғалім сол оқыту жүйесін дұрыс қолдана білуі керек.

Проблеманы зерттей отырып оқыту, жүйелі түрде жүргізіліп отырса оқушыдағы көптеген қасиеттерді ашуға көмектеседі. Осы оқыту әдісі арқылы оқушыда

- сын тұрғысынан ойлай білу;
- топта жұмыс жасай білу;
- уақытпен санаса білу;
- зерттеушілік қасиеттерін ашу;
- ғылымға деген қызығушылық;
- алған білімдерін өмірде қолдана білу т.б қасиеттерін ашуға

болады.

Бұл тәсілдегі қолдану арқылы жаңалық - оқу материалында оқушыны қызықтыратындай проблема жасай отырып, оқушылардың белсенді ізденіс нәтижесінде, игерген білімдері мен дағдылары дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда, естерінде тез әрі ұзақ сақталуын, кез-келген қызмет саласында өз

ерекшелігі болатын, проблеманы шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Мәселеге бейімдеп оқыту» әдісін енгізу арқылы мен оқушылар арасында проблеманы шеше білетін белсенді оқушы тұлғасын қалыптастыруға мақсат еттім.

Проблеманы зерттеу жолдарының кезеңдері:

1-кезең: Топты құру

2-кезең: Проблеманы тану

3-кезең: Түрлендірілген идея

4- кезең: Проблеманы зерттеу

5-кезең: Өздігінен іздену

6- кезең: Синтездеу және қолдану

7- кезең: Ой толғау және кері байланыс

Сыныбы	8
Тарауы	8.3С Тыныс алу және бөліп шығару
Сабақтың мақсаты	❖ өкпедегі газ алмасу механизмін және ұлпалық тыныс алудың механизмдерін сипаттау
Оқыту мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Сыныпты топқа бөлу ➤ Сыныпты проблемамен таныстыру ➤ Проблеманы зерттеу ➤ FFLA кестесін толтыру ➤ Жұмысты қорғау
Шешілуі тиіс проблеманың мақсаты	Механизмнің жүру процесін анықтау
Проблеманың типі	Түсіндіру
Негізгі ұғым	<i>тыныс алу, аэробты тыныс алу, газ алмасу, химиялық формула, бөліп шығару, кеңірдек, қылтамыр, ұлпа сұйықтығы, ұлпалық тыныс алу, ауатамыршалар, альвеола, тыныс алу беткейі, өкпелік газ алмасу</i>
Қармақ	Ағзаның оттегімен қамтамасыз етілуі
Зерттелінетін проблема	Ауруханаға кеуде қуысы екі жақтан сынған адам әкелінді. Оның кеуде қуысы сынғанмен , өкпесі зақымданбаған, ешқандай қан кетпеген. Бірақ бірнеше сағаттан кейін ол тұншығып өлді. Бұл жағдайды қалай түсіндіруге болады?

Проблеманы зерттеу жолдарының кезеңдері

Өзіңіз үшін тақырыпты анықтап алғаннан кейінгі жұмысыңыз:

1 кезең Топты құру

Топты сыныптағы оқушылардың санына қарай бөлесіз. Топқа бөлу үшін оқытудағы бұрынғы әдістерді пайдалануыңызға болады немесе ешқандай талассыз топ құру үшін интернет көмегіне жүгініңіз.

Оқушыларды белгісіз тізімде топтастыру үшін QAZ MATH платформасы. <https://qazmath.net/quraldar/topka-bolu/> қолдануыңызға болады. Ол үшін оқушыларыңыздың аты-жөнін осы сайтқа енгізесіз. Сол бойынша компьютер сізге топ мүшелерін өзі таңдап береді. Сонда сынып ішінде ешқандай талас тумайды.

Әрі қарай жаңа құрылған топқа жұмыстары нәтижелі болуы үшін негізгі ережелерін құруға мүмкіндік беріңіз. Бұл оқушылардың топтаса отырып, топтағы әр оқушы сол топтағы өз қызметін анықтап алуларына, өз істеріне жауапты болуға, жұмыстарын жоймауға, уақытпен санасып жұмыс жасауға көмектеседі.

Нақты нәтижеге жету үшін жұмыс уақытындағы мұғалімнің қызметі мен оқушының міндетін нақты белгілеңіз.

2-кезең: Проблеманы тану

- Мұғалім оқушыларға проблемалық жағдайды ұсынады.
- Шәкірттер мұғалімнен проблеманың сценарийін нақтылап, проблеманың неде екенін анықтап, фактілердің тізімін шығарады.
- Шәкірттер проблеманы танып білу үшін, өз жоспарларын құрады.
- Бұны оқушылар 2-3 рет қайталап, өзгертулері мүмкін.

Сіздің оқушылардың алдына беретін проблемаңыз дұрыс құрылған болуы керек. Ол үшін сіздің проблемаңыз:

- Оқушының қызығушылығына бағытталған болуы шарт

3-кезең Түрлендірілген идея

- Шәкірттер проблеманы түсіну үшін сұрақтар топтамасын құрайды. Ол үшін ой қозғау жасай отырып, проблеманы тануға, проблеманы түсінуге, проблеманың шешіміне бағытталған түрлі идеяларды ұсынулары керек.

- Ол идеялар жорамал, болжам, шешу жолы, түсіндіру, сыни тұрғыдан ой түрінде проблеманы тануға және шешуге бағытталған болуы мүмкін.

- Бұл идеялар проблеманың екі аумағында тоғысуы мүмкін.

4- кезең Проблеманы зерттеу

Оқушылар проблемаға зерттеу жүргізіп және зерттеуге бағытталған іс-әрекет жоспарын құра отырып, проблеманың шешу жолдарын анықтайды.

Іс-әрекет жоспарын құру – бұл проблеманың неде екенін анықтаудың, проблема туралы толық мазмұнды ақпарат алудың және проблеманың неден туындағанын білудің нақты жолы. Оқушылар өздерінің проблеманы зерттеу үшін қайда барып нені анықтайтындықтарын, қандай оқулықтар мен кітаптарды оқитындықтарын, қандай сайттан ақпарат іздейтіндіктерін нақтылайды.

5-кезең: Өздігінен іздену

Оқушылар ақпарат жинау үшін, кітапханаларға барып, ақпарат құралдарын пайдаланады. Олар қайта жиналып, топ мүшелерінің әр қайсының алып келген ақпараттарын ортаға салып, талқылау жүргізеді. Талқылау оқушылардың алдағы жұмыстарының дұрыс жүргізілуіне көмектеседі.

6- кезең: Синтездеу және қолдану

Оқушылар, өздері жинаған ақпараттарды қайта қарайды. Олардың шынайылығына, заңдылығына қайта мән беріп талқылайды. Бұл топтағы басқалардың қалай жұмыс жасап, қалай зерттеп жатқандықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Нақтыланған ақпараттарымен алмасып, ақпараттарды проблеманы шешу жолында пайдаланады. Олар әрі қарай проблеманың шешіміне сәйкес келетін зерттелген білімдерін қолдануды жалғастырады. Жалпы ақпараттардан проблеманың шешімін тауып, түсіндіру үшін нақтысы теріліп алынады.

Оқушылар, топта проблеманы шешу үшін барлық ақпараттарды талқылайды, анализдейді, сынайды, ойларын жайнақтап тұжырымдайды.

Соңында, проблеманы шешудің дұрыс жолдарын түсіндіре алатындай нақты тұжырым шығарады.

7- кезең: Ой толғау және кері байланыс

1. Өз тобына баға береді.

Топ қалай жұмыс жасады?

Топ ережелерге толық бағынды ма?

Қызметтерін толық орындай алды ма?

2. Топ мүшелері өздерінің проблеманы шешуге ұсынған жеке ұсыныстары туралы, пәнді қаншалықты түсінгендігіне қысқаша шолу жасайды.

3. Ол үшін проблеманы зерттеудегі түсінігі туралы карта құрастырады (жүрген жолы, қай тақырыпты бұрын білді, нені білмеді?).

4. Топ мүшелерінің диалогы мұғалімнің көмегімен жүргізіледі.

5. Зерттеудегі кері байланыс үшін, аталған нәрсенің бәрі кейін дағдыға айналуы керек.

Есте ұстаңыз!

Топтар нақты шешімге келу үшін кейбір кезеңдерді бірнеше рет қайталауы мүмкін, алға жүріп кейін қайта артқа жүруі де мүмкін. Бірақ бұл топтың жұмыс жасауына кері әсер етпеу керек. Мұғалім бұның бәрі Проблеманы зерттеу арқылы оқыту әдісінің кезеңдері екенін түсіну керек және шәкіртіне түсіндіре білуі керек. Проблеманы тану үшін топтар түрлендірілген идеяларын білдіреді. Ол үшін FILA кестесін толтыртасыз.

Топтық жұмысты бағалау критерийлері

Жұмыс жасау деңгейін бағалау түрі

✓ Үздік

✓ Жақсы

✓ Төмен

Критерийлерге сипаттама:

✓ Топтағы жұмысқа қатысу деңгейі

✓ Жұмысқа енгізген еңбегі

✓ Топтың ұйымдасып жұмыс жасауы

✓ Топ мүшелерінің бір-бірін сыйлауы

✓ Зерттеудің нақтылығы

Топтық бағалау критерийі және жеке компоненттер

Критерийлердің сипаттамасы (топтық):


- Топтық зерттеудегі шешімнің нақтылығы
- Басқа топтарға арналған коментарии
- Топтың ойлауы
- Жалпы презентацияның есебі

Критерий сипаттамасы (жеке оқушыға):


- Жеке зерттеудегі анализ және дизайн жасай алуы
- Топтық талқылаудан оқып- үйренгені
- Алған білімін қолдануы
- Жұмыс бойынша жеке есебі
- Презентация

Қорытынды

2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері.



2023 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері.



Оқушылардың кері байланысы

Сабақ басында	Сабақ соңында
Мен мұғалімді тыңдағанды ұнатамын.	Мен өз бетімше білім алып, оқу мақсаттарына қол жеткіздім. Маған мұғалімнің бақылаушы ретінде әрекет еткені ұнайды.
Маған сабақ бойы мұғалімнің түсіндірмесі ұнайды.	Маған топта жұмыс жасаған ұнайды. Мен сыни ойлау мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыттым.
Мен оқулықты үйде оқығанды ұнатамын.	Менің өзін-өзі тану және өзін-өзі растау қабілетім артты.

Қорытындылай келе:

2022-2023 оқу жылының соңына қарай

- Оқушылардың үлгерімі **23%-ға** артты.
- Оқушылардың **93%-ы** проблемаға оң көзқарас танытты.
- Оқушылардың **95%-ы** барлық оқу мақсаттарына қол жеткізді.

Проблемалық оқытудың оң көрсеткішіне қарамастан:

- ✚ Оқушылардың 20% - ы топта жұмыс істеу қиындықтарын көрсетті
- ✚ 30% - өз қызметін жоспарлауда
- ✚ 10% - алға қойылған мақсаттарға жету үшін стратегияларды таңдауда және идеялар
- ✚ 5% - идеяны қолдайтын дәлелдер ұсынуда
- ✚ 15% - сараптамалық бағалауда қиындықтар туындады.

Менің нәтижем:

- ✓ **2022-2023 оқу жылында**, Проблемалық оқытуда «Мәселеге бейімдеп оқыту» әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын 95%-ға арттырды.
- ✓ Зерттеуден кейін фокус-топ оқудың сәттілігін жақсартты.
- ✓ Проблемалық оқытуды іске асыру "Жаратылыстану" әдістемелік бірлестігінде жоспар жасалып, жүйелі жүргізілуде.
- ✓ Аталған оқу жылында, бірлестік мұғалімдері «Мәселеге бейімдеп оқыту» проблемаға бағытталған оқыту процесінің кезеңдерін талдап, іс тәжірибелермен бөлісті.



Шәбден Жадыра Рахманқұлқызы
Шымкент қаласы,
А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-
гимназиясының
химия, биология пәндерінің мұғалімі
«Үздік педагог-2020»

Д.И. Менделеев кестесіндегі биогенді элементтерді электронды форматта қолдану маңыздылығы

Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады. Осыған орай, химия пәнінен дайындалған «Адам ағзасындағы биогенді элементтер» тақырыбындағы электронды бағдарлама туралы айтпақпын.

Қазіргі таңда ғылымда белгілі болып отырған 120-химиялық элементтің 70-ке жуығы тірі ағзаның құрамынан байқалып отыр. Оның ішіндегі 56-ға жуық макроэлементтер адам ағзасында үлкен рөл атқарады. Осы элементтердің адам ағзасындағы құрамы, биологиялық рөлі, дереккөздер, күнделікті қажеттілігі, кемшілігі, артықшылығы, уыттылығы туралы осы «Адам ағзасындағы биогенді элементтер» тақырыбындағы электронды бағдарламада нақты көрсетілген.

Элементтердің бұл тобы адам ағзасы массасының 90% құрайды және оларды макро, микро, ультрамикроэлементтер деп атайды. Тірі организмнің негізгі органикалық қосылыстары осы элементтердің атомдарынан тұрады: ақуыздар, көмірсулар, липидтер, нуклеиндік аминқышқылдары, оларды **органогендер** деп атайды. Егер сіз әр түрлі ойындарды қолдана отырып, мерзімді кестені зерттеуге оқушыларды ынталандырсаңыз және түрлі түсті және түсінікті қосымшаның көмегімен химиялық валенттілік ұғымымен таныстырсаңыз, химия ғылымына қызығушылығы 7-сыныптан бастап артады, ой-өрісі кеңейеді, өмірде қажетті жағдайларда пайдалануға үйренеді, қоғамдағы сұранысы да артады.

Зерттеу өзектілігі: Адам ағзасындағы элементтердің биологиялық рөлі, артықшылығы, кемшілігі, уыттылығын электронды бағдарламада оқушыларға жүйелі түсіндірілсе, 7-сыныптан бастап оқушылардың химия ғылымына қызығушылығын арттыруға болады.


Мақсаты: Биогенді элементтер тірі ағзалар үшін қалыпты тіршілік етуді қамтамасыз ететін химиялық элементтер екенін түсіндіре отырып, оқушылардың ғылымға көзқарасын қалыптастыру, қызығушылығын арттыру.

Міндеті: Менделеев кестесіндегі «Адам ағзасындағы биогенді элементтер» тақырыбындағы электрондық бағдарламаны ұсыну арқылы озық тәжірибені тарату.


Ерекшелігі: Егер сіз әр түрлі кестені зерттеуді түрлі-түсті және түсінікті қосымшаның көмегімен химиялық валенттілік ұғымымен таныстырсаңыз, ынталандырсаңыз, өмірде қажетті жағдайларда пайдалануға үйренеді, адам ағзасындағы элементтердің биологиялық рөлін, артықшылығын, кемшілігін, уыттылығын электронды форматта оқушыларға түсіндірсек химия ғылымына қызығушылығы 7- сыныптан бастап артады.

Бүгінгі тәжірибемде «Адам ағзасындағы биогенді элементтер» тақырыбындағы электронды бағдарламаны оқыту арқылы Менделеев кестесін оқыту барысында алған білімдерін quizizz.com, kahoot бағдарламаларымен тексердім, 35 оқушының 32 оқушысы (91,2%) түсінгенін, ал жай қарапайым кестемен 30 оқушының 17 ғана (56,6%) оқушы түсінгенін сауалнамамен анықтадым.

«Адам ағзасындағы биогенді элементтер» тақырыбындағы электронды бағдарлама үйренуге жеңіл бағдарламалардың бірі. Адам ағзасындағы биогенді элементтер форматы тек қазақ тілінде қол жетімді, бағдарламаның қаншалықты жақсы екенін түсіну үшін визуалды көріп есте сақтап қалуы, оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығы артты.



Адам ағзасындағы биогенді элементтерге электронды бағдарламада, төмендегідей сипаттама берілген.



ОТТЕГІ (О₂)

Биологиялық рөл: өмірдің барлық түрлері үшін маңызды:

- құрамына су, ақуыз (17,9 %), май (22,4 %), көмірсулар (49,38) нуклеин қышқылдары;
- тіндік және жасушалық тыныс алуға қатысады: майларды, ақуыздарды тотықтырады және тағаммен бірге келетін көмірсулар;
- су ағзаның негізгі құрамдас бөлігі болып табылады;
- ағзадағы токсиндерді залалсыздандыру әдісі

Күнделікті қажеттілік: 300-400 л (280 мл/мин)

Кемшілігі: асфиксия, гипоксия, тұншығудан болатын өлім

Артық: перифериялық қан тамырлары, қан ағымының баяулауы, коагуляцияның жоғарылауы қысымында-оттегіні гемоглобинсіз жеткізу тәсілі, гемоглобин мөлшерінің төмендеуі, фагоцитарлық белсенділіктің төмендеуі, глюкозаның сіңу жылдамдығының төмендеуі және ми қызметінің бәсеңдеуі

Уыттылығы: О₂ түрінде уытты, ауадағы оттегінің мөлшері 30-40% - ға дейін артады оттегі интоксикациясы, өткір оксидоз, орталық жүйке жүйесінің зақымдануы, өкпе күйігі, оттегі пневмониясымен бірге жүреді.

СУТЕГІ (Н₂)

Адам ағзасындағы құрамында: 7 кг; сүйек тіндері-5,2 %; бұлшықет тіні-9,3 %

Биологиялық рөлі: өмірдің барлық түрлері үшін маңызды:

- су құрамына кіреді, ол дененің сұйық ортасы болып табылады, дене салмағының 60% құрайды;
- әртүрлі тіндер саны бойынша ерекшеленеді оның құрамындағы су: ми – 81%, қан-80%, бауыр-70%, бұлшықеттер –50-75 %, шеміршек – 60%, сүйек – 30%.
- құрамында майлар (4,9 %), ақуыздар (10 %), көмірсулар (6,18 %), нуклеин қышқылдары және басқа да органикалық қосылыстар бар;
- тотығу реакцияларының қажетті реагенті.

Көздер: су, тамақ

Тәуліктік қажеттілік: 3 литр су қажет

Уыттылық: молекулалық сутегі улы емес, бірақ өмірді қолдамайды; уытты қосылыстар H_2O_2 , D_2O

КАЛИЙ (К, 19)

Адам ағзасындағы құрамы: 140 г; қан-1620 мг/л;

Сүйек тіні - 0,21%; бұлшық ет тіні – 1,6 %

Биологиялық рөл: өмірдің барлық түрлері үшін маңызды:

- калий иондары барлық жасушаларда және физиологиялық сұйықтықтарда болады тұздар және күрделі органикалық қосылыстар түріндегі организм;
- ол қанның қышқыл-негіз тепе-теңдігін, ағзаның су-тұз балансын реттейді, көмірсулар алмасуына және ақуыз синтезіне қатысады;
- бұлшықет жасушаларының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет, бұлшықет импульсінің берілуіне қатысады, бұлшықет тонусын сақтайды;
- жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет, жүйке импульсінің берілуіне қатысады, есте сақтау қабілетін жақсартады;
- жүрек жиырылуының қалыпты ырғағын сақтауға қатысады, қан қысымын реттейді;
- асқазан сөлінің қышқылдық дәрежесін реттеуге қатысады;
- бірқатар ферменттердің жұмысын белсендіреді;

Дереккөздер: жаңғақтар, Теңіз орамжапырағы, бал, жапырақты көкөністер, алма, кептірілген жемістер, бұршақ, зәйтүн, құрма, пісірілген картоп, банан, апельсин және қызанақ шырындары

Күнделікті қажеттілік: 2-2,7г интеллектуалдық тұрғыдан 5,0г дейін артады.

Кемшілігі: жүрек-тамыр қызметінің бұзылуы (аритмия), жалпы әлсіздік және жүйке, жоғары шаршау және ұйқысыздық; бұлшықет әлсіздік, құрысулар; шөлдеу және қантқа төзбеушілік; құрғақ тері мен кара дақтар; іш қату; холестерин деңгейін жоғарылату;

Артық: жүрек-тамыр қызметінің бұзылуы; бұлшықет әлсіздігі; «калийдің тежелуі», көлеңкелі ойлау, сөйлеу қиындықтары

Уыттылығы: уытты доза-6 г; өлімге әкелетін доза - 14 г

Қол жеткен нәтижелер:

Осы педагогикалық идея Шымкент қаласының №77, №9, №75 мектеп базаларында апробациялық кезеңнен өтті және оң нәтижесі көрсетілді. Авторлық құқыпен қорғалатын объектіге авторлық құқықпен қорғалатын куәлік берілді.

Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады.

Бағдарламада жұмыстың мақсатына сай биогендік металдардың сипаттамалары қарастырылған. Бағдарлама мектепте өту үшін маңызды биологиялық химия курсы, өйткені оны оқу барысында білім алушылар мұны біледі, тірі организмдерге әсер ететін биогенді металдар бар және олардың әсері оң және теріс болуы мүмкіндігін түсінеді. Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіби таңдау жасауына да көмектеседі.

Аталған бағдарлама озық тәжірибе ретінде бірнеше сайттарға жарияланған.

<https://chemistryforum.pythonanywhere.com/>,

<https://bilimdinews.kz/?p=222960>

Үздік педагогтер кейстері – бастауыш сынып педагогтері



Қуатбекова Меруерт Малдыбаевна
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің
Төле би атындағы №8 гимназиясы» КММ
бастауыш сынып мұғалімі
«Үздік педагог – 2013»

Педагогикалық тәжірибенің атауы: «Qaldyq-art дизайн» жобасы

Абстракт. Бүгінгі күні экологиялық мәдениетке тәрбиелеу мәселесі бастауыш мектеп мұғалімдерінің алдына қазіргі жағдайда экологиялық білім берудің әмбебап құралдарын іздеу міндетін қояды. Осы орайда, әмбебап құралдардың бірі экологиялық жобаның мүмкіндігін пайдалану.

Қоршаған ортаның ластануы, онымен күресудің жолын іздестіру, мектеп қабырғасынан бастап білім алушыларға экологиялық мәдениетке баулудың бір жолы «Қоқыс мәселесін» шешуде «Пластикалық бөтелкенің, қағаздың, полиэтилен пакеттерін қайта өңдеп, үйде, қоғамдық орындарда сәнді дизайнерлік бұйым құрастырсақ, тұрмыстық қалдықтар азая ма?» жобасын жасау идеясы пайда болды.

Бұл жоба бастауыш сынып балаларына арналған және табиғат пен қоршаған ортаны қорғауға, адам денсаулығын сақтауға байланысты мәселелерді зерттеуге, өнертапқыштық қабілетке баулуға бағытталған. Жоба бойынша жұмыс балалардың тұрмыстық қалдықтарды бөліп жинау, оларды қайта қолдануда қолөнер туындыларын жасау туралы білімдерін жүйелеуге және кеңейтуге бағытталған. Тұрмыстық қалдықтарды қайта қолдануда дизайнерлік сәнді бұйым ретінде қолданудың әртүрлі жолдарымен таныстырады. «Qaldyq-art дизайн» жоба аясында бастауыш сынып білім алушыларына экологиялық білім мен мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс іс-шаралар, зерттеу жұмыстары, түрлі танымдық тәжірибелер, дизайнерлік қолөнер туындыларынан ұйымдастырылған көрме әзірлемелері ұсынылды.

Мақсаты: Экологиялық мәдениет қалыптастыруда тұрмыстық қалдықтарға екінші өмір сыйлау бағытында білім алушылардың өнертапқыштық қолөнер дағдысын дамыту

Міндеттері: мұғалім үшін:

✓ Бастауыш сатыда білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптаудың жолдары: ғылыми-теориялық негіздемесін анықтау;



✓ тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдалану үшін сәндік бұйымдар жасау жолдарын ғаламтөр мүмкіндіктерін қарастыру: instagram.com, facebook, YouTube, Pinterest, TikTok және т.б.

✓ бастауыш мектеп жасындағы білім алушыларға тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдалану үшін сәндік бұйымдар жасаудың іс-әрекетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтау;

✓ білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытып, өзіндік жұмыстармен айналысуға, тұрмыстық қалдықтарды қайта қолдану туралы экологиялық білімін жүйелендіруге, жинақтауға, тереңдетуге мүмкіндік беру және практикада қолдануға үйрету.

Білім алушы үшін:

✓ экологиялық мәдениет қалыптастыруда өзінің тұрғылықты жерінің табиғатын, оқитын мектебінің тазалығын сақтауға үлес қосу, жауапкершілікке баулу;

✓ Тұрмыстық қалдықтарды іріктеп жинаудағы қауіпсіздік және денсаулықты қорғау;

✓ Дизайн туралы түсінік қалыптастыру;

✓ Полиэтиленді пакеттер, пластикалық бөтелкелер, қақпақтар, қағаз қалдықтарынан пайдалы, әрі сәнді дизайнды заттар жасауда қолөнерге баулу;

✓ Тұрмыстық қалдықтан пайдалы заттар жасауда өнертапқыштық, іздену, зерттеушілік әрекетін қалыптастырып, зерттеу жұмыстарына тарту.

Жобаның өзектілігі: қоғамда тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы табиғатты ластанудан қорғау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы орайда, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеп, сәнді дизайндағы бұйым жасау, оны пайдаға жарату жобаның өзектілігін айқындайды.

Ғылымилығы: қоршаған ортаны ластанудан сақтауда тұрмыстық қалдықтарды қайта жаңғырту үрдісі дәлелді дереккөздерге негізделген. Ол білім алушылардың қалдықтармен жұмыс жасауда қажетті дағдылармен қарулануын қамтамасыз ете отырып, функционалдық сауаттылығын дамытуда зерттеулер мен озық тәжірибелерге сүйенеді.

Жобаның жаңалығы:

• «Qaldyq-art дизайн» жобасының іске асыру бойынша ұсыныстар берілді:

• «қалдық-дизайн-өнертапқыш» жүйесінде қайта өңделген қалдықтардан сәнді бұйымдар жасалып, тәжірибелік зерттеу жұмыстары, тапсырмалар реті құрастырылды.

• мектепте сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қалдықтардан дизайнерлік заттар жасау іс-шараларын іске асыру бойынша ұсынымдар әзірленді.

Күтілетін нәтижелер:

✓ білім алушыларда экологиялық мәдениет ұғымы қалыптасады;

✓ метапәндік құзыреттілікті қалыптастыруда білім алушының тұлғалық өсуіне жағдай жасай отырып, іс-әрекеттің сан алуан түрлеріне тартуды қарастырады;

- ✓ туған жердің табиғатын, өзінің қоршаған ортасы: үйдің ауласы, мектеп, көше, қоғамдық орындарда тұрмыстық қалдықтарды іріктеп жинауды үйренеді;
- ✓ өз денсаулығын сақтауда қауіпсіздік ережелерін қолдануды біледі;
- ✓ Қалдықтарды қайта өңдеуде сәнді әрі ерекше дизайнда бұйымдар жасайды;
- ✓ тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жазу, бұйым жасау, ізденіс тапсырмаларын орындауда метапәндік құзіреттілігін қалыптастыру.

Жобаны іске асыру мерзімі:

2023-2024ж – дайындық кезеңі, 30 білім алушы

2024-2025ж – тәжірибе кезеңі, 300 білім алушы

2025-2026ж – қорытынды. 1000 білім алушыны тарту

Жоба құрылымы мен практикалық маңызы

- 1) сыныптан тыс жұмыс: қолөнер сағаты.
- 2) Тәжірибе жасау;
- 3) Зерттеу жұмысын жүргізу.
- 4) Өзіндік тапсырмалар.
- 5) Qalduq-art көрмесіне қатысу: зерттеу жұмыстарының таныстырылымы, қолөнер бұйымдары, макеттер; «өз қолыммен» тәжірибе жасау.

Сыныптан тыс жұмыс: қолөнер сағаты

Сыныптан тыс жұмыстарда тұрмыс қалдықтарынан сәнді бұйым жасау арқылы білім алушының қол моторикасының дамуы мен ойлау, құрастыру, жаңашылдық идея ұсыну, коммуникативтік дағды қалыптасуына ықпал етеді. Жұпта, топта жұмыс жасау арқылы сәнді бұйымдарды жасап, тұрмыстық қалдықтарға жаңа өмір сыйлау мүмкіндігіне ие болады.

Тәжірибе жасау

Тәжірибе, эксперимент жасау барысында бір затқа әртүрлі әсер ету арқылы оны өзгертіп, жаңа туынды жасайды. Білім алушыларды жаңашылдыққа, креативті ойлауға, заттың пішінін өзгертуде көркем бұйым жасай алатын дағды қалыптасады. Тәжірибе жасауда сыни көзқарас, икемділік, шығармашылықпен ойлау әрекеті қалыптасады.

Зерттеу жұмысын жүргізу

Қарапайым зерттеулер жүргізу, экологиялық білім туралы ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлауын дамытуды көздейді. Арнайы ұйымдастырылған зерттеуге жоспар құрылады, ізденіс сұрағы анықталады, қажет ресурстар дайындалады, зерттеу нәтижелерін сипаттап бағалайды, пікір білдіреді, қорытынды жасайды.

Өзіндік тапсырмалар

Өзіндік жұмыс алдын ала сараланып дайындалған, білім алушылардың игерген білім, білік, дағдыларын өз бетінше танымдық әрекеттерін ұйымдастыру. Өзіндік жұмыстар түрлі формада ұсынылады.

Qalduq-art көрмесі

Жыл соңында білім алушылардың қолынан жасалған сәнді бұйымдар мен зерттеу жұмыстарының макеттері, жобалары көрмеге қойылып, жұмыстары көпшілікке ұсынылады.

Жобаның тиімділігі:

✓ «Qaldyq-art дизайн» жобасы аясында бастауыш сынып білім алушыларының экологиялық білім мен мәдениетін, сонымен қатар бүгінгі күннің өзекті мәселесі функционалдық сауаттылықтың түрлері оқу, математикалық, жаратылыстану сауаттылығы метапәндік құзіреттілігін қалыптастырудың үйлесімділігі;

✓ Жоба барысында бастауыш сынып білім алушыларымен сыныптан тыс іс-шаралар, зерттеу жұмыстары жасалып, түрлі танымдық тәжірибелер, дизайнерлік қолөнер туындылары шықты.

✓ Қалалық деңгейде «Зерде» зерттеу жобалары байқауында 3 сынып білім алушылары Сатыбалдиев Батырхан мен Сатыбалдиева Сагида «Ecomom субұрқақ моделі» тақырыбында пластикалық бөтелкеден субұрқақ құрастырып, жүделі 3 орынға ие болды. Жасаған моделінде тұрмыстық қалдықтар қолданылып, сәндік бұйым ретінде субұрқақ пайдаланылды.

✓ 1-2 сыныпта ата-аналармен бірлескен білім көрмесінде білім алушылардың ізденушілік жұмыстары тыңдалып, балалардың қарапайым тәжірибелері сыналды.

✓ «Мұғалім-білім алушы-ата-ана» үштіктің бірлескен әрекеті жобаның мақсат-міндеттерін жүзеге асыру барысында ізгілікті қарым-қатынас, метапәндік құзыреттілікті қалыптастыруда білім алушының тұлғалық өсуіне жағдай жасады. Балаларда топпен, жұппен жұмыс жасау, жас ерекшелігіне қарай жұмысты өзара бөліп алу, қабілеттілігі қалыптасты.

✓ «Qaldyq-art дизайн» жобасы аясында жыл соңында мақала баспасөз беттеріне ұсынылады.

✓ Болашақта ашық аспан аясында жалпы қала тұрғындарына қолөнер көрмесін ұйымдастыру жоспарлануда.

✓ Қала, аудан, облыс көлемінде іс-тәжірибенің сандық-сапалық көрсеткішін, қорытындысын жинақ құрап жазу, тарату, бөлісу.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне жобаны қолдануға кеңес

- Жоба құрылымындағы ұсынылған іс-шаралар мен жұмыс түрлері білім алушылармен жұмысты ұйымдастыруда қол моторикасының дамуы мен ойлау, құрастыру, жаңашылдық идея ұсыну, коммуникативтік дағды қалыптасуына ықпал ететін қолайлы орта туғызу;

- бастауыш сынып білім алушыларының экологиялық білім мен мәдениетін, сонымен қатар функционалдық сауаттылықтың түрлері оқу, математикалық, жаратылыстану сауаттылығы метапәндік құзіреттілігін қалыптастыруда зерттеуге бағытталған тапсырмаларды, өнертапқыштық сәндік дизайнерлік бұйымдарды жасау алгоритмін саралап ұсыну.



Садыкова Бахтыгуль Сейтсултановна
Алматы қаласы № 173 мектеп-лицей
Бастауыш сынып мұғалімі
«Үздік педгог-2018»

Бастауыш сыныпты оқытуда сингапур технологиясын иімді пайдалану жолдары

Сингапур технологиясы дегеніміз не? Дүние жүзінде білім сапасы жөнінен алдыңғы орында келе жатқан ел - Сингапур. Әлем мойындаған бұл жетістікке сингапурлықтар қалай жетті? Әрине сол елдің еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының жемісі және темірдей тәртіптің нәтижесі.

Жарты ғасырға жуық уақытта үшінші әлем елдерінен бірінші әлем елдеріне көшкен ел — Сингапур. Оның негізгі құндылығы — білім және жемқорлықсыз саясат. Білім жүйесінің негізі — ағылшын тілі. Және Сингапурдағы білім барлық шетелдіктер үшін қолжетімді.

Негізінен бұл елдегі білім беру - әр оқушыны өмір бойы білім алуға мотивация береді, жаңа технологияларды тез меңгеруге, кәсіпкерлік негіздері мен әр сөзі мен ісіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Қазіргі уақытта инновациялық үдерістер білім сапасын арттыруға және педагогикалық процестерде қолданған кезде жүзеге асырылады. Оқытудың инновациялық түрі туындаған мәселелерді өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушы бойында мүмкін болатын дағдылар мен біліктілікті дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Сингапур қала-мемлекетінде білім жүйесі төмендегі үлгідей жүргізіледі:

Мектепке дейінгі білім беру

Балабақшалардың барлығы дерлік жеке меншік. Олар діни ұйымдар және бизнес қорлармен басқарылады. 3-6 жас аралығындағы балалар санау, оқу, қарым-қатынас негіздерімен қатар үш тілді - қытай, малай, ағылшын тілдерін меңгереді.

Бастауыш білім беру

Бастауыш мектеп, керісінше, толығымен тегін және міндетті болып табылады. Ол екі кезеңнен тұрады: негізгі және бағдарлы. 1-4- сыныпта негізгі пәндерді оқиды. Бізден айырмашылығы - құқық негіздерін де меңгереді. 5-6 сыныптарда бала өзіне қажетті бағдарды тандай алады. Аяқтаған соң міндетті түрде емтиханнан өту арқылы ғана келесі сыныпқа жіберіледі.

Орта мектеп

Емтиханнан кейін оқушылардың орта мектепте оқитын бағыты мен бағдарламасы таңдалады. Ол бағыттар төмендегідей:

- арнайы;
- жылдам/экспресс-бағыт;
- академиялық;
- техникалық.

Ал, білім бағдарламасы біріктірілген және кәсіби болып бөлінген. Орта мектеп 4 жылға созылады, тек академиялық бағыт 5-6 жыл бола алады. Арнайы бағыт толыққанды орта білімді аттестат береді. Жылдам бағыт тереңдетілген ана тілін оқытумен сипатталады. Осы екеуінің аттестаттары О-деңгейі деп аталады. Ал, қалған екеуінікі сәл төмендеу N-дәрежесі деп аталады.

Осыдан кейін оқушылар колледждерде, техникумдарда, т.б. білім ала алады. Жалпы, Сингапурдағы мектептер жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Балаларға таңдауға мүмкіндік жасалған.

Сингапурда балаларды мектепке 6 жастан бастап қабылдайды. 1-4 - сынып аралығын негізгі сынып деп санаса, 5-6 - сыныпты бағыт-бағдар беретін саты ретінде қарайды. Сабақ қаңтар айының 2 жұлдызынан басталады, оқу жылы 4 тоқсаннан тұрады, әр тоқсан 10 аптадан тұрады. Тоқсан арасында 10 күндік каникул беріледі.

2. Өзектілігі: оқу-жаттығуға ынтаның төмендігін жою, бастауыш білім беруде жоғары нәтижелерге жету, сапалы білім беру жолдарын жақсарту.

Негіздеме: менің бұл технологияны пайдалануыма түрткі болған нәрсе - оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының төмендігі, ұялы телефондағы ойындарға қызығушылықтары, соның әсерінен білім сапасының нашарлауы, кітапты оқуға қызығушылықтарының төмендігі. Осыдан шығар жолды көп іздедім. Дүние жүзінің бірнеше елдерінің оқыту әдістемелерін қарадым. Соның ішіндегі мені қызықтырғаны – Сингапур елінің білім беру технологиясы болды.

3.Мақсаты: ынтасы төмен оқушыны белсенді оқушыға айналдыру. Ақпараттық технологияларды қолданып, білім беру жүйесіне жаңалық енгізу. Әр оқушының пікірін біліп, идеясын іске асыру.

Міндеттері: -топта жұмыс істей білу;

-топ мүшелерінің өзара тәуелділігі;

-әркімнің жеке жауапкершілігі;

-әрқайсысының тең қатысу үлесі;

-рефлексия (топтағы жұмыс сапасын талқылау)

4.Ерекшелігі: Бұл тәжірибенің қандай ерекшелігі бар? Бұрынғы қолданыстағы тәжірибеден қандай артықшылығы бар?

Әлем бойынша білім беру жүйесі үлкен талқылауға және өзгеріске түсіп отыр. Реформа бойынша алдыңғы орында Сингапур қала-мемлекеті болып табылады. Ол жерде мектептегі мұғалімдер үлкен абырой мен жоғары жалақыға ие. 35% университет бітірушілер мектепке мұғалім болып барады.

Сабақты өту қалай іске асырылады?

Партаның орналасуы - сыныптағы оқушылар 4 адамнан тұратын топпен жұмыс істейді. Бір-біріне қарама-қарсы отырады, бұларды **серіктестер** деп атайды.

«**Иықтас серіктес**» және «**Бетпе - бет серіктес**» болады. «**Иықтас серіктес**» бір - бірінің иығынан қағып, сәттілік тілейді. «**Бетпе - бет серіктес**» қолдарын түйістіріп, тілек айтады. Сабақ барысында оқушылардың барлығы дерлік сабаққа қатысып, бір-бірінен білмегендерін сұрайды, көмектеседі.

Тапсырмаға байланысты әр топтың №1, 2, 3, 4 санындағы оқушылар «Бұрышқа» барып, берілген тапсырманы шығарады, ақылдасады.

МЭНЭДЖ МЭТ (Manage Mat) –

сыныпты басқару құралы

Оны «Manage Mat» немесе «Сыныпты басқару» бойынша басқарады. 1-ден 4-ке дейінгі сандар жазылған. Сол бойынша 1 номердегі оқушылар оң қолдарын көтереді. 2 номердегі оқушылар 2 рет қол соғады. 3 номердегі оқушылар 3 рет қол соғады. 4 номердегі оқушылар өзге топ мүшелеріне бастарын иіп құрмет көрсетеді.



Сабақтың ерекшелігі – әр тапсырма бойынша белгілі бір уақыт беріледі, нәтижені барлығы бірге талқылап, ортақ пікірге келеді.



HIGH FIVE / ХАЙ ФАЙВ (ТЫНЫШТЫҚ БЕЛГІСІ)

Қол көтеру – тыныштық белгісі және назарын аудару. Мұғалім оң қолын, яғни «ақылды қолды» көтереді. Немесе «Сынып» деп айтқанда, оқушылар «Иә» деп жауап береді. Бұл - тәртіпке шақыру белгісі.

TEAM CHEER / ТИМ ЧИР

(өлең, ұран)



Өлең, ұран – қысқа көңілді аудиторияның көңіл-күйін көтеруге, көтермелеуге немесе алғыс білдіруге арналған жаттығу.

SIMULTANEOUS ROUND TABLE СИМАЛТИНИУС РАУНД ТЭЙБЛ (бір уақыттағы дөңгелек үстел)

4 мүшеден тұратын топ мүшелері тапсырманы жұмыс парағында немесе дәптерде бір уақытта орындайды. Уақыт біткен соң **иықтаc серіктестер** бір-бірін тексереді.

MIX-FREEZE-GROUP
МИКС – ФРИЗ – ГРУПП
(қатып қалу)



- Оқушылар сыныпта араласады.
- Мұғалім: «Қатып қаламыз!»-дейді. Оқушылар тұрған орындарында қатып қалады.
- Мұғалім сұрақ қояды.
- Оқушылар қасындағы тұрған жұбымен ақылдасып, жауап береді.

INSIDE-OUTSIDE CIRCLE
ИНСАЙД – АУТСАЙД СЕҢКЛ
(ішкі және сыртқы шеңбер)

«Ішкі және сыртқы шеңбер» (Inside-outside circle) – оқыту құрылымы оқушылардың ішкі дүниесін қалыптастырады. Оқушыларда қағазға жазылған тапсырамалар болады. Алдымен «Ішкі» шеңбердегі оқушылар «Сыртқы шеңбердегі» оқушыларға сағат тілімен айнала отырып, тапсырмаларын көрсетеді. «Сыртқы шеңбердегі» оқушылар жауап беріп шығады. Содан кейін «Ішкі шеңбердегі» оқушылар «Сыртқы шеңбердегі» оқушылармен орындарын ауыстырады.

QUIZ-QUIZ-TRADE / КУИЗ-КУИЗ-ТРЭЙД
(сауалнама, карточкалармен алмасу)

- Парақ алып, 2/3 бүктейді. 2 бөлікке сұрақ жазады. 3-бөлігіне жауабын жазып, оны көрінбейтіндей бүктейді.
- Содан кейін жұп іздеп, сұрағын қояды. Жұбы жауабын айтады, бір-біріне сын айтады.
- Жұбымен парақтарын алмастырып, басқа серіктес іздейді.

Бағалау жүйесі

Сингапур оқушылары 9 баллдық жүйемен бағаланады. A1/A2 өте жақсы, B3/B4 жақсы, C5/C6 қанағаттанарлық, D7 нашар, E8/F9 өте нашар деген бағалармен бағаланады.

Жаңашылдығы. Сынып оқушылары шағын топтарда болады. Барлық оқушы жұмыс жасайды. Ынтасы төмен оқушының өзі сабаққа қызыға қатысады. Сыныптағы 20 оқушының біреуі тақырыпты түсінбесе, сол тақырыпты әбден меңгергенше оқытыла беруі. Ақпараттық технологияны тиімді пайдалануға болады.

Ғылымилығы: «Егер қиындыққа шыдамдылық танытпасаң, ешқашан жетістікке жетпейсің». Мұны әрбір сингапурлық бала жаттап алған. Жаңа тақырыпты оқушылар толық меңгергенше оқытыла беруі. Содан кейін ғана келесі тақырыпқа көшу. Ғылыми терминдерді түсіне отырып, меңгеруі. Оны керекті жерде пайдалана алуы.

Практикалық маңыздылығы. Оқушылар алған білімдерін өздері ғана пайдаланбай, топтағы басқа оқушыларға да үйрете алулары. Қателерін бірге жөндеулері.

Қорыта айтқанда, Сингапур мектептерінің миссиясы: болашаққа дайындық, халықтың игілігіне қызмет ету.

Миссияны алудағы басты мақсат: баланы оқуға және өмір сүруге әлемдік деңгейде тәрбиелеу, өзіндік мінез қалыптастыру, төзімділікке үйрету.

Білім беру жүйесіндегі негізгі қағида: сингапурлық әр азаматтың халқына адал қызмет етуі.

PISA Оқушылардың білім деңгейін саралайтын халықаралық ұйымы «Сингапурдағы білім беру жүйесі ХХІ ғасырдағы ең тиімді әрі ең сапалы», - деп таныды. Осы салада бүкіл әлем елдерін де «Азия барысынан» үлгі алуға шақырды. Сингапурлықтар бар-жоғы 25 жылдың ішінде экономикалық тұрғыда «Сары құрлықтың» басқа елдерін шаңқаптырып кетті. Олардың ғылым мен білімді игеруге құйған ұзақ мерзімді инвестициясы да сол экономикалық дамудың негізгі себептерінің бірі.

Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. Шульгина Е. Образование в Сингапуре: особенности и перспективы для иностранцев. <https://evroportal.ru/obuchenie-zarubezhom/obrazovanie-v-singapore-osobennosti-i-perspektivy-dlya-inostrantsev/>
2. Лесин С.М., Шевелёва Н.Н. Ведущие образовательные системы мира: опыт Сингапура <https://edpolicy.ru/singaporeexperience?>
3. Сингапур: система качественного образования. <https://standard.kz/ru/post/singapur-sistemakacestvennogo-obrazovaniya>
4. Успешные мировые образовательные системы. Сингапур.
5. Образовательная система республики Сингапур.
6. Современный Сингапур: «умная нация», порядок во всем и эволюция экономики. <https://primeminister.kz/>
7. <https://jas.kz/eski/?p=6724>
8. <https://syrboyi.kz/tanim/ne-shn-singapur-mektepter-lemde-zdkter-atarynda-22322/>
9. https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/34024/

III-бөлім. «Үздік педагог» конкурсы жеңімпаздарының озық тәжірибесін тарату бойынша ұсыныстар

3.1. «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздарын сүйемелдеу жұмыстары.

Республикалық «Үздік педагог» байқауы 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында байқау аясында мектепке дейінгі және орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 600-ден астам үздік педагогі анықталды. «Үздік педагог» статусындағы педагогтермен жұмыс жасау және іс-тәжірибесін тарату жұмысы қазіргі таңда өзекті болып келеді. Себебі, жеңімпаз педагогтер марапаттарын алғаннан кейін олармен жұмыс аудандық/қалалық көлемнен аспай жатады. Осы жұмыстарды жүйелендіріп, республикалық және облыстық деңгейінде тарату үшін жұмыс жоспарын ұсынамыз.

Мақсаты – педагогтің кәсіби дамуына қажетті инновациялық бағыттағы жұмыстарын ұйымдастыру түрлерін ұсыну.

«Үздік педагог» байқауының жеңімпаздарының іс-тәжірибесін республикалық және жергілікті деңгейде тарату жұмыстарына ұсыныстар:

*Видеосабактарды тарату.*¹ ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының YouTube қосымшасындағы BILIM 4.0 арнасына әр өңірден «Үздік педагог» байқауының жеңімпаз атанған педагогтердің сабақтарын жүктеу ұсынылады. Бұл арнаға салынған сабақтың видеожазбалары 40 000 мыңға жуық тіркелген көрермендер таныса алады.



Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының YouTube желісіндегі BILIM 4.0 каналына өту арқылы Академияның жариялаған барлық видеоларын көріп танысуға мүмкіндік аласыз

Жергілікті деңгейде республикалық, облыстық және аудандық/қалалық деңгейдегі жеңімпаздардың іс-тәжірибесін әлеуметтік желілер арқылы тарату ұсыналады.

Ең алдымен сіздер:

❖ Толық сабақты түсіріп танысу, тәжірибе алмасу мақсатында YouTube әлеуметтік желісіне орналстыра аласыздар;

❖ Сабақтың өзін-өзі талдауы. Сабақ жүргізу барысында қандай мақсаттарына қол жеткізгені, қандай тәсілдер қолданғаны жайлы толық баяндап береді;

❖ Сабақтың жеке элементтерін түсіру. Мысалы: жаңа сабақты таныстыру, үй тапсырмасын сұрау, сабақты бағалау, топқа бөлу, электронды

¹ Түсірілген видеосабакты әлеуметтік желіге салмас бұрын, сынып оқушыларының ата-аналарынан рұқсат қажет болады. Баланың суреттік бейнесін пайдалануға рұқсат үлгісі 1-қосымшада ұсынылған.

құрылғылармен жұмыс жасау, сабаққа пайдалы қосымшаларды пайдалануды көрсету және т.б амалдар.

Бұл видеоларды әлеуметтік желілерден ата-аналар көріп танысу арқылы үздік педагогтердің балаларына қандай озық тәсілдер арқылы сабақ беретіндігін көре алады. Ал жас педагогтер мен педагогикалық бағытта білім алатын студенттер тәжірибелерді көру арқылы білімін тереңдетеді.

Осы арада өзін-өзі талдау роликтің әлеуметтік желілерге орналастырылса (Instagram, Facebook және т.б.) аудитория қызықты элементтермен тансып толық сабақты көру үшін алдын ала берілген сілтемелер арқылы You Tube желісінде салынған толық сабақты көре алатын болады. Бұл қысқа роликтен алған методикалық тәсілдерді толық сабақта қалай пайдаланатынын көріп танысуға мүмкіндік береді.

Үздік педагогикалық әдістер (Лайфхактар). Әр үздік педагогтің сабақ беру барысында қолданатын әдіс-тәсілдерінен үзінділерін қысқа роликтер арқылы педагогтер қауымына ұсыну. Бұл арқылы біз әр педагогке қажетті әдістеменің элементтерін бере аламыз. Бұл үшін республика көлемінде ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әлеуметтік желілеріндегі парақшаларға орналастырылады, ал өңірлік көлемінде тарату үшін әдістемелік орталық/кабинеттердің әлеуметтік желілерін пайдалану ұсынылады.

Әдістерді танымал әлеуметтік желілер арқылы тарту:

- ❖ Белгілі бір есептің ең оңай жолы;
- ❖ Өлең жолдарын тез жаттау тәсілі;
- ❖ ЕНТ дайындықтың жолдары;
- ❖ Слайд әзірлеудегі оңай қосымшалармен жұмыс;
- ❖ Бір күндік дедлайн... дегендей көптеген білімді оқушылардың тілінде ұтымды ұсынуға болады.

Заман ағымына сай әр педагог өздігінен білімін әрдайым жетілдіріп отыру қажет. Тек сол кезде оқушымен бір толқында болып тиісті диалог құрылады.

Тәлімгерлік мектебі. Өңірлер бойынша жылдық жоспар ұйымдастыру кезеңінде «Үздік педагог» жеңімпаздарын іс-шараларға қатыстыру.

Яғни:

- ❖ семинар,
- ❖ форум,
- ❖ тренинг,
- ❖ курс және т.б. шараларға ат салыстыру жұмыстарын жүргізу.

Әдістемелік күн.

❖ «Үздік педагог» тоқсанына 1-реттен ауыл мектептеріне барып әдістемелік күн жүргізу. Бұл ретте қоғамдық-гуманитариялық және жаратылыстану-математикалық бағыттардың барлығын қамтым толыққанды жұмыс жүргізу қажет.

❖ Соңғы 5 жыл көлемінде мектептен кәсіби байқауларда жеңімпаздары шықпаған мектептерге «Үздік педагогтің» сайысқа дайындалу жолдарымен таныстыру.

❖ Білім сапасы, ҰБТ және ББЖМ көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен мектептерге барып сабақ беру методикаларын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Үздік педагог» байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін тарату мақсатында 2022 жылдан бері «Үздіктен үйрен» жобасын іске асырып келеді. Аталған жобада жас мұғалімдер мен үміткерлердің бейнесабактары, оларға көрсетілген тәлімгерлік пен әдістемелік қолдау үлгілері ұсынылды. Жыл бойы Академияның YouTube-арнасында байқау жеңімпаздарының сабақтары жарияланды, мұғалімдер оқу пәндерін оқытудың үздік әдістемелері, формалары және құралдарымен бөлісті. Бүгінгі таңда жобаға еліміздің барлық өңірлерінің педагогтері қатысты.

Мұндай байқаулар мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін ашуға қолдау көрсететіні сөзсіз. Байқаудың тағы бір артықшылығы – озық педагогикалық тәжірибені тарату. Осы мақсатта байқауға қатысушылар өз жұмысында жаңа тәсілдер мен әдістерді қолданып, оны өз әріптестерімен бөлісті. Бұл өз кезегінде горизонтальді коммуникацияны күшейтіп, педагогикалық қауымдастықтың еркін пікір алмасуына зор мүмкіндік жасады.

2024 жылы Академияның коммуникация арналарында «Үздіктен үйрен» жобасының екінші кезеңі қысқа бейнеролик-лайфхактар түрінде ұсынылады, оларды педагогтер өз қызметінде пайдалана алады.



Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әлеуметтік желісіне тіркелу арқылы алдағы жарияланатын бейнеролик-лайфхактармен таныса алатын боласыздар.²

Педагогтердің озық тәжірибелері мен жетістіктерін жүйелі түрде тарату өте маңызды және жас педагогтерге мұндай іс-шаралардың берері мол екеніндігі мәлім.

Сонымен қатар, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы педагогтердің іс-тәжірибесін тарату мақсатында жүргізетін «Білім» және «Алтынсарин академиясының хабаршысы» әдістемелік журналдарына үздік педагогтердің мақалаларын жолдауды ұсынамыз. Мақала арқылы ғылыми қоғамға өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік алады.

Журналдарға мақаланы жыл бойы жолдай аласыздар.

📅 Журнал жылына 4 рет (әр тоқсан сайын) шығады.

✉ Мақалалар bak@uba.edu.kz поштасы арқылы қабылданады.

✅ Мақалаларды жариялауға қойылатын талаптармен және әзірлеу

үлгісімен келесі сілтеме арқылы таныса аласыздар:

<https://uba.edu.kz/qaz/nauka/10>

² ▼ Барлық материалдар #uzdiktenuireн хэштег арқылы қолжетімді болады.

3.2. Үздік педагогтердің ұсынған кейстерін тиімді пайдалану

Үздік педагогтердің іс-тәжірибелері екі бағыт бойынша бөлініп ұсынылды. Бірінші бөлімде «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздарының педагогикалық тәжірибесін тарату: қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы табысты кейстер ұсынылды.

Екінші бөлімде жаратылыстану-математикалық бағыт. Бұл тарауда ғылымға деген құштарлығы бар, жаңа идеяларға ашық педагогтерге арналған кейстер ұсынылады. Ұсынылып отырған кейстер әр жылдары «Үздік педагог» деп танылған және олардың кәсібилігі мен білім беруді дамытуға әсерін растайтын жетекші педагогтардың тәжірибесіне негізделген.

Кейстермен танысқанда қандай жағдайаттарға назар аудару қажет? Кейстерді жүзеге асыру үшін не істеуім қажет деген сұрақтар туындауы мүмкін. Осы орайда оқырмандар қауымына кейстермен жұмыс жасау негіздері ұсынылады.

Тәжірибелі педагогтер әзірлеген кейстерін пайдалану білім беру процесін жақсартудың және оқыту сапасын арттырудың тиімді тәсілі болып табылады. Сіздерге ұсынылған кейстермен жұмыс жасаудың алғы шарттары ұсынылады:

➤ Ең біріншіден ұсынылған кейстерді зерттеу (танысу):



Тәжірибелі педагогтар ұсынған кейстерді мұқият зерделеуден бастаңыз. Осы жағдайларда ұсынылған сценарийлерді, қиындықтарды және шешімдерді түсіну негізгі кезең болып табылады.

➤ Өзінің мәтінмәніне бейімделу:



Алған біліміңізді өзіңіздің оқу контекстіне қолданыңыз (сабақ беру пәніңізге, жас ерекшеліктерге және т.б.). Әрбір оқушы, сынып және білім беру мекемесі бір-біріне ұқсамайды, сондықтан кейстерді өз шарттарына бейімдеу маңызды.

➤ Педагогикалық әдістерді қолдану:



Кейстерде, өз практикаңызда ұсынылған педагогикалық әдістерді пайдаланыңыз. Бұл оқытудың жаңа әдістемелерін, технологияларды немесе оқытудың интерактивті нысандарын қолдануды қамтуы мүмкін.

➤ Тиімділікті бағалау:



Қолданылған тәсілдердің тиімділігін бағалаңыз. Өзгерістерді енгізгенге дейін және кейін олардың қаншалықты табысты болғанын анықтау үшін оқу процесінің нәтижелерін салыстырыңыз.

➤ Кері байланыс және түзетулер:



Оқушылар мен әріптестерден кері байланыс жинап, оны талдап, қажетті түзетулер енгізіңіз. Бұл әдістер мен тәсілдерді сіздің контекстіңізге неғұрлым сәйкес етіп нақтылауға көмектеседі.

➤ Тәжірибе алмасу:



Басқа педагогтармен белсенді тәжірибе алмасыңыз. Мұғалімдер қауымдастығы идеялар мен қолдаудың тамаша көзі бола алады.

➤ Рефлексия:



Өз практикаңызға үнемі рефлексия жасаңыз. Қай әдістердің нәтижесі жақсы, қай әдісті жақсартуға не толықтыруға болатынын қарастырыңыз. Алған біліміңізді кәсіби практикаңызға енгізіңіз.

➤ Оқуды ұзарту:



Жаңа білім беру кейстерін оқып, қолдануды жалғастырыңыз. Бұл сізге қазіргі заманғы үрдістер мен оқыту әдістерінен хабардар болуға көмектеседі.

Білім беру кейстерін сәтті пайдалану икемділікті және нақты жағдайларға бейімделуді талап ететінін есте сақтаңыз. Үнемі жақсартуға ұмтылу және жаңа идеяларға ашықтық кәсіби шеберлікті арттыруға ықпал етеді.

Ұсынылған еңбекті пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын көтеруге ықалы болар деген сенім артамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Мектептің жаны – мұғалім. Ол қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, балалар мектептен терең білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», деген Ахмет Байтұрсынұлының сөзі бүгінде өз өзектілігін жоймады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс екендігін айтты. Бұл ретте педагогтердің айрықша рөлін атап өтті. Көптеген академиялық зерттеулердің нәтижесі баланы оқыту ісінде білім беру сапасына әсер ететін ең негізгі фактор педагог екенін дәлелдеп отыр. Бүгінгі таңда педагогтің негізгі мақсаттарының бірі әрбір білім алушының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың тиімді әдістерін қолдану арқылы оқу процесін сапалы ұйымдастыру және өзінің озық іс-тәжірибесін тарату.

Педагогикалық тәжірибені, әсіресе «Үздік педагог» байқау жеңімпаздарының іс-тәжірибесін тарату білім беру жүйесін одан әрі дамытудың маңызды аспектісі. Осы әдістемелік ұсынымдарда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың аспектілеріне, жаңаша әдіс-тәсілдер және білім алушыларды олимпиадалар мен ғылыми жобаларға әзірлеу секілді тақырыптарға баса назар аудара отырып, озық тәжірибені тарату бойынша әдістемелік педагогикалық ұсыныстарды жинақтадық.

Педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату - әдістемелік жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі. Педагогикалық тәжірибені табысты енгізуге педагогтарды жаңа тәжірибемен ой елегінен қызықты өткізуге, оларды меңгеруге кәсіби-шығармашылық дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Үздік педагогикалық тәжірибелерді тарату білім беру жүйесін жетілдіруде және жоғары сапалы оқытуды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл процесс педагогтер арасында тәжірибе алмасуды ынталандырады, білім беру қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға және білім алушыларға қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

Білім беру сапасын арттыру педагогтердің оқытудың табысты әдістері мен стратегияларын тарату арқылы қол жеткізетін бірінші кезектегі міндет. Бұл жалпы білім беру процесінің деңгейіне ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар білім алушылардың терең білімі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, үздік педагогикалық тәжірибелердің тарату қазіргі білім беру ортасының ажырамас бөлігі. Бұл процесс білім сапасының артуына айтарлықтай әсер етеді және оны үнемі жетілдіруге ықпал етеді. Педагогтер арасында тәжірибе алмасу оқытудың жалпы стандартын көтеріп қана қоймай, білім алушыларға жақсы жағдай жасай отырып, тиімдірек әдістемелерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

2. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 ақпанда № 10279 тіркелді.

3. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

4. Альмухамбетов Б.А. Тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане [Текст] / Б. А. Альмухамбетов; Мин-во образования и науки Республики Казахстан; Респ. ин-т повышения квалификации руководящих и научно-пед. кадров системы образования... – Алматы: [б. и.], 2000. – 44-60 с.

5. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

6. OECD, Teachers for the 21st Century: Using evaluation to improve teaching 2013 p.33. (ОЭСР, Учителя XXI века: использование оценки для улучшения обучения, 2013, с. 33.).

7. Ложкина Е.Ю., Агапкина Н.И., Турыгина Г.А. Методические рекомендации по заполнению форм отчетности реализации мероприятия приоритетного национального проекта «Образование» – «Ежемесячное денежное вознаграждение за классное руководство». // Инновационные проекты и программы в образовании. – 2012. – № 6.

8. Сиденко А.С. Использование сетевого взаимодействия для обеспечения развития инновационного потенциала педагогов. // Муниципальное образование: инновации и эксперимент. – 2012. – № 4.

ҚЫСҚАРТУЛАР

ББЖМ – Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг;

БЖБ - бөлім бойынша жиынтық бағалау;

ТЖБ - тоқсандық жиынтық бағалау;

ПТМС – позиция, түсіндіру, мысал, салдар;

ЖББМ - жалпы білім беру мектебі;

ЖОО - жоғарғы оқу орны;

КММ - Коммуналдық мемлекеттік мекеме;

ШЖҚ РМК – шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорн;

ММ – мемлекеттік мекеме;

SSDL – Staged Self-Directed Learning Model;

PISA – Programme for International Student Assessment;

TALIS - Teaching and Learning International Survey;

ICILS - International Computer and Information Literacy Study.

DEAL:

D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).

E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).

A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

ГЛОССАРИЙ

Әдіскер (грек тілінен *methodos* - бір нәрсеге сүйену) - оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты орындайтын білім беру ұйымының (әдістемелік орталықтың, кабинеттің, техникалық және кәсіптік білім беру оқу-әдістемелік бірлестігінің) әдіскер-педагогы;

Әдістемелік бірлестіктер - оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты іске асыру үшін педагогтарға кәсіби қолдауды жүзеге асыратын салалық (мамандықтар, пәндер топтары) белгісі бойынша білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби бірлестіктері;

Әдістемелік кабинет (орталық) - ауданның/қаланың білім бөлімдерінің құрылымдық бөлімшесі немесе облыстық (қалалық) білім басқармасының оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру жөніндегі ведомстволық бағынысты құрылымы;

Әдістемелік қызмет - білім беру мекемесі педагогикалық ұжымының қызметін, мемлекеттік білім беру жүйесін, психологиялық-педагогикалық ғылымды, озық педагогикалық тәжірибені байланыстыратын буын, ол педагогтардың кәсіби шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға, дамытуға және іске асыруға жәрдемдеседі.

Әдіснама - теориялық (ойлау) және практикалық қызметтің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдістері мен құралдары туралы оқу; оларды ұйымдастыру принциптері мен тәсілдерінің жүйесі;

Білім беру - адамгершілік, зияткерлік, мәдени, дене бітімін дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі;

Бағдарлама - білім беруді басқару субъектілеріне ұйғарылатын, оның мақсаттарына (мүмкіндігінше нақты тұжырымдалған) қол жеткізуге бағытталған іс-қимыл жүйесі;

Дидактика - білім беру мен оқыту теориясы, педагогика саласы. Дидактиканың пәні оқушылардың оқу мазмұнын ұйымшылдықпен меңгеруін қамтамасыз ететін оқыту мен оқудың өзара іс-қимылы болып табылады;

Тәлімгер - өндіріс немесе қызмет көрсету технологиясын меңгерген, өндірістік оқытуға және кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын кәсіпорынның (ұйымның) білікті қызметкері;

Ғылыми-әдістемелік жұмыс - бұл педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім беру сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін әдіскерлердің, педагогтардың және білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің бірлескен қызметінің көп деңгейлі, көп функциялы жүйесі;

Геймификация – бұл оқушылардың жаңа білім алуға деген мотивациясын арттыруға көмектесетін құрал;

Кейс - бұл белгілі бір жағдайдың сипаттамасы және оны шешу жолдары.;

Педагог - педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі

Жоспарлау - бұл белгілі бір шарттар мен құралдар кезінде алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін қызметтің болашаққа проекциясы;

Жоба - қызметтің болашақ нәтижесінің бейнесі және оған қол жеткізу процесі, ол қызметтің моделі немесе кешенді нормасы түрінде ұсынылады;

Ынтымақтастық - бірге орындалатын жұмыс, іс-әрекеттер, іс-әрекеттер, ортақ іске қатысу; мақсаттардың, ұмтылыстардың ортақтығына, тараптардың мүдделерін ескере отырып, шешімдерді бірлесіп әзірлеуге негізделген өзара іс-қимыл;

Технология - қызмет нысанасын өнімге айналдыру процесін, сондай-ақ айналдыру тәсілдері мен құралдарын білдіретін қызмет нормасы;

Оқу-әдістемелік жұмыс - бұл білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беру процесін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі білім беру ұйымының қызметі.

БАЛАНЫҢ СУРЕТТІК БЕЙНЕСІН ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ
(Үлгі)

Кімнің атына (...)
(Аты-жөні)

_____ ,
Тұрғылықты мекен жайы:

_____ ,
телефон: _____
эл. адрес: _____

Мен,

_____ ,
менің ұлымның / қызымның (Аты-жөні толық): _____

_____ суреттік бейнесін **Мекеме атауы** ресми сайтында тегін жариялауға, сынып жетекшісінің жеке веб-сайтында, сондай-ақ басқа да педагогикалық басылымдарда және іс-шараларда: семинарларда, конференцияларда, шеберлік сабақтарында иллюстрация ретінде бейнелеуге рұқсат етемін.

Осы арқылы мен баланың ата-анасы екенімді және осы келісімге отыруға толық құқығым бар екенін растаймын. Мен жоғарыда аталған рұқсат туралы толық хабардар екенімді растаймын.

Қолы:

Күні:

**«Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары жайлы ақпаратты
жинау үлгісі**

«ҮЗДІК ПЕДАГОГ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ АТЫ- ЖӨНІ		
ФОТО		
Қала		
Мектеп		
Сабақ беру тілі		
Еңбек өтілі		
Пед.стаж		
Пән		
«Үздік педагог» байқауын қай жылғы жеңімпазы		
Лауазымы (педагог, директор, директор орынбасары әдіскер н/е басқа т.б.)		
Білімі		
Біліктілік санаты		
Телефон эл.почта		
Қосымша		

**«Үздіктен үйрен» айдарында «Үздік педагог» конкурсының
жеңімпаздарының жариялымдары**

№	Өңір атауы	Аты-жөні (жұмыс орны, лауазымы)	Әлеуметтік желі	Сілтеме
1	Ақмола облысы 31.01.2023	Байғанат Ризагүл Қосшы қаласы ІТ мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі	Instagram	https://www.instagram.com/p/CoETqYfrvVC/
			Facebook	https://fb.watch/IMxJfUfvCu/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=dPD5cY9Ka2E&t=1s
2	Астана қаласы 06.02.2023	Салахадинова Евгения Ивановна учитель начальных классов КГУ «Комплекс «Детский сад – школа – гимназия № 46»	Instagram	https://www.instagram.com/p/CoT6a1FsECO/
			Facebook	https://fb.watch/IMxHY8sZP5/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=g3al3-kU6Hc&t=10s
3	Ақтөбе облысы 13.02.2023	Ә.Т. Жұбанышев Ақтөбе орта мектебі, тарих пәнінің мұғалімі	Instagram	https://www.instagram.com/p/ComZZhsv6o9/
			Facebook	https://fb.watch/IMxGEo4Cpr/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=F1cO0aH9uzQ&t=2032s
			azattyq-ruhy.kz	https://azattyq-ruhy.kz/interview/53298-ustazdardyn-tsfirlyk-sauattylygyn-arttyru-manyzdy-2022-zhyldyn-uzdik-pedagogymen-sukhbat
4	ШҚО 27.02.2023	Р.С. Чекетаева, Өскемен қаласы Қ. Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі педагог-шебер, тарих ғылымдарының кандидаты.	Instagram	https://www.instagram.com/p/CpKQbOArLV0/
			Facebook	https://fb.watch/IMxE7RNisl/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=AUWcqxCQcs
5	Павлодар облысы 10.03.2023	Касымжанова Алия Егинбаевна Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы білім беру мектебі» КММ тарих	Instagram	https://www.instagram.com/p/CpmNhbYtlZv/
			Facebook	https://fb.watch/IMxBfTRxq2/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=q3wAfjaw9KU

		пәні мұғалімі, педагог-шебер		
6	Қостанай облысы 16.03.2023	Бурбаева Айнажан Халихановна Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің 11 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Instagram	https://www.instagram.com/reel/Cp2glkxvR-e/?igshid=MDJmNzVkJmY%3D
			Facebook	https://fb.watch/IMxzgkzM8J/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=xiI7cYr42sY
7	Қарағанды облысы 24.03.2023	Альжанова Мөлдір Жаксыбаевна - Қарағанды қаласы білім бөлімі “Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы” КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Instagram	https://www.instagram.com/reel/CqKt1KZN4yB/?igshid=YmMyMTA2M2Y=
			Facebook	https://fb.watch/jtbFTnSnDE/?mibextid=RUbZ1f
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=UA-6MyFxx5U&t=561s
8	Атырау облысы 03.04.2023	Э.Қ. Қуандықова Атырау облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар ұлттық гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Instagram	https://www.instagram.com/p/Cqkbu_mv4ml/
			Facebook	https://fb.watch/IMxnZj3LhE/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=VSq3eCcl01k
9	Алматы қаласы 10.04.2023	С. С. Темурбаева. Алматы қаласы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Instagram	https://www.instagram.com/p/Cq1-WkgOckb/
			Facebook	https://fb.watch/IMxmvOuwV9/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=712WsAskp_U&t=3s
10	Шымкент қаласы 17.04.2023	Дарынды балаларға арналған №1 мамандандырылған ІТ лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі Б.П. Торғаев.	Instagram	https://www.instagram.com/p/Cr1PG-nOrMl/
			Facebook	https://fb.watch/IMwVm5tvsu/
			YouTube	https://youtu.be/2_Ybzx-Hvgc

11	Абай облысы 24.04.2023	Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылындағы Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернатының химия пәні мұғалімі А. Ж. Сайлаубеков.	Instagram	https://www.instagram.com/p/CrapRfyRKpB/
			Facebook	https://fb.watch/ILDIpnGnX/
			YouTube	https://youtu.be/V-LxiaTtQAg
12	Түркістан облысы 04.05.2023	Кентау қаласы мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернатының физика пәні мұғалімі Ж.Б. Расулов.	Instagram	https://www.instagram.com/p/Cr0QX3jPLne/
			Facebook	https://fb.watch/ILEieDJhyM/
			YouTube	https://youtu.be/NQ1qVYXP_YM
13	Алматы облысы 16.05.2023	Қарасай ауданы Абай атындағы орта мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі А.А. Абишева.	Instagram	https://www.instagram.com/p/CsTdYsqtbgb/
			Facebook	https://fb.watch/ILEw_v0Zyy/
			YouTube	https://youtu.be/yMyWU7tzF44
14	Жетісу облысы 22.05.2023	Талдықорған қаласы М. Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейінің биология пәні мұғалімі Даулен Муталив.	Instagram	https://www.instagram.com/p/CsivusuMFz/
			Facebook	https://fb.watch/ILEHaT3Dji/
			YouTube	https://youtu.be/fQwxU2bkJnk
15	Маңғыстау облысы 05.06.2023	Мұнайлы ауданы Шоғы Мұналұлы атындағы №5 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Замира Алдабергенова	Instagram	https://www.instagram.com/p/CtGOiU8M_nm/
			Facebook	https://fb.watch/ILF0IPn22k/
			YouTube	https://youtu.be/-kdKIwfSWCU
16	Қызылорда облысы 13.06.2023	Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының география пәні мұғалімі Ляззат Құлымбетова.	Instagram	https://www.instagram.com/p/Cta2r1BrPsP/
			Facebook	https://fb.watch/ILFa60MHRs/
			YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=2-oWydD14FY
17	Ұлытау облысы	Абай атындағы мамандандырылған мектеп-	Instagram	https://www.instagram.com/p/Ct8ZDWcAED4/
			Facebook	https://fb.watch/ILFnj0I5bz/

	26.06.2023	интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Динара Капарова.	YouTube	https://www.youtube.com/watch?v=LvZL07i_KNg
18	Жамбыл облысы 03.07.2023	Жамбыл облысының білім басқармасы «Дарынды балаларға арналған "Дарын" лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пәні мұғалімі Давлетбаев Нурлан	Instagram Facebook YouTube	https://www.instagram.com/p/CuOvhkEOoGf/ https://fb.watch/ILFKgW0TIE/ https://youtu.be/bJcdRzoCAPA
19	Батыс Қазақстан облысы 10.07.2023	Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының химия пәні мұғалімі Эльмира Казиханова	Instagram Facebook YouTube	https://www.instagram.com/p/CuHlCOQMv6/ https://fb.watch/ILFQgHFkQr/ https://www.youtube.com/watch?v=j5TkqiMPU3M
20	СҚО	Петропавл қ. «Дарын» мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі Е. З. Мәкен	Instagram Facebook YouTube	https://www.instagram.com/reel/CuywxlypM58/?igshid=MzRIODBiNWFIZA== https://fb.watch/IUqRz_IsGD/ https://youtu.be/zHzPFRgiN-c

**«ҮЗДІК ПЕДАГОГ» КОНКУРСЫ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 13.12.2023 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 20.